

1 2013

39562к

Болат ҚОРГАНБЕКОВ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІң  
ДІУАНИ ХІКМЕТІ  
ЖӘНЕ  
ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

**БОЛАТ САГЫНБЕКҰЛЫ ҚОРҒАНБЕКОВ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ  
«ДИУАНИ ХИКМЕТІ»  
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ**

**Астана - 2012  
“Сарыарқа” Баспасы**

УДК 821.512.122.0:398

ББК 83.3(5каз) + 82

К 66 ✓

«Сырдария» университетінің ғылыми кеңесі  
(27.01.2012, хаттама №6) талқылап, баспаға ұсынған

**Жалпы редакцияның басқарған:**

Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметұлы

**Рецензенттер:**

филология ғылымдарының докторы, профессор С.Бахадырова

филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Ахметбек

**Қорғанбеков Б.С.**

К 66 Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры (толықтырылып, 2-ші рет қайта басылуы). Монография /  
5С. Қорғанбеков. – Астана: «Сарыарқа» Баспасы, 2012. - 256 бет.

ISBN 978-601-277-112-1

Зерттеу еңбегінде Қожа Ахмет Ясаудің адам рухын коркейтіп, көмелдікке жеткізестін хал ілімінің негізгі мазмұнын қамтыған «Диуани хикмет» жинағының қазақ халқының ұлттық сапасынан алғын орнын айқындау мақсат стілген. Бұл ақиқат си айдымен фольклорлық туындылардан коріністін болғандыктан, Қожа Ахмет Ясаудің аталмыш жинағы мен казақ фольклоры арасындағы байланыс мәселеі шығарманың мазмұны, пішіні және ондағы көркемдік дәстүр түрғысында карастырылған. «Диуани хикмет» әуел баста ауызша айтуга бейімдеі шығарылғандыктан, екі шығармашылық арасындағы туыстықтың саналы түрде де, ырықсыз сипатта да іске асқандығы, ықпалдастық үдерісінің уакыт аясындағы корінісі әр кырынан талданады.

Енбек түркітанушы мамандарға, фольклортанушыларға және жоғары оку орындарының филология факультеттерінің оқытушылары мен магистранттарына, студенттеріне, сондай-ақ сопылық ілім мен ұлттық мәдениетке қызығушы копшілік оқырманға арналады.

УДК 821.512.122.0:398

ББК 83.3(5каз) + 82

ISBN 978-601-277-112-1

© Қорғанбеков Б.С., 2012  
© «Сарыарқа» Б., 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

Әр үлттың озінің откепін жаңа ата-бабаларынан қалғап қордалы мол мұрасын тапуы – бүгінгі күннің талабы. Түркі халықтарының рухани құндылығын құрайтын сопылық ілім Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі қоғам мен жеке адам омірінің басты байлығы болды. Тіпті мемлекеттік саяси омір, ондагы азаматтарға рухани азық боларлық рухани құндылықтардың барлығы дерлік осы сопылық ілімнен бастау алды. Түркі халықтарының рухани-танымдық философиясында Ахмет Ясауи негізін салған үлкен мұра сақталған. Осы Ясауи мұрасының уақыт пен кеңістік шарттарына қарай түрленуі мен бейімделуін қамтамасыз еткен, соның арқасында оны кейінгі үрпаққа аманат түрінде жеткізе білген ізбасарлары барышылық.

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының рухани үстішіні Ахмет Ясаудің салған сара жолы мен оның моральдық кемелдікке үндеген ілімімен байланысты. Қазақ халқы сан гасырлардан бері Ахмет Ясауи дәріптеген ізгілікті жолмен рухани түгөрын берік ұстап келген. Қазақ мемлекеттің құрылуында Ясаудің маңызын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «... Түркістанның жаңа қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес еді. Ол сонау XII гасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып аудан-ды. Бұл исламдық руханиятта ерекше орынды иеленеттің айтұлы сопылық мектептің негізін салған шайқы, ғұлама ақыны, Қоқса Ахмет Иасаудің жаңа-жасақты ұстаздық жаңе уағызшылдық қызметінің арқасы еді» [Назарбаев Н. Түркістан үлттық бостандығымыз берін елдігіміздің ақ ордасы (Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған ғылыми конференцияда сойлеген сөз) // Егеменді Қазақстан, 2000, 21 қазан, 1-2 б.], – деп бағалайды.

Ұлы ойшылдың ізгілікке бастайтын ар ілімі жекелеген адамдардан бастап жсанға, ру мен тайпа, мемлекет омірінде реттеуши, тәрбиелеуші құраДал ретінде өзінің мәнісін жойған емес. Керісінше, оның ізбасарлары мен жолын қуушылары тарағынан кейінгі ұрпаққа паш етіліп отырды. Қазақтың әрбір ру-тайпа басындағы қоқсалар мен ишандар, имамдар мен молдалар Ахмет Ясаудің ілімімен сүсындағаны және барша жүргітқа оның ілімін дәріптегендігі тарихтан белгілі. Кешегі<sup>1</sup> Абай, Шәкәрім сынды қазақтың кемеңгер ойшылдарының моральдық-этикалық философиясының бастауы да осы Ахмет Ясауи ілімі екендігі мәлім.

Ахмет Ясаудің ізгілікке, имандылыққа үндеген ілімі тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл мұсылман түркі жүргіткішінде тапымал болды. Ұлы бабамыздың рухани суфрасында (рухани дастархан) нәр алған, оның мектебінде тәрбиеленген ізбасарлары мен жолын қуушылары кемеңгер ойшылдың адамилыққа толы ілімін дәріптеді, кейінгі ұрпаққа жалғастырды. Имандылыққа үндеген Ясауи ізбасарлары қатарында Орта Азияда Сүлеймен Бақырганидың даңқы өссе, Анатолияда (Кіші Азия) Қажы Бекташтың орны оз алдына бір тобе.

Алайда XX гасырдағы қылышынан қаны тамған коммунистердің атеистік тәрбиені қүштеп енгізуі, оның білім ордаларында кеңінен насиҳатталуы, қоқса-молдаларды құдалауы – сонау XII гасырдан бері жалғасып келе жатқан сабақтастықтың, рухани тәрбиелік мәні зор дәстүрдің тамырына балта болып шабылды. Осыған байланысты, бүгінгі күнгі жастар арасында қазақтың, ұлттық тәрбиеге жаст нашақорлық пен маскүнемдікке салынған, Отанына, ұлттына деген сүйіспен шілдікten жүрдай, үлкеніді сыйлауды, кішіге ізетті білмейтін, өзге діни ағымдардың жетегінде кеткен мәңгүрттік кездесіп жатады. Бұл еліміз бен халқымыздың болашагы үшін өте қауіпті жағдай.

*Шығыстың, оның ішінде қазақ халқының бай философиялық және әлеуметтік ойы Батыстағыдай қалыптасқан философиялық жүйелерде емес, халықтық поэзияда, фольклорда, музыкада, ауыз адебиетінде, мифологияда, мақал-мәттердерде, қанатты сөздерде жатыр. Әлемді, адамды және оның өзіндік тапуын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық, этикалық тұргыдан жсан-жасақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұргыдан келгенде, қазақ философиясы – шығыстық философиядагы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалгастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия. Қолдарыңыздагы зерттеуде осының елеулі көрінісі бар.*

*Б.Корғанбековтің бұл еңбегінде рухани ілім иелерінің әрдайым, әсіресе, қынышлық кезеңдерде, сын сағаттарда ақыл-кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей ұлы ойдың иесі екенідігі, олардың қогамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар, адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар туралы, адамгершилік, ізеттілік, білімділік, әділдік, достық, татулық сияқты руханилықта негізделген ойларын ақыл-насихат, осиет, нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде беретіндігі кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсетіліп, насихатталады. Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» мен қазақ фольклорының байланысы, сабактастығы мазмұндық тұрғыда гана емес, көркемдік мәселелерге де байланысы жсан-жасақты көрсетіледі. Бұл – бұған дейін арнайы зерттелмеген мәселе.*

*Бұл жұмыстың қазіргі заманғы еліміздің рухани дамуында, ұлттық идеяны қалыптастыру бағытында, халқымыздың дүниетанымын зерделеп, оның тарихилық пен дәстүршілдік принциптерінің алғы шарттарын орнықтыруда, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртуда өзіндік орны бар зерттеу болатындығы шүбәсіз. Рухани мұрагалар*

халқымыздың магынауият дүниесін байыта түсетеңдігі, рухани сабактастықтың мәдениет пен философиялық жүйе тұмастығын сақтауга қызмет ететіндігі осы жұмыста көрініс табады. Бұл еңбектің тақырыбы мемлекеттік маңызды бағдарламалармен де толық сәйкес келеді, әсіресе, «Мәдени мұра» бағдарламасына үндес ғылыми ізденіс болып табылады. Сондықтан бұл жұмыстың тақырыбы озекті деген пікірдеміз.

**Досай КЕНЖЕТАЙ, философия және теология ғылымдарының докторы, профессор.**

## KІРІСПЕ

Қазак топырағында дүниеге келген ғұламаданышпандардың барлығы үлт дүниетанымы мен мәдениетінде өздерінің ошпес іздерін қалдырды. Солардың ішінде Қожа Ахмет Ясаудің орны ерекше. Оның ілімі мен еңбектері қазак тарихындағы түбебейлі өзгерістерге себеп болып, қоғамдық санаға айрықша ықпал еткендігін, жеке адам мен қоғам өміріндегі дін мен діл, тіл мен құлық тазалығына кепіл болғандығын тарихшылар, этнографтар, саясаткерлер, әдебиет пен өнер өкілдері жиі айтып жүр. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Нақ осы Йассауи ілімі арқылы ислам қазақтардың рухани өмір салтына айналды да, кейінгі сегіз ғасырдың өн бойында соларды жебеп келді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы құрылғанда, солардың бастау бұлағында осы ілім тұрды» [1], – деуі соның жарқын дәлелі. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар дүниеден өткеннен кейін бірнеше ғасырдан соң негізгі ұстанымдары бұрмалана бастаған, адам баласының рухани дүниесін кемелдікке жеткізуді көздейтін хал ілімін қайта қалпына келтіріп, күллі әлемге қайта таратқан Қожа Ахмет Ясаудің бұл еңбегі оның «Диуани хикмет» жинағынан жарқырай көрінді. Қазақтар арасында Ясауи хикметтері ауызша тарады. Яғни бұл хикметтер қазақ фольклорымен бір рәүіште өмір сүріп, оған жан-жақты ықпал етті. Осылайша, «Диуани хикмет» тікелей де, фольклорлық туындыларға тигізген әсері арқылы да ұлттық дүниетанымың қалыптасуына зор ықпал етті. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Йассаудің хикметтері («Даналық сөздері») оның бір бөлігі болып кіруге тиіс» [1], – деген шікірінің жайдан-жай айттылмағаны анық. Терең ойланып, жіті үңілген адамға Ясауи ілімінің, әсіресе, «Диуани хикметтің» қазақ фольклорымен тығыз байланыстырыбы, оның тигізген

әсер-ықпалының мол екені түп-тамырымен қопарап құралсызы-  
ақ айқын аңғарылады. Бірақ осы козқарасты нақты дәлелдермен  
дәйектейтін ғылыми еңбектердің жетіспей жатқандығы  
жасырын емес. Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорының  
байланысын, тамырлас тұстарын, ықпалдастық жағдайын  
сөз етудің мәні өте зор. Бұл арнадағы зерттеу Ясауи ілімі  
негізінде қайта қалыптасқан түркі түбірлі қазақ менталитетінің  
ерекшеліктерін тереңірек тануға салмақты септігі тисрі сөзсіз.  
Ұлттық болмысымызды қалпына келтіру арқылы жаһаңдану  
ұдерісінің үрейлі ііріміне жұтылып кетпеу жайы күн тәртібіндеге  
түрған бүтінгі танда мұндай зерттеудің аса маңызды скенін  
сезіну қыын емес. Демек оның әдеби-мәдени ғана емес, саяси-  
әлеуметтік мәні де терең болмақ.

Әрісі тұтас түркі, берісі қазақ фольклорымен Ясауи  
хикметтерінің тығыз байланыстылығы бола тұра, бұл мәселені  
арнайы нысан сткен ғылыми еңбектер жок. Еңбек былай тұрсын,  
бұл бағытта айтылған пікірлер мен лебіздердің озі тым таинши.  
Хикметтердің фольклормен, ауыз әдебистімен байланысы  
туралы тым аз айтылған пікірлердің озі екі мәселе тоқіргендеге  
ғана өрбіген. Оның бірі – мазмұн, нақтырақ айтқанда тақырып  
тоқірегінде болса, екіншісі өлең құрылышы жөнінде. Сонау  
30-жылдардың сонында-ақ Е.Бәртельс: «Оның жырлары күні  
бүтінге дейін қазақ даласынан Кіші Азияға дейін кеңінш  
тараған фольклорлық лириканың түрімен сырттай үқсас болып  
отырады», – деген өкен [2]. Мұндағы «сырттай үқсас»  
дегенде, сез жоқ, шығарманың шілдіндік қырын назарда тұтқан.  
Алайда бұл үқастықтың қай түрғыда екенін таратып айтпаған.

Қазақ даласында жаңадан пайда болған кездес сопылық  
поэзия, ең алдымен, өзінің мазмұндық соныныңмен  
танылғаны дау туғызбайды. Оның тың мазмұны озінен кейінгі  
халық поэзиясына ықтал жасады. Бұл жоніндегі Р.Бердібасев  
[3], М.Жармұхамедов [4], М.Мырзахметұлы [5], А.Әбуов [6],

Н.Келімбетов [7] сияқты ғалымдар біршама құнды пікірлер айтқан. Бірақ хикметтердің фольклорлық туындылармен тақырыптық негіздестігі мен идеялық бірлігі немесе жақындығы нақты мысалдармен көрсетілген жок.

Ясауи хикметтері мен фольклорлық шығармалардың жанрлық және коркемдік дәстүр түрғысындағы байланысы да арнайы болмаса да, жол-жөнекей айтылған кездері бар. Х.Сүйіншәлиев Ясаудің ғұмырнамалық хикметтерінің қазақ ауыз әдебиетіне құшті ықпал еткеніне назар аударса [8], М.Жармұхамедұлы бейіш пен тозақтың айтысын бейнелеген хикметтің фольклорлық айтыспен ара қатынасын ашқан [9]. Бұл ойлардың да сөз болып отырған тақырыпқа елеулі қатысы бар.

Хикметтердің халық арасында ауызша түрде кең тарағандығы оның әуел баста фольклорлық дәстүрлерді есепке алыш жазылғандығынан екені күмән туғызбайды. Бұл, ең алдымен, хикметтердің өлең құрылышы мен тілдік құралдарынан корінетіні аяи. Далалық ауызша поэзияда көп қолданылатын 7-8 жәнс 11-12 буынды өлең үлгісінің басты орында болуы мен тілдік формуласардың, әсіресе, фразеологизмдердің молдығы, дыбыстық әуезділіктің жиілігі хикметтерді фольклорлық пішінге барынша жақыннатады. Дегенмен хикметтер мен қазақ фольклоры туындылары арасында мазмұндық жалғастық та жоқ емес. Бұл қатынас шығарманың тек тақырыптық-идеялық қырынан ғана емес, оның қолданбалылық (утилитарлық) қызметінің ортактасатын тұстарынан да корінеді.

Ікпалдастық мәселесінде хикметтердің қазақ фольклорына тиізген әсері көбірек көзге түсепі созсіз. Қазақ фольклорын қазақ ұлты қалыптасқаннан бергі рухани құндылық деп есептер болсақ, осылай болары занұды. Өйткені ол уақыттық өлшеммен қарағанда, хикметтен кейін тұған дүниелер болып шыгады. Ал одан аргы дәүірлердегі фольклордың қазақтық аядан асып, түркілік ортақ құндылыққа айналары тағы шындық.

Бірақ фольклорлық жаңрлардың поэтикалық бірліктерінің ұзақ уақыттар бойы озгермейтіндігін есепке алсақ және қазак ұлты қалыптасқанға дейінгі түркілік мәдениетте көшпелі омір салтының басымдық танытқанын ескерер болсақ, соңдықтан да қазак фольклорының исгізгі белгі-қасиеттерінің Ясау заманына дейін де болғандығын аңғарар едік. Өзге түркі тілдес халықтардың қоишілігі отырықшылыққа бест бурғанинан кейін, олардың фольклорында соңғы ғасырларда қала мәдениеті мен араб, парсы жазба әдебиетінің тигізген ықпалы қүштейіп, әуел бастағы таза дала мәдениетіне тән бітім-болмысынан ажырай бастағаны ақиқат. Осы тұста көне түркі фольклорының контеген атрибуттарының қазак фольклорының бойынан табылуы заңды құбылыс екендігі айқындала түспіск. Демек бұл – көне түркілік фольклордың хикметтерге тигізген ықпалын да қазак халық поэзиясының коркемдік заңдылықтары арқылы көбірек анықтаудың мүмкіндіктегі бар деген соз.

Халықтық соз онері жалпыхалықтық сойлеу тілімен тығыз байланыста омір сүреді. Фольклор поэтикасы қашан да дәстүрлілікке бейім. Халық шығармаларында жиі қолданылатын тілдік құралдар ауызекі сойлеуде де ұдайы пайдаланылады. Осыған байланысты, зерттеу нысанының кейір қындықтары да туындаиды. Мәселен, көптеген тұракты эпитеттер, метафоралар, тұракты тіркестер хикметтерде де, қазак фольклорының үлгілерінде де қатар корінеді. Оның қайсысы алғапқы, қайсысы ксійінгі екенін анықтау мүмкіндігі жоққа тән. Сол себепті бұл жерде ықпал сту мәселесін соз сту де қын. Бірақ бұл құбылыстың шығарманылық мәселесінде қатысты екені дау туғызбайды. Осы тіркестердің сопылық үгымга қатыстыларын және Ясауиден бұрынғы жазба жәдігерліктерде кездесе бермейтіндерін, оның ішінде, ауызекі сойлеуде сирек қолданылатындарын фольклорлық шығармаларға тікелей «Диуани хикметтен» ауысқан деп болжауга негіз бар.

Осы жағдайлардың барлығын сәскере отырып, Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» мен қазақ фольклорының арасындағы шығармапылық байланыс мәселесін туындының әр түрлі қырынан қарастырғанды жон кордік. Ең алдымен, мазмұн мәселесін соз еткенде, шығарманың тақырыбы мен идеясы, көтерген мәселесі түрғысында ғана емес, хикметтерге негіз болған халілімінегізіңдегі байланыста арқаустілді. Бұл мәселеде, негізінен, қазақ фольклорының дидактикалық жаңрларынан мысалдар алынды. Көркем бейне жасау жолдарындағы ортақ түстарды корсетуде де кездейсоқтықтан барынша сақ болуга тырыстық. Бұл жердес қазақ фольклорының сонылық іліммен тікелей байланысты жақтары ғана нысан стілді. Ал көркемдік тәсілдер мен жаңрлық шілшинің ортакастығы бір негізден шығатындығын көне жәдігерліктерге сүйене отырып дәлелдеуге тырыстық. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі тақырыптық және образдық түрғыда дәстүрлілікке ис болып, жаңрлық нышан таныта бастаған, соган байланысты, кейбір зерттеушілер оларды жаңр ретінде атап жүрген өмірбаяндық, ғұмырнамалық, мактау, даттау, насиҳат, мінәжат және айттыс үлгісінде туған өлсң-жырлардың Ясауи хикметтерімен тікелей байланыстылығын корсетудің де қажеттігі зор. Олардың осындағы дәстүрліліккес ис болуына исламдық танымның, нақтырақ айтқанда, сопылық ілімнің ықпалы тиестін анық болса, аталмыш таным мен ілімді қазақ жүртшылығы, бірінші кезекте, «Диуани хикмет» арқылы қабылдағаны да даусыз. Алайда осы шындықты да тұшымды дәлсілдермен дәйектесу керек. Қазақ фольклорындағы Қожа Ахмет Ясауи бейнессінің хикметтердегі автор тұлғасымен озара үқастықтары жеткілікті. Ал әулиеслер сұлтанының ақыздық образындағы «Диуани хикметтегі» бейнеден айырмашылық халық танымындағы аңғаулықтан келін шығатыны анық. Осы жайттардың бәрін нақты мысалдармен корсету – зерттеуіміздің сің басты мақсаты.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау, топтау (синтез) әдістерін басты орында қолданық. Өзімізге дейінгі зерттеулердегі жетістіктерді ілтипатқа алдық. Дерек көзі ретінде әр кезде жарық көрген қазақ фольклорының контомдықтары мен әйгілі фольклортанушылар құрастырған жинақтарды алдық. Ал Ясауи хикметтерінің жарыққа шыққан жинақтарының ішінен кейінгі қоспалары барышиша аз деп есептелетін 1897 жылы Стамбулда басылған нұсқасын алдық. Сондай-ақ «Диуани хикметтің» Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана корындағы Ибраһим Оразымбетұлы тапсырған, 2002 жылы М.Жармұхамедұлының дайындаудымен баспадан шыққан нұсқасын да пайдаландық. Хикметтерден алғынған мысалдардың аудармасын емес, түпнұсқада беруді дұрыс көрдік және оларды аудармасыз бердік. Себебі хикметтердің тілі біз үшін өзге тіл емес, өзіміздің тарихи ана тіліміз. Көптеген халықтардың оз тарихи тілдерін әдеби тіл ретінде пайдаланып, жалпы халық түсінетін дәрежеге жеткізіп отырған бүгінгі таңда біз де бұл үдерістен тыс қалмауымыз керек деп санағандықтан, мақсатты түрде осылай еттік.

## **РУХАНИ ЖӘНЕ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ДАЛАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Сопылық ілім түркілер арасына келгсін кезде жаңаша сипат алды. Оттырықшылық өмірге көшкен түркілерде әлеуметтік жіктелудің нәтижесінде сопылық поэзия да үлкен екі бағытта дамыды. Оның бірі – жазбаша сауатты ел билеушілері мен сарай қызметкерлеріне арналған диуан әдебиеті болса, екіншісі – қарапайым халыққа бағытталған дәруіштік поэзия болды [10]. Оның алғашқысы кітаптан оқуға арналғандықтан, аruz өлшеміне құрылды. Созылыңғы және қысқа дауыстыдыбыстардың жүйелі, молшерлі қайталануынан түзілетін ырғаққа негізделген аruz олшемі түркі тілінің табиғатына сай келмейтін еді. Сондықтан диуан әдебиетінің оқілдері араб сөздері көп араласқан парсы тіліне басымдық берді. Олардың поэзиясында түркі сөздері ілуде бір кездесстін. Оның жарқын мысалы ретінде Жалалладдин Руми мен Низами шығармашылығын атауға болады. Ал дәруіштік поэзия қарапайым көпшілікке арналғандықтан, түркі тілінде жазылып, оны халық айтушылары, ашугтар музыкалық аспиғтардың сүйемелдеуімен ауызша айттып таратты. Қазіргі түрік әдебиетінің тарихында дәруіштік поэзияның ең користкі окілі ретінде Жұніс Әмірені көрсетеді.

Ал көшпелілер даласында жағдай басқа еді. Мұнда сібек болінісі мен әлеуметтік жіктелу көрінісі айрықша күшті емес еді. Мал шаруашылығына қатысты еңбек болінісінің елеусіздігі таптық антогонизмнің тууына жол бермейтін. Көшпелілер қоғамын зерттеген Д.Кішібеков оларда құл иеленүүшіліктің мүлдем болмағандығын жазады [11]. Сондықтан кошпелі түркілер қоғамының мүшелерінде айтарлықтай таптық, әлеуметтік, тілдік, дүниетанымдық айырмашылықтардың болмауы да занды еді. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің түркі тілінде жазылып, халық арасында ауызша тарауының сі

басты себебі болатын. «Диуани хикмст» тек қазақ халқының ғана емес, тұтас түркінің діні мен ділі, тілінің тазалығына қызмет етті. Тіпті түркі тілінің мәртебесін көтеруді мақсат етіп, осы тілде арнайы шығарма жазған Әлінер Науайдан да Қожа Ахмет Ясаудің сібесін зор скенін айтқан ғалымдар бар. Мысалы, татар зерттеушісі А.Сағди 1922 жылы жарық көрген мақаласында Ясаудің тіл үшін сіңірген сібесін айта келіп, былай дейді: «Демек түрік тілінің шарсы тілімен құрессіндегі түрік тіліне үстемдік алыш беруши, түрік тілінің тамырын терсендестіп, оған жаң бітіруші бас қаһарман Науай емесс, бәлкім Ясауи болар» [12]. Түрік зерттеушісі Н.К.Зейбек Ясауи өз тұсында құлдыраң бара жатқан түркі тілінің мәртебесін көтеру үшін, хикметтерін мақсатты түрде түркі тіліндегі жазған деген ой айтады [13]. Алайда Қожа Ахмет Ясауи алдына дәл осындай мақсат қойды деп айту қыын. Біздіңше, оның түркіше жазудағы мақсаты одан да биік болған. Ол – хикметтерін қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізу. Ойткені жалпы адам баласының бақыты үшін құрескен әулиелер сұлтанының ұлттар арасындағы бәсекеге дең қоймасы анық. Оның үстіне, шарсылану қаупі сол кездегі Селжук мемлекетіндегідей, отырықшы түркілер арасында болғанымен, Ясауи омір сүрген ортада дәл олай емес еді. М.Ф.Копірілі Қожа Ахмет Ясаудің аргу түркілері арасында омір сүргенін, аргулардың түрік және соғды тілдеріндегі қатар сойлегенін, оларда шет тілдерінің ықпалы күшті болғанын жазады [14]. Бірақ Ясаудің өз хикметтерін бірлі-екілі тайпа үшін емес, жалпы халық үшін жазғаны ақиқат. Сол себепті түркілердің басым болігі кошиелі болғандықтан және олардың копиілігі жазбаша сауатсыз болғандықтан, ол хикметтерді түркіше және фольклорлық поэзияның олишемдерімен жазды. Халық арасында кең тараған хикметтер түркі тілі мәртебесінің күрт көтерілуіне және халықтың көркемдік ойлауының жағанса серпін алуына айрықша ықпал еткені даусыз.

Түркілер әлеміндегі жазбаша да, ауызша да қатар тараған «Диуани хикмет» сопылық ілімнің, дәлірек айтқанда, хал ілімінің мәнін ұғындыруға олишесіз қызмет етті. Эрине, бұл орта сопылық іліммен бұған дейін де біршама тапыс болатын. Оған Жұсіп Баласағұнидің «Құтты білігі» мен Ахмет Югінескидің «Ақиқат сыйы» шығармалары күэ. Алайда «Диуани хикметтің» бұл ілімді таратудагы орынының озгеше болатынының ең басты себебі – оның мазмұнының тереңдігімен бірге, олинемдік тұрғыда халық поэзиясына барынша жақындығы еді. [М.Ф.Коңірілі: «К.А.Ясауи шығармасында әуелде айтылған откіздей, басты әрі негізгі екі нәрсес козге түседі: исламдық, яғни діни-сопылық ерекшелік пеп ұлттық, яғни халық әдебиетінен алынған элемент. Исламдық ерекшелігі негізінен шығарманың тақырыбынан, мазмұнынан, мағынасынан орын алса, ұлттық ерекшелік, көрісінше, олециң пішінінен, түрінен, олинемінен орын алады. Исламды жақадан қабылданған және бұл діннің негіздерін түсінуге ұмтылған түркілер пішіні, понымы жағынан оздеріне енқандай жат емес бұл шығармаға үлкен баға берген еді. Негізінен тақырыбы мен мазмұны да оларды қызықтырганы үшін, «Диуани хикмет» халық арасында қасиетті шығармага айналды»] [14, 225], – дейді. Отте орынды айтылған пікір. Алайда «Диуани хикметтің» халық арасында кең тарауына тек қана оның фольклорлық пішінде жазылуы себеп болды десек, тағы да біржақты кеткендік болар еді. Мазмұны тың шығарманы оңай қабылдан, оны ішіп әкстуі үшін соған қолайлы ортасың қажет екені белгілі. К.А.Ясауи омір сүрген орталда дәл осындағы жағдай болды. «Диуани хикметтің» исламды мемлекеттік дін ретінде қабылданған елдерде емес, пұтқа табынушы карақытайлар билеген олкседе қанаттануының озіндік себептері де жоқ емес. Шаригат заңдарын қатаң басшылыққа алу салдарынан доктризмге ұрынған орта шаригат нормаларына сия бермейтін тарикат, хақиқат әдептерін қабылдай алмаса, дін қағидаларынан

хабары аз қауымда мұндай көдергінің аз болатыны мәлім. Бұл – бір, екіншіден, осы өлкеде ескі сопылықтың әдет-ғұрыптарының іздері көп еді. Сопылық жолдың есімі белгісіз бір өкілі айтқан: «Сопылық дәні Адам-Ата тұсында себіліп, Нұх пайғамбар тұсында көктеп, Ибраһим пайғамбар тұсында ғұлдаси, Мұса пайғамбар тұсында бұтақтап, Иса пайғамбар тұсында пісіп, Мұхаммед пайғамбар тұсында таза шарапқа айналды», – деген сөзі рухани ілімнің тарихынан мол хабар беріп тұр («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи қорық-мұражайының № 1068/5 ғылыми көмекші қоры). Әр пайғамбарға келген діннің ақиқаты бұрмаланып, соны қалпына келтірудің қажеттілігін қамтамасыз еткен, келесі дін келгенге дейін, руханият тазалығы үшін құрескен сопылар адамзат тарихының барлық кезеңінде болған. Анахарсис (Анық Арыс), Тоныкок, Қорқыт аталардың сопылық жолдан рухани қуат алған әулиелер екенін көп күмән туғыза қоймайды. Мұны олардың зәуде бір, түрлі себептермен хатқа түсіп қалған кейбір ой-пікірлерінің кейінгі сопылық поэзия өкілдерінің сөздерімен мазмұндастыры айғақтай алады. Құдайдың елшісі саналатын әр пайғамбардың кезіндегі діннің ақиқаты үшін құрескен сопылар ықпалы далалықтар арасында қүшті болғанын тарихтың қомескі мәліметтерінен сезіну қын емес. Бұл да Ясауи хикметтерінің халық арасына кең тарауына қолайлы жағдай туғызған фактордың бірі.

Далалық түркілер арасында хал ілімнің қарыштай дамуын қамтамасыз еткен бұлардан да маңызды фактор – Қожа Ахмет Ясаудің рухани дәрежесі. Рухани ілімнің құтб-ул ақтаб сияқты биік сатысына котерілген тұлғаның қөшилікке тигізер әсері де орасан зор болатыны рас. Түркиялық профессор, доктор Осман Турер түркілер әлемінде, әсіресе, Орта Азиядағы түркілер арасында ислами және сопылық дәстүрлердің қалыптасуында Ясауи тұлғасының орны бөлек екенін айта келіп, «Түркілер арасында кең танымал болған және қарапайым түрікше

әліппе, намаз дұғалары, иман және исламның шарттарын түсіндірген «Шариат-ул ислам» (Қазан, 1901) атты кітапта «Кімнің силсаласынансың?» деген сұраққа «Қожа Ахмет Ясауи силсаласынанмын» деген түрде жауап берілуі керектігінің талап стілгі де бұның бір дәлелі» [15] – дейді. Бұл сұрақ пен жауапты әрбір отбасындағы жас балаларға дейін билетін болған.

Қазақ халқының этникалық негізін құраған ру-тайпалардың ислам дінін қалай қабылдағаны жайлы осы кезге дейін орнықты пікірлер айтылған жоқ деуге болады. Қөптеген ғалымдар бұған қатысты шындықты өз заманына тән көзқарас түрғысынан және өз дәүіріндегі қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтар өлишемімен бағалады. Мәселен, даламызға ислам дінінің келуіне қатысты айтылатын «араб экспансиясы», «араб басқыншылығы» туралы болжамды айтсақ, осының анық дәлелі бола алады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның әйгілі торт серігі басқарған кездегі халифат тарихына «басқыншылық» атауын телудің мүлде жонсіз екені анық. Себебі адамсүйгіштікті үрдіске айналдырып, бүкіл адамзат қоғамына жайған олардың басқыншылық саясат жүргізгені жайлы ой қозғау тіпті қисынға келмейді. Әдетте бұл идеяны пайғамбарымыз беретін кейінгі төрт халифаның рухани кемеліділіктің ең биік шынцына жеткен жандар екенін білмейтін немесе білгісі келмейтін, оларды да қызғаныш пен құншілдік бойынан табыла беретін қарапайым пендे дең санайтын атсистік көзқарас иелері айтты. Олардың бойынан тек ізгілікті қасиеттер ғана табылатынына сенімі мол діни көзқарастағы адам бұл көзқарастың қисынсыз екенін бірден байқайды. Оның үстіне, қазақ даласында арабтармен болған соғыс жайында ешқандай айғақ жоқ. Сондай-ақ арабтардың көптеп келіп, мектеп-медресе ашып, халықты сауаттанғаны туралы да моліметтер кездесмейді. Қазақ даласын аралап өткен саяхатшытарихыны арабтар болмаса, елдің ішіне келіп тұрақтаған, жазузызуға үреткен миссионер туралы да ешбір жәдігерлік жоқ.

Осыдан келіп, біршама ғалымдар «түркілер ислам дінін оз еріктерімен қабылдаған» деп байlam жасады. Бірақ түркілер исламды неліктен оңай қабылдады деген сауал тоңірегіндс терең талдау жасала қоймады.

Шындығында, түркілердің исламды қабылдауын лұрыс түсіндіріп беруге материалистік негіздегі ғалымның орсі жетпейтін еді. Өйткені бұл үдеріс материализмге мүлде қарама-қайшы рухани іліммен, яғни жүрек козін ашу ілімімен тікелей байланысты болатын. Көшпелі тайпалар арасында осы ілімді терең менгеріп, руханият биігіне жеткен әулиелер әр заманда, исламға дейін де, одан кейін де көп болған. Бұл ілімді меңгеру үшін мектеп-медреседе ұзак білім алу шарт емес. Бұның жарқын мысалы жазу-сызууды білмей-ақ, даналығымен әлемді тан қалдырыған хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың омірі бола алады. Рухани ілім – Жаратушымен тікелей байланысқа жетудің нәтижесінде, оның Өзінен алынатын таным түрі. Құранда «Бақара» сүресінің 31-аятында Алла тағаланың Адам Атаға ілім үйреткені айтылады. Бұдан рухани, яғни ладуни ілімнің осылайша, мерзімді окусыз, Жаратушы тарағанынан ғайыптан әрі бір сәтте берілетінін аңғаруға болады. Осыдан келіп, ладуни ілім оңай беріледі екен деген ой тумауы керек. Керісінше, бұл үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек нәтижесіндс келеді. Ізденіс «мен – кіммін, қайдан келдім, қайда барамын» деген сауал төңірегінде әуелі өзін, кейін сол арқылы Жаратушы иесін тану бағытында болса, бұл ізденіс Құдайды бір сәтке естен шығармайтын халге жету мақсатындағы тынымсыз бейнетпен қатар жүрмек. Көшпелі тіршіліктің мұндай нәтижеге жетуге септігі тиетін тұстары жеткілікті еді. Рухани ізденіскс ең күшті кедергі – материалдық игіліктердің жетегінде кесту болса, көшпелі тіршілікте оның қаупі аз болатын. Көшіп-қоныш жүретін шаруа үшін артық дүниенің пайдасынан кедергісі көп. Сондықтан мұндай қоғам мүшелерінің мұлік айырмашылығы аз

болды. Мәдениеттанушы, тарихшы Н.Д.Нұртазина көшпелілер тұрмысы мен табиғатының әрдайым тақуалыққа бейім екенін айтады [16].

Көшпелі қоғамда мектеп-медресе салып, жыл он екі ай бала оқытуудың мүмкіндіктері де аз болды. Бірақ мұның рухани ілім алуға ешқандай кедергісі жоқ екені жоғарыдағы әңгімелерден белгілі болды. Исламдағы ілім атаулы шартты түрде батини (ішкі, жүрек ілімі) және захирі (сыртқы) деп екіге бөлінсе, жазусызуудың көбіне сыртқы ілімді үйретуге жұмсалатыны белгілі. Жазбаша діни сауатты адамдардың фихқ, шариғат ілімдерінің тұтқынында қалып, көп жағдайда рухани ілімнен қалыс қалууының бір себебі осында болса керек. Семиотика саласының білгірі Ю.Лотман ауызша және жазбаша мәдениетті салыстыра келіп, жазба мәдениетінің адамды эгоизмге тәрбиелейтінін, ал ауызша мәдениеттің ішіндегісін бүкпесіз көрсетіп, ашық қимылдайтын адамды жоғары бағалайтынын айтады [17]. Шынында да, кітаптан білім алған ізденушінің өз-өзімен болып, дараышылдыққа бет бұратынын оңай аңғаруға болады. Ал жазусыз мәдениет өркендерген көшпелі қоғамда адамдардың сұхбатқа бейімділігінің, белсенділігінің нәтижесінде даналық қасиет өз деңгейінде бағаланады. Данышпандар құрметтелең қана қоймай, көпшілік соны үлгі тұгады. Алайда бұдан рухани ілімнің көшпелі қоғамдаған дамитыны және жазу мәдениетінің қажетсіздігі туралы әңгіме айтылып отыр деген ой тумауы керек. Рухани ілімнің отырықшы елдерде де дамыған кездері аз смес, жазу мәдениетінің де қоғамға тигізген пайдасы өлшеусіз. Бұл жерде сөз көшпелілер мәдениетінің руханият дамуына тұгызған қолайлы жағдайы туралыған болып отыр. Осындай қолайлышың өз нәтижесін беріп, көшпелілер арасынан шыққан әулиелер сан жағынан да, сапа жағынан да артықшылық танытты.

Рухани ілімге қол жеткізген әулиелердің таныған хақиқаты бір. Олар өзгелерге бейтанағыс, құпия әлемдерді коре алады,

болашақты болжайтын қасиетке ие болады. Әлемнің әр түкпіріндегі әулиеслердің айтқан созі мен ісінде бірліктің және бәрінің бір көзқараста болуының басты себебі осында. Ислам діні – хақиқатқа алыш баратын жол болса, хақиқатты жазусызыз, қасиетті кітаптарсыз-ақ таныған әулиеслердің (сондай-ақ олардың жазбаша сауаттылары да коп болды) жолы да оз-өзінен исламмен қабыссын кетеді. Ислам діні пайдада болып, әлемге тарай бастаған кезде де түркілер арасында жүрек көзі ашылған әулиеслердің болғаны, олар осы хақиқатты рухани ілім арқылы біліп отырғаны және исламды бірден қолдағаны күмән туғыза қоймайды. Э.Диваев жариялаған бір аңызда мынадай оқиға баяндалады: Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар сахабаларымын бірге Ухуд тауында кәпірлермен соғыссын жатқан кезде, кәпірлерге жан-жақтан көмек келс бастайды. Сахабалар Құдайдан жалбарынып жәрдем сұрағанда, белгісіз бір тайна шыға келіп, мұсылмандар жағына қосылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) олардың ұрысқа түсүін сұрап, арабша, кейін шарсынша үн қатқанда олар түсінбеген. Эбу Бәкірден (р.ғ.) бұл тоитың Түркістан жақтан келгенін біліп, түрікше бұйырғанда, олар кәпірлерге лап қойып, жауды тым-тырақай қашырган [18]. Бұл аңыздың шындыққа жақын жақтары көн. Түркі жұртынан шыққан, қазір бізге есімі белгісіз әулиеслердің исламды әусл бастан қолдағанына, жәрдем корсеткеніне сенім мол, соны дәлелдейтін айғақтар да бар. Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» сібесінде мынадай бір қызық мәлімет бар: «Мен тәнірінің дәулет ұсын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінс айналдырып қойғанын кордім. Тәнірі оларды «түрік» деп атады. Эрі оларды мемлекеткес еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінің солардың қолына ұстартты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге құрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен

соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады.

Шайх Эбубекірдің ақырзаман турасында жазған біркітабында ұлы шайғамбарымыздан нақыл келтіріп, мынадай хадисті баян етеді: «Ұлы тәнірі: Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «турік» деп атадым, оларды құншиығысқа орналастырым. Бір ұлысқа ашууланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті» [19]. Зерттеуші Ж.Байжумин Жапонияның алғашқы мемлекеті Яматоны еуразиялық кошпелілер құрғанын, Францияның және немістердің алғашқы королдерінің түбі түркі жұртынан шыққандығын әйгілі ғалымдар сөбебегінс сүйсіс отырып дәлелдеген [20]. Бұл шындық сөз болған хадистің қалтқысыз жүзеге шыққандығын көрсетеді.

Түркілер жұртынан Батысқа жасалған жорыктардың, мәселең, Еділ патшаның (Аттила), Шыңғысханың жүргізген соғыстардың түскі мақсатын қазіргі тарихшылардың түсіндіріп берсе алмауы коп жайтты аңғартады. Орхон жазбаларында да, «Монголдың құния шежіресіндес» де, халық ақыздарында да олардың жорыққа Құдайдың әмірімен аттанғаны айтылады. Және оларды өз заманындағы халықтар «Құдайдың қылышы», «Құдайдың қамшысы» деп атаган. Еділ патшага байланысты штетелдік дереккөздерге сүйеніп, толымды еңбек жазған С. Отениязов осы ақиқат жөнінде былай ой түйіндейді: «Сол VIII ғасыр ақырында пайда болған аныздарда Аттила Галлияда (қазіргі Франция жері) бекініс, храм, бірде-бір қала қалдырмай құлатқан, шапқан. (...) Сол ақыздар екінші жағынан Аттиланың ақылудылығы, данышпан мемлекет қайраткері, ұлы қолбасшы және әділ басқарушы болғанын жасыра алмайды. Соңдықтан оны құдайдың жердегі елшісі ретінде танып, әр түрлі мифтер құрастырылған. Оны Еуропа халықтары тілінде «Құдай тоқпак» (орысша «Бич Божий») латын, француз, испан, неміс, ағылшын, т.б. тілдерде «Құдай қамшы» деп атайды» [21]. Цәл

осы сиякты әңгімелер Шыңғысханға да қатысты айтылған. Тіпті ислам әлемі оны Құдайдың өзі қолдаған, Қызыр жолдас болған киелі тұлға деп санаған. Мұны соңында ислам елдерінс жақсы танымал «Газкират ал-аулия» («Әулиеслер туралы естелік») атты жинақ қалдырыған Фарид ад-дин Аттардың өміріне қатысты мына әңгімеден көруге болады: «Шыңғысхан Нишапурға бастырып кірді және оның қатал әмірі бойынша, жауынгерлер қала тұрғындарын аяусыз қыра бастады. Халық қомек сұрап Аттарға келді. Ол алдындағы кесесін тоцкерген кезде, ғажап оқиға болып, Шыңғысханның әскері түгел кормей қалды. Жаппай қырғын тоқтап қалды. Шыңғысхан ашууланып, әскеріне қырғынды жалғастыруды бұйырды. Келесі күні әскер іске кірісken кезде, тұрғындар Аттарға тағы да отінішпен келді. Ол кесесін және бір төңкеріп еді, әскерлің козі кормей, кісі өлтіру тағы тоқтады. Үшінші күні Шыңғысханның өзі жазалауға қатыспақ болып шешті де, оның бұйрығы бойынша жауынгерлер бейбіт тұрғындарды өлтіре бастаған кезде, олар және қомек сұрап Аттарға келді. Аттар кесесіне қолын соза бергені сол еді, көз алдында Қызыр пайда болып, былай деді: «Сен Құдайдың қалауымен болған іске араласпауың керек. Саған онсыз да алдыңғы істегендеріңің жауабын беруге тура келеді, егер бұл жолы да араласатын болсаң, оның ақыры сен үшін өте қын болады» [22]. Бұдан соң Аттар Шыңғысхан жауынгерінің қолынан қаза табады [22, 23-24]. Белгілі тарихшы Л.Н.Гумилев Шыңғысханның иемесресі Батуды да орыстардың «қайырымды хан» деп атағандығын жазады [23]. Қазақ халық ауыз әдебиетінде де Шыңғыс ханың ұшамды бейнесі қалыптасқан. Халық ақыздарында оны «садағын сары сағымға ілдірген» деп дәрілтейді [24]. Бұл ақиқат Махмұт Қашқарі әз кітабында келтірген хадиске сәйкес келеді. Ал Жаратушы әмірін мұлтіксіз орындау үшін Онымен тікелей сырласатын ладуни ілім иелерінің болуы шарт. Барлық пайғамбарлардың,

сахабалардың, олардың көзін көрген табиғіндердің, әулиелердің басшылыққа алғаны осы батини (рухани, ладуни) ілім болатын. Қазақ даласында өмір кешкен әулиелер рухани ілім нәрін халыққа коркем мінез-құлықпен таратты. Олардың істеген істері мен өмір салты, әдеттері үлгі тұтынып, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа айналды.

Бұл жағдайлардың барлығы, бір жағынан, Ясауи онеге еткен хал ілімінің көшпелілілер ортасында кең өркен жаюының алғышарттарын көрсетсе, екінші жағынан, хикметтер мен қазақ фольклорының түп негізінің қанаттас болғанынан хабар береді. Хал ілімінің қазақ даласында кең түрде өркендеуінің тағы бір себебі – Ясауи заманында бұл өнірде сенім еркіндігінің болғандығы. Бұл кездे аймақты билеген қарақытайлардың сиқаңдай дінге қысым жасамағандығы тарихи деректерде сақталған [25]. Қарақытайлар – бұрынғы көшпелі түркі халықтарының дәстүрін ұстанған тайпалар еді. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» жинағындағы деректерге сүйенген зерттеуші Ш.Шәмшетдинова қарақытайларды қазіргі қарақалпақ ұлтының негізін құраушы тайпалардың бірі есениң коңіл бөледі. «Қытай – түркі халықтары ішінде қарақалпақ халқының негізін құраган алты елдің бірі. Қытайлар бұрын Шын (Чин) мемлекетін басқарып тұрган. М.Қашқарлы олардың Жоғарғы және Ортанғы Шын жерінде жасағандығын жазған. Туркиялық зерттеуші З.Куртер арабтар XI-XII ғасырларда қарақалпақтарды осы бас тайпасының атымен «**қытай**» немесе «**қарақытайлар**» деп атағандығын ескертеді» [26], – дейді ол: Егер шаригат зандары ұstemдік алғын, догматизм жайлаган қоғам болса, хал ілімінің еркін дамуына мүмкіндік азаятының жогарыда айттық. Қожа Ахмет Ясауиге өзге мемлекеттердегі догмат діндарлардың жиі соққы жасамақ болғаны, бірақ олардың әрекеттерінің сәтсіз аяқталғаны бізге Ясаудің оз хикметтерінен және халық аңыздарына белгілі. Ол жайында алдағы тарауларда тоқталмақпаз.

Рухани ілімді барынша терең менгерген тұлғаның бірегейі Қожа Ахмет Ясаудің қазақ даласынан шығуы бұл ілімнің осы ортада кеңінен тарауына үлкен себеп болды. Қазіргі кездес «Ясауи жолы» деген тіркестің жиі қолданылуы әбден заңды. Алайда мұны Қожа Ахмет Ясаудің өзі ойлан тапқан жол дең ойлау қате болмақ. Ясауи жолы – пайғамбарлар мен жүрек козі анылған әулиелер жүріп өткен ақиқат жолы. Ясауи танымы бойынша, бұл жолдың жолбасшысы – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар. Өзбек әдебиеттанушысы, сопылық әдебиет зерттеушісі, профессор Н.Комилов: «Ясауи ақидасы бойынша әлемнің бастау козіндес Мұхаммед нұры жатады. Тәнірі тағала ауелі сол Нұрды бар етіп, кейін өзге әлемді жаратқан. Бұл Нұр әлем сұлтулығы мен кемелдігіне тән. Ясауи оз рухын да осы Нұрмен сәйкес дең біледі. «Миғраж узра хақ Мұстафа рухим курди», дең жазады ол. Бұл – Миғраж түні Пайғамбар көкте корғен пақыр иұрына ишара. Шайыр мен де осы нұрдай пәкін, осы нұрданмын – пақырмын, Пайғамбардың жалғасымын, менің ышығым осы Расулалла ышығының жалғасы демекші. Ақырында Ясаудің кис тұтқан пірі Арыстанбап төрт жұз жылдан кейін тілінің астында сақтаң Ахметке жеткізген құрма қазіреті Пайғамбардың үлссі еді, яғни Ясауи Мұхаммед факырдың, Мұхаммед сұндеттінің және Мұхаммед тариқатының мирасқоры» [27], – дейді. Демек Ясауи жолы – оның өзі салған жол емес, оның өзі жүрген және қоғамға танытқан жол. Рухани ілімді даламызда орнықтырып, оның айқын үлгісін көрсеткен Қожа Ахмет Ясауи болғандықтан, «Ясауи жолы» деген ұғым қалыптасты Ясауи өзі таратқан рухани ілімді «хал ілімі» деп атады. Ол ғылымқалмас, яғни қал ілімімен қатар айтылады. «Қал» арабтың «қала» – «кайту» деген сөзінен келип шығады. Сопылықта қал – айтуға болатын, тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, хал – тілмен жеткізуге келмейтін, Жаратушының өзі үстаздық қылатын ілім. Бұл туралы Ясауи жолының көрнекті

окілі Мәшіүр-Жұсіп Көпейұлы былай деген болатын: «Ғылым скі түрлі болады: Ғылымқал, Ғылымхал. Пендерден исінде сабақ алғы, козбен коріп, тілмен оқылатуғын оқуды: «Ғылымқал» – дейді. Бір пендерден бір пендеше мың жыл үйрениң, онымен дәніеме болмайды. Көңілден көңіл сабақ алатуғын бір жол бар: оны «Ғылымхал», – дейді. Бұ конілдесін жүргүзгішінің үстазы – Құдай тәбәрәк отығылышың өзінің ғылым сипаттары, калам сағатлары болады. (...) Жарық-нұрдың асылы Құдайдан болатуғын болса, ғылым нұрынан жарық, ғылым нұрынан күшті нұр бар ма?! Құдайдан ғылым нұры бір пендешең қоніліне құйылса, ғылымхал сол пендеде болады» [28]. Қал ілімінің мақсаты халғе жеткізу болса, халдің мақсаты – Құдайға жеткізу. Хал таппай, қал ғылымының тұтқынында қалыш қою – сопы үшін сің аянышты жағдай. Өйткені ол түпкі мақсатқа жеткізе алмайды. Тіпті қабірде алынатын сұраққа да жауап беруге мүмкіндік жасай алмайды.

Мункур-Накир: «Ман раббика» деб сауал қылғай,

Қалағилемидин бир пуктаси кар қылмағай [29], – дейді бұл туралы Қ.Л.Ясауи. Сондықтан әулиелер сұлтаны қал ілімін өз орнында пайдалануды ұсынып,

Қалғилемини оқубан,

Халғилемига стибан [29, 202], –

дейді. Шаригат заңдары бергі замаңдарда «фихқ» ұғымымен астасын кетті. Фихқ туралы анықтамалық әдебиетте: «**Фикх – фикх** (арабша) – Құран мен суннаның және оларды мұсылманның қоғамның күнделікті тәжірибесінде қолдану принциптері негізінде жасалған мұсылманның правоның теориясы. **Ф.** (фикх – Б.Қ.) заңдарды түсіндірумен айналысады және бұл термин ксійде барлық діни тәртіптердің немесе жалпы мұсылманның теологияның жиынтығы ретінде қолданылады. Сондай-ақ **Ф.** мұсылманның дұрыс өмір жолын көрсететін шаригатты негіздеу мен түсінудің теориялық негізі ретінде де айтылады;

сөндүктаң шаригат пен **Ф.** бірін-бірі алмастыра береді» [30], – деп берілген. Ясауи жолында қалғылымы басты ілім болып саналатын халге жетудің алғышартты болса, «**фиқх**» мәніндегі шаригат заңдарының жалпы кошшілік үшін халдан горі қалғылымына қатысы көбірек екенін сезіну қын емес: ойткені оның көп қағидаларын тілмен айтып жеткізудің мүмкіндіктері мол. Дегенмен сопы үшін шаригат – хал іліміндегі рухани кемелденудің алғашқы сатысы болып қала бермек: ойткені ол өзінің түпкі негізін сөзбен айтуға келмейтін хал ілімінен алады. Мұндай рухани ілімге сүйеніп шығарылған діни заңдарды қазақтардың «ақ шаригат» деп атағаны халық шығармаларынан аңғарылып тұрады. Кезінде С.Сейфуллин осыған қатысты мынадай ой айтқан еді: «Ал би мен батыр таразының екі жақ басына түскендес, биді дәріптейтін болған:

Батыр деген барак ит,  
Екіншің бірі табады.  
Би деген ақ шаригат,  
Ілуден біреу шығады... –

деген мәтсіл мен «...елге бай – құт емес, би – құт», – деген мәтел елге жайылған» [31]. Ал жүрек тазалығын мәңгермеген жаңдардың шаригатшылдыққа бой алдыруы – дормашылдыққа ұласатынын, тіпті түсінбесушілік салдарынан ол заңдарды бұрмалауға себеп болатынын байқау қын емес. Бұл туралы ақиқатты Байдалы бидің Айғанымға айтты дейтін мына созіспен коре аламыз:

Бағзы-бағзы шаригат бар,  
Тек шатақ үшін тараған.  
Алуан-алуан молда бар,  
Тек алғұ үшін жааралған.  
Олар «кал» дегенді олтіріп,  
«Бер» дегенді ғана қалдырыған [32].

Осыдан түйетініміз, заң сипатындағы шаригатты қара қылды қақ жарғандай әділеттілікпен жүргізуғе жүрек тазалығына

жеткесін жанның ғана шамасы келеді. Шернияз ақының Байсақал биге айтқан:

Аскар, аскар, асқар тау,  
Аскар таудың түбіндес болар саясы.  
Шаригатты білмеген  
Көкірекінің қарасы [32, 34], –

деген сөзінде осы шындықтың ізі бар.

Осы жерде Қожа Ахмет Ясауи қолданған «шаригат» ұғымы мен «фихк» ұғымымен астасып кеткен шаригат жөніндегі кейінгі замандарда пайда болған түсініктің елеулі айырмашылығы барын анғарамыз. Қожа Ахмет Ясауи:

Тариқатқа шаригатсыз кіргендердің,  
Шайтан келіп иманын алады екен [13, 70];

Шаригатни шарайатин билган ғашик,  
Тариқатни мақамини билур, достлар [29, 189];  
Шаригатни салахини кимагунча,

Тариқатни бурақиға минмагунча,  
Жазаб жунин ғаламиға бармагунча,

Хақиқатни майданига кирса болмас [29, 189];  
Ути ғумириим шаригатқа иеталмадим,  
Шаригатсиз тариқатқа утамадим [29, 183], –

дегенде, бұл ұғымды Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистеріндегі мәнге сай қолданған. Шәкірті Мұхаммед Зарнуқи (Данышманд) арқылы жеткен Қожа Ахмет Ясаудің «Мират-ул Кулуб» еңбегінде: «Хз. Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде былай дейді: «Шаригат – сөздерім, тариқат – істерім, ал хақиқат – хәлдерім». Яғни, шаригат менің сойлеген сөздерім, тариқат істеген істерім. (Бұл жерде) Хз. Пайғамбарымыз, шаригат – сойлеген сөздерім десе, тариқатқа келгенде тек сөйлегендерім

сондықтан шаригат пен **Ф.** бірін-бірі алмастыра береді» [30], – деп берілген. Ясауи жолында қалғылымы басты ілім болып саналатын халге жетудің алғышартты болса, «**фиқх**» мәніндегі шаригат заңдарының жалпы көшілік үшін халдесін горі қалғылымына қатысы көбірек екенін сезіну қынш емес: ойткені оның көп қағидаларын тілмен айтып жеткізудің мүмкіндіктеп мол. Дегенмен сопы үшін шаригат – хал іліміндегі рухани кемелденудің алғашқы сатысы болып қала бермек: ойткені ол өзінің түпкі негізін сөзбен айтуға келмейтін хал ілімінен алады. Мұндай рухани ілімге сүйеніп шығарылған діни заңдарды қазақтардың «ақ шаригат» деп атағаны халық шығармаларынан аңғарылып тұрады. Кезінде С.Сейфуллин осыған қатысты мынадай ой айтқан өді: «Ал би мен батыр таразының скі жақ басына түскендс, биді дәріптейтін болған:

Батыр деген барак ит,  
Екінің бірі табады.  
Би деген ақ шаригат,  
Ілудсен біреу шығады... –

Деген мәтсіл мен «...елге бай – құт емес, би – құт», – деген мәтсіл елге жайылған» [31]. Ал жүрек тазалығын мәңгермеген жандардың шаригатшылдыққа бой алдыруы – дормашылдыққа ұласатынын, тіпті түсінбеушілік салдарынан ол заңдарды бұрмалауга себеп болатынын байқау қынш емес. Бұл туралы ақиқатты Байдалы бидің Айғанымға айтты дейтін мына созінсін корсе аламыз:

Бағзы-бағзы шаригат бар,  
Тек шатак үшін таралған.  
Алуан-алуан молда бар,  
Тек алу үшін жаралған.  
Олар «аал» дегенді олтіріп,  
«Бер» дегенді ғана қалдырған [32].

Осыдан түйетініміз, заң сипатындағы шаригатты қара қылды қақ жарғандай әділесттілікпен жүргізуғе жүрек тазалығына

жеткен жанның ғана шамасы келеді. Шернияз ақынның Байсақал биге айтқан:

Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың түбіндес болар саясы.

Шаригатты білмеген  
Кекірегінің қарасы [32, 34], –

деген сөзінде осы шындықтың ізі бар.

Осы жерде Қожа Ахмет Ясауи қолданған «шаригат» ұғымы мен «фихқ» ұғымымен астасып кеткен шаригат жөніндегі кейінгі замандарда пайда болған түсінікті елеулі айырмашылығы барын аңғарамыз. Қожа Ахмет Ясауи:

Тариқатқа шаригатсыз кіргендердің,  
Шайтан келіп иманын алады екен [13, 70];

Шаригатни шарайатин билған ғашик,  
Тариқатни мақамини билур, достлар [29, 189];  
Шаригатни салахини кимагунча,

Тариқатни бурақиға минмагунча,  
Жазаб жунин ғаламиға бармагунча,

Хақиқатни майданига кирса болмас [29, 189];  
Ути ғумириим шаригатқа иеталмадим,  
Шаригатсиз тариқатқа утапмадим [29, 183], –

дегенде, бұл ұғымды Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистеріндегі мәнге сай қолданған. Шәкірті Мұхаммед Зарнуқи (Данышманд) арқылы жеткен Қожа Ахмет Ясаудің «Мират-ул Кулуб» еңбегінде: «Хз. Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде былай дейді: «Шаригат – сөздерім, тариқат – істерім, ал хақиқат – хәлдерім». Яғни, шаригат менің сойлеген сөздерім, тариқат істеген істерім. (Бұл жерде) Хз. Пайғамбарымыз, шаригат – сойлеген сөздерім десе, тариқатқа келгенде тек сейлекендесім

десумен шектелген жоқ, (оган қоса) істеген істерім деді» [33], – деген болатын. Жоғарыда айтқанымыздай, Қожа Ахмет Ясауи «шаригат» созін хадистердегі мәғынасына сай қолданған, яғни Мұхаммед (с.ғ.с.) шайғамбардың айтқандарының орындаған болмай, оның істегендерін істеймін деушілердің адасатының корсеткен. Ал кейбір зерттеушілер Ясаудің шаригатқа қатысты жоғарыдағы сөздерін «фихқ» ұғымымен астасқан мәнде, яки кейінгі ғасырларда қалыптаса бастаған мәғынада қабылдан, бұл – Ясаудің сыртқы құлыштықтарды өтеп болмайынша, тариқат жолына кіруге болмайды дегені дес түсіндіргісі келеді. Осы қозқарастың кате екенін жоғарыда айтылған жайттар корсетіп тұр. Дегенмен тағы да нақтылай кетейік: Ясауи үшін шаригат – хал-хикмет ілімінің бір саласы, рухани кемелденудің алғашқы сатысы болса, әлгіндей пікір айтуши кейінгі зерттеушілер оны қалғылымының құрамдас болігіндегі ұғынған. Бұрынғы сонылар да, Ясауи де шаригатты хикмет ілімінің бастапқы сатысы деп санағанын ясауитанушы Д.Кенжестай келтірген мұна мәлімет иен ол туралы білдірген оз пікірінен сезе аламыз: «Сонылық дүниетанымда «хикмет» ұғымын тұңғыш рет Харауи қолданған болатын. Ол хикметтің үш сатысын ашып көрсектен. Хикметтің бірінші сатысы қандай да бір құбылысты немесе істі тану; екінші сатысы сипаттау, оны образдық-символдық анықтамалар арқылы жеткізу; үшінші сатысы – жүзеге асыру немесе орындау. Кейіннен Кашани осы анықтамалар негізінде хикметті «тілмен жеткізуге болатын» және «тілмен жеткізуге болмайтын» деп екіге бөліп, біріншісін – «шаригат» һәм «тариқат», екіншісін – «хақиқат сырлары» деген болатын. Яғни сонылардың түсінігінде хикмет – рационалдық ойлау арқылы игерілстін ғылым емес, тікелей қалбке (жүрек, коңл) берілстін, жүрекшін сезінетін (батини-ладуни) ілім» [34].

Жаратушыдан келетін хал-хикмет ілімін менгеруді ииет еткен ізденуші үшін «фихқ» мәніндегі шаригат ілімдерінің

маңызы алдыңғы орында тұрмасы белгілі. Қазақ қоғамы жөне олардың арғы бабалары сақтар, ғұндар мен көк түріктер адам ақылының жемісі болып табылатын діни зандар шығарып және өздерін сол заңдардың тұтқынында қалдырып отырмаган. Олар жүрек көзін апқан әулиеслер Жаратушыдан тікелей алады деп есептейтін рухани ілімді ғана місі тұтқан. Әрине бұл – концептілер қоғамының әрбір мүшесі жүрек козі ашылған әулис болды деген сөз емес. Бірақ бүкіл қоғам әулиеслерді жазбай танып, меммендікке салынбай, солардың айтқандарын ақиқат ретінде қабылдап, шексіз бағыну иәтижесінде олардың бәрі рухани ілім көрсеткен зандаулықтармен жүріп-тұрды деп санауга болады. Би-шешендердің бәрі дерлік рухани ілімнің оқілдері болды. Олардың концептілігін халық әулие деп есептеді. Бұған мысал ретінде Төле бидің ныснысы «Қарлығаш әулие», ал Бұқар жыраудың лақабы «Қомекей әулие» болғанын айтсақ та жеткілікті. Ақиқат жолды ізdep, хақ жолына түспеген адамның қара қылды қақ жарып әділ билік беруі, отырықшы елдердің философтары тудыра алмаган терең гибратты ойларды тұтқында тауып айтуы мүмкін де емес. Хал ілімінен ажырап қалудың салдарынан, кейінгі ғасырдағы қазақ қоғамында билерше ой түйстін, билерше шебер сөз өретін адамдар жоққа тән болып қалды. Қененің көзін корген көрнекті жазушымыз С.Мұқановтың: «Қазақта шаригаттан тариқат басым болған. Бұл заңды қолданушылар билер» [35], – деуінде көп мән бар. Әрине Сәбен заман шындығына орай бұл ойын одан әрі ашып айта алмаган. Қаз дауысты Қазыбек би дүниеден өткен кездегі кызы Маңқаның жоқтауының:

Қазаққа деп заң жасап,  
Қазыбектің қасқа жолы –  
Арында мирас қалғаны,  
Шаригат айтқан жол емес,  
Законың тағы қол емес.

Дуалы ауыз айтқан соң,  
Қазаққа бір жол салғапы [36] –

(курсив біздікі – Б.Қ.) деген жолдарында да қазақ билерінің рухани ілімді үлгі тұтқаны көрініп тұр. Хал ілімін басыныштықта алған билердің мұндай рухани дәрежеге жетісій жатын шаригат тұтқынында қалған молдалармен діни мәселе де үнсімі қайшылықта болғанынан ел аузындағы әңгімелер күзлік береді. Бұған Төле би мен молданың [36, 67], Байдалы би мен Таумұрын молданың [32, 22-24] тартысын мысал етсек те жеткілікті.

Қазақтардың және олардың арғы бабаларының Құдай заңы болып саналатын табиғат занңдарын жоғары бағалағанын эр дәуірлерде хатқа түсіп қалған көне әңгімелерден көруге болады. Мәселен, Анахарсис туралы хикаялардан осыны байқаймыз. Сондай әңгімелердің бірі былай баяндады: «Крез патша данышпандарды қабылдап, байлығы месі салтанатын корсестіп болған соң, әңгіме бастайды. Анахарсистің таным деңгейін, білім дәрежесін байқамақ ииетпен соз арасында оған сұрақ қойып отырады. Бірде патша: «Жан біткениң қайсарын кім деп ойлайсың?» – деп қалады. Сонда Анахарсис: «Жан біткениң қайсары – тұз тағысы (бұл жерде данышпан кок бөрінің айтқан дес есептейміз – Б.Қ.), ойткені олар бас бостандығы үшін қайыспай жан қиядьы» – деп жауап береді. Әңгіме желісін одан эрі қарай созып: «Жан біткениң әділеттісі кім болады?» – деген патшага скиф ойшылы тағы да дала тағысының қасиеттерін негізге алып тіл қатады: «Жан біткениң әділеттісі – дала тағысы, ойткені олар занға табынбайды, табиғат талабын ғана мойындаиды. Табиғатты құдай жаратқан, ал зан адам ақыл-ойының туындысы. Адам орнатқан зан тәртіптерінс табынғанин құдай жаратқан табиғат талаптарын мойындаған әлдекайда әділсті, патшам».

Тәрбиссе дс, ортасы да, ойлау жүйссі дс басқа Крез патша Анахарсистің сөзін іштей місі тұтқай: «Данышпандардың данышпаны да сол сенің тұз тағың болып журмесін?!» дес, сұрағына әжュー, мысқыл араластырады. Патшаның коңілінде

қапдай құйын көтеріле бастағанына қарамастан, Анахарсис оз ойын қалауынша сабактап, оз шындығын айтады: «Иә, дәл солай. Өйткені табиғаттың, құдайдың заңын адамдардың заңына жоғары санау – даныншындықтың басты белгісі» [37]. Коне түркілер де елді рухани ілімді терең менгеріп, тікелей Жаратушы әмірімен ғана жүріп-тұратын халге жеткен адамдар ғана басқаруы керек деген түсініктे болған және ұлы қағандар да, кобіне, сол талаң денгейінен корінс білген. «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштерін жазған Иоллығ-тегінің: «[Түрік халқы] жойылып бара жатты. [Сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі Жері, Суы былай депті: «Түрік халқы жойылmasын деп, ел болсын» – деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» [38]; «Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін дең, Әкем қағанды, Анам қатынды көтерген Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін дең Тәңірі озімді қаған [тағына] отырғызды» [38, 172]; «Түрік халқын Тәңірі ел етіп бергеніндігін мүнда (тасқа) бастым (...)» [38, 17], – деген сияқты сөздері осы ақиқаттың айғағы. Ал Күлтегінің: «Үрім-бұтағымызбен ел билеу, ел бастау үшін жаралғанбыз, басынды біріктіріп, ел етстін – біз, елді жосықтан, тұтқыннан құтқарған бізбіз» [39] – дегені де осымен өрелеседі. Бұл айтылған сөздер де Махмұт Қашқари келтірген хадистің мазмұнына сай келіп тұр. Рухани еркіндікті мұрат тұтқан көшпелілер қоғамында бұл дәстүрді Қожа Ахмет Ясауи өзі таратқан ілімі арқылы одан әрі тереңдесте түсті. «Қазақ» сөзінің бір мағынасы – «еркін халық» болуы да осы жағдайлардан туғаны кәміл. Соңдай-ақ коне түркілер мени қазақтардың еркіндіктің, рухани тәуелсіздіктің символы болған кок бөрінің кис тұтуы да айтылған шындықтардың белгісі деуге лайық.

Лас сезімдерден тазарған жүректің айқын қалауы ретінде көрінетін Жаратушы бұйрығын басшылыққа алған әулиелердің

жасаған бітімдері мен шешімдерінс қалтқысыз сенген қазақ қоғамы ислам діні келгеннен кейін де, адам ақылшының жемісі – шаригат қағидаларын мемлекеттік заң ретіндег қабылдаған жок. Бұның айқын мысалын Абайдың жас кезіндег басына откізген мына мысалдан аңғара аламыз: «Абай бірде Үшқара деген жердегі Қонтай-Тонтайдың аулыпса, яки нағашыларына барып қайтқысы келетінін әкесі Құнанбайға айтса керек. Құнанбай сонда: «Барғаныңа қарсылығым жок. Есіңе салып, озіңе айтарым: сөйлер сөз, айттар ойыңың аңысын аудып, толғана, ойланы сойлегейсің. Менің қайын жұрттың, сенің нағашың сол Қарекесек ішіндегі Шаншар болады. Шетінен шешен, қапияда соз тауып, созуар келетін жандар», – дегіті.

Абай әке айтқанын жадында сактаганымен, кейде сәті келіп қалғанда: «Ұтымды жерде айтпаса, сөз атасы олетінін» қалыс қалдыра алмапты. Бірде нағашысы Тонтай скінші намазын абың-күбің оқып, тез-тез асығыс бітіргені, әрі діни қағиданы бұзып, аяттарды шатастырып, шала-шарны оқығаны Абайға орескел корінеді. Абай:

– Нағашы, білген кісіге намаз шаригатын бұзып, тотс тартуга да болады екен-ау? – десін мысқыл сауал қояды. Тонтай:

– Ия, балам, бұл сұрауың ете орынды. Әрі сенің бұл айтқаның Имам шафиғының тар жолына жатады. Бірақ біз нір туғтатын Имам ағзамның жолы біреу-ақ: яғни әлем қандай кең болса, оның шаригаты да сондай кең. Алау-мынау ұсак-түйес қателіктер кешіріле береді. Өйткені ол қағида «Аттың жалы», «Түйенің қомы», «Садақтың оғы» сияқты қатал, қатығез емес, – дегіті. Құнанбай:

– Я, бұл жұмбақ созді қалай түсіндің? – десін ызғарланған екен. Абай:

– Шешімін әділдікпен тұра айтсам, «Аттың жалы» дегені – Еңлік-Кебекті атқа сүйретін олтірген Кеңгірбай бидің билігі. «Гүйенің қомы» дегені – Қодарды келінімен түйеге теңдеп

олтірткен билердің үкімі. «Садақтың оғы» деп өкінс айтканы – Қалқаман-Мамырды садакпен тартқан Қекенайдың қаталідығы деп түсіндім. Бұл сөздер тобықты еліне таңба бол басылғандай сезіндім, бармагымды тістей-тістей аттандым, – депті» [40]. Егде тартқан шағында жүректі тазалау ілімін, оның мәнін терең түсінген Абай адамның даналыққа жетіп, Жаратушыны тануда ақылдан жүректің жоғары тұратынын үнемі сскертіп отырды. «Алла деген сөз жеңіл» деп басталатын өлеңі толығымен осы көзқарасты танытады.

Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз қол емес.  
Ынталы жүрек, шын көніл,  
Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты  
Өнергес салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты,  
Махаббат қылса тәнірі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,  
Тағрипқа тілім қысқа ах!  
Барлығына шүбәсіз,  
Неге мәужүт ол күә.

Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр, жүрек сезедүр.  
Мұтәкәллимин, мантиқин  
Бекер босқа езедүр [41], –

деп, Жаратушыны жүректің тазалығы арқылы ғана тану мүмкін екенин айтады және Оны философиялық жолмен тануға болады дейтін мұтәкәллиміндер мен мантиқиндардың адасын жүргенін корсетеді. Сондай-ақ қара сөздерінде: «Біз алла тағаланы өзінің

білінгсі қадар ғана білсіміз, болмаса түгел білмеккес мүмкін смен. Заты түгіл хикметінс ешбір хакім ақыл еристіре алмады. Алла тағала – олишеусіз, біздің ақылымыз – өлінесуі. Өлінесуімен өлішеусізді білуге болмайды» [41,127]; «Асықтық та жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» [41,102], – деген ойларды айтқан. Он жетінші қара сөзінде тәмсіл арқылы ақыл мен қайраттың жүрекке бағынуы көректігін білдіреді. Абай адамның жексе басының кемелдікке жетуі мен бақытқа кенелуі ғана емес, бүкіл халықтың тату-тәтті тіршілік кепіп, гармонияда омір сұруі де жүректің тазаруына, сойтіп, ондағы хикмет «қазыналарын» қажетке жаратада алудың тәуелді екенін көрсеткен:

Жүректе коп қазына бар, бәрі жақсы,

Теніздің түбіндей-ақ қарап бақшы.

Сол жүректен жылылық, достық пенен

Бұлакша ағып ғаламға тарамақшы [41, 49].

Бұдан байқайтынымыз, сонау Анахарсистен бастап, Абайға, Шәкәрім мен Мәшіһүр Жүсінке дейінгі даала ғұламалары жүрек тазалығы арқылы менгеретін хикмет ілімдерін барлық істе басшылыққа алды. Адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынастан бастап, ірі әлеуметтік мәселелерге дейін хал-хикмет ілімдерінен бастау алған әдет-ғұрыш, салт нормалары қалыптастырылды. Эрінде олар хикмет ілімін менгерген жандарды құрметтеу мен солардың көрсеткен жолын басшылыққа алumen жүзеге асты. Сондықтан да, уақыт пен кеңістік түргышынан қараганда, қазақ ұлтының ішкі этникалық, әлеуметтік қабаттарының салттық, ғұрыптық, тілдік айырмашылығы болмады. Мұны бәзбір ғалымдар көшпелі тіршілікпен ғана байланыстырады. Эрине оны да жоққа шығаруға болмас. Бірақ соңғы ғасырларда әр түрлі мемлекеттердің құрамында болып, бір-бірінен саяси, мәдени және экономикалық байланысы үзілген қазақ диаспораларының

да дүниетанымдық, тұрмыстық, тілдік бірлігінің бұзылмай сақталуы көшпелі тіршілікке қатыссыз екені анық. Демек бұл тұтастықтың негізі қазақтар тұтынған рухани ілімде жатыр деп айта аламыз.

Қожа Ахмет Ясауи мен оның дәруіш-шәкірттері таратқан хал ілімі жалпы қазақ мәдениетінің мазмұнына айналды дисек қателеспейміз. Хал ілімі Ясауи хикметтерінің де, қазақ фольклорының да мазмұндық негізі болды. Олар бір мазмұнның түрлі пішіндері сипатында қызмет етумен қатар, хал ілімін таратуда бірін-бірін толықтыруши құралға айналды. Хал ілімі қазақ мәдениетінің негізі болса, оның тұғырын нығайтуға тигізген «Диуани хикметтің» ықпалы күшті болды. Себебі сл ішіндегі «Диуани хикметті» жатқа айтатындар көп еді. Оларды жүртшылық «хафиз» деп те атаған. Құранды түгел жатқа білетіндерге берілетін бұл атақ, сірә, әулиелер сұлтанының: «Мени хикматларим фарман-субхан, Оқыб уқсаң һамма мағна: қуран» [29, 232], – деген сөзіне байланысты туса ксерек. Қазақ қоғамындағы фольклордың да маңызы өзгеше болды. Фольклор да қоғамның барлық саласына араласты. «Халықтың өзге өнерге кеткен есесі ауыз әдебиетіне еселей құйылды. Іс жүзінде оның араласпайтын саласы қалған жоқ. Шілдеханадан бастап рулар арасындағы дау-дамайларға, бесік жырынан бастап жоқтауға, см-доминан бастап лирикалық олеңдерге, ырым-түсініктерден бастап аңыз-әңгімелерге, мифтік сенімдерден бастап қоғамдық ой-пікірлерге, дейінгінің бәрі де өз орнын фольклордан тапты» [42], – дейді қазақ халық ауыз әдебиетінің бұл қасиеті жөнінде белгілі фольклортанушы Ш.Ыбыраев.

Ауыз әдебиеті жетекші орынға шыққан қоғамда сл билеген косемдердің корегендігі үлгі болатын заңдылық бар. Бұл туралы Ю.Лотман былай дейді: «Осы арада тағы да бір сскерер жэйт – егерде жазба мәдениет өткендеңгіге бағышталса, ауызша мәдениеттің бағыт-бағдары – болашақ. Соңдықтан да соңғысында болжаудың, көрінкелдіктің, әулиеліктің аткарап

ролі ерекше» [17, 245]. Қазақ арасынан шыққан болашақты болжағыш би, шешен, дана, әулиеслердің барлығы, С.Мұқанов айтқаңдай, тариқаттың, дәлірек айтқаңда, Ясауи тариқатының өкілдері болды. Олардың барлығы шығарма мәніндегі Ясауи хикметтерін үздіксіз оқу, жаттау арқылы ілім ретіндегі хикметке қол жеткізген. Ал хикмет ілімі олардың болашақта не болатынын көрсетіп кестен және кейінгі ұриақтың адаснауы үшін қалдырган шешендік болжау сез, ақыл-нақыл, осист, насихат термелері мен нақыл создерін тудыруға себеп болды.

Рухани ілімді таратудағы Ясауи хикметтері мен халық фольклорынан басқа тағы бір күшті құрал – зікір практикасы болды. Оның да хикметтер мен фольклорлық шығармалардың озара ықпалдасуына көп септігі тиді. Зікірдің толық аты – зикрулла, яғни «Алланы еске алу» дегенді білдіретін соз. Алланы үздіксіз еске алу – адам рұхын зұлым күштердің ислігінен толық азат етудің басты құралы. Бұл туралы Ясауи:

Закир болып зикрин айтса келган ніда,

Шайтан лағин иетмиш фарсаң болғай жуда [29, 217],  
немесе

Алла дибан куздин куйса, ғалам куяр,

Хас бандам деб раҳман еғам иалғуз суяр.

Иаш урниға қанын туқиб, иузни буяр,

Хамдин айтса, шайтан лағин қачар, достлар, [29, 178], –  
дейді. Бұл ақиқатты кейінгі қазақ ақындары да жырға қосты.  
Мысалы, Сүгір Бегендікүл:

Қожа Ахмет Ясауи

Зікір айтып зарлаған,

Жүзінен иман шапылған,

Зікірмен шайтан қашырған,

Көкірек көзі ашылған [43], –

деп жырласа, Ақтан Керейұлы:

Зікірмен зарлан түн қатып  
Нәпсін шапқан балталап.  
Шайтанды сесспен қашырған  
Кокірек көзі ашылған [44], –

дейді. Сопылық танымда бүкіл адамзат қоғамындағы бақытсыздықтың, алауыздықтың себебі болған нәпсі мен шайтанды жеңудің басты құралы – осы зікір ғибадаты. Жүректі таза ұстая барлық сопылық жолда алдыңғы орынға қойылса, оған жетудің жолдары әр тариқатта әр түрлі көрсетіледі. Қожа Ахмет Ясауи жолында жүрек тазалығына жету үшін Құран мен хадистегі барлық бұйрықтар есепке алынады. Оның басқа тариқаттардан басты айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Бұл жолдағы зікір ету практикасы Құран бұйрықтарын түгелдей басшылыққа алудан келіп шыққан. Көптеген сопылық тариқаттар «Альраф» сүресінің: «Раббыларыңа жалбарының, жасырың түрде тілеңдер. Құдіксіз Ол, шектен шығушыларды жақсы көрмейді», – деген 55-аятына, «(Мұхаммед!) Раббына ішіңсін жалбарына қорыққан түрде бәсең сөзben өртелі-кеш зікір ст. Сондай-ақ кәперсізден болма», – деген 205-аятына сүйеніп, зікірдің тек құпия түрін ғана дәстүрге айналдырса, ясауия тариқатында бұл бұйрықты да орындаумен қатар, зікірге қатысты Құрандағы озге бұйрықтарды да назардан тыс қалдырмайды. Көптеген сопылық тариқаттарда жоқ ясауиядағы жария зікір: «Қашан хаж ғамалдарыңды отесеңдер, (Минада) Алла (Т.)ны ата-бабаларыңды зікір еткендей, тіпті одан артық зікір етіңдер» (2:200), – деген Құран аятына иегізделген. Ислам діні тарамаған кездес құрайыштар Арафатқа бармай Музделифеден қатып, Минада жиналышп, ата-бабаларын айғайлап мақтайтын еді. Сөз болып отырған аят соған байланысты түскен болатын. Ясауи жолында зікірдің «алқа», «ара» және «құпия» деп аталатын түрлері қатар қолданылған. Рухани кемелдену жолында олардың әрқайсысының өз орны бар.

Өзге тариқат өкілдері мен кейінгі зерттеушілердің біразы Қожа Ахмет Ясаудің өзі енгізген «жаңалық» дең есептеген келген немесе шаманизм қалдығы ретінде көрсеткісі келетін ара зікірінің, шын мәнінде, олай емес, пайғамбарлардан жалғасын келс жатқандығын айтқан дін ғұламалары да көп. Тіпті өздерін құпия зікірді ғана қолданушылармыз дең есептейтін нақышпандия тариқатының белгілі өкілдерінің де осы ақиқатты мойындаған кездері болған [45]. Ясауи жолының өкілдері дауыс шығармай, іштей қылынған құлышылықтың бәрі құпия зікір болып саналмайтынын, шын мәніндегі құпия зікірдің жүрек тазалығына жеткен адамның ғана қолынаи келетінін айтады. Бұл туралы Ясауи жолының кориекті окілі Шайық Құдайдад былай дейді: «Енді біз құпия зікір (зикри-и батин) мен жария зікір (зикр-и захир) туралы баяндаймыз. О, достарым, білініздер, құпия зікірдің бөлімдерін былай дең атайды: жүректің зікірі (зикр-и қалб), жасырын зікір (зикр-и серр), рух зікірі (зикр-и рух), мұлдем құпия зікір (зикр-и ихфа' ал-хафи). Дауыстап салатын (джасар) зікірді зикр-и захир дейді. Құпия зікірде дыбыс шықпайды, қимыл мен сокқы (дарабат/зарабат) жасалмайды. Ал жария зікірде бұл үш әрекет созсіз қажет. Бірак жүрек (салыктың) тірілмейінше, құпия зікір орынсыз. Ал жүрек тек джасар зікірдің комегімен ғана тіріледі» [46]. Демек бұдан біз көптеген өзге тариқаттар «құпия зікір» дең есептеген жүрген зікір түріне Ясауи жолындағылардың көзқарасы мүлдес болыск екенін көреміз.

Ислам дінінің мәніне жеткізстін ғибадат түрі болғандықтан, Кеңес үкіметі кезінде зікір салуға қатаң тыйым салынды. Зікір практикасын меңгерген рухани тұлғалар бірінші кезектес қуғынға үшінрады. Одан бұрынғы Ресей патшалығы, Қоқан билігі кезінде де Ясауи жолын ұстанушылар қуғындаған болатын. Себебі олардың бәрі отаршылдық жәнс басқышылық саясат жүргізген мемлекеттер сіді. Ал отарлау ісінің санапы

озгертуден басталатынын, ал сана, бірінші кезекте, діни нанымға иегізделетіндікten, бұл сойқанда дін мәсеселесінің алдыңғы орында тұратынын тарих бізге әлдеңенше рет көрсетіп берді. Бар мәніне айырылып, сыртқы құлпылықтармен, тыйымдар жүйесімен инспектеліп қалған формальды ислам отаршылдыққа қарсы тұра алмасы анық. Сондықтан атаимын сүргіндер кезінде дүмнис молдалар мен сиқыр ілімдерін меңгерген аяр ғалымсымақтарға ол сойқанның салқыны тиген жоқ. Исламды мәнімен түсіндіретін хал ілімінің кілті – зікір салумен айналысқандар қatal қыспақ корді, өлім жазасына кесілді. «Кезінде түркі мәдениеті, фольклоры, сенімі, тілі, әдебиеті, мифологиясы мен әдтегүрыптарына байланысты Ресейлік миссионерлер тарағынан терсің этнографиялық зерттеу жұмыстары жүргізілгені баршага аян. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «біріккен материалдар» Кеңес басшылығы немесе коммунистік жүйес тарағынан бізге қарсы ассимиляция, дінсіздепдіру және барлық рухани құндылықтарымыздан аластарату әрекетінде үлкен рол ойнаганы белгілі» [47], – дейді ясауитапушы Д.Кенжтай. Қазақ сенімінс иегіз болған, ғасырлар бойы желісі үзілмей келген зікір ғибадаты соңғы ғасырда көзден таса болғандықтан, коншилік оны ұмыта бастады, тіпті оған жатсына қарайтын әдет пайда болды.

Сонылық зікірді бақсылар ойынымен шатастыру да осы ұмытудың салдары. Бақсылар ойынын «зікір» деп атав – соңғы ғасырларда туган жаңсақтық. «Бақсының зікірі» деген тіркестің кейіннен пайдада болғандығын мынадан білуғе болады: «Зікір» – араб сөзі, яғни ол исламмен бірге келген атав. Ал бақсы да, оның ойыны да исламға дейін бар феномен. Бұл тұрғыда оның «зікір» делінуі мүлде жөнсіз. Сондай-ақ «зікірдің» мағынасы «Алланы еске алу» болса, бақсы ойынының мақсаты мен мәні мүлдес бөлек. Зікір – Алланы еске алу үшін орындалатын ғибадат түрі де, ал бақсы ойыны – ауруды емдеу немесе жауын

жаудыру мақсатымен атқарылатын магиялық әрекет. Бұл кездегі бақсылар айтатын сөзді «сарын» деп атайды. Бақсыларға байланысты «сарын айтты», «сарнады», «сар салды» деген тіркестер қазірге дейін сөйлеу тіліміздс сакталып қалған. Бақсылықтың бұл дәстүрі ескі сопылық жолдың түрмисстық бағыт алыш, ауытқыған түрінен де найда болуы ғажап емес. Шайық Құдайдаңтың «Бустан ул-Мухибиніңде» жария зікір алқаларында ауруларды қамшымен ұрып, «дем салу» деп аталатын емдеу практикасының жүргізілгенін хабар береді. Бір қызығы, мұндай алқаның басшысы «сар-алқа» деп аталған [45, 230]. Бұл атаудың бақсыларға қатысты «сар» созімен үндестігі де кездейсоқтық болмаса керек.

Кейінгі ғасырларда бақсылар сарынының «зікір» аталын кетуінің екі түрлі себебі бар сияқты. Біріншіден, бұл актіге қатысушы тұлғалардың іс-қимылындағы ұқастық себеп болуы мүмкін. Зікірші-сопы зікір үстінде, ал бақсы өз ойыны үстінде экстазғатысуі мүмкін. Алайда оның ішкі мәніндегі айырмашылық үлкен. Сопы Жаратушыдан келген нұрдан рухани мас болса, бақсы жындардың ықпалымен өзге әлемге сарап шеккендей болады. Осы сырттай ұқастық негізге алышын, бақсы ойынын метафоралық мәнде «бұл бақсының зікірі» деп атап, ол қолданыс тілдік айналымға сініп кетуі мүмкін. Екіншіден, исламдық құндылықтарды жоюды көздеңдер зікірдің мәнін бұрмалап, оны жексүрүн етіп көрсету үшін, осы қолданысты әдейі енгізуі мүмкін. Қалай болғанда да бақсылар ойынының зікірге, яғни Жаратушыны еске алуға ешқандай қатысы жок. Сонылар мен бақсылар алқасының сыртқы ұқастығы болғанымен, түнкі мақсаттарының мүлде болек екенін бір кезде Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолаев та айтқан болатын. Олардың откен ғасырдың 20 жылдарының соңында жазылышы, саяси жағдайлардың себебімен ұзақ уақыт баспа бетін коре алмай келіп, 1970 жылы академик Н.Сауранбаевтің архивінен

табылғандықтан, ол кісінің шәкірттері жаңсақтықпен сол жылғы «Қазақ әдебиеті» газетіне (5 маусым) Н.Сауранбаев мақаласы ретінде қысқартып жариялаған [48], кейіннен «Жұлдыз» журналының 1999 жылғы 8 санында толық нұсқасы өз авторларының атымен шыққан зерттеуінде бұл ой былай берілген: «Сопылардың алқа жиналышы – күні кешеге дейін қазақ, қарақалпақ халықтары арасында кең тараган бақсылардың алқа жиналышы сияқты болған. Тек айырмасы: ондай алқада бақсылар жын шақырады, аруақ шақырады. Олар алқада ауру адамды емдеи мал табу мақсатын қөздейтін сіді. Ал Қожа Ахметтің толғауларына (хикметтеріне – Б.Қ.) жиналатын алқада құдайға ғашықтық сезімін білдіру; діни тәрбие арқылы қоғам арасындағы әлеуметтік қатынастарды тәртіптеу, адамдардың мінез-құлқын жөнге салу инисттері соз болып отырады. Соңдықтан өз тұсындағы қара халыққа Қожа Ахметтің беделі жүріп тұрган, оның тілеулестері Үндістанда, Луғанстанда, Қытайда, бүкіл Орта Азияда аз болмаған тәрізді» [49].

Сопы-дәрүіштер зікір кезінде Ясауи мен оның шәкірттерінің, жолын қуушылардың хикметтерін айтатын болған. Бұл хикметтер ара зікірі кезінде оны сүйемелдеу үшін арнайы айтылатын еді. Шығыс тарихын зерттеуши, академик Михайл Евгеньевич Массон 1930 жылы Түркістанда көрген ара зікірі жайлы былай дейді: «Жұма намазы біткен соң күндізгі сағат бірде олар араның дыбысына еліктеген зікірге кіріседі. Айнала отырып алған зікіршілер бастарын ырғакқа келтіріп бүлғандатып, «лә-иллаха-иллалаһ» деп бірдей дыбыс шығарады. Осы кезде ересек мұриттері Қожа Ахмет хикметтерін іәшине келтіріп әндете бастайды (курсив біздікі – Б.Қ.) Акустикасы тамаша мешіттің іші әдемі әуенге толып, көпшілік дауысы арасынан ағаш кесіп жатқан араның дауысы анық естілседі» [50]. Осы хикметтердің дені зікірден тыс та халық арасында

кеңінен тарағ, фольклорға айналып кетті. Белгілі тілші-ғалым, профессор Ә.Құрышжанұлы өз естелігінде осы жағдайда сыр шерте: «1933 ж. мен үш жасқа келгенде әкем қайтыс болыпты. Ол кісінің түр-тұлғасы мен оң-тұсін мен өзімс есестете алмаймын. Мені (жалғыз мені смес қой, әрине) алдына алыш отырып, ыңылданап «олсан» айтатын болыпты. Сол «олсіңдердің» жадымда қалып қойған бірер жолдарын айта кестейін:

«Ла-иллаһа иллалла,  
Иллаллаада пайды бар.  
Жатар жерің – қараңғы,  
Шам-шырагың сайланап ал!»

Осы күні ойлаймын, бұл діни рубаят, шамасы, Құл қожа Ахмед Иассауи шәкірттерінің бірі жазған өлсіңдердің үзіндісі болса керек, үткені бұл жолдар Ахмед Иассаудің оз қолтұма шығармаларында кездеспейтін секілді (әрине, біздің қолымызда бар материалдар бойынша) [51] – дейді ол. Зікір алқасында айтылатын мұндай хикмет сөздерін халық бесік жыры ретінде де пайдаланды. Бесік жырындағы «әлди-әлдидің» түскі магынасы да «Алла-ай, Алла-ай» деген зікір созі болып табылады. Коне қазақ тілінің артикуляциялық ерекшелігі бойынша, бір сөз ішінде екі бірдей дауыссыз дыбыс қатар айтылмайтын. Мәселен, арабша «Алла» есімін қазақтар «Алда» десе, «молла» дегенді «молда» деді. «Алда-ай, Алда-ай» формулалық тіркесі жіңішкере келіп, «әлди-әлдиге» айналды. Біз одағай десе ессеңде жүрген, жас балалар куанғанда айтылатын «алақай» сөзінің де түпкі мәні теренде. Ол арабша «Алла хай» – «Алла мәңгі тірі» дегенді білдірестін зікір сөзі болып табылады.

Хал ілімін елге насихаттаушы дәрүйншер ауыз әдебиетінің білгірі де болды. Ел ішінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның серіктері жайындағы қисса-дастандарды таратупы да солар еді. Олардың халықты иманға үйітудағы орны ерекше болды. В.В.Радловтың: «Маган қазақтар арасында исламды

орнықтыруға бір «Жұм-жұманың» эсері дағаны кезін жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді» [52], – дсүіндегі үлкен мән бар.

Қорыта айтқанда, адам рухын коркейтуді қоздайтін рухани ілімнің дағалық кошпелілер арасында бірден қолдауға ие болып, кең орксандеуіне қолайлы жағдай болды. Бұл, біріншіден, срте замандарда-ақ рухани ілімнің қазақ ұлтының негізін қураган ру-тайпалардың арасында кеңінен тарауына байланысты, мұнда белгілі бір дәстүрдің қалыптасуына қатысты еді. Екіншіден, ауызша мәдениет пен кошпелі тіршілікке орай, мұнда жекелеген тұлғаларға емес, жалпы көпшіліктің рухани ілімге дең қоюына қолайлы тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық сабептер мен алғышарттар жеткілікті еді. Сондықтан Ясауи хикметтері бұл ортада жазбашадан горі ауызша көбірек тарады. Осында сакталу формасының бірлігіне орай, Ясауи хикметтері бүтінгі күнгे жеткенге дейін өзінен кейінгі қазақ фольклорымен ықпалдастықта болды. Бұл байланыс бірде шығармалардың мазмұндық жағынан байқалса, енді бірде образдық тұрғыда, кейде олең құрылышынан көрінді. Сондай-ақ пайдаланған жанрлық ерекшеліктер мен коркемдік тәсілдердің ортакастығы да осы байланыстың бір түрінен саналады. Осы мәселелерді таратып айту – алдағы тараулардың міндеттері. Хал ілімін насихаттаушылар қоғамға сөз арқылы ықпал етті. Олар билер мен шешендер, жыраулар, ақындар болды. Сондай-ақ сопы-дәруштер де фольклордың тудырушылары мен таратушылары да болды. Хал-хикмет ілімі «Диуани хикметтің» және көптеген қазақ фольклоры жанрларының дүниетанымдық негізі болды. Сондықтан олар осы ілімді таратудың құралы ретінде де бір-бірін толықтырып отырды.

## ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАЗМУНДЫҚ БАЙЛАНЫС

Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» қазақ даласында жазбаша да, ауызша да кең тарағандықтан және бұл туынды халық арасында аса құрметтегендіктен, оның ұлттық дүниетанымымызға таусылмас азық сыйлағаны хақ. «Диуани хикмет» берген мазмұндық нәр халқымыздың өзіндік ойлау типінің тікелей көрінісі болып табылатын фольклордагы дидактикалық жанрлардан айқынырақ танылады. Бұл, есірессе, екінші сөзбен «халық даналығы» дең айтылатын мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Сондай-ақ қазақтың термес-толғауларындағы, нақыл сөздері мен қара олеңдеріндегі насхат, жаман мен жақсыны айыра білу жолдарын корсеткен пәлсапаның да Ясауи ілімінен бастау алары көміл.

Дегенмен «Диуани хикмет» иен халық мақал-мәтелдерінің, терме-толғауларының, нақыл сөздерінің арасындағы байланысты ашудың өзіндік қыындықтары да бар. Бұл қыындық, ең алдымен, екі шығарманылық түріндегі сойлеууші адам бейнесінің екі түрлі екеніндігінен келіп шығады. «Диуани хикметтегі» автор кейіпінде көрінетін сөйлесуші тұлға кобінес Жаратушы иесіне жалбарынған, оны сағына аңсан зарыққан сипатымен ерекшелснеді. Эрине мұндай шығармада эмоциялық бояудың барынша қанық болары сөзсіз. Дидактикалық мазмұнға құрылған хикметтердің өзінде де коңіл-күй көрінісі басымырақ. Хикметтердегі философиялық астардың сезімдік бояудың тасасында қалып қойып жататын кездері көп болса, мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден бұл мазмұн нақты көрінеді. Кейбір мәтелдерде ғана болмаса, откір сезім суресті мұнда жетекші орында болмайды. Сөйлесуші тұлғаның омірден түйгені мол, оны ой елегінен откізе отырып, аз сөзге көп мағына үстеп, шебер жеткізе білетін, эмоцияға беріле қоймайтын дана, шешен, сабырлы жан түріндегі бейнесі хикметтердегі бар

тагатын жоғалтың, ғашығын (Құдайын) беріле аңсап, зарыққан қаһарманға мүлде ұқсамайды. Сондықтан олардың сөйлеу мәндерінде де өзгешеліктер мол. Бұған қоса, екі шығармашылық түріндегі көркемдік қатынас та екі болек. Хикметтердегі сез, көбінесе, Жаратушы иеге қаратыла айтылса, мақал-мәтелдер мен термс-толғаулар, нақыл сөздер тыңдаушыға бағытталады. Хикметтегі сөйлеу объектісі сопы-ғашықтың жан дүниесіндегі өзгерістер болса, фольклордағы дидактикалық жанрларда ол омірдің әр алған құбылыстары болып отырады. Бұл туралы академик Р.Бердібай: «Мақал-мәтел өмірден ауады. Ол – тіршілік тартыстарының, үздіксіз күрестердің, әлеуметтік қайшылықтардың тәжірибесі, философиялық мәні; ол омірдің заңына терең бойлаудан, салыстырудан, адамзат қауымы сан белестерінің шындығын толғаудан жасалған» [53], – дейді. Осындағы өзгешеліктерге орай, хикметтер мен халық даналығы түрлерінің арасындағы философиялық, шығармашылық сабактастықтарды тікелей корсетудің мүмкіндіктері азаяды.

Ясауи хикметтерін дидактикамен байланыстырудың қындықтары бұрынғы тәжірибелерден де байқалған еді. Шығыс және түркі халықтарынан шыққан ғұламалардың сөбесіндегі афоризмдерді жеке жинақ стіп шығаруға талаптанушылардың көбі Ясауи хикметтерінен көп мысал таба алмағанын аңғаруға болады. Мәселен, түркі сопы-ақындарының шығармаларындағы қанатты сөздерді тақырыптар бойынша іріктеп жариялаған Ә.Құрышжанұлы еңбегінде [51, 27-215] Ясауи хикметтерінен алынған мысалдар жоққа тән болса, жоғарыда айтылған қындықтарға қарамастан, хикметтердегі нақыл сөздерді мұқият іздел, біршама мысалдар тауыш, жарияланған Т.С.Байтас еңбегіндегі материал көлемі де тым аз [54]. Жариялаушы бұл мысалдарға халық азында Қожа Ахмет Ясауи айтты дейтін афоризмдерді де қосқан. Осы бағытта біршама талаптанған Ж.Әлқожаұлы жинағында да

хикметтерден іріктелген афоризмдер санының колемі көп емес екенін көреміз [55]. Бұл мысалдар Ясауи хикметтеріндегі омірлік мәселелерге бағытталған ой түйіндеулердің тым тапшы екенін және бұл ерекшеліктің хикметтердің негізгі объектісінің омірлік мәселелер болмағандығынан келіп шығатынын көрсетеді. Солай бола тұра, Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорындағы дидактикалық жанrlардың арасында мазмұндық, дүниетанымдық байланыстардың бары айқын және осы көрсетілген қындықтарға қарамастаң, оны төтігін тауып аша білу қажет.

«Диуани хикмет» пен қазақ фольклорындағы дидактикалық жанrlардағы сойлеуші тұлға ұқсастығы тікелей көрінбegenімен, оның шығарма мазмұнынан козғе түсстін кездері бар. Айталық, мақал-мәтедер, терме-толғаулар мен нақыл создердегі дана адам бейнесінің хикметтерге де жат емес екені мүлдәғы «Ғамал қылған чин ғашықы дана қылды» [29, 184], «Ғарип жаним иуз тасатдик даналардин, Даны табмай иер астиға кирдим мана» [29, 161] сиякты сөздерден және «хикмет» атауының берестін бір мәғинасы «даналық» ұғымы болуынан аңғарылады. Мақал-мәтедер мен нақыл создердегі даналық сойлеуші адам бейнесінен, создің мазмұнынан корінсе, ол хикметтерден астарлы түрде аңғарылады. Хикмет иесінің әулие екенін, ал әулиесінің даналық қасиетінің созсіз болатынын оқырман іштей сезінеді. Сонылық танымнаң хабары бар қарапайым оқырман даналыққа жетудің хақиқатты іздеуден туатынын, әулиелердің рухани дамудың бұл сатысынан күмәнсіз отстінің оңай ажыратады. Ясауи озінің «Мінәжатында» оз хикметтері туралы айта келіп:

Инансун деб муни бир неча бигақыл,

Қылтурлар аулиялардан муни нақил [29, 233], –

деуінде көп сыр жатыр. Ұлы шайық бұл жерде хикметтер мазмұнынан нақыл-өситеттің шығатындығын корсетіп тұр. Хақиқатты іздеудің алғашкы кезеңдерінде-ақ мақал-мәтедер

берстін даналыққа қол жеткізудің мүмкін болатыны сонылыққа қатысты басқа еңбектерде де айтылады. Қ.А.Ясауи есімімен байланыстырылатын «Мират-ул қулуб» жазбасында мынадай шікір берілген: «Маулана Суфи Мұхаммед Данышменд, шайх Ҳасан Басриден (Алланың раҳмсті жаусын!) былай деп келтіреді: Сұхбат үш түрлі болады: Біріншісі – шариғаттан сөз (нақыл), екіншісі хәл, әулиеслік химмет (рухани қолдау-жесбесу) пен кемелдік жайынан сөз, үшіншісі – сыр (көңіл-қалб-жүрек) мен хәл және хакиқат жайында сөз» [33, 32]. Көріп отырғанымыздай, нақыл сөздер сопылық жолдың шариғат, тариқат, хакиқат деп аталатын кезеңдерінің алғашқысының жемісі болып табылады екен.

Мұны халық макалдарын Қ.А.Ясауи шәкірттері шығарғандығы туралы халық аузында айтылып келген аңыз да қуаттай түседі. Мәшһүр-Жұсіп Қөпейұлы жазбаларында сақталған бұл аңыз былай баяндалады: «Қазіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи бір күні тоғыз мың машайық аталған мүріттерін жамиғ қылыш, баршасына бұйырды:

– Аң қазіретіміз Мұхаммед ғалайхиссалам миғраж анып барғанда, Құдай тағаланың құдірстімен тоқсан тоғыз мың сөз сойлескен екен. Отыз үш мың шариғат, отыз үш мың тариқат, отыз үш мың хақиқат – соның бәрі бір кітапта болмайды, бәрі бір жерден табылмайды. Сіздер баршаңыз бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыз сөзден сөз айтыныздар, кейінгі заманға жәдігер болып қаларлық болсын. Сол Құдай тағаланың құдіретімен Мұхаммед Пайғамбармен сойлескен созін пендеде білуші жоқ. Бірақ сіздердің сөздеріңіз сол сөздің көлеңкесі сықылданып, жұрт аузында қалсын дегенде, қай ретті қылыш сойлесіміз деп, Сұлтан қазіреттің өзінен сұраганда, озі айтты дейді: «Мақал» деп айтылатуғын сөз болсын. Шаруа көпшесе байиды, дәруіш көпшесе байиды. Уақытсыз ерден, бақытсыз үрганы артық». Осы макалдар Сұлтан қазіреттің өз аузынан

шыққан. Тоқсан тоғыз мың машайх бір тобсінің басына орнал, сол жайға «Мәслихат төбе» деп ат қояды. Сондагы орнаған жайлары дария жағасы екен. Бұл Қазіреттің бұлай айтысында бір сыр барғой дескеннен, сонаң бері дария «Сыр суы» атаанды. Қазірет баршамызға бас-басымызға бір-бір сез айт деп ақырды. Жалғызың дәнeme айтпайсың, өзің білме, білгеннің тілін алма, деген осы екен-ау, – дейді. Сонда олардың аяқ жағында қалғанын айтқан екен. «Сендердің қастарыңа құйысқанға қыстырылған бок сияқты болып жүріп мен не айтамын», – деген екен. Орта буында біреу дәнeme айтпаған соң: «Кел, мұны қол-аяғын байлаң, тіпті ештеме айтпаса, суға тастап жіберелік», – деп бас салғаңда: «Кудая, тәуба, көп қорқытады, терең батырады деген осы екен-ау», – депті дейді. Сол ретпен әрқайсысы бір соз сөйлең, қазақ ішінде «мақал» деп айтылып жүрген соз тоқсан тоғыз мың машайқтан қалған десін келеді» [56]. Бұл аңыздың тарихи шындықпен байланыстылығы оның деректілігінен анық байқалады. Бұл туралы З.Жандарбек былай дейді: «Қожа Ахмет Ясауидің өз шәкіртерін жинаған Сырдария өзені бойындағы мәслихат құрған төбесі әлі бар. «Мәслихат төбе» деп аталады. (...) Сол кезге дейін Сырдария өзенінің аты «Сейхун» деп аталып келгенін ескерер болсақ, онда Мәшіүр-Жүсіп Көпейұлы айтқан әңгіме негізінде тарихи шындық жатқанын коруге болады» [57]. Бұған қоса, «Көп қорқытады, терең батырады» деген мақалдың Ясауи заманынан бері келе жатқанын білдірстін жанама деректердің барлығы да баяндалған аңыздың тарихи шындыққа қатыстылығына деген сенімді күштейте түседі. Нактырақ айттар болсақ, «Моңғолдың құпия шежіресінде» осы мақалдың сәл өзгеріске ұшыраған түрі кездеседі. Фалымдардың болжауынша, 1240 жылдар шамасында жазылған бұл шығарма үйғыр жазуымен жазылған [58]. Кейіннен бұл шежіре 1382 жылдың қытай тіліне аударылған, 1935-39 жылдары неміс монголтанушысы Э.Хениш оның қазіргі моңғол тіліндегі нұсқасын жасап шығады,

одан 1941 жылы кеңес ғалымы С.А.Козин орыс тіліне аударып, бастырып шығарады [59]. Осылайша, бірнеше тілге аударылып, өзгеріске түсken кезде, бір мақалдың мазмұнында ауытқулар болмай тұрмайтыны түсінікті. Ол ең ақырында өз тілімізге «Көп адам – күшті, кек иірім су – қауіпті» деп аударылған [51, 82]. Бұл аударма мен «Көп қорқытады, терең батырады» деген мақалдың тубі бір екеніне назар аударған зерттеушілер де бар. Ж.Шекен бұл туралы: «Көпшілік – халық. Ал халықтан ұлы күш жок екендігін қазақ мақалдары да «Көп – қорқытады, терең – батырады» деп түйіп айтқан. Сөзбе сөз аударма мақалдың айтар ойы мен мағына бірлігін дәлелдеп жатуды қажет етпейді» [60], – дейді. «Шаригат – ағып жатқан бұлақ, бұрынғының сөздері – жағалай біткен құрапқ», – деген халық мақалы да жоғарыдағы аңызда айтылған ақиқатты қолдайды. Осы тұрғыдан келгенде, Ясауи хикметтері мен қазақ мақал-мәтелдері мен термелерінің, нақыл сөздерінің арасында мазмұндық тығыз байланыстың барлығы өз-өзінен түсінікті болады. Алайда бұл сабактастық, жоғарыда айтылған қындықтарға байланысты, жіті үңілмеген көзге көріне бермейді.

Сонымен қатар, аталмыш мәселені қазақ фольклорындағы дидактикалық жанрлар шенберінде шектеп қарау да оңай емес. Өйткені халықтың өмірлік тәжірибесінің қорытындысы, шындыққа жету жолындағы ізденістерінің нәтижесі ретінде жүзеге асатын сөз түріндегі даналықтың, әсіресе, мақал-мәтелдердің халықаралық сипаты мол болатыны даусыз [61]. «Мақал-мәтелдер белгілі бір қауымның, елдің ғана емес, адамзаттың ортақ сауалдарына жауап береді (... )» [53,347], – дейді Р.Бердібай. Сол себепті нақыл сөздер, әсіресе, мақал-мәтелдер дінінс, тіліне, тұрмыс-тіршілігіне қарамай, бір халықтан екінші халыққа оңай ауысып жүреді. Сондыктan барлық халықтың мақал-мәтелдері ортақ қазына ретінде пайдаланылады [62]. Яғни мұнда типологиялық сипат мол. Оның өмірдің типологиялық

жағдайларына, немесе мәдени қарым-қатынас негізіндегі ауыстый істерден, я болмаса халықтардың гендер тұтыстығы негізінде пайда болғанын айқындаудың мүмкіндіктері оте аз. Ал қазак халқының озіндік шаруашылығы, тұрмыс-салты, ойлау типтің тұған, өзге халықтарда кездесе бермейтін мақал-мәтсілдер коп емес. Олардың дені Қ.А.Ясаудің өз ілімін, жалпы хақиқатты жаюға қажет деп есептейтін омірлік шарттарға тікелей қатысты. «Йасаудің ойынша, кемел адам болу үшін торт шарт жүзеге асырылуы тиіс: мекен (кеңістік), заман (уақыт), ихуан (бауырмалдық, өзара ынтымақтастық), рабт-и Султан (мемлекет басшысына риясыз берілгендей). Яғни біріншіден, шәкірттердің ойы бөлінбеуі, аландамауы және зікірмен айналысуы үшін, си алдымен, ыңғайлы кеңістік (мекан-отан) болуы керек.

Екіншіден, шәкірттер арасында және мемлекеттес жұмыссыздық, соғыс және т.б. келесінде оқиғалар болмауы керек. Яғни, мұндай құбылыстар шәкірттің кемелідену уақытына кесірін тигізеді.

Үшіншіден, шәкірттің барлық моральдық-парасаттылық асуларында, макамдарда, қылует пен қырық құндік рухани тәрбиелеу, жаттығу мектебінде бір саптан табылатын кемелік жолындағы рухани достардың болуы керек.

Төртіншіден, шәкірттер мемлекет басшысына берілген, адал болулары керек. Йасаудің жолында шәкірттіктің соңы, яғни кемел адамның рухани асуларының ақырғы мақсаты – «шақыр жолы» болуы керек.

Осы кемелділікке жету жолында шәкірттер үшін қойылған талаптар мен өте құнды ерекшеліктерді Йасауийа мәденистінің оқілі Хазинидің «Жаянир-ул Абрар мин Амуаж-ил Бихар» атты сөбебінен кездестіреміз. Аталған торт қажетті шарттың тікелей дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізінен алынғандығын коруге болады» [34, 247-248], – дейді ясауитанушы Д.Кенжетай. Асылы, хақиқатқа жетуге бел буып, сопылық жолға

түсестіндердің саны қай заманда да коп болмаған. Бұл рухани жолдағылардың хал ілімін менгерген кездегі өздеріне қоятын талаптары қарапайым көпшілік үшін әрдайым ұғынықты бола бермесі аяи. Алайда Ясауи жолындағы аталмыш торт шарттың тек дәруіштерге ғана емес, оларды қолдан-қуаттаушы қоғамға да қатыстырығы мол. Нактырақ айтар болсақ, рухани ілім томага-түйік дамымайды, ол дәруіштің қоршаған ортамен, қоғаммен, болмыспен, тіпті тұтас жаратылыспен тығыз қарым-қатынаста болуымен бірліктे өркендейді. Осы төрт шарт – рухани тұлға мен қоғам арасындағы байланыстың ең басты корінісі. Сопылық жолда болмаса да, осы жолдың гуманистік оркенисттің қозғаушы күші екенін, соның арқасында қоғамның ғұлденестінін білгелі және соған иистегес болған сол қоғамның кез келген мүниссі бұл шарттардың сақталуына өз әлінше атсалысуы керек екені күмәнсіз. Сондықтан қазақ халқында аталмыш шарттардың қажеттілігін сезіндірстін, сол шарттарды сақтауға қызмет етстін аталау создер көп-ақ. Мысалы, «Қызыға қырық үйден тыю, қала берсе күңисен тыю» деген мақал таза қазақы түсініктен, ұлттық салт-дәстүрден туғаны ақиқат. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қоғам мүшелерін туыстық бірлікті берік сақтауға, жеті атана біліп, тарихи сананы жоғалтпауға мәжбүр стті. Президентіміз «Тарих толқынында» кітабында бұл жайтқа да қоңіл бөлген. «Бір қарағанды жеті ата ұстанымы қарапайым болып корінгенімен, жаңуялық-туыстық стенділікті тірек еткен этникалық тұгастықтың қуатты арқауы, тантырмас темірқазығы болған. Күні бүгінге дейін, сахараның жазылмаган заны бойынша жеті атаға дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етісейтін қазақтан басқа жер бетінде бірде-бір ел жок. Мінс, қазақ халқының даналығы тудырған қуатты генетикалық тамыр қайда жатыр» [1, 42], – дейді ол. Бұл – Ясауи қажет дең тапқан торт шарттың «иқуан» деп аталатын түрімен тығыз байланысты. Алайда мұны жалаң әдебиеттанушылық зерттеу арқылы

дәлслдеу қын. Бұл жерде бірнеше ғылым салалары біріккен кешенді зерттеудің қажеттігі байқалады. Жалпы бауырластық, рухани бірлікті уағыздайтын, соны үлгі ететін даналық создері аз емес. Ауызбіршіліктің адамзат қоғамына қажеттігін тікелей де, тұспалданап та жеткізуін үлгілері мол. «Ынтымақ түбі – игілік, тірлік түбі – игілік», [63] «Үрыс ырысты қашырап, ынтымақ халықты асырап [63,553] «Бірлік болмай, тірлік болмас» [64], «Үрыс алды – ынтымақ» [64,16], «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» [64,16], «Тенге – тыннан, ынтымақ – үйымнан» [64,16], «Бірлігі жоқ ел азады, бірлігі күшті ел озады» [64,18], – деген сияқты тұра мағынадағы мақалдар мен ауыспалы мәндегі мақалдар мен мәтелдер де жиі айтылады. «Үйірлі қулан ақсагын білдірмес» [63,50], «Алтау ала болса, ауыздағы кстеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» [64,16], «Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар» [64,17], «Көптен қашқан қомусіз қалар» [64,18], – деп тұспалданап айтылған даналық создерінің де басты мәні – елді ынтымаққа шақыру. Шешендік сөздерлің ішінде де ел ынтымағы мен бірлігін насиҳат еткен туындылар көп. Мәселен, Айтқожа шешен айтыпты дейтін мына сөздегі ынтымаққа қатысты ой көптеген шешендік сөздер мен толғау-термелерде вариацияланып қайталанады:

Жар басына үй тікпе,  
Жар құласа – үй кетер.  
Ала болса ағайын,  
Рұлы елден күй кетер.  
Ағайын ала болғанда,  
Ауыздағы ас кетер,  
Аңдыған дүшпан күшейіп,  
Жау қолында бас кетер... [32, 47].

Рабт-и сұлтан шартына қатысты «Ұлықсыз жұрт – бассыз дене» [63,158], «Хан – бас, халық – кеуде» [63, 159], «Хан – шанырак, халық – уық» [63,160], «Ханын сыйламаған ел азады»

[63,160], «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» [65], «Көші басшысы жоқ ел оңбайды, құралай бастаған кімік оңбайды» [65,7], «Басшысыз слде береке болмас» [66], «Әдепсіз үйге кірме, әкімсіз елде тұрма» [60], «Патша – Құдайдың жердегі қоленкесі» [63, 157], «Ханда қадір болмаса, қарада ұят болмайды» [63, 160], – деген сияқты мақалдар бар. Ел басшысын құрметтеуге үтіттейтін шешендік сөздер де жеткілікті. Тоқсан би жайындағы бір әңгімеде би

Күнде не парыз,  
Айда не парыз,  
Жылда не парыз,  
Ханға не парыз,  
Қарашиға не парыз? –

деген сұраққа

Күнде бес уақыт намаз парыз,  
Айда отыз күн ораза парыз,  
Жылда құрбан шалу парыз,  
Ханға халықты тең ұсташа парыз,  
Қарашиға ханды хан тұту парыз, –

деп жауап берген [67]. Халық аузындағы бір әңгімеде жеріне түйе жайғызбаған Дәулестқали деген төрені: «Атаңа нәлет, ақ сүйек! Торенің слі деген сліді қайдан көрдің, жерді қайдан көрдің?» – деп сабаган Тұрлан дегеннің «төре тұқымына тіл тигізіпті» деген хабарын естіп, оны жазаламақ болған орынборлық Әлен ханға Айтуар шешен мынадай уәж айтып, Тұрланды арашалап алады: «Ай, хан! Бұрынғыдан қалған сөз жоқ па еді, «қара қазаққа хан ис, қара жерге халық ие» деген қайда? Хандығынды бер де жерді ал, хандығынды қимасаң, қара жерде нең бар?» [68]. Бұл әңгімеде қара халықтың төрелерге деген қарсылығы жонінде айтылғанымен, қазақтың копе дәстүрінде ел басшысын шаруашылықтан біржола азат етіп, оған тек ел билеу ісін ғана таисырғанын аңғарамыз. Бұл – әрі құрметтеудің, әрі сенім артудың айғағы. Сүйіндік Едіге би айтыпты дейтін бір сөзде:

Күн ортақ, ай ортақ,  
Патша ортақ, бай ортақ.  
Әділ төре ортақ,  
Биік төбе ортақ,  
Жол ортақ [36, 183], –

деп, ел басшысы орнының халық үшін қаншалықты маңызды екенін атап көрсетеді. Атакты Төле бидің де: «Жаңбыр жаумаса, жер жетім, басшысы болмаса ел жетім» [69] – деген ұлағатты сөзін халық ұмытпастай жадында сақтаған. Тұтас халықтың басшысы ғана емес, белгілі бір топқа жетекшілік жасаушылардың да әміріне мойынсұнудың тек қана жақсылық әкелетінін би-шешендер әрдайым ескертіп отырган. Мысалы, осы туралы Бигелді би:

Қайсар жігіт болғаның,  
Колбасшыңың арқасы [36, 336], –

десе, Байдебек би:

Керуен басы білікті болса,  
Түйе азбайды.  
Колбасы білікті болса,  
Сарбазы тозбайды [68, 145], –

деген. Қазақ билерінің көпшілікті ел басшысын құрметтесуге үйретудегі еңбегі өлшеусіз. Осы елдік қасиетте үлкен мән бар деп ұққан олардың ұлы арманының бірі – басшы мен қарапайым халықтың бірлігі, олардың әрқайсысының өз орын білуі болған. Қаз дауысты Қазыбек би заманында омір сүрген қария, көреген би Жетектің мына созі осының мысалы бола алады: «Мен адам – адам болса екен, ардан безбесс екен, намыстан қашпаса екен, ерлікке бастаса екен, елдің шырқын бұзбаса екен, ел басшысыз болмаса екен, жер жаңбырысыз болмаса екен, сөз тыңдаусыз болмаса екен деп соны іздесі барам. Бұрынғылар айтқан екен, орын толмас үш жетім бар: «Ел басшысыз болса, жер жаңбырысыз болса, сөз тыңдаушысыз

болса жетім» дес. Менің бара жатқаным сол». Қазақ билері отарының дауірінде ел басшылар аза бастаған кезде де осы ұстанымдарынан тайған жоқ. Би-шешендер дәстүрін жақсы білген Абайдың қара сөзлеріндегі козқарастардың осы ариада орбігеппін байқаймыз. Оның отыз тоғызының қара сөзінде айтылған төмендегі ой Жетек бидің сезімен сарында. Мұнда: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмс болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап қылеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілср өзге мінезге осы өрмелеп бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік (курсив біздікі – Б.Қ.). Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйрекін өнеріміздің бәрі де адамшылыққа үқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетін бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол скі мінез қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Кош-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман оздерінің шаруасымен жүре береді скен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қалса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, колайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауга сыймассың, басалқыңыз бар болса, жанған отка күймессің» дес мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жестігепеңінді жастілтемін дес, жаманадығын жасырып, жақсылығын асырамын дес тырысады скен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онаи соң жақсылары да көп азбайды скен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен, «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» десі, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетірер» деп, «Ағайының азары болса да беzerі болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеле жолығар» десіп. Кәнеки енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді» [41,146], – дейді ғұлама. Хакім Абай күн тәртібіне қойған осы мәселес бүгін де ділгір және барлық уақытта да көкейкесті болып қала бермек. Ясауи іліміндегі рабт-и сұлтан шарты мен арлылық принциптерінің бұзылуы салдарынан XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамының сыртқы экспансияға карсы тұра алмаған ақиқаты осы қара созде дәл корсетілген.

„Ясауия тариқатында аса жауапкершілікпен қарайтын торт шарттың «Диуани хикметте» көп тілге алынбауының озіндік себептері бар. Өйткені бұл торт шарт рухани кемелідену жолында қатақ сақталумен қатар, хал ілімінің қоршаған ортамен, қоғаммен байланысын да қамтамасыз етседі. Демек мұнда өмірлік мәселелер көбірек қозғалады. Ал хикмессердің негізгі объектісі – Жаратушы. Дегенмен аталмын торт шарт «Диуани хикмет» үшін контекстік қызмет атқаратындықтан, олардың хикмессерде де сәулеленестін кездері кездесіп отырады. Сопы үшін бұл дүние ақырест дүниесінің колеңкесі болып саналатындықтан, хақиқат зандылықтары екі дүниеде де қатар көрінеді. «Диуани хикметте» төрт шарттың рухани ілім жолында қалтқысыз сақталуы керектігін білдірестін жолдар бар. Мәселен, 59-хикметте осы мәселе айтылады.

Тажаллини мақами дур ғажаб мақам,  
Ол мақамда ғашықлар жулан қылур.  
Ки куңилга тажалласи парту салса,  
Бихуд болыб узин билмай афган қылур.

Ол мақамни иолларини Раһзани бар,  
Қалауызызыз иолға кирса иолдин азар.  
Уасуас айлаб шайтан-малғун динин бузар,  
Уз иолиға салиб ани хайран қылур.

Ол мақамни билдурғали раһбар керак,  
Тариқатни бишасида сафдар керак.  
Ушбу иолди дабт айлаган саруар керак,  
Андағ муршид үжмақ мулкин тайран қылур [29, 216].

Мұнда тариқаттың белгілі бір мақамдарында рухани жетекшісіз жолға түскендердің адасының шайтанның жетегінде кететінін айтқан. Демек Ясауи ұстанымы бойынша, әрбір істе сол істің шебері басшылық жасауы керсек. Түрік зерттеушісі Мұстафа Қара өз зерттеуінде Хазинидің «Жауахир абрар» сибебіндегі торт шартқа қатысты козқарасы туралы айта келіп: «Сопылық шығармада «рабт-и сұлтан» атаяуы, бір қараганда, руханият сұлтаны болған шайықпен байланыс туралы айтылып жатыр деген ой туғызса да, автор негізінде рабт-и сұлтан дегендеге сол дәуірдегі ел басшысының тариқат жолына деген қатынасына назар аударған» [70], – дейді. Соған қараганда, рухани басшылық та, ел билігі де рабт-и сұлтан шартына тікелей қатысты.)

Жоғарыдағы 59-хикметтен алынған үзіндінің соңғы шумағының алғашқы жолы рабт-и сұлтан шартының негізі болса, екінші тармағы ихуан шартын айқындаған түр. Осы екінші тармақтағы «сафдар» сөзін аударушылар «жаксы» деп аударған [29, 102], яғни олар бұл сөзді «саф, таза адамдар» деген мағыннада ұғынған. Ал, шын мәнінде, бұл – «бір санта болатын, пистес, мақсаттас адамдар» дегенді білдіреді. Мұны қолжазбага мұқият үцилү арқылы біле аламыз. Онда «сад» қарпінен кейін «фа» жазылған. Араб тілінде бұлай «қатар», «сан» («сан түзеу») дегенді білдірестін «саф» сөзі таңбаланады [71]. Ал «таза» дегенді білдірестін казақша «саф» сөзі арабтық түпнұсқада «сааф»

бољші созылыш айттылады да, «сод» пеп «фаныр» аралығына «калиф» жазылады [71,1084]. Ясауи қолжазбасында бұл сөзде «калиф» жоқ. Және де бұл соз «таза адамдар» мағынасында берілс, оған -*лар* («сафдар» емес, «саафлар» болуы керек) жалғауы жалғанған болар сді. Ал бұл тармақта жалғанған – *дар* қосымшасы қазақша – *лас*, – *лес*, – *дас*, – *дес*, – *тас*, – *тес* деген ортақтықты білдірестің жүрниәтпен сойкес келеді. Демек мұнда бауырластық, яғни ихуан мәселессі айтылған.

Ясауи жолындағы макан және заман шартын қуаттайтын: «Жекең жерінде когерер, ер елінде» [64,8], «Елінен безген ер оңбас, колінен безген қаз оңбас» [64,9], «Кіци елінде сұлтан болғанша, оз елінде ұлтан бол» [65,8], «Шестте жүрсөң тарығарсың, оз слінді сағынарсың» [64,9], «Бақа колінде патша, балық суында патша, жігіт елінде патша» [64,9] т.с.с. мақал-мәтслдер коп. Бұл даналық сөздер Ясауи ілімін дамытуға қажетті алғышарттардың қажеттігін сезінуден, адамды, қогамды бақытты өмірге бастайтын басты себептерді дұрыс түсінуден туған. Орине бұл түсінік тікелей Ясауи ілімін туған және осы мақал-мәтслдер аталмын алғышарттардың сақталуына айрықша қызмет еткен деуге болады. Заман шартына сай, ел тыныштығы, бейбітшілік – адамзат бақытының кепілі. Ол рухани ілімнің дамуына да қолайлы жағдай тұгызады. Соңдықтан қазақтың би-шешендері тыныштық пеп бейбітшілікті де жиі уағыздаган. Атакты Қаз дауысты Қазыбек бұл туралы:

Консервілік жерде түйс азады,  
Жетімдік корссе кызы азады.  
Елі жаугершілік болса,  
Тагында хан азады,  
Табындағы би азады [67, 20], –  
Дес ой түйген. Баған би болса:  
Ыштымақ-бірлік болмаса,  
Елдікке мойнын бурмаса,

Үлкениң айтқан сөздерін,  
Кішісі қолдан тұрмаса,  
Ел дегениң немене?! [69, 91] --  
дәйді. Шойынбет би:

Дау – берекенің іріткісі,  
Рушылдық – бөлінгеннің белгісі.  
Бөлінгенді – бөрі жейді;  
Бәрінен артық татулық ізгісі.  
Бак, дәулет қайда барады?  
Ынтымаққа келеді.  
Азанғы өкпені – түске сақтама,  
Түскіні – кешке сақтама,  
Адамгершілік белгісі – кеңдік қой,  
Бұл да үлкен ерлік қой.  
Ашу – араз, ақыл – дос,  
Ағайын, ақылыңа ақыл қос.  
Бірлік түбі – береке,  
Біріккенді жау алмайды.  
Бір-біріңмен татулас,  
Ұлы жұз ағалық қасиет сақта,  
Басқа екі жұз туыстық жолынды акта.  
Енші алмағаныңды есіңе түсіріп,  
Атаң қазақтың үлкен сенімін акта.  
Татулық – өмір көркі.  
Бірлік – оскендіктің үркы.  
Мал дауы маңын бітер,  
Жан дауы – жегі құрт,  
Жегі құрттан арылған ләзім (...) [68, 198-199] –  
десе, Бекспи би:

Араз болса скі би,  
Мұрнына иісі келмейтін

Арадағы жамандар  
Сор қайнап текке сабылар.  
Өнердің алды – ынтымақ,  
Ынтымақты қауымға  
Сыртқы дүшпан не қылар? [67,353-354], –

деп толғаған. Билердің өзінен кейінгілерге қалдырган өсиецтерінде ынтымақ мәселесі жи қозғалады. Мына Төле бидің балалық шағын баяндайтын мына аңыз соның дәлелі: «Төле бала Әнет бабага барыпты. Жасы жүзге келген Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.

– Балам мынаны сындырып корші?

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндең сындырышы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндең, пырт-пырт оп-оңай сындырып береді. Әнет баба:

– Бұдан не түсіндің? – дейді.

Сонда Толе бала:

– Түсіндім, баба бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, «бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады» дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс тағтың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын» дегениң мәнісі осы, – депті» [68, 33-34]. Өзінен бұрынғылардан адаспастай тағылым алған Төлес би сияқты даңалар озінің саналы ғұмырында елдің ынтымағы мен ауызбірлігіне қызмет етті. Сонында сол тәжірибелің корытындысындағы болған:

Ағайын ала болғанда,  
Ауыздағы ас кетер,

Аіңдыған дүшпан күшейіп,  
Жау қолышда бас кетер [68, 231], –

деген сияқты ұлагатты сөздер қалдырыды. Сондай-ақ оның Тайкелтір биге айтқан мына созінен де ел бірлігі мен бейбітшіліктің қанышалықты маңызды екені дәл көрсетілген:

Ей, Тайкелтір, шырағым!  
Бейбіт елде сән болар,  
Сән болған жерде эн болар.  
Бүлінген елде дау болар,  
Дау болған жерде жау болар,  
Шандатып ел жауласса,  
Оның арты қан болар [36, 80].

Татулық чен сыйластықты, ынтымақты қазақ билері бақыттың ең биігі деп есептеген. Бөлтірік шешен айтты дейтін мына сез көптеген би-шешендерге телініп айтылады: «Қарағым, байлық – қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ – ол да бір ұшқан құсың емес пе, бала – артта қалған ізің емес пе?! Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын-туысыңмен, ел-жүртүңмен сіз-біз деп өмір сүргенге не жетсін. Осыларға жүрегің жылды болса, қайғың – күл, қуанышың – от» [69, 119]. Баршаға ортақ ақиқатты бірдей таныған билердің бәрі мұндай сөздерді бір-бірін білмей тұрыш-ак айтуы да мүмкін. Ел бүтіндігін ойлаған данышпандардың коп ойланып, өте көп қайғырған мәселесі – оның ішкі бірлігінің жайы. Арғын руынан шыққан жуандардың жапсарлас отырған уақ руына жасаған қысымын естіп, сол жақтан келе жатқан жолаушыдан осы жайды сұрағанда, одан мардымды жауап ала алмаған Қаз дауысты Қазыбек би былай деп шер төккен:

– Ауруын жасырған ажалсыз өледі,  
Зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді.  
Айтайын десе бұған сор,  
Айттайын дессе слге сор,  
Отыз тістен шыққанды,

Отыз рулы сл білер.  
Қазактың қайғысы қалмақ еді.  
Ептең жауын алмақ еді.  
Мынау берсекені бұзатын құрт ауру.  
Не қылған ауыр салмақ еді!  
Қазактың түбіне жететін сүмдүк дерт  
Зығыр майындай жайылмаса игі еді?! [36, 115].

Билердің сл ішіндегі татулықтығана емес, коршілес елдермен де бейбіт қарым-қатынас жасауға үндегенін байқаймыз. Жоғарыда мысал келтірілген Қазыбек биді жоқтауда ол жөнінде былай делінеді:

Орыс, казак, қалмаққа  
Жұпардай иісің аңқыған.  
Аруақты туған жаң екем,  
Озып артық даңқынан,  
Өсиет қылдың қазаққа,  
Сарыарқа болсын қонысын!  
Қалмақ, сартпен жауықпа,  
Болмасын дедің жұмысын.  
Өнерсіз өскен ел едің,  
Біреу саган жау болса,  
Паналауга жарайды,  
Мынау көрші орысын [36, 125].

Макан шартымен байланысты айтылатын ділмар сөздер тіпті көп. Төле бидің:

Уа, көсіле шабар жерің бар,  
Ту котерер ерің бар.  
Қол боларлық елің бар,  
Атадан қалған жолың бар.  
Құлдық ұрсаң дүспанға  
Арылмайтын сорың бар...

Құлдық ұрсаң дүшпанаға,  
Ерек болып туды деп,  
Мына сені кім айтар?! [68, 42], –

деп көпшілікке айтқан созінен елі мен жері азаматтың асқақ айбыны екенін, оны қорғаудың парызы екенін түсінеміз. Қожа Ахмет Ясаудің туған елі мен жерін қадірлеуі, оған деген сүйісіншілігі «Түфқан иерим ол мубарак Туркистандин» [29, 166], – деген жолдардан, туыстық пен сыйластықты ұлықтауы «Арзулық мин қарындашлық уалаятға» [29, 167], – деген жолдардан көрініп отырады. Алайда озбекстандық профессор Н.М.Маллаев осы жолдарды Ясауи қаламына тән смес десін есептейді. «Ясауи хикметтерінің өзгеріске ұшырап отыргандығын олардағы «Түфқан срим ул муборак Туркістан» сияқты концепциянан жолдар да көрсетеді. Ойткені бұрын Ясы деп атаған қала тек XV ғасырдың аяқ кезінен бастап Түркістан деп атаған» [72], – дейді ол. Бірақ Маллаевтің бұл пікірімен толық келісу қыны. Себебі Ясауи бұл сөзді қала мағынасында емес, «түркілер елі» деген мәнде қолдануы да ықтимал.

Қазақ халқының даналық создерінің дәні Ясауи жолындағы торт шартты сактауға, қадірлеуге үйретті десек, артық айтқандық емес. «Елдің елдігін білмеген, Құдайдың бірлігін білмейді» [35, 59], – деген мақал біз соз етіп отырған торт шартқа рухани ілімнің дамуы соғсіз тәуелді екенін, халықтың соңашықты терең түсінгендігін көрсетеді. Бұл жерде елді құрметтеу ғана емес, оны тану жайына да терең мән беріліп отыр. Халық танымында өз елін тану – оны сүюдің алғышартындай есептелгені шүбәсіз. Мұны

Өзінің елін таныған ер,  
Әрбір істің қамын жер.  
Өзінің елін танымаған,  
Намысын сатып, арын жер [66, 27], –

дісген сияқты нақыл сөздер де қуаттай түседі. Бұл жерде халық нақылы адамның өз-өзін тануы елді танумен қатар жүзеге асатын құбылыс екенін есепке алған сияқты. Ал Ясауи жолында, Мұхаммед пайғамбар сүндөтіне сай, Құдайды тану адамның өзін тануынан басталады. «Узини билди, ирса хақни билди» [29, 234], – дейді Қожа Ахмет Ясаудің өзі. Сол сияқты өзге елді тану да адамның өз слін тануынан басталатыны аян. Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар хадисінен бастау алатын бұл ұстанымның Ясауи жолында берік қағидаға айналғанын қазіргі зерттеушілер де айтады. «Адам Тәнірдің, болмыстың мән-мағынасын, яғни ақиқатын білу үшін, ең алдымен, өзін тануы қажет» [34, 166] – дейді Д.Кенжетай. Демек адам өзі мен Құдайды танумен қатар болмысты да таниды. Ал, оның ішінде, елді танудың мағынасы зор екенін түсіну қын емес. Елді, халықты танудың маңызына Құранда да терең мән берілген. «Хұжрат» сүресінің 13-аятында «Әй, адам баласы! Шұбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірлерінді тануларың үшін сендерді ұлттар, руладар қылдық», – делінген (Халифа Алтай аудармасы). Ясауи жолындағы төрт шарт көмілдікке ұмтылған жаңға адам баласын, ел-жүрт, халықты, Отанды және бейбітшілікті сүюді, ол үшін осы құндылықтарды терең тануды міндет етіп жүктейді. Хикметтер осы міндеттің рухани әлемдесі, ал халық даналығы бұл дүниедегі шарттарын түсіндіреді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің сопылық жолдағы мақамдармен байланыстылығы да анық байқалады. Мәселен, «Қазы мен қарта жедім аузымда жок, мақпал мен парша кидім иінімде жок» [63, 66], «Жарлылық ұят емес, байлық мұрат емес» [65, 43], «Жарлы болсаң да, арлы бол» [65, 61] тәрізді мақалдар нақырлықтан (кедейліктен) қашпау мақамына сай туған. Шешендік создер мен термелерде де мұндай ғибрат көп айтылады. Бөлтірік шешен туралы бір әнгімede пакырлықтан қашпаудың философиялық

терең мәні шебер көрсетіледі: «...Ауылдың төрт түлігі түгел оскен дәүлетті адамы дүние салады.

– Бұз кісі жалғанды жалпағынаң басып-ақ еді, міне, енді дүниеден бір кебінмен кетіп барады, – дейді коп ішінен біреу.

– Аз дүниемен кетіп бара жатқан жоқ, – дейді сонда Бөлтірік шешен. – Бұз кісі жарық дүниеге жалаңаш келген болатын» [69,120]. Кедейліктен, пақырлықтан қорықпау жайы бишінендер сөзінде жиі қозғалады. Бұл тұста олар өзін де үлгі стіп көрсетеді. Асаубай шешеннің:

Байлығыңа мастанба,

Құруың оңай.

Болғаныңа мастанба,

Солуың оңай.

Жан-жағыңды жалмаса

Жарым-жалғыз қалуың онай.

Мен алғаныма тасымаймын,

Жоқтығыма жасымаймын [67, 273], –

дегені соның жарқын мысалы.

Сабырлылық мақамына лайықты логиканы жеткізетін «Барыңа шүкір ет, жоғыңа сабыр ет» [65,127], – деген секілді мақалдар мен сабырлылықтың қасиетін дәріптейтін ой қорытындылары да аз емес. Атап айтсақ, «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа» [64, 88], «Сабыр – күн түсірмейтін сая, асығыс – аунатып кететін мая» [64,259], т.с.с. Қазақтың даналық сөздерінде сабырга асығыстық қарсы қойылады. Өйткені діни негізде қалыптасқан халықтық түсінік бойынша, «асыққан – шайтанның ісі». Ал сабырлылық құдайлық сипат болып табылады. Ислам қағидасында Сабыр – Алланың бір есімі. «Адам асыққанмен, Алла асықпайды» [63,7], – деген сияқты мақалдар да сабырлылық мақамының мөнін ашарлық маңызға ие. Халық термелерінің бірінде омірде болатын қындықтарды баяндай келіп:

Бәрін айт та бірін айт,  
Сабырсыздан жаман жоқ [69, 270] –  
деп ой қорытады. Байдалы бидің:  
Ел үшін туған ерлерге  
Ерлік қылмақ жарасар,  
Қазіргі кәріп қүнінде,  
Ерліктің абзал серігі  
Сабырлық етпек жарасар [68,140], –

деген сөзінен сабырлылықтың ерлікпен қатар тұратынын ұтынамыз. Қожа Ахмет Ясауи бірде: «Күл Қожа Ахмад, тағат қыл, иғламақни ғадет қыл» [29,174], – деп тағат-сабырдың жүгі ауыр екенін өзіне қойған талап арқылы сездірсе, енді бірде: «Сизни бизни хәқ иаратты тағат учун» [29,151], – деп, оның терең мәніне бойлатады.

Қанағатшылдық мақамына қатысты «Қанағат қылсаң, қарның ток» [65,61], Құдайдан қорқынышта және үмітте жүру (хауф-рижа) мақамына қатысты «Қорық құдайдан, қайтрайдан» [65,117], «Халықтан ұял, құдайдан қорық» [65,117], «Үмітсіз – сайтан» [66,79] тәрізді т.б. мақамдармен қатысты даналық үлгілерін молынан кездестіреміз. Бұның бәрі Ясауи ілімімен байланысты болғанымен, хикметтермен тікелей емес, контекстік тұрғыда ғана сабактасатын мақал-мәтелдер. Бұл – халық даналығының хикметтермен мазмұндық және мәтіндік сабактастығы жоқ деген сөз емес.

Хикметтердің қазақ мақал-мәтелдерімен, нақыл создерімен байланысын арнайы сөз еткен ғалымдар да болды. Мәселен, М.Жармұхамедұлы осы жайға едәуір көңіл болғен еді. «Қожа Ахмет өзінің өмір тәжірибесінен туған ойларын жинақтап, мақал-мәтел іспеттес етіп ұсынуға да шебер. Бұлардың бір тобы қазақ мақал-мәтелдерінің туып қалыптасуына да әсер еткені байқалады. Айталық, оның «Диуани хикметінде» «Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім», «Құдай жолын ұстаған жолда қалмас» деген қанатты создер бар. Бізде осыған ұқсас: «Тірі өлдім»,

«Күдай деген құры қалмас» деген мәтелдер ұшырасады. Дәл осылай деп айтуға болмаса да, осы іспеттес мақал-мәтелдердің бізге Қожа Ахмет Хикметтерінен ауысуы мүмкін-ақ» [4,107], – дейді ол. Фалым сондай-ақ хикметтердегі афористік жолдарды мысалға келтіре отырып, одан әрі қарайғы ойын былай сабактайды: «Рас, ұлгі-өнеге, насиҳат үлгісінде келгендіктен, кейбір ойлардың өмірлік мәннен туған табиғи ұқсастықтары болатынын да естен шығармау керек, алайда Қожа Ахмет айтқан: «Сөзі тәтті, мінез-құлқы жүз мың түрлі» деген ұтқыр созі біздегі: «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» іспеттес мақалдармен үндес шығуы да көп мағынаны аңғартады» [4,107-108]. М.Жармұхамедұлы сөз болып отырған ұқсастықтардың омірдің типологиялық белгілерінен тузы мүмкін екенине де дұрыс назар аударған.

Ясауи шығармашылығын арнайы зерттеген А.Ахметбек әулиелер сұлтанының «Мінәжатын» дидактикалық туынды дегесептейді. Ол жоғарыда біз келтірген казак мақал-мәтелдерін Ясауи шәкірттері шығарғандығы туралы ақызға тоқтала отырып: «Әрине, түркі ауыз әдебиеті Иассауиге дейін де мақал-мәтел жанрынан кенде болмағаны түсінікті жәйт. Бірақ бұл ақыздың өмір сүруі ақынның нақыл сөздерінің дамуына, аясын кеңейтіп, өрістеуіне атсалысқанын айқын көрсетеді. Егер де Иассаудің бұл жанрға ерекше көңіл бөлуінің себебі нede десек, біріншіден, мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің философиялық мазмұны ақын творчествосымен үндес болды, екіншіден, мақал-мәтелдердің оңай жатталып, тез есте қалатын жанрлық ерекшелігі сопылық уағыз-насиҳатты ел ішіне сіңіс ету мүддесіне сай келеді. Яғни, Иассауи мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, осы жанрдың қанаттануына зор үлесін қосты» [73], – дейді. Дегенмен хикметтер мен халық мақал-мәтелдерінің, шешендік сөздердің сөзбе-сөз жақындығын табу қыын. Сондықтан Қ.А.Ясаудің көне замандардан келе жатқан (көне түркі жазба ескерткіштерінде бар) мақалдар мен

мәтелдерді, нақыл сөздерді пайдаланғандығына немесе хикмет жолдарының айна-қатесіз мақалға, нақылға айналғанына нақты мысалдар келтіре алмаймыз. Бірақ хикметтер ішінен Ясауи іліміне тән дүниетанымдық ерекшеліктерді корсететін жолдарды анықтауға және солармен орайлас, мәндес халық даналығы үлгілерін көрсетуге мүмкіндіктер бар. Және бұл мақал-мәтелдердің, ділмар сөздердің осы дүниетанымдық ұстанымдардан туғандығы күмән туғыза қоймайды.

Хикметтер мен фольклорлық дидактиканың дүниетанымдық немесе контекстік байланысы хикметтерге жапама қатысы бар енбектерден көбірек корінеді. Түрік зерттеушісі Мұстафа Қараның Хазини енбегінен келтірген үзіндісіне үцілсек, Ясауи өсiet еткен омірлік мәселелерден халық мақалы туыш отырғанын аңгару қын емес. Бұл үзіндіде былай дейінеді: «Шайх-ул машайық (Ясауи – Б.К.) былай дейді: торт түрлі адаммен байланыспау керек, олардан жамандық келеді. Нагузы биллаһи мин таққаруби һазал ақран! Әуслі амрад, яғни сақалсыз балалар (ер адамдармен жыныстық байланыс жасайтын жас балаларды айтса керек – Б.К.), скінші ботен қатын, үшінші кәzzап пен мекері бадкардан, төртінші барша дүниес мени барша құмарлық сұхбаттарынан, ки мусири хирс уа муриси дүниес дүр...» [70,265]. Дәл осы пікірден «Қатынга тисен, қарасы жұғады, Балаға тисен, бәлесі жұғады» [74] немесе «Қатынга тиме, қарасы жұғады, балаға тиме, бәлесі жұғады» [75] деген варианттары мақалдардың туғаны күмәнсіз.

Ясауи дүниетанымын танытартылған хикмет жолдарының бірінде: «Сұннат ермиш кафир болса берма азар» [29,132] – дейді. Адамды дініне, иәсіліне т.б. ерекшеліктеріне қарай болмеу, алаламау идеясы бұл жолда айқын корініс тапқан. Бұл ұстаным да пайғамбар хадисінен бастау алады. Зерттеуші Ш.Әділбаева осы хикмет жолының Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың: «Кім де кім бір зіммага (Мұсылман елінде

*тұратын өзге діп окілдері) қыншылық корсететін болса, мен ол адамның дүшинанымын. Ал мен кімнің дүшина болсам, онмен ақырет күні жеке есептесемін», – деген хадисімен байланыстырығына назар аударған [76]. Қазақ халқының ұлттық мінезіндегі сұхбатқа бейімділіктің, кеңпейілділік пен дархандықтың негізі Ясауи іліміндегі осы ұстанымнаң келіп шығары анық. Осылан орай, «Адамзаттың баласы кім болса да, жолда жатыр деп басып өтпе» [63,6], – сияқты мақалдар бар болса, адам баласын құрметтеудің де өзіндік өлшемі, шегі бар екенін аталарымыз: «Еңкейгенге еңкей, атаңың қара құлды емес, шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес» [64,74], – деп ескертеді. Адам баласының бұл дүниедегі сұ ұлы міндеттінің бірі – Құдайдың жаратқандарына қызмет қылу екенін әрдайым ескертіп отыратын Ясауи бабамыз оның ішіндегі сұ ізгі істің адамзат қоғамына еңбек сіңіру екеніне қоңіл боледі. «Ғакил ирсаң иаранларға хизмат қылғыл» [29,136], – дейді ол бір сөзінде. Адамзатқа, көшілікке, халыққа қызмет қылуға үндейтін: «Калыптан безсен де, халықтан безбе» [64,43], «Көп ұнатса, кок тоқтыңды сойып бер» [64,45], «Құдайдың бір аты – халық» [63,193], «Құдайдың қарғысына ұшырасаң да, халықтың қарғысына ұшырама» [63,195] тәрізді насиҳат сөздер өте ерте замандардан келе жатыр. Би-шешендер де көпті құрметтеуді ұдайы насиҳаттайды. Шындаулет шешен бір ұлағатты сөзін: «Ағаның жолы үлкен, бәрінен де топ үлкен» [67,332], – деп түйеді. Қ.А.Ясауи бұл козқарасын барынша ұғынықты әрі әсерлі жеткізу барысында «топырақ болу» сөзін қолданады. Бұл соз тіркесі өзгеше ұғым ретінде қалыптасқан. Хикметтердегі «топырак» – семантикалық әр тараңты сөз. Қара жердің, тонырактың өмірлік мәніне зер салар болсақ, ол барынша қарапайым, жеміс беруші, сабырлы, қамқор, құшагына алушы, тазалаушы т.с.с. Лас нәрсе, иәжіс төксе дс, ол оның орнына гүл осіріп береді. Бұл туралы халық аузында би-шешендер айтқан:*

Адал болсаң судай бол,  
Су арамды кетіреді.  
Мықты болсаң жердей бол,  
Жер жаһанды көтереді [69,84] (*Жанқұтты шешен*);  
Қара жерден татумын [67,20] (*Қаз дауысты Қазыбек*),  
— деген нақыл сөздер бар. Ҳақиқат іздеуші әулиелер халыққа  
осы қара жер, топырақ сияқты қызмет етті. Өз заманында  
көпшілік оларды түсінбей зәбір-жапа көрсетсе де, олар,  
керісінше, халыққа жақсылық жасаудан танған жоқ. Елді  
ізгілікке бастайтын рухани ілім таратты. Халықтың аяғының  
астында топырақ сипат болып жату образы, бір жағынан, елге  
қалтқысыз қызмет етуді білдірсе, екінші жағынан, сопылардың  
«нәпсіні өлтіру» дағдысымен де байланысты. Қ.А.Ясауи бірде:  
«Он туртимда тупрақ сифат болдым мана» [29,137], — десе,  
енди бірде, «Тупрак болғыл ғалим сени басыб утсун» [29,185],  
— дейді. Топырақ адам жаратылысының негізі болуымен де  
қасиетті. «Башим тупрақ, узим тупрақ, жисмим тупрақ» [29,152],  
— дейді ұлы шайық бұл хақында. Осы мазмұндас «Өз елімнің  
басы болмасам да, сайның тасы болайын» [64,9], Менде  
болсын, менде болмаса да, елде болсын» [64,43], «Атаңның  
баласы болма, адамның баласы бол» [64,30], «Халық сүймес,  
халық сүйген суға да батпас, отқа да күймес» [64,43], «Еңбек  
етпесең елге өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме» [64,15],  
«Өзге үйге құл болсаң, өз үйіне ұл боласың» [63,11] сияқты  
даналық сөздер бар. Осыған қатысты С.Мұқанов еңбегінде  
қызықты бір мәлімет келтіріледі. «Жұрт» та, «жұрттылық» та  
ел мағынасында қолданылады. Ал «Жұрттың жұрттында қал»  
деген мақал да жұртты жеке адамнан жоғары қояды. Кошкен  
елдің орны да «жұрт» деп аталады» [35,59]. Халық даналары  
да елге қызмет етудің жоғары мәртебе екенін әрдайым ескертіп  
отырады. Әсіресе, би-шешендердің қарсыластары, бәсекелестері  
олардың арықтығын, жұдеулігін мін етіп таққысы келген кезде,

олар өздерінің сл қамын, қайғысын ойлағаннан жұдеп жүргенін айтып, мін тағушыларды жер етіп ұялтқаны жайлы әңгімелер оте көп. Халық данышпандары сол арқылы халыққа қалтқысыз қызмет етуге үндейді. Мұндай сөздерді Қаз дауысты Қазыбек [67,20], Досбол [67,92-93], Сырым [32,136;153], Жетес [67,141] т.б. би-шешендер туралы әңгімелерден кездестіреміз. Есей шешен: «Етегің түріп елге жет, Терің төгіп еңбек ет» [36,139] – деп өсiet etken. Сырым жайындағы бір әңгімеде ол жас кезінде Есентемір Бекен биден бата сұрағанда, карт би:

Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын,  
Мінезің қара жерден ауыр болсын.  
Өкпең жоқ – бауыр болсын,  
Құлагыңнан сыйыр кетпесін,  
Жасың алпысқа жетпесін, –

деп бата берген. Бұл тұспалмен айтылған батаның алдынғы төрт жолын Сырым былай шешеді: «Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын дегенің – халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе тарта біл – дегенің. Мінезің қара жерден ауыр болсын дегенің беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма дегенің. Құлағыңнан сыйыр кетпесін дегенің – ел арасында дау-жанжал көп кездеседі, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс төресін бере біл – дегенің (...)» [32,139]. Мұстафа шешен айтты делінетін:

Жақсы туған ер жігіт  
Қыыннан нендей тартынбас,  
Көлемге тиіп пайдасы  
Халқы үшін қияр бас [67,487], –

Деген сөздердегі мазмұн көптеген халық термелері мен нақыл сөздерінде кездеседі. Ясауи жолындағы халыққа қызмет етудің маңыздылығы туралы ясауитанушы Д.Кенжетай былай дейді: «Сопылықта «Хаққа құлышылық халыққа қызмет ету арқылы жүзеге асады» деген принцип бар. Бұл – тек шынайы еркіндікке

жеткен адам ғана толық мағынада халыққа қызмет сте алады дегенді білдіреді» [34,158]. Қазақ билсерінің топырақ сипат болып елге қызмет етуі созі мен ісінің бірлігімен көрінген. «Күлни курсам хизмат қылыб қули болсам» [29,151], «Хизмат қылыб иахшилардан дуга алсам» [29,224], – дейді Қожа Ахмет Ясауи де. Халық даналығында топырақ сипат болудың қарсысына тәқаппарлық қойылады. «Тәқаппарды тәңір сүймейді», «Тәкәппардың тәубасы қабыл болмайды», – дейді халық бұл жайында.

Елге «топырақ сипат болып» қызмет сту үлгісі қазақ халқының батырлық жырларында да алдыңғы орында корсетіледі. Еңбегіне қайтару тілемей, елге риясыз еңбек сіңіру идеясы бұл жырлардың он бойында желі тартып отырады:

Кыпшақты жауға бергенің  
Ол да саған өлім-ді.  
[Өлгеніңше жәрдеммен  
Алаулаған қалмақтан  
Бір алып қал кегінде.]  
Кайғы тартқан еліңе  
Сатамысың терінді? [77], –

дейді Қобыландыға кәміл пірлері. Откенді құрметтеу, елдің болашағын ойлау сияқты істер шын батырлықтың белгісі деп көрсетіліп, үлгі етіледі.

Сопылых жолға тән таңым мен түсінік жоқтау жырларынан көбірек байқалады. Кеңестік дәуірде жоқтау өлеңдерін ислам қагидаларына қайшылық ретінде, яғни тағдырға қарсылық ретінде көрсетуге тырысуышылық ғылыми әдебиеттерден кең орын алды. Бұл жонсіз қисын еді. Өйткені жоқтауларда тағдырға қарсылық емес, керісінше, тағдырға мойынсұну, олімнің хақ екенін мойындау мазмұны басты орын алған. Жоқтаудың ең басты мақсатының бірі – дүниеден өткен қайраткердің жақсы істерін мақтау, дәріптеу, көпке үлгі ету. Бұл – лайықсыз адамды

дәрілтеп, шындықты бұрмалау емес. Жоқтау кез келген адамға айтылмаған, елге еңбегі сіңген, халық сүйген адамдарға ариалған. Оны белгілі ақындар шығарған. Халық шығармашылығының білгірі Х.Досмұхамедұлы [78] осылай дейді. Елгс үлгі тұтуға лайықты жандарды дәрілтеу ислам қағидаларына сипқапан қайшы келмейді, қайта бұл – дінді дұрыс түсінуден шыққан ізгі іс. Құранның «Зұха» (93) сүресінің 11-аятында «Раббының берген нығметін жарияла, білдір», – деслінеді. Діни козқарас бойынша, адамзат баласына берілген ең үлкен сый, нығмет – тұра жолды көрсетуші Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайындағы тудың лаухасында жазылған: «Мұхаммад, Эли – Алланың берген нығмсті!» [79] – деген жазу осыны білдіреді. Сондықтан пайғамбарды мактау, дәрілтсу, оның ісін үлгі етіп, тарату, оған салауат айту – Құран аяттарынан туындағыны шын мұсылманиң міндеті. Қожа Ахмет Ясауи де бірнеше хикметін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мадақтауға арнаған. Айталық, Стамбул базылымындағы «Диуани хикметтің» 20, 21, 23, 51-хикметтері тек қана пайғамбарды мақтаң-дәрілтеуге ариалған. Пайғамбар жолымен жүргендер ғана халықтың сүйіктісіне айнала алады. Сол себепті халық жырларында, жоқтауларда дәрілтеген тұлға Мұхаммад (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның жолын қуушылардың ізбасары ретінде көрсетіледі. Бұдабай ақын шығарған Әйске болысты жоқтауда:

Қайратың болды, көкежан,  
Үріstem менен Дастандай.  
Сақылығың бар еді  
Баязат пен Бостандай.  
Үммәтке белді байлладың  
Кұданың шері арыстандай.  
Әділдігің бар еді  
Әзіреті Омар, Оспандай.

Үлгіменен сөз айттың

Тәпсірден шыққан дастандай [80], –

деп жырланады, елге пайдалы қызмет еткен жан пайғамбар, сахаба, әулиелер ісін жалғастырушы ретінде корсетіледі. Жоқтаулардағы мұндай жандарды дәріптеу – пайғамбарды (с.ғ.с.) мақтаудан, оның ісін үлгі етуден бастау алатын дәстүр.

Жоқтауларда елге сіңген еңбек айрықша дәріптеледі. Мұнда да өмірдің өткіншілігі, рухтың өлмейтіндігі, әулиелердің шарапаты сияқты хикметтерде бар сопылық танымға тән түсінік түрлері өте көп кездеседі. Сопылық жолдағы жүрек тазалығы да айтылады. Ісмайылды жоқтаудағы:

Кешегі менің бекзатым

Бесінде мектеп оқыған.

Алтыда ақыл тоқыған,

Жетісіне келгенде,

Жетпіс жерден діл сұрап,

Кұдықтай көзін шұқыған [80,60], –

деген жолдардан жүрек тазалығымен айналысқан Ясауди жолының өкілін танимыз. Мұнда Қожа Ахмет Ясаудің: «Иер устида улмас бурун тирик улдим» [29,170], «Улмас бурун жан бермакни дардин тарттым» [29,148], «Ғашықларни суннати дур тирик улмак» [29,172], – дегеніндей, «өлмей тұрып өлу» деп айтылатын сопылық жолға тән қасиет те айқын жырланады. Осы жоқтаудағы:

Бұрынғы өткен пайғамбар –

Бәрі өлімге болды тән,

Бір кісіге жарасар

Өлімге де қылған сән [80,63], –

деген жолдар осының дәлелі. Бұл жерде өлімнің не екенін тірі кезінде біліп, оны қуанышпен, салтанатпен қарсы алған адамның бейнесі бар. Жоқтаулардағы сабырға шақыру, өлігс иман тілеу сопылық жолдағы дәстүрлерден туындаиды.

Кеңестік идеология исламға жат етіп көрсетуге тырысқан жоқтауларда, керісінше, ислам құндылықтарының ең маңызды тұстары, сопылық ілімге тән барлық шарттар мен ұстанымдар үлгі етіледі. Мысалы, Шоқанға арналған жоқтауда «топырақ болу» қасиеті былай дәріптеледі:

Адалдан жиған теңгені,  
Ақ көңіл, ашық пенде еді.  
Мен ақ сүйек екем деп,  
Елге айтып көрмеді [80,51].

Фаріпке болысу, жетім-жесірді жебеу – Ясауи хикметтерінде көп айтылатын өнегенің бірі. Жетім, пақырларға болысу Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сүйікті ісі екенине Қожа Ахмет Ясауи айрықша назар аударады. Ол пайғамбардың бұл ісін «Ғаріб, фәқир, иетимларни башин сылаб», «Ғаріб, фәқир, иетимларни Расул сурди» [29,129], «Иетим, фәқир, ғарібға саһауатлығ Мұхаммад» [29,174], «Мұхаммад айтдилар: ھар ким иетимдур, Билинлар: ол мени хас умматимдур» [29,209] – деп көп айтылады. Өзі де: «Ғакіл ирсаң ғарібларни күндин аула» [29,129], «Ғаріб, фәқир, иетимларни қылғыл шадман» [29,131], «Иеимни курсаңиз ағиртмаңызлар, Ғарібни курсаңиз дағ стмацизлар» [29,209], – дейді. Аталмыш жоқтауда бұл идеяны

Немересі ер Шыңғыс  
Билікті істі қалапты.  
Қызыр Ілияс жар болып,  
Сұлтан болды талапты.  
Ғаріпке Шыңғыс болысқан,  
Билік айтып толысқан [80,51-52], –

деп береді. Бұл – халыққа пана болумен қатар дәріптелетін жақсылық. Эйекені жоқтаудағы:

Айналайып, көкежан,  
Қараның болдың ханындай.

Қарайғанды ықтаттың  
Қамысқа тускен жалындей.  
Орта жүздің көркі едің,  
Қоңыраулы бүйра нарындей.  
Ағайынды жинадыш  
Алпыс үйлі арғынды-ай!  
Орынды болдың орасан  
Мыңжылқының тауындей!  
Кепке пайдаң көп тиді  
Кектемдегі жауындей [80,67-68], –  
деген жолдардан осыны танимыз.

Жоқтаудың соңы әрдайым дүғамен, қайтыс болған адамға иман тілеумен аяқталып отырады. «Өлі риза болмай, тірі жарымайды» деген мақал мазмұншынан анғарылатын екі дүниенің тұтастығы туралы хал іліміне тән козқарас – жоқтаулардың негізгі озегі. Осы дүниетаным белгісі әулислер шарапаты, аруақтың қолдауы жайындағы жыр жолдарында барынша ашыла түседі. Ысмайыл Арыстанбекұлына ариалған жоқтаудағы:

Жеңіл де болсын сұрағын,  
Әулие, пірлер медет қын,  
Бейіште болсын тұрағын [80,59], –

деген сөздер өткенге деген құрметтің, тарихты қадірлесудің, белгісіндей корінеді. Бұл шығармаларда әр тыныста Алланы еске алудың, дүние ісінің өзін Жаратушы ризашылығы, халықтың игілігі үшін атқарудың, сойленген сөз бен атқарылған әрбір әрекестті құлшылыққа айналдырып жіберудің үлгісі де бар.

Жоқтаулар тарихы өте ерте замандардан келс жатыр. Оған Білге қаган, Құлтегін ескерткіштері және Махмұт Қашқарі создігіндегі Алып Ер Тоқаны (Афрасиаб) жоқтау күә бола алады. А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Мәскеуде бастырган «23

жоқтау» жинағында қамтылған шығармалар өзінің дүниеге келген дәуірі жөнінен бес жұз жылдай уақытты қамтиды. Бұл аталмыш туындылардың халықтың рухани қажеттілігін әрдайым қанағаттандырып келгендігінің және ислам құндылықтарымен біте қайнасып кеткендігінің дәлелі. Мұндағы елшілдік мазмұн оны батырлық жырлармен туыстастырады. М.Әусев қаһармандық жырлардың көбін жоқтаулардан пыкқан дең дәлелдейді [81]. Жоқтауды ұлт зиялышарының көп зерттесуі, жариялауы да тегін емес. Мұнда Ясауи іліміне тән құндылықтар мол.

Пайғамбарға мадақ жарапазан өлеңдерінен де көп орын алған. Жарапазан өлеңдерінің аты «жар», «рамазан» создерінен күралған. Бұл өлеңдер ораза айында айттылған. Әуел баста жарапазан оразатұтқан жандарды саһармезгілде ояту мақсатында жырланатын болған. Жарапазан өлеңдері діни мазмұнға толы. Мұнда Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың омірі онеге стіледі. Оразаның сауабы, сопылық жолда көп дәрітелетін жомарттық жайы мадакталады. Исламның бес парызы дәріптелің, соган берік болуға үндейді. Мұндағы өлең шумақтарының басым болігі «Мінгені пайғамбардың...» деген формулалық тіркестен басталып, «Мұхаммед, үмбестіңе жарапазан» деген формулалық тіркесспен аяқталып отырады.

Сопылық жолда Аллаға ғашық болудың шарты – Оның дидарына ұшырасу. «Дидар – (п) кору, тамашалау, жұз, коз, сияқты мағыналарға келеді. Сопылық терминдік мағынасы – құдайлық кереметті, сұлулықты тамашалау, сүйікті (Хақ) дегенге саяды» [33,52], – дейді Д.Кенжетай. Сопылар дидар көру жолында екі дүниенің қызығын да, тіпті жәннатты да талаң етпейді. Қ.А.Ясаудің «Ики ғалам ғашратларин мәйга сатдим» [29,150], «Билициз: ики жаһан кузга илмас даруишлар» [29,199], – деген создері осы түсінікті білдіреді. Тек қана Жаратушыны

талап етуді білдіретін «Шайдан басқа асым жоқ, Құдайдан басқа досым жоқ», «Талап пендеден, көмек Алладан», «Алла деген арымас, Алласыз пенде жарымас» [63,190], «Күштіге сыйынсаң, Құдайға сыйын» [63,192], «Жалғыздың жары – Алла» [63,174] тәрізді мақал-мәтелдер көп. Дидарап коруге қажет шарт – жүрек көзінің ашылуы. Ясауи өзінің 10- хикметінде:

Мансур келгач дар игилиб узи алды,

Батын кузи ачуқлари хайран қалды.

Парту салыб Алла узи назар қылды,

«Уашуқа» деб дидарапи курдим мана [29,153-154], –

дейді. Осыған орайласатын «Көзі соқырдан қорықпа, қоңілі соқырдан қорық» [64,73], «Ары таза жігіттің – жаны таза» [66,39], «Ақымақтың ақылы білегінде, ақылдының ақылы жүрегінде» [66,43] деген мақалдар бар. Сопылық жолдағы «жүрек» ұғымы қазақ тілінде де «жүрек» деп аталумен қатар, «көніл», «қалып (қалб)» «діл» деген сөздермен де беріледі. Жүрек көзінің ашылуы, көкіректің ояулығы – Жаратушының дидарапын көрсететін шарт қана емес, екі дүние бақытының, ұрпақтар салауаттығының да кепілі. «Ер көкірегі жүкті болмай, әйел дана тумайды» [63,10], – деген мақалдардан осы ақыратанылады. Абай мен Құнанбай аталарымыз жайындағы халық аузында айттылған мына әңгімеде де осындай мән бар: «Бірде сөзден сөз шығып, Ербол Абайдың осындай зеректігін, зерделілігін айттып, халыққа айрықша қадірлі ұл екенін айттып, әкесі Құнанбайға мақтамай ма? Сонда Құнанбай:

– Эй, Ербол! Сен мақтағыш болсаң, алдымен мына мені – Құнанбайды мақта! Неге десен, мен өзімнен асырып, Абайды тудырдым. Ал, Абайың мықты болса, өзінен асырып ұл тудырсын. Оны содан кейін мақтарсың қарағым, – деген екен» [40,26-27]. Әзіл-шыны аралас айттылса да, осында үлкен шындық жатыр. Демек Абай атамыздың айрықша дарын иесі болып туылып, әлемді таң қалдыра尔лықтай даналықты менгеруінің

басты себебі – Құнанбай атамыз бен Ұлжан анамыздың жүрек тазалығымен айналысқан дегдарлығында. Ясауи ілімі, осылайша, адам мен қоғамды, қоғам мен болмысты, ата-баба мен келер ұрпакты, ол дүние мен бұл дүниені тұтастықта қарастырады. Оның ізі халықтық салт-дәстүр мен фольклорда сайрап жатыр. Сопылық танымда барлық жақсылықтың негізі – жүрек тазалығында болса, барлық жаманшылықтың себебі – жүректің қаралығынан. Қазақ би-шешендері бұл мәселеге де көп коціл аударған. Мәселен, Борбас би Өмірбай шешенге берген батасында былай дейді: «Талабыңа ақылың серік болғандай, жалғашының шешімін тәрк қылғандай наушам екенсің! Гұмырың ұзақ болғай, қара жүректілерге тұзак болғай, елжұртыңа шырақ болғай! (...)» (курсив біздікі – Б.К.) [69,135]. Кезінде Сыр бойында шешендігімен елге аты мәлім болған Тыныс қыздың көркін менсінбей сөйлеген астамшылдықпен сөйлеген Ешнияз ақынға қызы былай депті: «(...) Менің ішімнің саралығына қарамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де коз емес – ағарып кеткен бөз екен! Көзі соқырдан көнілі соқыр – ғаріп, есуастан есірік – ғаріп! Сол есірік пен көнілі соқырдың иә бірі, иә «пірі» болмасаң нет-ті?!» [69,138-139]. Бұдан жақсы мен жаманды ажырата білудің жүрек тазалығына тәуелді екені жайлы түсінік көрінеді.

Сопылық жолда жүректі тазартудың басты күралы зікір гибадаты екені алдыңғы тарауларда айтылды. Сондықтан Ясауи өз хикметтерінде Алланы ұдайы еске алуға, оны әр тыныста зікір етуге шақырады. Алланы еске алу – өз күнәсі үшін кешірім сұрау түрінде де, Жаратушыны мақтау-дәріншеу түрінде де бола беруі мүмкін. Қалай да, адам өз иесін ұмытпау керек. Зікірге қарама-қарсы ұғым – ғафыл болу, яғни Құдайды ұмыту. Ясауи хикметтерінде барлық бақытсыздықтың бастауы осы ғафылдық екені көрсетіледі. Халық жырларында да осы түсінік қарапайым түрде, өмірлік мысалмен беріледі. Батырлар

Құдайды, пірлерін ұмытқан кезде сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Көбіктінің тұтқынына түсер кездегі батырдың жай-күйі былай суреттеледі:

Асып-тасып екеуі  
Алланы алмай аузына  
«Барайық десең жүр»,

— дейді.

Ер салды атқа батырлар  
Алтынды тұрман тағынып,  
Екі батыр жөнелген,  
Сыйынбай пірге жаңылып.  
[Аруақ ұшып басынан,  
Пірлері тайып қасынан  
Еске алмады не қылыш? (...)] [77,76].

Мұндай эпизодтар батырлық жырларда көп кездеседі.

Хикметтерде жиі кездесетін метафизикалық ұғымдар халық даналығында да аз айтылмайды. Сопының ең басты екі жауы – нәпсі мен шайтан, олардың сипаты жайындағы ұғым-түсініктер халықтың ділмар сөздерінде едәуір жақсы беріледі. Шайтан мен нәпсімен күрес туралы Қ.А.Ясауи: «Лашкар тузаб шайтан бирла мен уриштим» [29,141], «Ниммат берсан шум нафсимга урсам табар» [29,146], «Нафис иолиға кирган киши расуа болур» [29,203], – десе, мақал-мәтелдер бұл жайында «Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» [63,8], «Құдайдан безгенді шайтан сүйеді» [63,194], «Сайтан жылаң сенідіреді» [66,178], «Нәпсінің тізгінің тартпасаң, адамдық кетер, ар кетер, өмірге өрнек салмасаң, дүниеде болма бар бекер» [64,161], «Ит терісі и болмас, нәпсің жаман би болмас» [64,138], «Ашу – ақылдың дүшіпаны, нәпсі – иманиң дүшіпаны» [64,64], – дейді. Әрдайым шайтанға қарсы мәнде сипатталатын періште туралы да «Біле тұра қателессең – күнә, Құдайдан қорықпағаның. Білмей қателессең – күнә, періштемен ақылдаспағаның» [63,191], –

деген сияқты мақалдар кездеседі. Ясауи жолында адам озінің басты жауының сыр-сипатын оны жену үшін де жақсы білу керек. Құранда корсетілген шайтанның сипаттарын қазақ билерінің жетік білгесі олар қалдырыған сөздерден танылады. Мысалы, Төле би жайындағы бір әңгімeden осы ақырат корінеді. «Биге сәлем бере келген егделесу кісі қоңыластарының үрлық-қарлығын ешкімге айтпайтынын сөз етеді.

— Ұрының қорасына ұры түсіп жатса да көз жұмып езу тартпай оте шығамын, — дейді ол өз созіне өзі бертіп.

— Шайтан құрлы болмаған скенсін. Ұрының қалтасына ұры түскенін көргенде шайтан да ішек-сілесі қатқанша күледі, — депті шешен» [69,34]. Би-шешендер тәкаппарлық пен меммендіктің шайтанның басты қасиеті екенін әрдайым айтып отырған.

Сойлеспе дейсің тоңдымен,

Сойлеспескес болды ма?

Өзін-өзі зор тұтқан,

Пайғамбарды қор тұтқан,

Әзәзіл, сайтан онды ма? [67,342], —

деген Жәуkenің сөзі осыған дәлел бола алды. Қазақтың қара өлеңдерінде де шайтанның сипаттары, онымен құрес жолдары жақсы айтылады. Сондай өлеңнің бірінде:

Асығу, ашулану шайтан ісі,

Оларға жол бермейді жақсы кісі.

Шайтанға рахым, ашуға сабыр қарсы

Жұмсасаң жеңіп шығар оның құші [67,596], —

деп жырланады.

Халықтың даналық сөздерінде нәпсімен құрес жайына айрықша мән береді. Халық аузындағы бір әңгімеде байбақты Қази би шеркеш Бекпембет биден: «Бәке, осы мениң не мінім бар?» — деп сұрағанда, Бекпембет оған: «Мениң не мінім бар?» — деп сұрадың, соның озі мін. Тағы басында төрт мінің бар. Семізсің — жау жаулай алмайсың. Бисің — дау даулай алмайсың.

Ақылдысын – көпкө ермейсің. Ашулысын көпті ерте алмайсың. Тазеке атанбай (бұл жерде Қазидың басының таздығын айтып отыр – Б.К.), Қазеке атанғың келсе, осы міндерінді жою үшін әрекеттен» [68,210-211], – деп жауап береді. Бекпембет бидің бұл сөздерінің сыры терең, оны Ясауи ілімінен хабарсыз кез келген адам түсіне бермеуі мүмкін. Мәселен, шешениң әрбір адамға бұйыра бермейтін ақылдылық пен билік сияқты биік қасиеттерді мін ретінде көрсетуі қазіргі тыңдаушыға түсінбеушілік тудыруы ғажап емес. Шын мәнінде, шешен бұл жерде осы қасиеттердің езін емес, олардың нәпсісіне ие бола алмаған адамның тәкаппарлығын, менмендігін оятатынын мегзеп отыр. Өз мінін білмеу де адамның нәпсіге бой алдырығанынан хабар беретінін тұспалмен жеткізген.

Қазақтың ұттық санасына әбден сіңген «аруак» ұғымы хикметтерде жиі айтылады. Және ол қазіргі шала сауатты діндарлар түсіндіріп жүргендей, «ширк» ұғымы төңірсінде емес, керісінше, жер бетіндегілерді қолдаушы, жәрдем беруші күш ретінде сипатталады. К.А.Ясауи бірде: «Барча аруак иғилиб келгай мубаракга» [29,194], – десе, енді бірде «Он алтында барша аруак улеш берди» [29,137], «Андин соңра барча аруак берди салам» [29,133], «Бир иашымда аруах менә улуш берди» [29,134], – дейді. Халық мақал-мәтелдерінде аруақтың үлсс беретін сипаты да, жазалаушы қасиеті де көрсетіледі. «Дос берсе – жарын берер, аруақ берсе – бәрін берер» [63,190], «Құдай атқан оналар, аруақ атқан оналмас» [63,191], «Алла кешірсер, аруақ кешірмес» [63,190], «Аруақ аттаған онбайды» [63,190], – деген сияқты макалдар соның дәлелі. Үлкен бір дауга келген Әйтеке бидің Төле биге: «Тірімен танысқалы келдік, оліге болысқалы келдік» [68,94], – деп айтқан созінеи бұрынғы қазақтардың әділдіктен таюоды аруақты ренжіту деп үққанын танимыз.

Иран жеріндегі қандастарымыздың арасында сақталған «Мұсылманның тірісінен өлгені күшті» [82], – деген макал да аруақтың қолдауына деген кәміл сепімнің бір көрінісі.

Аруақтың қолдаушылық, демеушілік қызметі, әсіресе, қазактың қаһармандық жырларында кен түрде бейнеленеді. Қаһармандық әпостың бүкіл халықты ержүректілікке тәрбиелеудегі негізгі күші кереметке деген сенімде жатыр. Батырлық жырларда бас кейіпкер қиналған кезде пірлері аяи береді, кейде жәрдемге келеді. Тіпті жырды орындаушы жыршы-жыраулардың өзі әуелі Алладан, одан соң қасиетті адамдар рухынан жәрдем сұрап, қаһармандық жырлардағы осы дәстүрді өз қызметімен де сабактастырып отырады. Мысалы, «Қамбар батыр» жырының көпкө белгілі нұсқасы:

Жақсылар дастан бастайын,

Әуелі Алла сиынып,

Екінші кәміл піріме, [83], –

деп басталады. Ал хикметтерде аруақтың үлес, яғни жәрдем беруі туралы айтылғанымен, батырлық жырлардағыдай Ясаудің озінің тікелей аруақтардан медет тілегені кездесе қоймайды. Алайда хикметтердегі және батырлық жырлардағы мінәжат үлгілерінің бұл айырмашылығы ешқандай қарама-қайшы мәнде емес. Оның өзіндік себептері бар. Қожа Ахмет Ясауи – рухани жолдың биік шыңына жетіп, Жаратушымен қауышқан әулие. Сондықтан оған өз досымен тікелей сырласу тән. Ал сопылық танымда мұндай дәрежеге жетпеген тұлғаның тілегі қабыл болуы үшін, ұстаз-пірлерінен медет тілеу дәстүрі бар. Сол себепті Қожа Ахмет Ясауи қарапайым жандарға: «Аруахимдин мадат тилаб уқиң зинһар» [29,162], «Иашың сачиб, маңа сиғныб, белиң бағла» [29,155], «Қияматта аңа иади болурмин, Агар бимар илса, дару болурмин» [29,234], – дейді. Мұны Құдайға серік косу ретінде бағалауга болмайды. Өйткені мұнда тілектика қабыл болуы үшін жәрдем сұралады, аруақ ешқашан Құдайдың барлық сипаттарымен теңестірілмейді. Құдайға бар ісімен, құлышылығымен жақын болған әулиенің тілегі менің тілегімнен тез қабыл болады деген сенім бар мұнда. Рұхтың өлмейтіндігіне сенген тақуа мұсылмандар әулие қабірін зиярат етіп, тілек

тілегенде, өзімен бірге әулие рухы да Құдайдан бұның тілеуін тілейді деп білген. Мұның көрінісі «Алпамыс батыр» жырынан анық байқалады. Мұнда әулиелерді жағалап, Құдайдан бала тілеген Байбөрі мен Аналыққа Баба түкті Шашты Өзиз әулие былай аян береді:

Әулиені қыдырыңың,  
Жердің жүзін сыйдырың ,  
Маңдайыңа төбелеп.  
Әрқайсысының әр түрлі  
Мәртебесі бір бөлек.  
Сен үшін бәрі қиналды,  
Бір жерге тегіс жиналды,  
«Бір ұл бер!» деп – осыған  
Бір жаратқан құданың,  
Дәргейіне жылады.  
Мен де тұрдым ішінде,  
Әулиенің күші де,  
Жаратушы жалғыз-ақ  
Дәргейіне ұнады.  
Ұнағанын сонан біл,  
Бір қызың қосып сыйлады.  
Сексен сегіз серуер,  
Тоқсан тоғыз мың машайық,  
Бәрінің көңілін қимады [84].

Мұнда Байбөрі мен Аналық зиярат еткен әулиелердің барлығы оған тілеулес болғаны, бәрі бірдей бұларға Құдайдан бала сұрағаны айтылып тұр. Дегенмен батырлар жырында аян беруші әулиенің Құдайдың атынан сөйлейтін шақтары да сирек те болса ұшырасады. Мысалы: «Ер Сайын» жырында:

Пірі сонда сөйлейді:  
«Бірін бердім мен», – дейді, –  
Күтіп алсаң сен, – [85], – дейді.

деп жырлайды. Мұны дұрыс ұғыну өтсө терең ілімді талаң етеді. Рухани ілімнің шыңына жеткен әулиелер Жаратушымен қауышқан шакта, рухани мастық хәлінде оның атынан сойлейді. Бұл жерде Мансұр әл-Халлаждың «Ән әл-Хақ» («мен – Хақпен») деуін еске алудың жөні бар. Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде Мансұр әл-Халлажды дәріптей жырлап:

Ғашық Мансур «Ана алхақни» тилга алды,  
Жабраил келиб «Ана алхақни» бирга айтты.  
Жабраил келиб башиң бер деб иолға салды,  
Дарға асылыб, дидарини курдим мана.

Мансур келгач дар игилиб узи алды,  
Батин кузи ачуклари хайран қалды.  
Парту салыб Алла узи назар қылды,

«Уашуқа» деб дидарини курди мана [29,153-154], – дейді. Содан соң Мансұр әл-Халлаждың «Ән әл-Хақ» деуінің мәнін нағандардың түсінбейтінін, оның сырты тереңде екенін тебіренес жырлайды:

«Ана Алхақни» магнасини билмас надан,

Дана керек бу иолларда пак мардан [29,154], –

дайді шайхылар ұлығы. Жаратушының жай көзге шалына бермейтін әлемдерін коре алатын әулиелер болмаса, қатардағы пінденің ұғынуы қын осы терең сырды қазақтар, жүрек көзі ашық жандардың іліміне имандай сену арқылы, дұрыс түсіне білген. Жүргегінен Құдай орын алған момынның сөзі – Құдайдың сөзі, ісі – Құдайдың ісі болатынына кәміл сенген қазақтардың бұл иланымы Қожа Ахмет Ясаудің:

Ғишқ надишаһ, ғашық факир дым оралмас,

Хақдин рухсат болмагунча сузлай алмас [29,164], –

деген сияқты хикмет жолдарында баяндалған танымнан бастау алатыны кәміл. Соған сәйкес, мұндай Хақпен қауышқан әулиелердің бейнесін де халық өз шығармаларында сомдаған.

Хикметтердегі «Жамла базрак (әулиелер – Б.К.) иғылыб дупия қойдырдылар» [29,140], «Он секизда шилттан била шараб

ишилмім» [29,137], «Қайда барсам Қызырбабам менә һамраһ» [29,134], «Қайда барсам Хызыр бабам хазир болды, Faусыл-Гияс мәй ичирди, тойдым мана» [29,138] «Отуз бирда Хызыр бабам мәй ичурди, Ужудимдин ғазазилни хақ кучирди» [29,141], – деген жолдар Қызыр-Ілиястың, қырық шілтеннің қолдаушылық қасиетіне деген сенімді күшейтері сөзсіз және олардың осы мазмұндағы халық шығармаларының көптеп тууына себеп болғаны даусыз. Бұл, әсіресе, батырлар жырынан ерекше көзге түседі. Бұның көрінісі әсірелеу тәсілі жетекші орында болатын батырлық жырлардан ғана емес, реалдық сипаты мол шығармалардан, дидактикалық жанрлардан да байқалады. Мысалы, Киікбай шешененнің мына айтқан сөзінде Ясауи жолы мен дүниетанымына тән көп сипаттар бар:

Патшаның шені –  
Зенгі тұқымының кені.  
Ертең түсіп қалғанда,  
Мінгі өгіздің теңі.  
Бай – бір жұттық,  
Шүйгін дала бір оттық.  
Байлық үшін сорлағаннан,  
Қайғысыз қара су – тоқтық,  
Жарлыға ар емес жоқтық.  
Сатып алған бақыт –  
Шіріп жатқан боқтық.  
Нағыз бақ еңбектіге бітеді.  
Қызыр оның талпынысын құтеді.  
*Ғылым үйретін, данышпан етеді,*  
Сүтпен кірсе, сүйекпен кетеді [68,180].

(курсив біздікі – Б.К.)

Мұнда Ясауи хикметтеріндегі хал ілімі арқылы танылған шындық сәулесі бар. Ясауи озіне Қызырдың ілім үйреткенін хикметтерінде жиі баяндайды. Осы келтірілген мысалдағы сияқты шешендік сөз жәдігерліктері жеткілікті.

Тілек үлгілері батырлық жырларда ғана емес, халық бatalарында да жарқын көрініс тапқан. «Бата» сөзі Құранның «Фатиха» сүресінің атынан шыққан. Мұндағы сиыну сөздерінде де Қызырдың (Қызыр ғ.с.), аруактардың қолдауы туралы жиі айтылады. Тіленетін тілектің ішінде пейілдің кеңдігін, ниетінің түзулігін сұрау алдыңғы орынға қойылады. Шындығында да, хақиқат жолына дең қойған адамның әрекеті әуелі ниеттің түзулігінен басталады. Сондай-ақ иман байлығын тілеу де батадағы ең маңызды мәселе. Бұл – рухани ілімнің басты нысаны. Елшілдік сана белгілері де батадан жиі көзге түседі.

### Ағайынның жарлысы

Бөтен жақта тозбасын [86], –

деген тілектерден осыны көреміз.

Берекелі берік қылсын,

Малың менен басыңды.

Таңламахшар кезінде

Шарап етіп қайтарсын,

Бізге берген асынды [86,21], –

деген тілектерден ақиret күні үшін қам жеуді ғана емес, Алланың нұрын шарап ретінде бейнелейтін сопылық ойлау жүйесін де аңғарамыз.

Қ.А.Ясауи: «Мени хикматларим фарман-субхан, Оқыб уқсан һамма мағна: қуран» [29,232], – десе, мақал-мәтелдерде де Құран мағынасын беретін үлгілер аз емес. Жаратушы сөзі ретінде айтылатын «Тәуба қылсаң маган, тағы берем саған» [63,202] деген сияқты мақалдармен бірге, Оның әдеті мен құдіретін сипаттайтын «Алланың: берейін деген құлына онан-мұнан құралар, бермейін деген құлына жалғыз атын ұры алар» [63,190], «Басты берген құдай, асты да береді» [63,191], – деген тәрізді даналық үлгілері Құран мағынасынан алыс емес. Сондықтан бұлардың да хикметтермен мағыналық байланысы бар.

Ясауи хикметтеріндегі тағдырға риза болатын, пакырлықтан қашпай, омірді Жаратушының сынағы ретінде қабылдайтын түсінік қазақ фольклорының иегізгі мазмұндық өзегінің бірі. Қожа Ахмет Ясаудің 38- хикметінде төмендегідей жолдар кездеседі:

Ая, ғашық бу дунияда меҳнат тартқыл,  
Тартқан жур, уа жафаларни рахат билгил.

немесе:

Бу иолларни ғазаси дур қайғу, меҳнат,  
Михнат тартыб жафа чеккан курап рахат [29,189].

Мұнда Жаратушының ризашылығын іздеген адам қандай қындық болмасын, оны Иессінің сынағы ретінде қабылдаған, оған қуана білу керектігі айтылып тұр. Дәл осы көзқарас бишешендер созінде жиі корініс береді. Мысалы, Семейдегі Темірғали шешениңің оз ауылына жер аударылып келгін Қозыбайға айтқан мына сөзінде осындай мән-мазмұн бар:

Арыстанға темір бұғаудың тарлығы жоқ,  
Ер жігітке тағылған арқаниның арлығы жоқ.  
Ол арқанды сүйретиеген нар емес,  
Қындыққа төзбеген жан емес.  
Ер жігітке сайран да сайран,  
Сергелден де сайран,  
Сайраныңыз қайырлы болсын!  
Уа, Қозыеке, дәмінці бізден жазса да  
Топырағыңды елден жазсын! [67,298].

Қазактың қара олеңдерінің біраз бөлігінде де дидактикалық мазмұн бар. Мұндағы ең көп айтылатын шындықтың бірі – омірдің откіншілігі. Бұл да «Диуани хикметте» жиі еске алышынатын ұғым. «Һич билдин мұ адам олмай қалғанини, Бу дүниядың опасини билганини» [29,218], «Ей, мұ'минндар, бу дүниядың паяни иок, Чин билурсин нар кез муни иалғани иок» [29,171], «Ай, нааралар, бу дүниядың паяни иок фарағат» [29,149], –

деген хикмет жолдары соның айғағы. Мұндай мазмұндағы қара өлеңдерді сопылық дүниетанымның қарапайым әрі дәлелді мысалы деуге болады. Мұнда діни ұғым-түсініктер тікелей айтылмағанымен, дүниенің баянсыздығы, Ясаудің өзі: «Не келса курмак керак ол кудадин» [29,166], – деп айтқанында, жамандық пен жақсылықтың Құдайдан екені, оған адамның ниет-әрекетінің себеп болатыны, иманды бойда күш-куат барында іздеу қажеттігі, Құдайды қандай жағдайда да ұмытпау керектігі, сыйластықтың, татулықтың ең маңызды мәселе екендігі, тағдырға сену, Алланың мейірімінен үміт үзбеу керектігі барынша қарапайым түрде беріледі. Тіпті кейде қара өлеңдердің сопылық жайын сөз ететін кезі де болады.

Би болмас белін жалпак буғанменен,

Ағармас затты қара жуғанмен ,

Кейбіреу көзін жұмып құр шүлғиды,

Сопылық келмес көзді жұмғанымен [87], –

деген секілді, сопылар зікіріндегі қымыл-әрекет, ишара түрлерін дәл көрсететін сэттер де ұшырасады. Сондай-ақ мұнда сопылықтың сыртқы құлышылықтан емес, жан-жүректен шығатыны да дәл бағаланған. Мұндай өлеңдер жария зікірді бейнелейтін «Айғайласып келгенде, дау озады, Аллалап зікір салғанда, кожа озады» [75,39] деген сиякты мақал-мәтелдермен мазмұндас. Қара өлеңді айтушылардың өзін күнәшар сезінүі, бейшара халде көрсетуі Ясауди хикметтерімен мазмұндас. Сондай-ақ Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар мен оның төрт досын мадақтайтын хикметтермен үндессетін қара өлеңдер де аз емес. Мысал келтіре кетейік:

Атыңнан айналайын, Мұхаммедім,

Атаңнан үш жасында қалдың жетім.

Келгенде жеті жасқа дана болдың,

Қарашы бір алланың құдіретін! [88].

Қазақ фольклорының бір жанры болып саналатын шежірелердің де Ясауи ілімімен, оның «Диуани хикметімен» тығыз байланысы бар. Шежірені фольклорлық жанр ретінде зерттеген С.Мұқанов ауызша шежіре қазактарда ғана бар екенін айта келіп, «Қазақ арасында алғашқы жазба шежірені екі топ адамдар ғана таратты. Олар: «төрелер» деп аталатын хан ұрпақтары және «қожалар» деп аталатын, Мұхаммед пайғамбар әулетіне жатқызыатындар» [35,20], – дейді. Қожа Ахмет Ясаудің немере інісі Сафи ад-дин Орын Қойлақы жазып калдырган «Насабнама» деп аталатын өз шежіресі 1992 жылы Ә.Муминов пен З.Жандарбек дайындауымен жарықкөрді [89]. Пайғамбардың (с.ғ.с.) және оның тікелей мұрагері Ясаудің шежіресін білуді қазактар имандылық мәселесімен тікелей байланыстырган. Оған халық аузында айтылып келген аныздар күэ. Ясауи жайындағы аныздардың бірінде: «Құл Қожа Ахмет Ясаудің төрт атасын білмейтін адам қыбылаға күмәндар болады. Яғни ол кісі қыбыланы танымайды деп саналады. Қожа Ахметтің экесі – Ибраһим шайық, атасы – Ілияс шайық, бабасы – Махмұт шайық, арғы бабасы – Эбтахар шайық» [90], – деп айтылады. Ясаудің өзі «Диуани хикметте» Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың шежіресін баянdap [29,207-208], шежірені білудің мәні күшті екенін аңғартады. Ата-баба мен ұрпақтар сабактастығының берік болуына шежіре мен шежірелік аныздардың сінірген қызметі орасан зор болды. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі халықты шежірені ұмытпауга, оны айрықша құрметтеуге мәжбүр етті. Қазақтар өздерінің шежірелерін қатаң тәртіпкес бағындырумен бірге, ел басқарған ақсүйек хандардың да, дін үйретуші пір-қожалардың да шежіресінің үздіксіз жүргізілуін қадағалады. Соның нәтижесінде, өзге халықтар тарихымен салыстырганда, жалған (самозванец) патшалар мен дінбұзарлар қазақтың өткен дәуірлерінде кездеспеді деуге болады. Бұрынғы қазақ қоғамында тектілік феномені барынша қастерленіп, сл

үшін атқарылатын игі, аса жауапты істер жеке тұлғаларға осы регламент бойынша табысталды. Шежірелік білімді әрбір қоғам мүшесінің жақсы менгеруінің себебінен тексіздіктің үстемдік алудына жол берілмеді. Қоғамға мүше болуда да кездейсоқтық орын алған жоқ. Қауымға қосылған кірме тектердің барлығы Ясауи іліміне мойынсұнғандығына көз жеткізілгеннен кейін ғана қабылданып отырды. Қырғыз тарихшысы А. Жусібәлиевтің: «Егер қырғыздар келешекте қазақтармен бірігеміз дейтін болса, Қ.А. Ясауді пір тұтып қосылады» [91], – деуінде осы шындық жатыр деп білеміз. Бұл тұтас ұлттың қан жағынан тазалығын, менталитеттің біртұтастығын қамтамасыз етті. Сонымен бірге шежірелік білім әрбір қоғам мүшесінің тарихи сана иесі болуына жағдай туғызды. Откенді білмегеннің болашағы да бұлдыры болатыны сияқты аксиомаға айналған заңдылық осы тұста жақсы ескерілген, бұл жөніндегі қауіп түп-тамырымен жойылып отырған.

«Диуани хикмет» пен қазақ фольклорындағы дидактикалық жанрлар контекстік және мазмұндық жағынан тығыз байланысты екенін жоғарыдағы мысалдардан көре аламыз. Сондай-ақ қазақ фольклорының эпикалық және басқа жанрларының да идеялық жағы «Диуани хикметпен» осы тұрғыда байланысатынына көз жеткізгендей болдық. Енді шығармашылық байланыстың шішіндік тұрғыдағы қырына назар аудармақпзыз.

## ЖАИРЛЫҚ ТУБІРЛЕСТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ БЕЙНЕ САЛАЛАСТЫҒЫ

Кожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерін әуел баста ауызша айтуга бейімде жазғанын, сол себепті ауызша айтудың фольклорлық туындыларда бұрыннаң қалыптасып қойған дайын көркемдік формаларын кесінен пайдаланғанын алдыңғы тарауларда айтқан едік. Ясаутанушылардың деңі бұл ақиқатты мойындағанымс, оны кең таратып айтпағанын да тілге тисек еткен болатынбыз. Дегенмен Ясаудің фольклордан алған коркемдік дәстүрлерін жол-жөнекей корсеткен зерттеушілер де болды. Олар, әсіресе, әулиелер сұлтанының фольклорлық олең өшімдерін пайдаланғанына коюл болғен. Ал қазақ зерттеушілері Ясаудің өз оміrbаянын жас-жасқа болған баяндап шығуының фольклорда және көне түркі жазбаларында бар үрдіс екеніне назар аударған. Соңдай-ақ ұлы шайықтың айтыс формасында хикмет жазуын осы қатарда атап откес.

Ясаудің өз омірін баяндаган хикметтерін Х.Сүйішшөлиев Х.Досмұхамедулының ізімен «ғұмырнама» дең атаса [8,135], М.Жармұхамедұлы бұл хикметтерді қазақ ақындарының оміrbаяңдық олеңдерімен салыстырады. Қазақ ақындары бұл дәстүрді пайдаланғанымен, олардың тақырыптық жағы адам жасының күш-жігер, қажыр-қайратқа қатыстылығына қарай ойысын, тың сипат тапқанлығын дәлелдей отырып, тек Эбубекір Кердерінің ғана жас ерекшеліктерін ғылым-білім игеру тұргысында жырлайтындығын айтады. Сол себепті ол басқа ақындардан Ясауиге жақын тұр дең санайды [4,117-119]. Н.Келімбетов те бұл үрдістің қалыптасуындағы Қ.Л.Ясаудің сіңірген еңбегін жоғары бағалайды. «Ежелгі түркі поэзиясында корініс тапқан коркемдік дәстүрдің бірі – *адам омірінің түрлі кезеңдерін* суреттеу арқылы тәрбислік мәні бар, дидақтикалық тұжырымдар жасау скенін жоғарыда айттық. Коркем соз онспіндеңі бұл дәстүрді Ахмет Иассауде терең мсцгерген» [92],

- дейді ол. Жас зерттеуші А.Әбдірәсілқызы түрік әдебиетіндегі «Йашнама» немесе «Йаш дестаны» дең аталаатын жаңардың Ясаудің осы хикметтері негізінде қалыптасуы мүмкін дең болжам жасайды [93]. Сондай-ақ ол Ясауи «Ғұмырнамасының» копи нышандары бұрыннан бар екенін корсетіп, оған Күлтегін жазуынан дәлелдер келтіреді. «Бір жасынан алпыс үш жасқа дейінгі әрбір жылын рухани кемелденудің бір сатысы ретінде ерекшелей сипаттаған Йасауи де өзіне дейінгі ғұмырнамалық үрдіске сүйенсе керек. Дәстүрді сіңіруші ғана емес, дамытушы, кей тұста синтездеуші ретінде көрінген сопы ақын «Ғұмырнаманы» жалғау үстінде де осы шығармашылық тұлға ретінде ерекшеліктерін сактаған», – дей отырып, бұл хикметтердің Ясаудің жеке өміріне тән мәліметтер мен оның рухани әлеміндегі шындықтарды қатар қамтығанын айтады [93,101-102].

Қожа Ахмет Ясаудің 2, 3, 4, 5, 6, 7 (Стамбул басылымы) хикметтері озінің дүниеге келген сәтінен бастап, қылустек кірген 63 жасына дейінгі аралықтағы омірін қамтыса, 1- хикметі туылмай тұрып-ақ кемелдікке жеткен рухы жайлы баяндайды. Ал 8-хикметінде қылустек кірген кездегі халінен хабар береді. Бұл хикметтерде қылустек тұсу озінің бүкіл омірінің мәні ретінде корстіліп, туылмай тұрған кезден бастап, әрбір жас кезеңіндегі рухани халі осы дәрежеге жетудің себебі және сатысы есебінде баяндалады [29,129-150]. Шынында да, мұнда әулиеслер сұлтанының нақты оміріне қатысты айғақтармен бірге, рухы кемел ташқан жанның озі ғана күәсі болған рухани халдар де қамтылады. Адам жасының әрбір кезеңін санамалай отырып, сол кезеңде қандай қызметтер атқарғанына көншілік алдында коркем соз арқылы есеп беру дәстүрінің Қожа Ахмет Ясауге дейін де бар екенине «Күлтегін» ескерткішіндегі бас қаһарманнның жеті жасынан бастап дүниеден откенге дейінгі омірбаяны [38,19-24] нақты дәлел бола алады. Қоңе жазбаның Күлтегіннің жасын әлем халықтары, есіресе, түркілер киелі дең

санайтын жеті санынан бастауы кездесоқ болмаса керек. Ясауи де туылмай тұрған кездегі рухы жайлы айтатын 1-хикметте екі ғана жас кезеңін атап өтеді: бірі – қылуетке кірген 63, екіншісі – Арслан бабадан (Арыстан бап) аманат-құрманы алатын 7 жас.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің ауызша кең тарауына байланысты, бұл дәстүр қазақ фольклоры мен әдебиетінде кең өріс алды. Жалпы адам өмірін, сондай-ақ өз өмірлерін өзек еткен шығармалар Бұқар жыраудан бастап, кешегі кеңес дәүіріндегі өмір сүрген суырыпсалма ақындар шығармашылығына дейін үздіксіз жалғасып келді. Сондай-ақ мұндай дәстүр би-шешендердің ділмар сөздерінен де жиі орын алған. Осыған орай, бұл тақырыптағы шығармалардың халық ауыз әдебиетінің дербес бір жанры ретінде де қарастырылған кезі болды. Бұған алғаш рет назар аударып, озінің «Қазақ халық әдебиеті» атты енбекінде арнайы токталған Х.Досмұхамедұлы болатын. Ол мұнда: «Халық әдебиетінің ерекше бір түріне ғұмырнамалық (биографическая) және өмір бағыт (автобиографическая) әдебиетті жатқызуға болады. Аттарынан-ақ көрініп тұрғандай, алғашқы түрге жататын туындылар, әдетте, мактау жырларымен тығыз байланысты болып келсе, ал сонғысы, әдетте, ауру үстінде, не олім алдында айтылады да насиҳат, өситет жырларымен сабактасып жатады» (...). Поэзияның ерекше түрі – олім алдындағы өситет ол сиде (предсмертные, завещательные песни). Бұл олсандар негізінен ауыру үстінде не олім алдында айтылады, онда өткен өмір жолы суреттеледі, күнәлардан арылтуды өтініш, діни парыздарды толық отемегеніне оқініш білдіріледі, бұдүниедегі барша өмір мен пенделіктің баянсызызығы, о дүниеде күнәлары үшін жауап беруден қорқатындығы баяндалады, тәнірі мен айналадағылардан күнәлары үшін кешірім өтініледі және өмірді магыналы сұру туралы ақыл-кеңес айтылады. Бұл жырларда көп жағдайда діннің эсері аңгарылып тұрады» [78,24], – дейді. Алайда әдебиеттанудың қазіргі жетістігі

тұрғысынан қарағанда мұны түр, яғни жанр дегенинен ғөрі көркемдік дәстүр деп есептеген дұрысырақ. Өйткені тек бір ғана тақырыптық ерекшелік жанрды айқындаушы элемент бола алмасы белгілі. Дегенмен Х.Досмұхамедұлы пікірі сөз болып отырған дәстүр аясындағы өлеңдердің мазмұндық топтарын саралап көрсетуімен аса құнды.

Осы тұста авторлық туындылардың фольклорға не қатысы бар деген сұрақ тууы әбден заңды. Солайы солай, бірақ фольклордың біршама жанрлары авторлық сипатымен срекшеленеді. Соның қатарында жоғарыда біз көп тілге тиек еткен шешендік сөздер. Шешендік сөздерді қазіргі кезде авторлық шығарма ретінде қарастырған еңбектер де кездеседі. Мысалы, 2000 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ әдебисті тарихының» З томы мен 2001 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдебиеттің қысқаша тарихы» атты ұжымдық жинақта шешендік әдебиет оқілі ретінде берілген. Бірақ шешендік сөздердің типологиялық сипатының күштілігі, ондағы формуалалықтың молдығы, көп варианттылығы сияқты фольклорға тән қасиеттері шешендерді әдебиет оқілдері деп есептегенің әрдайым дұрыс бола бермейтіндігін көрсетеді. Бұл туралы Р.Бердібайдың: «Шешендік сөздердің белгілі бір тобын Әйтекеге, екінші шоғырын Төлеуге, тағы бір болігін Қазыбекке «қылдай» боліп берсем деушілік жасандылыққа, қолдан бұрмалаушылыққа апармақ. Тарихи фактылар мен шежірлерді, жазба деректерді иегүрлым толық тексерген сайни қайбір сөздердің торкіні жақынырақ танылуы мүмкін. Соның озінде мөлдіреп тұрған «куәліктер» белгілі бір сөздердің алғашқы иесін тап басып таныта алмайды» [94], – деп айтқаны шындыққа анағүрлым жақын. Сол сияқты ғұмырнамалық және өмірбаяндық өлеңдердің де автор еркіне бағынбайтын жалпыға ортақ сипаттары мол. Сонықтан бұл өлеңдерді Х.Досмұхамедұлының халық ауыз әдебиетінс жатқызуының белгілі бір дәрежеде қисыны бар.

Бірақ біз бұл жерде адам ғұмырын жырлау дәстүрінің ақынжыраулар шығармашылығындағы үлгілерін емес, фольклорлық туындыларындағы корінісін ғана соз етіп, оның хикметтермен байланысына ғана токтауды жөн көріп отырмыз.

Өмірлік кезеңдерді жас-жасқа боліп, оны адаминың өсіп-жетілу, кемелдену сатысы ретінде бейнелеу – қазақтың қаһармандық жырларында жақсы сақталған дәстүр. Бұл бейнес көпшілікке танымал классикалық батырлық жырлардың көбінде бар. Әсіресе, «Ер Сайын» жырында бас қаһарманның өсу үдерісін жас кезеңдерімен астастырып жырлау кеңінен жырланған:

Бір жасына келгенде,  
Балалықты қылмады.  
Екі жасқа келгенде,  
Елеулі ермсін тең болды.  
Үш жасына келгенде,  
Үш шарбақты ногайдың  
Бәрі дағы таң қалды,  
Бір түрлі туған жан болды.  
Торт жасына келгенде,  
Бес қаруды сайлады  
Жасыл оқтай ойнады  
Әр талайды ойлады.  
Алты жасқа келгенде,  
Ерте мінген атынан  
Кешке дейін түспеді,  
Ердің ісін істеді.  
Жеті жасқа келгенде,  
Жеке жұрттың күзетті.  
Ногайлының үш кентін  
Түгелімен түзетті.  
Езу тартпай ұл өсті,  
Абыройлы қыз өсті.

Фарып пенен міскіндер  
Панасында күнелтті.  
Сегіз жасқа келгенде,  
Секіріп ат мінгендей,  
Балдағы алтын ақ болат  
·Аш беліне ілгендей.  
Алты қырлы ақ сұнгі  
Оң қолына алғандай,  
Ел шетіне жау келсе,  
Айқай-сүрең салғандай.  
Ноғайлының үш жұрты,  
Бәрі бұған тан қалды-ай! [85,108].

Бұл сияқты бейнелеулер «Алпамыс батыр» жырының барлық нұсқаларында, «Қобыланды батыр» жырының Сүйіншәлі Жаңбыршин, Н.Байғанин айтқан вариантында, «Шора батыр», «Бөгөн батыр» эпостарында жақсы берілген. Бұл дәстүр реалды сипаты басым тарихи жырларда да өз жалғасын тапты [95].

Шешендер сөздерінде өмір жасын бейнелеудің небір көркем үлгілері бар. Кете бидің Алаша Тоғанас биге айтқан сөзінде өміrbаяндық та, ғұмырнамалық та сипаттар бар. Шешен мұнда өз-өзін асқақтата көрсетеді. Көпшілік үшін үлгі тұтарлық тәрбиелік мән үшін шешендер мұндай өз-өзін көтермеледі көркемдік тәсіл ретінде қолданған.

Уа, шырағым, Тоғанас,  
Отызымда орда бұздым,  
Қырықтарда қырқар болдым,  
Елуімде елендеген жүйрік аттай болдым,  
Алпысымда ал пері болдым.  
Сексенімде серпер болдым,  
Тоқсанымда топтан торай шалдырмадым.  
Жұзге жасым келіп қалды,  
Мына қасымда отырған  
Тоқалымның көнілін қалдырмадым [67,493], –

дейді шешен. Дәл осындағы сөздерді Мамай би [67,137], Жетес билер [36,240-241] де айтты деп баңдайды халық анызы. Мұнда би-шешендер өздерінің кәрілікке бой алдырмағандарын мактан тұтса, Шәнкі шешен де өз-өзін көтермелей көрсеткенмен, кәріліктен жеңілгенін мойындайды:

Он жаста асық ойнадым  
Қызығына тоймадым,  
Балалардың асығын ұтып қоймадым...  
Жиырмаға келдім,  
Мәуесі түскен бәйтеректей бойладым,  
Онда да балалықты қоймадым.  
Жиырма беске келдім,  
Жақсы іске сүйіндім,  
Жаман іске күйіндім,  
Дүшпаным қарсы келгендे,  
Ақ сұнқардай шүйілдім.  
Отызға келдім, қыран бүркітке алдырмадым,  
Құмай тазыға шалдырмадым,  
Қатар құрбымының көңілін қалдырмадым.  
Қырыққа жеттім – арғымақтай аңқылдадым,  
Тау қырандай шаңқылдадым,  
Ақ алмастай жарқылладым,  
Дариядай сарқылмадым.  
Биік төбенің басына шықтым,  
Алды-артымды тегіс көрдім.  
Алпысқа жеттім, алты тарау жолға түстім,  
Жетпіске келдім, жеңілгенімді білдім,  
Жетегіне ердім, дегеніне көндім,  
Билікті бала-шагаға бердім,  
Сексенге келдім, алдым биік тау екен,  
Оң жағым жанған от,  
Сол жағым аққан су екен.

Міне, тоқсанға келдім, енді бір аяқ

Асты төкпей-шашпай ішу мұн екен [68,177].

Бұл шешендердің сөздерінде ұқсас жолдар, сөздер, үйқастар, формуласық түрлері кездесетінін көру қыын емес. Бұдан ғұмырнамалық және өмірбаяндық өлеңдердің шешендік сөздерде де дәстүрге айналғанын көруге болады.

Кемелдену кезендері ретінде берілетін жас ерекшелігін жырлаудың хикметтер мен батырлар жырында елеулі айырмашылығы бар. Ол хикметте бірінші жақтан баяндалып, автор өзін-өзі бейнелесе, батырлар жырында үшінші жақтан баяндалады. Қожа Ахмет Ясаудің өз өмірін бейнелеуі Еуропа әдебиетінде қалыптасқан автобиографиялық шығармалардан да айырмашылығы көп. Автобиографиялық шығармаларда автор өз өміріне көбірек көніл бөлсө, мемуарларда дәүір шындығына, автордың өз заманындағы белгілі адамдар мен оқиғаларға баса назар аударылады [96]. Ал сөз болып отырған хикметтерде бұның екеуі де өте әлсіз сипатта көрінеді. Әсіресе, мұнда заман шындығынан хабар беретін жолдар жоққа тән. Ал өз өміріне назар аудару жайы да хикметте мүлде басқа сипатта. Эстетикалық қабылдауға арналған кейінгі жазба әдебиеттегі автобиографиялық шығармаларда автор өзін идеалдандырып көрсетуге талпынса, хикметтерде мұндай мақсат жоқ. Мұнда көрісінше сөйлеуші өзін барынша төменшіктетіп көрсетеді.

Отуз иети иашқа кирдим, ойғанмадим,

Инсар қылыб Алла меһри толғанмидим,

Сахар уақтида зары қылыб инранмидим,

Тоба қылдым хужам қабул қылды, достлар

Отуз саккиз иашқы кирдим, ғумрим өти,

Иғламай му, өлер уақтым иауық өти.

Ажал келиб пиманасын маңа тутти,

Билмай қалдым ғумрым ахир болды, достлар.

Отуз тоқиз иашқа кирдим, қылдым хасрат,

Уә, дариға, ути ғумырым, қане тағат,

Тағатликлар хақ қашыда хош-сағадат,  
Қызыл иузим тағат қылмай солды, достлар.

Сач уа сақал көб ақарды, көнлим қара,  
Руз, махшар рахим етмисиң халим табаһ.  
Сенә ғаян ғамалсизмин: көбдур кунан,

Жамла малак изүкіларим билди, достлар [29,142], –  
деген жолдар ұлы шайықтың өзін барынша күнәшар сезінуінен  
хабар беріп тұр. Дегенмен хикметтердегі «Дуниядаги күрт уа  
кушлар қылды салам» [29,138]; Туқуз ай, тоқуз кунда иерга  
туштим, Тоқуз сағат туралмадым күкка учтым. Ғарыш уа курси  
паясинарыб қүштім» [29,134], Он бешімда хор уа ғилман  
каршу келди, Башын уриб, қол қаушириб, тағзим қылды»  
[29,137], – деген тәрізді жолдар автордың өз-өзін дәріптеуіндей  
көрінеді, бірақ, шын мәнінде, олай емес. Бірақ бұл шындықтың  
сыры тереңде. Мұнда ұлы шайық өзі күә болған рухани  
сырларды ашып отыр. Және ол мұның бәрін Жаратушыдан  
келген сый ретінде көрсетіп, кез келген адамның Хақ жолында  
калтқысыз қызмет етуі арқылы осындаі сырларға қаныға  
алатындығын көрсеткен. Бұл – хикметтердің ғибраттық қырына  
қатысты шындық. Шешендердің де өз-өзін дәріптей бейнелеуі  
хикметтердегі осындаі жолдардан алынған ұлгі болуы ғажап  
емес.

Шешендердің ғұмырнамалық сөздерінде кәрілік қасіреті  
баса айтылады. Бұл тақырып, әсіресе, Айсерке шешен сөзінде  
айқынырақ көрінген.

Елу ердің жасы,  
Алпыс сүмдыштың басы,  
Жетпіс оттың қасы,  
Сексен жоқтың қасы.  
Тоқсанға келгенде торғайдайсың,  
Көшкенде көлігінді зорға айдайсың.  
Қатын-бала тілінді қайырған соң,  
Отырып от басында ойбайлайсың [32,56-57], –

дейді мұнда. Шешендер адамның кәріліктен тартар азабына көбірек көңіл бөлсе, оның да хикметтермен байланысы жок деуге болмайды. Мұндай тақырып Қожа Ахмет Ясауи ғұмырнамасында да кездеседі. Мысалы,

Құл Қожа Ахмад, ғафлат бирла ғумриң ути,

Уа хасрата тиздин, куздин қуат кети,

Уа уилта надаматни уақты ути,

Ғамал қылмай каруан болиб көчтим мана [29,132], –

деген хикмет жолдары ғапылдықпен келген кәріліктің қындығын көрсетіп тұр. Әрине, Ясауи хикметіндегі кәрілік қасіреті хикметтердің жалпы идеясымен тығыз байланыста берілген. Мұнда кәрілік тақырыбы жалаң түрде алынбайды. Мұндағы қындық адамның Жаратушысын ұмытып, өмірін ғапылдықпен өткізуінің нәтижесі сипатында беріледі. Ал шешендік сөздер үнемі нақты өмір шындығына қатысты айтылғандықтан, ондағы рухани өзектің дәл хикметтердегідей көрінбейтіні анық. Дегенмен шешендік сөздердің де астарында Құдай алдындағы жауапкершіліктің жататыны күмәнсіз.

Ясаудің ғұмырнамалақ хикметтері әрі тақырыптық, әрі образдық ерекшелігімен көрінгенімен, қазіргі жазба әдебиеттегі автор образына жақындалмайтын жақтары көп. Қазіргі әдебиеттегі автор өз-өзін бейнелеген жағдайда, оны оқырманға таныстыру мақсатында негізгі монологты соған бағыттап отыrsa, Ясауи де ғұмырнамасында «достар» деген қаратпа сөз арқылы және екінші жақтан сөйлеуімен оқырманға бағыштай сейлейді. Кейде «Заты ұлық қожам» деп Жаратушысын дәріптеп, Оған жалбарынса, енді бір тұстарда өз-өзімен сырласқан кейіpte көрінеді. Бұдан Ясауи ғұмырнамасында оның жалпы хикметтеріндегідей адресаттың жиі алмасып отыратынын байқаймыз. Бұл – хикметтердің басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Оқырманға бағыштаған автор сезін монолог сипатында қарастырап болсақ, қазіргі зерттеушілер монологтың қарата сөйлеген және оңашаланған

деп аталағын түрлөрі барын айтып жүр. Мұның алғашқысы адресатқа белсенді түрде ықпал еткенімен, одан бір сәттік болса да ілікпе сөзді, жауап қайтаруды талап етпейді. Мұнда сөйлеуші ғана белсенді болады да, қалғанының бәрі тыңдаушы болып қала береді. Мұндай монологтың адресаты белгілі бір адам немесе белгілі бір топ, тіпті жалпы көшілік қауым болуы мүмкін. Ал оңашаланған монолог – адамның өз-өзімен қалған кезінде немесе қоршаған ортадан психологиялық түрғыда оқшауланған кездегі сөйлеуі [97]. Ясауи ғұмырнамасында бұның екеуі де бар. Дегенмен соңғысының басым түсіп жататын кездері көп. Ю.М.Лотман оңашаланған монологта көрініс табатын қатынасты *автокоммуникация* деп атаған. Автокоммуникация негізінде «Мен-Мен» жағдайы жатады деп көрсетеді. Фалымның айтуы бойынша, бұл қатынас түрі Шығыс мәдениетінде жетекші орында болады. Ал Еуропа мәдениеті саналы және белсенді түрде «Мен-Ол» жүйесіне ұмтылады [98]. Демек Ясауи ғұмырнамасындағы рухани тұлға мен қазіргі автобиографиялық шығармалардағы лирикалық кейіпкердің арасындағы айырмашылықтың мәдени маңызы бар. Қазіргі әдебиетте автордың өз тағдырын арқау еткен тақырыптың түрін «экзистенцияльдық» деп атайды [97,48]. Экзистенция – әдебиет пен өнердегі экзистенциализм ағымының адам тұлғасын белгілейтін негізгі ұғымдарының бірі. Экзистенциалистердің пікірі бойынша, экзистенция адам «Менінің» орталығы, өзегі ретінде көрінеді, соның нәтижесінде соңғысы жай ғана жекелеген эмприкалық индвид және «ойлаушы ақыл» ретінде, яғни жалпыға (жалпы адамзаттық) ортақ қасиеттермен емес, қайталанбас дара тұлға ретінде көрінеді [99]. Демек мұнда жеке адамның артықшылықтарын көрсетуге деген ұмтылыстың болатыны айқын. Ал хикметтерде сөйлеушінің өз-өзін идеалдандыруға тырысуы жоқ екенін жоғарыда айттық. Мұнда автор өз-өзін бейнелеу барысында өмірлік мәселелерге келгенде,

өзін барынша қор тұтады, күнәһар сезінеді, ал рухани сырлар әлеміндегі қарапайым адам мүмкіндігінен жоғары тұратын әрекеттерін өз басының емес, Құдайдың кереметі сипатында береді. Хикметте бейнеленген кереметтік қасиеттердің дәріптеуге қатысы жоқ екенін осыдан білеміз. Бұл қасиеттерге өз еңбегінің арқасында кез келген адамның ие болуы мүмкін екенін түпкі ой арқылы аңғартатын хикмет авторы онда өз-өзін дәріптеудің мүлде жоқтығын сөзсіз пайымдатады.

Батырлар жырындағы ғұмырнамада дәріптеу басым. Бірақ бұған шығыстық мәдениетте де жол беріледі. Өйткені мұндағы бейнелеуші мен бейнеленуші мүлде басқа адамдар. Шығыс мәдениетінде өзгені өзінен жоғары қою, өзгені дәріптеу, дұрыс іс. Бұл принцип Ясауи мәдениетінде де бар. Ол – Ясауи тарықаты әдебінің бірінен саналады [14,139]. Дегенмен қаһармандық жырларда әр жас кезіндегі кемелдену үдерісін бейнелей отырып, кейіпкердің мінін көрсететін кездері де бар. Онда да біржакты сынап-мінеу арқылы емес, оның жақсы жақтарын да көрсете отырып, келенсіз жақтарын бетіне басады. Мұндай бейнелеулер жырлаушы атынан емес, басқа бір кейіпкер аузымен, екінші жақтан жырланады. Оны «Ер Тарғын» жырынан кездестіреміз. Ер Тарғынға жар болуды қалап, онымен бірге өз елінен қашып бара жатқан Ақжүністің соңынан қуып жетіп, оны айырып алмақ болған Қарт Қожақты Ақжүніс сөзбен тоқтатады. Оның бес жасынан бастап, алпыс беске дейінгі өмірін тізіп шығып, көрсеткен ерліктерін, елге тигізген пайдалын көтермелей жырлап, сөзінің соңын кінә арта отырып түйіндейді:

Алпыс беске келгенде,  
Сақал мұртың қуарып,  
Бойға біткен тамырдың  
Бәрі бірдей суалып,  
Алайын деп тұрмысың,  
Мені көріп қуанып?

Өлтірсөң де тимеймін,  
Тендік берсөң сүймеймін,  
Бұрын батыр болсан да,  
Сенің басың бұл күнде  
Жерде жатқан ку тезек [83,118].

Бейнеленуші тұлғаға сын айтуы тұрғысынан бұл образдар хикметтегі бейнеге біршама жақындайды. Ақжүністің бұл сезіндегі сын туралы Р.Бердібай: «Ең алдымен Ақжұніс өзінің көркін, жастығын сипаттап өтеді. Ақжүністің бұдан кейінгі сөздері Қарт Қожакты мінездеуге арналған. Мұнда ол батырдың даңқты өмір жолын тізе келіп, «өмірден сыбағанды алып болдың, ендігің арсыздық» деген түйінге тіреледі» [95,122], – дейді. Дегенмен кейіпкерлер аузынан айтылатын ғұмырнамалардың көбінде дәріптеу басым түсіп жатады. Мысалы, «Қарасай-Қази» жырының Мұстежеп Ахметұлы нұсқасында Қарасай мен Қазидың досы Махамбеттің сезі арқылы басқа бір кейіпкер Әділ былай дәріптеледі:

«Және кім бар? десеніз,  
Он бір жаста хан болған,  
Қаранғыда шам болған,  
Әмір тілеп Қырымнан  
Бес жасында белсенген,  
Өскен сайын түрленген,  
Алты жаста оқ атып,  
Жасынан өзі үйреніп,  
Дүшпанына оқ атып,  
Қайраты асып желденген.  
Сегіз жасқа келгенде,  
Үстіне дүшпан келмеген,  
Тоғыз жасқа келгенде,  
Қырымның жұртын билеген.  
Қырық мын әскер қамданған  
Он бір жасар Әділ бар [100].

Ғұмырнамалық хикметтер мен фольклорлық туындыларда 8 жасқа да айрықша мән беріледі. Хикметте Ясауи 7 жасында Арыстан бабадан аманат-құрма алғып, 8 жасында хикмет иесі болады. Ғұмырнамада 8 жас кемелдіктің келелі бір кезеңіндей жырланады.

Секизимда секиз иандин иол ачылды,

Хикмет айт деб башшаримға нур сачилды [29,136], – дейді ол туралы ұлы шайық. Ал батырлық жырларда да осы 8 жасқа көп мән беріледі. Көп жырларда бас қаһарман осы жасында алғашқы ерлік жасайды. Мысалы, «Ер Сайын» жырында осы жаста батыр әкесіне қорлық көрсеткен тоқсан құлды қырады [85,108-112], «Ер Қосай» жырында бас қаһарман үйленіп, жауға аттанады [83,72].

Үңіле қарайтын болсақ, ғұмырнамалық хикметтер және қазақ батырлық жырлары мен шешендік сөздеріндегі адамның өмір жасын бейнелеудің ортақ сипаттары мол екенін көреміз. Нақтылап айттар болсақ, сырттай қарағанда, олардағы өз-өзін дәріптеу сияқты көрінетін артықша қасиеттерді баяндау, шындығында, ғибрат үшін айтылған, көпшілікті ізгілікке шақыру мәніндегі көркемдік тәсіл болып табылады. Бұлардағы әрбір жас кезіндегі кемелдену Жаратушыға және халыққа қызмет етудің нәтижесі сипатында көрінеді. Ал мұндай қызметтен тыс қалудың салдарынан кәрілік қасіреті туындайтыны да ескертіліп отырады. Ақындық поэзия ерекшеліктерін зерттеген Т.Тебегенов ондағы ғұмырнамалық-өмірбаяндық өлеңдерге қатысты: «Ақындар поэзиясында психологиялық сыршылдық сарынмен басым жырланатын кезең – кәрілік. Кәрілік кезеңнің физиологиялық-психологиялық қалпын бейнелеуде ақындар көбінесе бұған дейінгі өмір белестерін сағынышпен еске алады» [101], – дейді. Сондай-ақ ол бұл құбылыстың ақындар шығармашылығында дәстүрге айналуында Қожа Ахмет Ясауидің орны ерекше екенін көрсетеді. «Ақындардың жас шамасы кезеңдерін қамти жырлауында мынадай ерекшеліктер

сарапана байқалады: біріншісі – Қожа Ахмет Ясауи және оның сопылық поэзия дәстүрімен адамның жас кезендерін Мұхаммед пайғамбардың алтыс үш жас мөлшерімен өлшеп, баки сапарын мойынсұна жырлау; екіншісі – қазақтың XVIII-XX ғ.ғ. ақындар поэзиясында Қоркыт Ата дәстүрінің ізімен фәниді қимай, өлімге еріксіз мойынсұна жырлау» [101,23], – дейді ол. Шынында да, қазақтың авторлы ауыз әдебиетінде де, фольклорында да Қожа Ахмет Ясауи қолданған көркемдік тәсілдер мен бейнелердің дені берік дәстүр болып орнығып қалды.

Халық ауыз әдебиетінде тақырыптық және образдық даралығымен жанрлық сипат алған шығармалар тобының дені Қожа Ахмет Ясауи тұтынған немесе негізін қалаған көркемдік дәстүрлермен тығыз байланысты. Солардың қатарында *мақтay* және *даттay* өлеңдерін айтуға болады. Бұл шығармалар тобын да жанр ретінде қарастырған Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсыновтар болатын. Х.Досмұхамедұлы: «Халық поэзиясында мактау жырлары (одалар) айрықша орын алады. Әдетте жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күш-қайраты, ерлік қажыры және басқа қасиеттері мадакталады. Дәл осылайша қаршыға сұнқар, тазы, алдаспан, найза, т.б. да маралпattалады. Әсіреле, ата жұрт, жеке бір сай, өзен, тау, теңіз, арық және басқалар жиі макталып, оларда табиғаттың небір әсем көріністері сипатталады» [78,19], – дейді. Сөйтіп бұл өлеңнің түрлерін «а) жеке адамды мактау, ә) тұтас руды атаны (ата жұртты не белгілі бір жерді), б) қандай да бір оқиғаны, затты жануарды, т.б. мактау» [78,34] деп жіктеген. Мадак айту, дәріптеу Ясауи хикметтерінде Жаратушыдан кейін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға бағышталатыны, оның казак фольклорындағы жоктау жырларымен мазмұндық байланыстылығы алдынғы тарауда айтылды. Сондай-ақ Ясауи төрт шардиярга, әулиелерге де мадак арнаған. Шығыс ақындары мен ғалымдарының енбектерін зерттеп жүрген И.Жеменей өз зерттеуінде Шейх Ахмет Таразидің «Фонун әл-бәләғе» («Көркем

сөз өнері») атты енбегінің «Өлең түрлеріндегі бастапқы стиль» деген тарауында мактау түрлерін жіктең көрсеткенін айтады. «Аталмыш еңбектің өлең түрлерінің тарауында мадактың төрт түрін аныктайды. Онда егер Ұлы Тәңірі мадакталса, оны «тауһид»; Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) сипатталса – н’эт», тәнірі құзырына жалбарынса – мінәжат», Раshedin халифаларын (тура жолдағы халифалар: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли әзіретлері) мактаса, оны «мәнәкеб», не «мәнқәбәт» дейді. Ал, патшалар, әмірлер мен уәзірлерді мактап, өлеңіне өзек етсе – «мәді», «мәдіэт» немесе «тәмәддоһ» деп атайды. Өлген адамды еске алар болса – «мәрсие» делінеді. Біреуді қарғыс айтып лағнат қылса, «һәжв» не «мәзәммәт» дейді. Ал, қалжындан мазақ қылған болса, оны «мұттайбе» деп атайды» [102]. Мәмлүктер дәүіріндегі қыпшақ тілді ақындар шығармашылығын зерттеген А.Әлібекұлы Шығыс әдебиетіндегі мактауларды қасыйда жанрының бір түрі деп көрсетеді және мактаудың (мадхия) Аллаға, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға, әулие-әнбиелерге, билік иелеріне арналған түрлерін атайды [103]. Қожа Ахмет Ясауиде А.Әлібекұлы атап өткен мадак түрлерінің ішінде билік иелеріне айтылғандары ғана кездеспейді деуге болады. Бұл – Ясауи хикметтерінің сарай айналасындағыларға емес, қарапайым халыққа бағышталғанының тағы бір дәлелі.

Мактаулар мен жоқтаулардың сабактасып жүретін қасиеті қазақ фольклорында ғана емес, Шығыс әдебиетінде де бар құбылыс екенін мәрсияны (жоқтау) мактаудың бір түрі ретінде көрсеткен жоғарыдағы жіктеуден де аңғару киын емес. «Түркі әдебиетіндегі қасыйдағы жағанрының толығып, жан-жақтықалыптасты XIV ғасырдың еншісіне тиеді. Дей тұрганмен, мадхийа мен мәрсийа қасыйданың бір түрі екенін ескерсек, түркі фольклоры мен әдебиетіндегі мадақ пен жоқтау жырларын Орхон-Енисей тас жазбаларынан, Махмуд Қашқаридың «Диуани луғати-т-түркінен», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінен», Ахмет Иүтінекидің «Хибатул хакаиқынан», Ахмет Иасауидің «Диуани

хикметінен» көрге болады» [103,135], – дейді А.Әлібекулы. Қожа Ахмет Ясаудің Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мақтаған 51-хикметіндегі: «Бабасини атасы ирди Һашим, Ешитканда ақадур қузда иашим» [29,207], төрт шардиярдың бірі – Омарға арнаған 53- хикметіндегі: «Мискин Ахмад, қылғыл иад, қылғыл ғажизиңни бунияд, Шаяд рухы қылғай шад, ғадалатлиғ Ғумар дур» [29,211], – деген жолдардан және Әзіреті Әлиге арналған 55-хикметіндегі: «Рахмет қылғай Бир уа Бар, һар не қылса ерки бар, Қожа Ахмадға мадаткар шер худа Ғали дур» [29,213], – деген жолдардан қазақ жоқтауларында бар дәстүр ізін байқаймыз. Бұл жолдардың алғашқысынан дуниеден өткен адамға қатысты өз қайғысын білдіруді, кейінгі екеуінен жоқтау соңының жұбатуға ұласып, өз-өзіне басу айту мен дұға-тілек бағыштауды анғарамыз. Бұның бәрі қазақ жоқтауларында бар сипаттар. Бұл туралы Қазақтың отбасы ғұрыптық фольклорын зерттеген К.Іслемжанұлы: «Дәстүрлі жоқтаулардың соны өлген адамға жақсылық тілеумен, ақыры өзіне өзі сабыр айтып, жиналған жұрттан рұқсат сұрап барып түйінделеді» [104], – дейді. Бұдан Ясаудің түркі даласында ғасырлар бойы желісі үзілмей келген жоқтау жанрының көркемдік тәсілдерін пайдаланғанын көреміз. Мұндай мәндегі жыр жолдары қазақ жоқтауларында тұрақты клишеге айналған [105].

Ясауи хикметтерінде тікелей жоқтаумен байланысты туған образдар да бар. Мысалы, Қазан басылымындағы 67-хикметінде «Күні-түні тынбай бір сәт жоқтау айтты» [106], – деп, жоқтау айту дәстүріне тағдырға қарсылық ретінде шошына қарамағандығын көрсетеді. Ол:

Аналары дал болып қалды қайран,  
Гүл жүздері запырандай сарғайған,  
Уай, құлымынам, ботам, деумен ах үрған,

Жаға жыртып, шаштарын жұлды, көргін [106,129], – деп те жырлайды. Бұл сурет көне замандағы жоқтау айту кезіндегі іс-әрекетті көзге елестетеді. «Боздағым» жинағын

құрастырушы Т.Арынов осы жинаққа жазған «Өлгендер туралы өлмес мұралар» атты алғы сөзінде бұл туралы: «Сонау көне замандарда, бергі көне түркі кезінің өзінде (V-VIII ғ.) түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырып, «өлген адамның тумалары шашын жұлдып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі: «Өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан» [80,12], – дейді. Қожа Ахмет Ясаудің осы іс-әрекеттерді салқынқандылықпен бейнелеуі оның бұған қалыпты жағдай ретінде қарағанын және көне дәстүрлерді құрметтегенін білдіреді. Жоқтаушы адамның жоқтау айту әрекетін бейнелейтін мұндай жолдар тұрақтылыққа ие болып, формулаға да айналған. Тұрмыс-салт жырларын зерттеген Б.Уахатов зерттеу еңбегінде осындай формулалық жолдар туралы айта келіп: «Мысалы, жоқтауда бұрынғы дәстүр бойынша айтылып келе жатқан жаттамалы жолдардың да, бір-біріне мотиві, үйқасы, сөз байлығы, бейнелі, образды суреттері ортақ формулалардың да көптеген көріністері бар. Айталық:

Қара бір шашым жаяйын,  
Жаяйын да жылайын!  
Кінәлі бармақ, жez тырнақ,  
Күнінде қанға бояйын.  
Албыраған ақша бет,  
Сүйегіне таяйын. –

Деген сияқты жесір қалған әйелдің шашын жайып жоқтау айтуы, өз денесінен қан шығарып, бетін жыртуы көне замандардан сақталып келе жатқан поэтикалық өрнектер» [105,133-134], – дейді. Эпикалық туындылардағы жоқтауларда да осы формула әрдайым қолданылады. «Ер Сайын» жырында мерт болған батырды жоқтаған Аюбике:

Алмадай болған қызыл бет,  
Тырнақпенен соярмын.

Мөлдіреген екі көз,

Жылауменен оярмын [52,131], –

дейді. Мұндай формуласың жолдардың Қожа Ахмет Ясауиге дейінгі жоқтауларда да болғандығы күмәнсіз. Демек хикметтегі жоқтау кезіндегі халді елестететін бейнелер мен тұрақты тіркестер – сол көркемдік дәстүрді үлгі етудің көрінісі.

«Диуани хикметтегі» мақтаулар мен қазақ фольклорындағы жоқтаулардың арасындағы туыстық тақырыптық аяда көрінгенде, біз мұны нысанның мазмұндық аспектісінде, алдыңғы тарауда қарастырган болатынбыз. Ал қазақ фольклорындағы мақтаулар хикметтермен тек тақырыптық тұрғыда ғана емес, образдық жағынан да байланысады. Мақтау, мадақ мазмұндағы хикметтерді Ясауи шәкірттері де жалғастырды. Олар Қожа Ахмет Ясаудің пайғамбарды мақтаған ізімен өз ұстаздарын дәріптеді: Бұған Сұлеймен Бақырғани шығарған деп айтылып жүрген хикметті мысал етуге болады.

Ысқак баба ұрығы

Ибраһим шайхы құлымины,

Машайықтар ұлығы –

Шайхы Ахмет Иассауи [107], –

деп басталатын бұл хикметтің ізгілікті дәріптеуді, көпке үлгі етуді дәстүрге айналдырудағы маңызы зор болды.

Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорындағы мақтаулардың жоқтаумен тамырластығы айқын. Фольклортанушы Е.Тұрсынов мадақ өлеңдерін жоқтаулардан да бұрын туған деп көрсетіп, ол екеуінің шығу негізі бір екенін айтқан. Ол өлген адамды еске алуға арналған көне ырымдыш әрекеттерде аруақтың көнілін көтеру мақсаты барлығына назар аудара келіп, «Осыған қарағанда, аруақтарға арнап айтылған өлеңдер **жоқтау тұрінде емес, мадақтау тұрінде айтылған болса керек» [108], – дейді. Мақтауларда да жоқтаулардағыдай дәріптелуші тұлғаның халыққа, елге сінірген еңбегі басты орында жырланады.**

Тіпті Х.Досмұхамедұлы көрсеткен жан-жануарлар туралы мақтауларда да осы мақсаттың елеулі орны бар. Мысалы, «Көкжендет» деп аталатын алғыр қыран жөніндегі мақтауда:

Көк жendet, канды балақ шіркін кәрі,

Болар ма көк жendetтей құстың бәрі.

Ауылды құс етіне кәні қылған

Шіркіннің, не қылайын, өтті зары! [109], –

деп құстың да көпшілікке тигізген пайдасына артықша мән беріледі. Бұл – алдыңғы тарауда айтылған Ясауи хикметтеріндегі «топырак болу» идеясымен тығыз астасып жатқан дүниетанымдық ұстынның бірі. Бірақ соңғы ғасырлардағы мақтау өлеңдері күнкөріс көзіне айналу салдарынан әуелгі касиетінен айырыла бастағаны да шындық. Бұл туралы Х.Досмұхамедұлы: «Мактау жырлары бұрынғы кезде шын мәнінде еңбегі сіңген, лайықты адамдарға бағышталса, ал кейін мақтаушыға сый-сияпат беру дәстүрі бұндай одалардың мәнін түсіріп, сый, лауазым, қошамет алу үшін небір жалған сөздер айтылып отырды» [78,20], – десе, А.Байтұрсынов: «Көбінің мақтауы орынсыз келеді» [85,440], – деп қыска қайырады. Лайықты адамдарға бағышталған мақтаулардың ізгілікті үлгі етуі, көпке жариялауы жағынан хикметтер мазмұнына жақын екені күмәнсіз.

Мактауға қарама-қарсы мәнде шығарылатын *даттаулардың* да семантикасы, түпкі ойы хикметтерден алшаш кетпейді. А.Байтұрсынов бұл өлең-жырлардың ерекшелігі туралы: «Сөгу, жамандау, айыбын, мінін айту – бәрінің жалпы аты даттау болады. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сез де кіреді, бүтін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сез де кіреді. Діндар дәуірдегі даттауда көпті даттағандар көбінесе шаригат жолына шалығын айтып даттаған. Адам басын даттағанда, әдейі максатпен, күйініп даттаған. Үйіне кондырмаған, конакасы онды бермеген сияқты ұсак себептерден реніш етіп даттаған [85,440], – дейді. Қожа Ахмет Ясауиде

жалған сопыларды, рия жасаушыларды даттау А.Байтұрсынов айтқан «шаригат жолына шалығын» әшкөрелеген даттауларға жақын болса, үйіне қондырмауға, қонақсыны дұрыс бермегенге байланысты туған даттаулардың да хикметтермен байланыстылығы күшті деуге болады. Өйткені «бар мағынасы – Құран» болып саналатын хикметтердің Құранның «Әли Ғимран» сүресінің 180, «Ниса» сүресінің 37, «Мұхаммед» сүресінің 38, «Хадид» сүресінің 24, «Табағун» сүресінің 16, «Ләйл» сүресінің 8- аяттарында айтылған сараңдық туралы үкімдерден шалғай жатуы мүмкін емес. Оның үстіне, халыққа ас берудің мәнінің күштілігіне хикметтерде де ерекше назар аударылады. Бұл жөнінде Н.К.Зейбек былай дейді: «Йасауи жолында дүниеге құл болу да, өндіруді, еңбек етуді қойып, тіленші болу да атымен жок.

«Суфи болмай қайтсін, үйде қылатын ісі жоқ,  
Сопылық жолга түсер, халыққа берер асы жоқ.  
Ах-ух дегенмен, көзінде тамши жасы жоқ,  
Суфи монтаны «әулиесің», бірақ еш мұсылман болмадың».

Яғни, адамзат алдымен еңбек етіп, өндіреді, халыққа ас береді. Сосын халыққа риякерлік жасамайды. Алла үшін, Алла жолында болады. Йасауи жолының өкілі, үлкен ұстаз Жұніс Әмре де бұл де туралы:

«Еңбек ет, табыс тап, же, жегіз!  
Жарлының көңілін тап, ұшыртып қиял атын!  
Мың қағбадан да артық – деңіз  
Бір көңілге жасаған зияратың». [13,42].

– дейді. Ясауи жолындағы тариқат әдебінің бірі – қонақ күту [14,139].

Мактау және даттау жырлары да өмірбаяндық, ғұмырнамалық өлеңдер сиякты халық ақындарының көпшілігінде кездеседі. Мактаулар жоқтау жырларымен тамырлас болғандықтан,

өте ерте замандардан желісі үзілмей келді. Ал даттаулар отаршылдық қоғамның ұлттық құндылықтарға нұқсан тигізе бастаған кезі – XIX ғасырдың орта тұсынан бастап кең өрістей бастады. Солай болуы занды да. Өйткені бұл кезде даттауга нысан болардың әлеуметтік және психологиялық дерпттер қаулаپ кеткен еді.

Дұрыс қонақ күтпеудің, қонақасы бермеудің даттаулардың кең көлемдегі нысанына айналатын жөні бар. Бұл іс, бір қарағанда, жеке адамның еркіндегі шаруа көрінгенімен, шын мәнінде, олай емес. Бұл, біріншіден, Құран бұйрығы мен сұндетке қарсы келу болса, екіншіден, сопылық ілімде ғасырлар бойы қалыптасқан жәуанмәртлік ұстанымын мансұқ ету болып табылады. Сопылық ілімді зерттеп жүрген М.Мырзахметұлы жәуанмәртлік жайында былай дейді: «Бұл сөздің этимологиясы жағынан қарастырғанда екі түрлі пікір таласы бар. Бірі – Будаговтың сөздігінде жәуанмәртлік парсы тіліндегі «мырза, жас жігіт» деген ұғымды беретін сөз делінген. Екіншісі әзіrbайжан ғалымы, академик Шералиевтің зерттеуі бойынша жәуанмәртлік сөзі көне түркі тіліндегі «зомарт» сөзінен бастау алатын, мағынасы жағынан қазақ тіліндегі жомарт сөзімен төркіндес ұғымды білдіреді. Жәуанмәртлік – төркініне ой жіберсек, бұл тым ерте замандардан бермен қарай біртіндеп қалыптасып келе жатқан мұсылмандық шығыстағы ахлак іліміне жатады» [110]. Исламның ең асыл мәнін Қожа Ахмет Ясаудің сопылық жолы, нақтырақ айтқанда, ясауия тариқатының принциптері мен әдебі арқылы және «Диуани хикмет» арқылы қабылдаған қазақтар жомарттықты өшпес дәстүрге айналдырыды, сараптықты қоғамдық дерт ретінде қабылдаған, оны дер кезінде жоюды әдетке айналдырыды. Соңдықтан сараптықты сын тезіне алмаған қазақ халық ақыны кемде-кем. Шешендік сөздерде де даттаулар аз емес. Сонын бір-екі мысалын бере кетейік. Мысалы Шағырай шешен:

Бар-жоғына қарамас,  
Анық жомарт ер кіси.  
Өз үйінде салғыртсу,  
Сарандықтың белгісі [69,182], –

деп сарандықтың жалпы белгілері туралы айтса, Асаубай шешен өзі дұрыс қонақасы көрмеген үйдің иесіне айтқан сөзінде жомарттық пен сарандықтың өмірлік мәніне үніледі:

Айдың бүгін ортасы,  
Сары майға сарандық қылсан  
Жок па еді оның тортасы?  
Келмейін дегенде келтіріп,  
Көрмейін дегенді көрсеткен  
Сен жаман иттің арқасы,  
Ер жігіт ер басымен не көрмейді,  
Катыны жақсы жігіт түзде өлмейді.  
Үйіне қолы ашықтың қонақ келсе,  
Қайғырып жоқ болса да күйзелмейді.  
Кедейліктен кейістік көрген жігіт  
Қырық жыл бай болса да тузелмейді.  
Пайдасыз кім сақтайды байдың басын,  
Арыстан кезер дәйім таудың тасын,  
Шарапаты жақсының тиер көпке,  
Ит-тағы асырайды қара басын.  
Құс баласы Қырымға қарайды,  
Ит баласы жырымға қарайды.  
Әкесі қонағасы бермегеннің  
Әкесінің ырымына карайды [67,291].

Шешендер жайындағы әңгімелерде сарандың үй иелерін даттау бата бермейтінін айткан кейіске, көбіне, теріс батаға ұласып кетіп отырады. Мұндай теріс батанын жүзеге асып, сарандың адамның немесе ауылдың қындыққа ұшырағаны да әңгімеленеді. Мысалы, Асаубай шешен туралы бір әңгімеде

осындай жағдай баяндалады: «Асаубай ел аралап жүріп, Қауыл, Дауыл, Қурай, Қытай деген төрт ата ауылға кездеседі. Елдегі тәуір үй дегеннің бәріне кіріп, тауы шағылған Асаубай:

Қауылсың, Дауылсың,  
Бір тайпалы қауымсың.  
Қашаннан құдай соққан ауылсың,  
Қурайсың, Қытайсың,  
Алдағы жыл доңыз болса  
Осы қыстан қалмай жұттайсың, –

депті.

Сол жылы доңызда қыс қатты болып, әлгі елдің жүртта тігерге тұяғы қалмай малдары қырылыпты деседі» [67,286-287]. Мұндай даттаулар Жапалак шешеннің [69,117], Бұзаубай шешеннің [67,170-171], Әлпейін мен Ермағамбет шешеннің [67,177-178], Асаубай шешеннің [67,285-288], Шағырай шешеннің [67,348], Қозғамбек шешеннің [67,366], Әлдебек бидің [68,204-205] сөздерінде кездеседі.

Айтылған жайттарға көніл бөле отырып, Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде өмірлік мәселелерге қатысты ой-толғамдарды тым аз айтқандығын, олардың бірер жолдан аспайтындығын, бірақ сол барынша сараң түрде айтылған мәселелерге казақ халқының өзгеше мән бергендігін, сөйтіп ол мазмұнның үлттық фольклорда тақырыптық және образдық тұрғыда дәстүрге айналғанын көреміз.

«Диуани хикмет» пен қазақ фольклорының арасындағы байланыстың бір түрі жанрлық ерекшеліктерді көркем тәсіл ретінде пайдаланудан көрінеді. Бұл тұрғыда Қожа Ахмет Ясаудің фольклор жанrlарынан *айтыс үлгісін* пайдаланғанын көреміз. Оның бейіш пен тозақты айтыстырған хикметі көпке мәлім.

Беңиш, тозах талашур, талашмақта баян бар,  
Дозах айттур: мен артық, менде фирмғаун һаман бар.

Беңишт айтур: ни дерсин, сузни билмай айтурсин,  
Фирғаун һаман сенда дур, менда Иусуб Кинган бар  
[29,206], –

деп басталатын Стамбул басылымындағы бұл 50 хикметте одан әрі тозақ өзінде бақыл, залым құлдар, тарса, жуһидтар, мұнафикастар мен бейнамаздар және олардың күнәсінә лайықты жаза түрлері бар екенін айтса, бейіш өзінде пайғамбарлар мен момын құлдар, ғалымдар мен зікір етушілер және оларға көрсетілетін сый-сияптау түрлері бар екенін айтып мақтанады. Бұл хикмет:

Беңишт айтур: мен артық, дидар курмак менда бар,  
Дидарини курсатурға рахим атлиғ рахман бар.

Дозах анда тик турди, беңишт ғузирини айтди,  
Кул Қожа Ахмад не билди, билдиргучи издан бар  
[29,207], –

деп аяқталады.

Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтардың көпшілігінде өлең сөзбен сайысу дәстүрлері жақсы сақталған. Әсіресе, бұл үрдіс қазақтарда бүгінгі күнге дейін желісін үзбей жалғасып келді. Қазақ фольклорында айтыс жанрының ерекше өркендерегендігін және оның басқа жанрлардан анағұрлық өміршең екендігін өмірдің өзі дәлелдей отыр. Алайда қазақ айтыстарының шығу төркініне зер салар болсақ, XVIII ғасырдан арыға бару қыын. Өйткені бұдан бұрынғы кезеңдердегі қазақ өмірінен айтыс туралы нақты деректер таба алмаймыз. XVIII ғасырдың өзінде оның мысалы санаулы ғана. Бұл кездे ол Шал ақын шығармашылығынан ғана орын алған. Ал Ақтамбердінің «Уа, Қарт Бөгембай!» деп басталатын арнауы мен оған жауап ретінде айтқан Үмбетейдің «Ей, Ақтамберді, Қабанбай!» деген толғауын айтыс үлгісі деп қарастыруға келмейді. Себебі мұнда сөз шеберлігімен, тапқырлықпен күш синасудың белгісі жоқ, тек жырауларға тән өмір қажеттілігіне қарай сөйлеу ғана бар. Қазақ айтыстарының кең қанат жайған тұсы XIX ғасыр

екенін мойындау керек. Бірақ айтысты бергі ғасырлардың ғана жемісі десек, тағы да қателескен болар едік. Түркі тайпалары арасында айтыстың болғандығы туралы деректер көне қытай жазбаларында сакталып қалған. Белгілі қазақ тарихшысы Н.Мыңжан: «Тайпин Хуаниүжи» жинағында: «Түріктеги бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап, бір-бірімен өлең айтысады» деп жазылған. Біз бұдан қазақ өмірінің барлық саласына кең жайылып, күні бүтінге дейін жалғасып келе жатқан ақындар айтысының мұнан мың жыл бұрынғы батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екендігін байқаймыз» [25, 116], – деген болатын. Демек бұл деректер қазақ айтысының көне түркілік мәдениеттің қайта жанғырган түрлерінің бірі екендігін көрсетеді. Бұған қатысты М.Жармұхамедұлы да: «(...) М.Қашқаридын «Диуани лұғат-ат-түрк», Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі», Қожа Ахмет Иасаудің «Диуани хикметіндегі» мысал үлгісіндегі айтыстар түрік текстес халықтарға ортақ жазба әдебиетіміздегі сол айтыстың ерте кезден-ақ ел-жүртпен сіністі болып бірге жасап келе жатқан көне жанр екенін аңғартады» [111], – деген ой айтады.

Жалпы алғанда, айтыс жанрының фольклор мен әдебиетке ортақ сипаты мол. Оның ұжымдық, синкреттілік қасиетінің басымдығы, дәстүрге бағыныштылығы – фольклорлық белгілері болса, оны тудырушылардың, яғни авторларының, пайда болған мезгілі мен мекенінің анықтығы әдебиетке тән нышандар екені көміл. Яғни айтыс – ұжымдық және дара шығармашылықтың қасиеттері қатар көрінетін импровизациялық өнер. Бірақ мұнда дара шығармашылықтың үлесі көп болғанымен, ол өзіндік еркіндікте емес, айтыс өнерінің шарттарына бағынышты болады. Сол себепті ол фольклор жанры ретінде қарастыруға лайық. Айтыстың көне түркілерде болып, кейін ұмытылып, ұзак уақыт, бірнеше ғасырлық үзілістен соң, қазақ фольклорында қайта жалғастық табуының өзіндік себептері де жоқ емес. Өйткені

айтыс – сауықнамалық жанр. Ол ел ішінде бейбітшілік орнап, елдің бос уақытын өткізуге қажет сахналық өнер түрлеріне деген сұраныс пайда болған кезде ғана дамиды. XVIII ғасырдан бұрынғы қазак тарихындағы аласапыран соғыстар, қын-қыстау кезеңдер айтыстың дамуына мүмкіндік бермеген болатын. Бірақ тарихи дамудың ұзак сонар көшінде ел ішінде тыныштық орнап, сауық-сайран көбейген тұстарда ол дүркін-дүркін дамып отырды. Сондай тұстарда айтыс өнері дара шығармашылық иелеріне әсер етіп, авторлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетте өз ізін қалдырды. Ол, ен алдымен, айтыс ұлгісінде шығарылған өлеңдерден көрінеді. Жекелеген авторлар айтыстың әсерімен шығарған мұндай өлеңдердің кейбірі ұзак уақыттар өткен соң, әуелгі шығарушылары ұмыт болып, қайтадан фольклордың, яғни ұжымдық шығармашылықтың үлесіне көтті. Мұның мысалын Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» жинағындағы «Жаз бен қыстың айтысынан» көреміз. Аталған жинақ XI ғасырда жазылса, «Жаз бен қыстың айтысы» одан кемінде екі ғасырдай бұрын шығарылған деуге болады. Себебі М.Қашқарі бұл шығарманы өз жинағына енгізген кезде оның авторы ұмыт болып, фольклорлық мұраға айналған. Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметіндегі» бейіш пен тозақтың айтысы да көне түркілердің айтысу дәстүріне еліктеуден туғаны анғарылып тұрады. Мұнда да айтыс өнеріне тән қарсыласты сөзден ұту, уәжбен тоқтатудың кезделетіні бірден көзге түседі. «Диуани хикметте» айтыс ұлгісінің кездесуі де көп ойларға жетелейді. Дәстүрлі айтыстардағы секілді Жұмақ пен Тозақ өздерінің артықшылықтары мен бойындағы бар қасиеттерін тізбелеп, кезегімен қарсыласына мін таға, айыптай сөйлейді. Ұтымды уәж, бұлтартпас дәлелдермен бір-біріне кінә тағу арқылы женіске жетуді көздейді. Сөзі ұтымды болған Жұмак женіске жетеді. Мұндай айтысу тәсілдері М.Қашқаридың «Диуани лұғатындағы» Қыс пен Жаздың айтысында да бар екенін білеміз. Олай болса, көшпелі түрік тайпаларында, оның ішінде

қазақ ұлтын құраған ұлыстарда айтыстың ертеден қалыптасқан іргелі жанр екенін де анық аңғарамыз» [112], – дейді айтыс жанрын және Қ.А.Ясауи шығармашылығын қàтар зерттеген М.Жармұхамедұлы. Алайда бұл екі «Диуанда» да «айтыс» деген атау айтылмайды. М.Қашқари оны «ұрыс» (токуш) деп берсе, Қ.А.Ясауи «талас» (талаш) деп атаған. Дегенмен бұл атаулар мазмұндық жағынан «айтыс» терминінен алыс кетпейді. С.Мұқановтың: «Айтыс» – «айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасымен алғанда, «айтыс» екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ түрмисында қара сөз түрінде де болған. «Пәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады: «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» – деп те айтады» [35,151], – деп түсіндіруі осыны көрсетіп тұр.

Айтыс жанрының пайда болуы мен дамуына тән басты ерекшелік – бастапқы кезде бірнеше (көбінесе екі) ақынның өмірде сөз таластыруы түрінде болып, кейіннен оны, көбіне, жеңілген ақынның халық арасында жырлап таратуы, одан соң жыршылардың олардан жаттап алып, кейінгіге жеткізуі болса, айтыс түріндегі өлеңдерді әуел бастан-ақ жекелеген ақындар шығаратыны анық. Сондықтан мұны айтыс дегеннен ғері, «өлең» деп атаған дұрыс. Бірақ бұл өлеңдердің басты ерекшелігі – айтысқа тән көркемдік тәсілдердің және диалог формасының пайдаланылуы. Бұл өлеңдерде, көбіне, айтысуышының бірі – автордың өзі. Ал онымен айтысуышы етіп көрсететін екінші кейіпкер жан-жануар немесе тұтынатын зат, кейде аруақ болып келеді. Мұның өмірде болған айтыс емес екенін де танытатын белгілері осылар. Айтыс улгісіндегі өлең-жырлар алғашқы кездерде шынайы, салмақты мәселелер төнірегінде шығарылған тәрізді. Мұны М.Қашқари, Қ.А.Ясауи жинақтарындағы айтыс үлгісіндегі шығармалардан көреміз. «Жаз бен қыстың айтысында» айтушы тіршілік болмысы айқын көрінетін жазды

женген етіп көрсетсе, Ясауи хикметінде Алланың дидарын көретін орын болғандықтан да, бейішке ұстемдік бергізеді. Бірінде – көшпелілер тіршілігі үшін пайдалы жайтарға назар аударылса, екіншісінде – мұсылманның ең басты мақсаты Жаратушының дидарымен жолығу екенін ұғындыру үшін айтыс өнеріндегі тәсілдер шебер пайдаланылған.

Кожа Ахмет Ясаудің шәкірті Сүлеймен Бақырғани де ұстазының ізімен айтыс ұлғісіндегі үш хикмет жазды. Оның «Бақырған кітабы» деп аталатын хикметтер жинағындағы «Жұмақ пен Тамұқтың айтысы» сопы-ақынның Шығыс әдебиетіндегі өзі ғашық болған туындысына еліктеп шығарма жазу дәстүрін ұлғі тұтқанын көрсетеді. Автор атынан сөйлейтін кейіпкердің ібліспен айтысы, Нәспі мен Рухтың айтысы туралы шығармалары Ясауи ұлғісін дамытудың көрінісі болмақ. Бұл хикметтерде де жақсылық жеңіске жетіп отырады [113].

Айтыс ұлғісіндегі өлеңдердің көне түріне жататын «Ақбала мен Боздак», «Аймандай мен Бабас» атты туындыларда өлі мен тірінің айтысы бейнеленеді. Шығарушысы ұмытылып, фольклорға айналған бұл өлеңдерде өздерін өлім айырган жастардың бір-біріне деген ғашықтық, қимастық сезімдері, өмірдің өткіншілігі, баянсыздығы, қабірдегі өмір жайы баяндалады. Демек мұнда да өз тұсындағы аса ірі әлеуметтік-философиялық, мистикалық мәселелер өзек етілген. «Ақбала мен Боздак», «Аймандай мен Бабас» өлеңдерінің ертеректе дүниеге келгендігін кейіпкерлер есімінің көнелігі ғана емес, ондағы ескі ұғым-түсініктер де көрсетіп тұр. «Айтальық, «Ақбала мен Боздак» айтысындағы Ақбаламен бірге қойылған бейіт ішіндегі «алтын-күмісті тұл такия» мен кейінірек қыз шешесі әкеліп қоюға тиісті кос қарқара жайлы әнгіме, сондай-ақ жігіттің қызы қабірі басында «өлеңмен бата қылу» салты да («Жебей көр, Ақбала қызы, мені есіркеп, басына бата қылдым өлең айтып») сол көне дәуірдің сенім-нанымы мен әдет-ғұрпын танытса керек» [114], – дейді М.Жармұхамедұлы бұл жайында.

Ел аузында және кейбір ғылыми әдебиеттерде «өлі мен тірінің айтысы» немесе «аруакпен айтыс», «өлікпен сөйлесү» деп аталатын бұл өлеңдердегі ескі танымды көп жағдайда шаманизммен, ең ескі наым-сенімдермен байланыстыруышылық жиі орын алғып келді. Мысалы, Х.Досмұхамедұлы: «Өлікпен сөйлесуде (переговоры с душами умерших) шамасы бақсылық әдебиетпен байланысты болса керек» [78,25], – дейді. Алайда мұндағы көне танымның сопылық дүниетаныммен, әсіресе, Ясауи хикметтерінде бейнеленген өлі мен тірінің арасындағы қатынас жайымен де сабактасатындығы ескерілмей жур. Қожа Ахмет Ясаудің хикметтерінде: «Аруахимдин мадат тиляб укиң зинһар» [29,162], «Жамла базрак (әулиелер – Б.К.) иғлыб менға инғам берди» [29,139], «Жамла базрак иғылыб дуния қойдырдылар» [29,140], – деген сияқты аруақ пен өмірдегі адамның байланысын танытатын жолдар жеткілікті. Айтыс үлгісіндегі өлеңдерде Қ.А.Ясауи дәстүрінің орны үлкен екенін осылан-ақ аңғаруға болады.

Алғашында ірі мәселелер сөз болған айтыс үлгісіндегі өлеңдер дами келе, тақырыптық ауқымын кеңейтті, әзіл-қалжының үлесі артып, ойындық сипаты күшейді. «Бірде өз атынан, бірде қабірдегі жары атынан сейлеген Боздақ та, Аймандай да іштегі қайғы-қасірет, мұн-зары мен «алдарынан кес-кестеп көлденен тұрған, ата жолына» деген наразылықтарын айтуда ұтымды әдіс – диалог үлгісін әдейі тандап алған. Өз тындаушысына әсер-сезімі айрықша бұл топтағы нұсқалар әдебиетімізде мысал жанрына ұқсас тәрбиелік мәні мол жаңа сипатты айтыс үлгісінің («Ат пен иесі», «Домбыра мен ақын», «Бұзау мен әйел» «Бай мен қасқыр» т.б.) туып қалыптасуына жол салды» [114,33], – деген М.Жармұхамедұлының пікірі осы өлең түрінің даму жайынан хабар беріп тұр.

Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлардың жанраralық байланысы өте күшті. Ол айтыспен тіkelей астасып жатуымен бірге, өзге де әдеби-фольклорлық жанрлардың көптеген сипаттарын

өз бойына жинақтады. Ол өзінің тарихи дамуы барысында өзге жанрлардың өркендеуіне, дамуына ықпал етті, өзінің де олардан алған көркемдік әдіс-тәсілдері мол болды. Әрине, кейіпкері жан-жануар немесе зат түрінде көрінетін өлеңдердің мысал жанрына ұқсауы заңды. Мұнда мысал жанрындағы дай аллегориялық тәсіл кең түрде қолданылады. Махмұт Қашқари жинаған «Жаз бен қыстың айтысында» қазіргі жазба әдебиеттегі табиғат лирикасына тән ерекшеліктер тұнып тұр. Осының мысалы ретінде Ә.Күршішканұлының аудармасы бойынша шығармадан үзінді бере кетейік:

Аспан асты жасыл-ды,  
Тұман оған қосылды,  
Айғыр бие жосылды,  
Оқыранып әр үйір.

Қырда майса асыкты,  
Ку шөптерді басыпты,  
Көлдер толып, тасыпты,  
Сиыр, бұқа мөніресті.

Құтырыпты құландар,  
Арқар, киік – бұл андар,  
Лек-лек болып сылаңдар,  
Жайлауына бет алып [51,316-317].

Бұл жолдардан Абайдың «Жаз» өлеңімен етene жақын үндестік сезіледі.

Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлар қазақ әдебиетіндегі ерекше дәстүрлердің бірі болып қалыптасып, оны кейінгі ақындар да құлшыныспен жалғастырды. Мұнданың өлең-жырлар Майлышқожа Сұлтанқожаұлының, Сүйінбай Аронұлының, Мәшіһүр-Жұсіп Көпейұлының шығармашылығында кездеседі. М.Ж.Көпейұлы осындағы бір өлеңінде өзін тырнамен айтыстыру әрқылы имандылық жайын тілге тиек етеді [115]. Келесі бір өлеңінде

ақын қарғамен айтысуды бейнелейді. Мұнда да дүниеге алданып, иманнан айырылып қалмау жайы уағыздалады [115,220-223]. Алғашқысында тырна-кейіпкер бір тоты құстың ешкімге ұстаптаймын деп тәқаппарлыққа салынып, Құдайдың қаһарына ұшырап, балалар құрған торға қалай түсіп қалғанын білмей, соған өкінгені туралы тәмсілді баяндаса, кейінгісінде қарға-кейіпкер ез қауымының өлексе жеп жүріп, Нұх (ғ.с.) пайғамбардың тапсырмасын ұмытып, сол себепті қарғысқа ұшырағанын жырлайды. Екі мысалдан да дүниенің тұтқынында қалып, Құдайдың қаһарына ұшырап қалма деген ғибрат туады. Бұл өлеңдерде Қожа Ахмет Ясауи дәстүрінің ізі бар деуге болады. Айтыс үлгісін пайдаланудың үлесі Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында да қомакты. Оның «Айтыс», «Таныстыру» атты «поэма» деп бағаланып жүрген атақты шығармалары осы топқа жатады. Мұның алғашқысында қала ақыны мен дала ақыны айтысса [116], соңғысында оқыған қазақ пен оқымаған қазақ өзара сұхбаттасып, Алашорда азаматтарына баға береді [116,146-164]. Бұл екі шығарманың алғашқысы айтыс үлгісінде екені анық. Өйткені мұнда екі ақынның бір-бірін жеңуге тырысқаны бейнеленеді, екеуі де өзінің артықшылықтарын көрсетіп, қарсыласының кемшілігін бетіне басады. Сыр бойы ақындық мектебінің жазба айтыстарын зерттеген Л.М.Әbdіхалықова осы катарда Ш.Құдайбердіұлының «Жайлаудың баласымен айтысқаны», М.Дулатұлының «Карақұс һәм адам», Ж.Басығариннің «Ғылым мен надандықтың айтысқаны» туындыларын да атайды [117]. Бұдан біз бергі замандарға жақындаған сайын айтыс үлгісіндегі өлең-жырларда автор бейнесінің айқынырақ көріне бастағанын байқаймыз. Сондай-ақ бұл тәсілмен жазылған туындылар уақыт алға жылжыған сайын жанрлық синcretизмін күшетіп, көркемдік күралдарды пайдалану ауқымын кеңейте түскен.

Айтыс үлгісіндегі өлеңдер айтыскер ақындар шығармашылығынан да ауқымды орын алды. Олар Кенес

дәуірінде шыққан түрлі жинақтарға еніп, «мысал айтыс» деп аталды. 1965 жылы жарық көрген «Айтыс» жинағының 2-томында [118] және 1966 жылы жарияланған 3-томында [119] осы мысал айтысының ұлгілері берілген. 2-томда «Караашекпен мен қасқыр», «Кеккүтән мен шымшық», «Жұманазар мен домбыра», «Тоқты мен қасқыр», «Теміrbай жырау мен сиыр», «Бабақбай мен қасқыр», «Салпық пен ат», «Ыңдырыс пен тайлак»; 3-томда «Есмақан мен Оразгүл», «Бай мен бәйбіше», «Торыйайғыр мен Телпекбай», «Әшім мен ақ тұсақ», «Төрт түлік», «Шашубай мен Қасқыр», «Ат пен трактор», «Саяділ мен әйелі және қызы», «Қасқыр мен қой», «Бабас пен қасқыр», «Бай мен қойшы», «Еңбекші мен жалқау» атты мысал айтыстары енген. Бұл шығармаларды «айтыс» деп атаудың тым шартты екені өз-өзінен түсінікті. Бұлардың көшілігі жазбаша түрде дүниеге келген авторлы шығармалар екені белгілі. Жоғарыдағы айтыс жинақтарының түсініктерінен сөз болып отырған туындылардың әрқайсысының шығарушылары бар екенін көреміз және олардың көбі – Т.Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Біржан сал, Шашубай, С.Керімбаев сияқты көпке танымал ақындар. «Мысал – жазба айтыстың бір саласы. Сыр бойы шайырларының жазба айтыс өнерінде мысал айтысты туғызу арқылы жасалатын шығармаларының көркемдігі де, деңгейі де, тіпті маңыздылығы да биіктен көрінеді. Ақындар өмірдегі оқиға жаңалықтарды мысал етіп жеткізіп отырады. Әсіресе, өз заманының керегар болмысын, кертартпа әрекеттерін ақындық болжамын салыстырмалы тұрғыда табиғатпен үндестіре отырып, болмаса қарапайым тіршілікпен шендестіре отырып жырлайды, қоршаған құбылыспен диалог құрады, сол арқылы өз армандарын жеткізеді» [117,15] – дейді Л.М.Әbdіхалықова. Қазіргі белгілі айтыс ақыны әрі жазба айтыстарды зерттеуші Б.Шойбеков мысал айтыстарының жазбаша ғана емес, ауызша туған түрлері де аз екенін айттып, оны арнайы зерттеу керектігі туралы мәселе көтереді [120]. «Мысал айтыстары»

деп аталған шығармалардың көбі Қожа Ахмет Ясауи ілімінің ықпалы күшті Сыр сүлейлерінің шығармашылығынан орын алуды тегін емес.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бергі заманға жақындаған сайын айтыс ұлгісіндегі өлеңдерде юмор мен сатираның күшіне түскенінің накты дәлеліндей болып, сөз болған «Айтыс» жинағының 2-томындағыдан Кеңес дәуірінде дүниеге келген 3-томындағы мысал айтыстарында юмор мен сатираның салмағы арта түскен. Ұл туралы жинақты құрастырушылар: «Төртінші бөлімдегі ақындардың мысал айтыстарында хайуанаттарды айтыстыру арқылы өндірістегі олқылықты, адам мінезіндегі кемшілікті мысқылдан мінейді. Мысал түріндегі айтыстың тілі юмор мен сатираға құрылған» [119,7], – дейді. «Диуани хикметте» юмор мен сатира айқын көрінбегенімен, ондағы сыншылдық көзқарастың кейінгі сатирашыларға ықпалы тигені сөзсіз. Х.Сүйіншәлиевтің: «Мысалы, тәжіктің XIX ғасырда жасаған даңқты ақыны Һайрат Йасауи шығармаларының сыншылдығын жоғары бағалап, өзінің сатира жазудағы ұстазы Йасауи болғанын ескерткен» [8,116], – деген дерегінен осы ақиқат көрінеді.

А.Әлібекұлы айтыс ұлгісін пайдаланудың Сайф Сараида да бар екенін айттып, ақынның «Байлық пен жарлылықтың пікірталасы» атты шығармасын соның мысалы етіп көрсетеді. Сөйтіп оны Шығыс әдебиетінде бар *муназара* жанрына жатқызады [103,161]. Бірақ көне түркі ақындарының айтыс ұлгісіндегі өлеңдері «пікірталасы» дегенді білдіретін муназарадан гөрі дала тіршілігімен біте қайнасқан айтыстардың ерекшелігін көбірек еске түсіреді. Әсіресе, Ясауидің «Бейіш пен тозақтың айтысында» қарсыластың мысын басу үшін өз-өзін көтермелей суреттейтін айтысқа тән сипат бірден көзге түседі. Оның үстінен, хикметтерінің ауызша тарауын да көздеген ұлы шайықтың фольклорлық тәсілдерді көбірек қолдануға тырысқаны көп күмән туғызбайды.

Айтыс үлгісіндегі өлең-жырларды жанр немесе жанрлық түр деп ұғынған дұрыс емес. Бұл топтағы туындылар жанрлық ерекшелігі жағынан әркелкі. Олардың бірі – өлең, бірі – баллада, бірі – мысал, бірі – діни-рухани туынды, яғни хикмет, бірі – поэма болып кете береді. Енді бірінде олардың бірнешеуінің сипаттары катар көрінеді. Осылармен бірге фольклордағы айтыстың ерекшеліктері катар көрінген кезде, оның жанрлық синкретизмі әбден қоюлана түсетіні айтпай-ақ түсінікті. Демек бұл шығармалардағы айтыс үлгісін ақынның өмір шындығының кейбір тұстарына оқырман назарын көбірек аудару және шығарманың эмоциялық әсерлілігін күшету үшін пайдаланған көркемдік тәсілі деп есептеген жөн. Мұнда ойындық сипат басым. Сол себепті әзіл-қалжың көп қолданылады. Тілсіз мақұлықтар мен заттармен айтысу дегеннің өзі-ақ еріксіз күлкі шақыратыны анық. Дегенмен әу баста бұл топтағы шығармаларға Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбардың жан-жануарлардың тілін білгені сияқты діни нағымдардың негіз салуы мүмкін екенін ешкім жоққа шығармайды. Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлар – фольклор мен әдебиеттің өзара ықпалдастығының, байланысының жарқын мысалы. Сондай-ақ ол – қазақ фольклоры мен әдебиетіне тән өзгеше әрі қонеден келе жатқан дара дәстүрлердің бірі. Бұл дәстүрдің бірден кең қанат жауына Қожа Ахмет Ясаудің айтыс үлгісіндегі хикметінің аса зор ықпал еткені күмәнсіз.

*Болжау сөздердің* де «Диуани хикметпен» байланысы бар. «Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашак баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табигат қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзben айтқанда, қазақ елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хактығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды» [78,22],

– дейді Х.Досмұхамедұлы. Стамбул басылымындағы 28- хикмет ақыр заман тақырыбына арналған.

Аулиялар еткан уағда келди болғай,  
Қияматни куни иауиқ болды, достлар.  
Ғақыл құллар болғаныны билди болғай,  
Халиқ илдан мәһир, шағфат кетти достлар.

Улуғ, кишик иаранлардин адеб кетти,  
Қызы уа жуан, зағифлардин хаия кетти.  
«Ал-хаиа минал-иман» деб Расул айтди,

Хайасыз қауым ғажаиблар болды, достлар [29,176], – деп басталатын бұл хикмет Ясаудің өз заманы туралы айтып тұрғанындағы көрінеді. Шынында да, жедел өткен шақ формасында баяндалған оқиға оқырманға қазір болып жатқандай әсер етеді де, ол автор уақытымен бірігіп кетеді. Бірақ ақырзаман тақырыбы әрдайым болашақ уақытпен байланыстырылатынын билетін оқырман оны болжау сипатында да қабылдайтыны күмәнсіз. «Диуани хикметтің» Ташкент басылымына басқа да қолжазба түрінде жеткен хикметтерін қосып тәржімалап, бастырған Тұрсынәлі Айнабекұлы өз сезінде Искакхан Жұнайдұлла қожа ұлының «Мирас-ибрат» деген Ферғана тарихына арналған кітабында Қожа Ахмет Ясаудің орыс әскерінің сегіз жүз жылдан соң Туркістанды қоршап алатынын дәл болжап кеткені айтылған дейді [121]. Ясаудің «Фақрнамасында» да ақырзаманда болатын қындықтар туралы баяндалады [122].

Болжау өлеңдері көп кездесетін зар заман поэзиясын зерттеген Б.Омарұлы осыған қатысты мынадай ой айтады: «Қожа Ахмет те, Сұлеймен (Бақырғаниді айтып отыр – Б.К.) де дінсіздіктен шошынады. Таным-түйсігі терең, іліми қағидаларға жетік екі ойшыл ортак сарынмен ой толғайды. Өздерінің құнсыз деп таныған дәуірін ақырзаманға балайтын олар қауіп-катерді, зардап-залалды келешектен де күтеді. Осы шақтағы және келер

шактағы «ақырзаман» үгымын осылай екі ынғайда таныту үрдісі кейін зар заман поэзиясына ауысты» [123]. Біздіңше, Кожа Ахмет Ясаудің ақырзаман мәселесін өз заманындағы шындық сияқты жырлауын көркемдік тәсіл сипатында қабылдаған дұрыс сияқты. Автор сол арқылы ақырзаман сипаттарының имандылық әлсіреген барлық заманда да белгі беретінін сезіндірген. Сондай-ақ осы хикметті оқыған оқырман жүрек көзі ашылған әулиенің уақыттық алшактықты аттап өтіп, кейінгі заманғы қауыммен бірге қайғырып отырғанындаі эсер алады. Ясауи өзі көтерген ақырзаман мәселесінің болашақпен байланысты екенін хикметте де анфартады. Бұл хикметтің соңғы шумағында ұлы шайық өз бейнесін сомдап, оны өткен шакпен біріктіреді, өзі кейінгі ұрпақпен бірге тұрып, өткен заманға және сол замандағы өсінет айтып тұрған өз тұлғасына баға бергендей эсер қалдырады. Сол арқылы мұндағы уақыттың көркемдік қызмет атқарып тұрғаны сезіледі.

Хиямат кун иауиқ иетти, қалғаны иок,  
Кул Ахмадни айтқан сузин иалғани иок.  
Уз узига бир насихат қылғаны иок,

Насихитын халыққа айтыб кетти, достлар [29,177], –  
дейді мұнда. Соңғы шумақтағы өткен шақ формасындағы  
сөйлеу ұлғісі ғұл хикметтің болашақ жайында айтылған-  
дығынан хабар беріп тұрса, ғұл шығарманың да болжау түрінде  
екенін түсіну киын емес. Бұдан басқа осы басылымдағы 24, 31,  
63-хикметтерде де ақырзаман жайы аз-кем айтылады.

Қазақ фольклорында шешендік сөздердің ішінде болжау  
сөздер көп кездеседі. Және олардың дені ақырзаман  
тақырыбымен байланысты болып келеді. Жоғарыда келтірілген  
Ясауи хикметіндегідей, шешендік сөздерде де болашақта  
болатын барлық жамандықтың туу себебі адамдардың иманнан  
азуынан деп көрсетіледі және оның көрінісі ретінде арсыздық  
пен ұяттан безудің етек алуды суреттеледі. Тайжан бидің XVIII

ғасырдың соңында 80 жастан асқан шағында ақырзаман жайында айтқан сөзінен осы ақиқат танылады:

Әйелі тәуірдін шаруасы түзеледі,  
Әйелі нашардың шаруасы күйзеледі.  
Кейлекті шолақ, дамбалды қысқа киеді,  
Борбайы көрініп журеді.  
Адам азғанда ар-ұят қалмайды,  
Атаның тілін бала алмайды,  
Құдай сабыр бермесе, оны түзеп болмайды [124].

Рухани ілім иесі болған би-шешендер болашақ жайын дәл болжай білді. Мысалы, шекті Мөңке бидің:

Заманақыр боларда,  
Жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар.  
Балалары жетім болар,  
Әйелдері жесір болар,  
«Ә» десе «мә» дейтін кесір болар...  
Кигенін сірісінен басады,  
Аяғын қымтаудан қашады.  
Атасының асы емес, келін тусірген той емес,  
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады,  
Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қызын болады...  
...Ақылың болса сөз тында,  
Ұлылар не деп толғайды.  
Жалп-жалп еткен жапалақ,  
Шоқысыз жерге қонбайды.  
«Азамат» деген жігіттің,  
Дәулеті тайса басынан  
Аруағы болмайды.  
Дәулет берсе құдайым,  
Киген тоныңды тұлқі етер...  
Дәулет кетсе қолыңнан,  
Тұлқі кисен, күлкі етер [125], –

деген сияқты сөздері болашақта болатын келенсіздіктерді егжей-тегжейлі көрсеткен. Бұл шешендік сөздер Ясаудің ақырзаман жайындағы хикметтеріне имансыздық салдарынан туған жамандық түрлерін бейнелеуі жағынан, яғни нысан ортақтығынан ғана емес, бейнелеу субъектісі тұрғысынан да өте жакын тұр. Олардағы сөйлеуші тұлғаның уақыт пен кеңістік кедергісіне қарамай, бәрін көріп-білуші, кереметтік қасиеті ұқсас сипатта бейнеленеді. Сопы Аллаярдың «Сәбат-ул ажизин» шығармасына түсінік ретінде жазған Тажұддин Жалшықұлдың «Рисала-и азиза» атты кітабында Кожа Ахмет Ясаудің ақырзаман кезінде шығатын дін бұзушыларды дәл сипаттап көрсеткен «Нәжату-з зәкирин» және «Танbihu-z zalin» деген еңбектері болған деп көрсетеді [126]. Алайда кейінгі зерттеушілер «Танbihu-z zalinde» ясауия тариқатының өкілі, Бұхарадан шыққан шайық Құдайдадтың XVIII ғасырдың екінші жартысында жазған шығармасы дейді [45,66]. Біздінше, Құдайдад шайық аталмыш еңбегін ұстазына еліктеп жазған болуы керек. Сопы Аллаярдың «Сәбат-ул ажизинің» осы тұсын еркін тәржімелеген ақын, аудармашы С.Нұржанның аудармасын бере кетейік:

... Тағы бір топ көрсетіп жүр қарасын,  
Аты – мүмін, нәспі женген санасын.  
Жиып алып кілең жуанмойынды,  
Барады улап байтағымның баласын.  
Журегі – тас, көзі мұздай, кеуде – нас,  
Сейте тұра болғысы бар елге бас.  
Шаригаттың үкімдерін бұрмалап,  
Қай кезде де Құдай сүйген ерге қас.  
Ол залымдар қандай жолды тұтады? –  
Айтады оны «Танbihuzzалин» кітабы.  
Тұзу жолды таппастай боп адасқан,  
Оларға жат – діннің таза жұпары.

«Жетіп жатыр қаңғырған мен санды ұрған,  
Адаспасын арттан өнген балдырған» –  
Деген оймен, олар жайлы шын сөзді  
Құл Қожа Ахмет Ясауи қалдырған [127].

Осы жолдардан Қожа Ахмет Ясаудің де болашақ жайын тәптіштеп бейнелеген «Фақырнамадан» басқа да шығармалары болғандығын білеміз. «Диуани хикметтегі» және би-шешендердің болжаяу сөздеріндегі ақырзаман тақырыбының ортақ сипаттарының мол болу себебі олардың авторларының рухани ілім иесі болғандығынан деп есептейміз. Ал бұл тақырыптың дәстүрге айналуында Қожа Ахмет Ясаудің орны орасан зор. Жүрек көзі ашық, хикмет иесінің болашақты болжая мүмкіндігі бола тұра, ақырзаман тақырыбын қозғамауы да мүмкін. Бірақ би-шешендер өздерінің алдында келешек келеңсіздіктерін көрсетіп, келер ұрпакты одан сақтандыратын сөздер қалдырған Қожа Ахмет Ясаудей үлгі тұтар ұлы тұлға болғандықтан, оның ізімен болжаяу сөздерін шығарған. Болжаяу сөздер фольклор жанрын тудырушы әрі таратушы би-шешендер аузынан ғана емес, ақын-жыраулар тарапынан да көтеп шығарылды. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шортанбай, Мұрат Мөнкеұлы, Ақтан Керейұлы, Албан Асан сияқты майталман ақын-жырауларда да ақырзаман жайын қозғаған өлең-жырлар, толғаулар бар. Бірақ біз фольклор мәселесіне ғана қатысты мәселелерді көтеріп отырғандықтан, ақын-жыраулар шығармашылығына тоқталмаймыз.

Қазақ фольклорындағы *мінәжат* үлгілерінің қалыптасуына да хикметтердің тигізген әсері аз емес. «Діндар дәуір мұнды, зарлы сөздеріне мінәжат деп ат койған. Әуелінде мінәжат деп ғұламалардың құдайға айткан зары, арызы, налысы айтылған. Бара-бара зарлық мұндық мағынасына айналып, зарлық өлең сияқты сөздер де мінәжат деп аталатын болған» [85,438], – дейді А.Байтұрсынов. Бұдан мінәжат өлеңдерін ең басты айқындаитын нәрсе – шығарманың Құдайға бағышталғанын білдіретін қаратпа

сөздер екенін көреміз. А.Байтұрсынов бұған да назар аударған: «(...) мінәжат түріндегі сөз әман құдайға айтылатын сөз емес, басын ғана құдайға қаратып айттып, ар жағы әншейін мұн сөзі болатыны; мінәжаттың басын алып тастаса, басқасы мұн толғау, зарлау» [85,439]. Бұл тұрғыдан келгенде, Қожа Ахмет Ясаудің «Мунажат би дарғаң қази ал-Жалла-Жалала» деп аталатын хикметінен ғөрі, басқа хикметтерінің басым бөлігінің мінәжаттық қасиеті басым болып шығады. Ясауи «Бірім және Барым», «Заты ұлық қожам», «Мәулім», «Пәруардигар» т.б. Құдай сипаттарын білдіретін қаратпа сөздердің көмегімен көп хикметтерін жалынушылық, жалбарынушылық мазмұнға көмкереді. Сол арқылы ол Жаратушыға жалбарынудың, Оған қалай ұнаудың үлгісін көрсетеді. Халық арасына кең түрде тараған хикметтердің бұл қасиеті фольклорлық шығармаларға өз әсерін тигізіп, жаңа мазмұндық өң берген.

Құдайға қарата сөйлеу жағынан қазақ фольклорындағы бата жанры мінәжатқа жақын тұрады. Бірақ олардың елеулі айырмашылығы бар. Батаның басты ерекшелігі – нақты бір мақсатта Құдайдан тілек тілеу. Ол тілекті ел, ру басы ақсақалдарының қызметіне риза болғанына немесе өздерінің өтінішінебайланысты жастарға, ұстаздыңшәкіртіне, қонақтың үй иесіне, дастарханға, ауыл ақсақалының жолаушы шыққандарға бағыштауы мүмкін. Тілек тілеу мінәжатта да бар. Бірақ мұнда эмоциялық реңк күшті болады, Құдайға мұн шағу, барынша жалбарыну басым. И.Жеменей: «Мінәжат – арабтың «мунажат» деген сезінен шықкан. Парсы әдебиетінде бес мағынасы бар: 1. Біреумен сырласу, сыйырласу; 2. Алламен сырласу; 3. Біреудің ішкі ойын ұғыну; 4. Сырласу; 5. Алладан тілеу» [102,110], – дейді. Осында көрсетілген барлық қасиеттер мінәжаттың өзіндік ерекшеліктері болып табылмак. Мінәжаттың батадан айырмашылығы – ол тек өмірлік қажеттіліктерге байланысты тілек тілеу ғана емес, Құдайға құлшылық ету түрі екендігінде. Сондай-ақ ондағы зарлы, мұнды пафос, тілек тілеушінің ішкі

сырын жайып салуы, жалпы эмоциялық реңкінің басымдығы да оны батадан ерекшелейді. Мінәжаттағы ішкі сырды жаю, көбінесе, өз күнәларын әшкерелеумен, өз-өзін кор тұтумен байланысып жатады. Х.Сүйіншәлиевтің Ясауи туралы: «Ол оқушысынан ешиэрсе жасырмайтын сияқты» [8,114], – деуінде осы шындық жатыр деуге болады. Батада тілек тілеушінің жеке басына қатысты жағдай, оның көніл-күйі, арман-ансары, тағдыры айқын болмайды да, мінәжатта ол барынша жарқырай көрінеді. Сондай-ақ мінәжат бата сияқты нақты бір өмірлік жағдайға (дастарханға, ішілген асқа, жолаушының жол журуіне т.с.с.) тәуелді түрде атқарылмайды, оны тілек тілеуші кез келген жағдайда айтуы мүмкін. Және де мінәжат бата тәрізді көпшілік арасында емес, түпкі мағынасы айтып тұргандай, Құдаймен оңашада сырласу үлгісінде дүниеге келеді. Дегенмен Құдайға қарата сөйлеу, тілек тілеу жағынан бата жанры мінәжатқа барынша жақын тұрады. Сондықтан да болар, И.Жеменей мінәжат пен бата-тілектің туыстығын көбірек сөз еткен [102,117-120].

Қазақ фольклорындағы мінәжаттың барлық сыр-сипатымен көрінетін шығармалар жеке түрде емес, эпикалық туындылар ішінен орын алады. Қазақ эпосы үлгілерінде жыршы сөзі мен кейіпкерлер сөздерінің мінажат түрінде келетіндері жиі ұшырасады. Жыршылардың көбі эпикалық туындыларды айтуды, көбіне Құдайға сиынудан, жалбарынудан бастайды. Мысалы, Ергали Есенжолов жинаған «Қисса Көрүғылы» жыры:

Айла мәдет жаппар хак,

Сейлесін деп біздерге

Беріп еді тіл мен жақ.

Бір киссаны аяқтап,

Тамам етіп кетейін

Жар болса егер аруақ [128], –

деп басталады. Жырлаушы сөздерінің ішінде әр кез Құдайдан жәрдем тілеген сиыну сөздері кездесіп отырады. Дегенмен

мінәжаттық мәндегі кейіпкерлер сөздері жырлаушы сөзінен көбірек. Әсіресе, діни мазмұн айқынырақ көрінетін «Алпамыс батыр», «Мұндық-Зарлық» жырларында мұндай мазмұндағы кейіпкер сөздері жиі бой көрсетеді. Әдетте, мұндай сөздер кейіпкерлер баласыздық зарын тартқанда, ата-анасынан, туған туысынан айырылғанда, ғашығына жете алмаған кездерде, жау қолында кіріптарлықта жүргенде, тілегіне жете алмаған кездерде т.с.с. қиналыш кездерінде айттылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының С. Ақжоқаев жырлаған нұсқасында баласыздық зарын тартып, әбден қасірет шеккен Байбөрінің Құдайға жалбарынған сәті былай беріледі:

Кұбылаға бас беріп,  
Екі көзге жас беріп,  
Байбөрі хаққа налынды:  
— Алмадың, құдай, жанымды.  
Бір баланың жоғынан  
Ағайын жейді малымды.  
Айналайын атыңнан  
Жаратқан жалғыз, құдайым.  
Бір баланың жоғынан  
Зорлық қылды маңайым.  
Әкім қыла сөйлейді  
Баласы көп ағайын.  
Көретін құнің болар ма  
Көзімнің жасын, құдайым!  
Сүйегім кетті жасық бол,  
Достым кетті қашық бол.  
Көретін қөзім көр болды,  
Бір перзентке ашық бол.  
Аққан жасым тыя алмай  
Перзенттің дағы өтеді.  
Баласы жоқ адамның,  
Әркімге ақы кетеді.

Байбөрі қубас деген сөз,  
Сүйегімнен өтеді.  
Жаратқан жаппар құдай-ай,  
Перзентке зар қып қойғанша,  
Жаратпасаң нетеді?! [84,88].

Әрине, мұндағы тілек пен хикметтердегі тілектің жөні бөлек. Ясауи Құдайдан оның ризалығын, дидарын және өзіне ғашықтық хал беруін сұраса, эпостық жыр кейіпкерлері перзент немесе өзінің жоғалтқан ата-ана, туысын, өзінің ғашығын тілейді. Бірақ оларға ортақ сипаттар мол. Олардағы тілек тілеушінің ғашықтық халі ең басты ұқсастық. Жоғарыдағы мысалда «Бір перзентке асық боп» деген жолдан көп сыр аңғаруға болады. Сол себепті олардың сұраған тілегі баталарға қарағанда эмоциялық бояуға барынша қанық. Олар Құдайдан сұраған нәрсесін бар жан-тәнімен, үздіге тілейді. Тіпті кей тұстарда торығу, түнілу нышаны да сезіліп отырады. Бірақ ешқашан өз тілегенінен құдер үзбейді. Бұл – алдыңғы тарауда сөз болған Ясауи жолындағы қауіп-рижа мақамымен байланысты туған бейне.

Эпикалық кейіпкерлер мінәжатында да Ясауи хикметтеріндегідей Жаратушыны қаншалықты дәріптеген сайын, өзін соңшалықты төменшіккетіп көрсету басты орында болады. Келтірілген мысалдағы «Сүйегім кетті жасық боп, Достым кетті қашық боп, Қоретін көзім кер болды» деген сияқты жолдар өз-өзін түкке тұрғысыз етіп көрсетудің дәлелі бола алады. Мұның бәрі Ясауи хикметтерінен үлгі етіп алынған көңіл-күй типі екені көп күмән туғыза қоймайды. Себебі, осы текстес көңіл-күй типтері хикметтерде мол және ол типтер көне түркі әдебиеті мұраларында дәл хикметтердегідей көп кездесе бермейді. Өз мақсат-мұратына жету жолында тартқан азабы мен қыындығын көлденең тарта отырып, Жаратушыға жалбарыну хикметтерде ете әсерлі берілген.

Илик еки иашта кечдим ханмандин,  
Ханманим не курингай балки жандин.

Баш тасаддик, жан тасаддик һам имандин,  
Бир уа Барым, дидарынны куармин му? [29,145], –  
дегендей шумактар хикметтерде аз емес.

Екі шығармашылықтағы образ жайы сөз болғандықтан, осы тұста ескере кететін бір мәселе бар. Ол – Ясауи хикметтеріндегі кейіпкер мәселесі. Зерттеушілердің көбі оны «лирикалық кейіпкер» деп атап жүр. Бұл мәселені әлі де теренірек қарастыру керек. Өйткені хикметтерде қазіргі лирикаға тән лиризм, әр түрлі қөніл-күй типтері, медитациялық бастау, экспрессиялық әсер, ең бастысы, поэзия үлгісінде жазылуы сияқты белгі-қасиеттер мол болғанымен, оны лирикаға толық жатқызбайтын ерекшеліктері де одан кем емес. Оның ең бастылары: хикметтер қазіргі лирика сияқты эстетикалық қабылдау үшін шығарылмаған және мұнда лирикадағыдей реалды автор мен шығармадағы бейненің (лирикада – лирикалық кейіпкер) арасындағы елеулі айырмашылық жоқ. Сол себепті хикметтердегі бейнені әрдайым «лирикалық кейіпкер» деп атаудың жөні келе бермейді. Әдебиет теорияшысы С.Н.Бройтман мұндай канондық жанрлардағы автор бейнеленуші емес, бейнелеуші, сомдалушы емес, сомдаушы екенін тілге тиек ете отырып, «Сондықтан өзінің де, өзгенін де образын сомдауы мүмкін екендігіне қарамастан, ол *образ емес*. Бірақ автор образы мен тудыруши-автор – мұлдем белек феномендер. Тудыруши статусында автор өз шығармасына қатысты тек оның ішіндеған қалып қоя алмайды: ол оған қатысты сыртқы өмірлік тұрғыны әрдайым ұстануы керек» [129], – дейді. Онда мұндай канондық жанрлардағы басты бейнені қалай атаймыз деген сауалдың туындары сөзсіз. Бұған жауапты автордың өмірлік тұлғасы мен оның шығармадағы бейнесінің арақатынасын сөз еткен еңбектерден ізdegен дұрыс. В.Е.Хализев осы мәселені А.С.Пушкин шығармашылығына қатысты қарастырған орыс философы С.Л.Франктың «Көркем шығармашылықтың негізінде жеке өмірдің эмприкалық тәжірибесі емес, рухани тәжірибе жатады», – деген сөзін

келтіре отырып, шығармадан танылатын автордың реалды автормен бір емес, бірақ олар бір-бірімен тығыз байланысты, реалды автор мен автор бейнесін бір-бірімен байланыстыратын рухани тұлға деп есептейтін қөзқарастын да өзіндік орны бар екенін айтады [97,65]. Сөйтіп осы концепцияларды негізге ала отырып, Ясауи хикметтерінен танылатын бейнені, ретінде карай, «рухани тұлға» деп атаған дұрыс сияқты. Өйткені бұл жерде көркем ойдан шығарудың үлесі мүлдем аз. Ал хикметтердегі медитация уақыттық айырмашылықтың ғана жемісі болуы мүмкін. Яғни Ясауи хикметтердегі көңіл-күйді сол сәтінде ғана емес, бір кезде өзі басынан кешірген ахуалды қайта есіне алғып бейнелеуі мүмкін. Бірақ мұнда ойдан шығарудың мардымсыз, тек еске түсірудің ғана басты орында болатынын ұғыну қыны емес. Осыған орай, біз көп жағдайда «рухани тұлға» атауын қолдануды жөн көрдік. Сондай-ақ «автор бейнесі» атауын да қатар қолданған дұрыс сияқты. Өйткені кейбір хикметтерде автор өз-өзін сырттай бақылаушы, өз-өзіне баға беруші ретінде көрінеді. Сөз жоқ, мұндай сәттерде шығармашылықтың көркемдік қызметі белсенді болады.

Ясауи хикметтерінде де қазақ фольклорындағы эпос кейіпкерлерінің мінәжаттық сөздерінде де рухани тұлға мен сөйлеуші кейіпкердің бастан кешкен қындықтарын айтуы – соны Жаратушы ескерер ме екен, соның өтеуі ретінде сұрағанын берер ме екен деген үмітінің де көрінісі. «Алпамыс батырдағы»:

Құдіреті құшті құдайым,  
Бір өзіне жылайым.  
Өзімнің итім құтырып,  
Өзімді келіп қапқан соң,  
Бұған не айла қылайын [84,68], –

деген Жәдігердің сөзінен Құдайдың ұлылығын дәріптеп және өзінің шарасызыдығына шағына отырып тілек тілеу үлгісін көреміз. Мұндай мінәжат түрлері эпикалық туындыларда көп кездеседі. Мұндай мінәжат кейде пірлерден медет тілеуге де

ұласып кетіп отырады. Оның себептерін алдыңғы тарауда айтқандықтан, бұл мәселеге қайта соғудың жөні деп санаймыз. Құдайды дәріптеу Ясауи жолындағы зікірмен де тығыз байланысты. «Алпамыс батыр» жырында мінәжатпен бірге зікір үлгісінің де катар көрінетін кездері бар. Мысалы, жырдың Ж.Шайхысыламұлы жариялаған нұсқасында, [84,75], С.Ақжоаев варианттында «Әу-һалам, ау-һай» [84,176], А.Байтұрсынұлы варианттында «Алла, hy», «Иә, hy, һалам, ia, hy-ай» [84,272-273] – деген зікір формулалары кездеседі. Бұның бәрі – Ясауи жолында колданылған зікір үлгілері. Бұл туралы Ф.Көпірлі былай дейді: «Зікір миншарі» деп те аталатын бұл зікір салу әдісі жайында Мұхаммед Faus былай дейді; «Зікір миншаридің» жолы – екі қолын мықынына қойып, терең тыныс алып, «Ха» деуі керек. Содан кейін тынысын ішінен (қарнынан) тәменгі жактан шығарып, терең тыныс алып бар күшімен қатты «хай» деуі керек және осылайша қайталануы керек. Бір ағаш ұстасы ағаш тақтайдың үстінен арамен қандай дауыс шығаратын болса, зікір салушы адам да жүрегі түзеліп, тазару үшін зікірді жүрек тұсынан шығаруы қажет. Кейбір шайқылар «зікір миншариді» «Ху, Хай» сөздерімен салады, ал кейбіреулері «Аллаһ» сөзімен салады» [14,150]. Байқағанымыздай, Ясауи жолындағы зікірде Құдайдың Ху, Хай есімдері жиі айтылатын болса, бұл есімдер «Алпамыс батырда» да бас қаһарман аузынан айтылып тұр (тек «Алпамыс батыр» басылымында Хай есімі «һай» түрінде берілген). «Алпамыс батыр» жырында зікір формулаларының мінәжат сөздерімен қатар берілуі эпостағы мінәжаттық мазмұнға Ясауи хикметтерінің тікелей әсері болғанынан хабар береді. «Диуани хикметтің» Стамбул басылымындағы 33-хикметте «Жан уа дилда хай зикирини айтың, достлар» деген редиф түріндегі жол бастан-аяқ қайталанып отырады [29,183-185].

Кожа Ахмет Ясаудің көптеген хикметтерінде мінәжаттық сипат басым болса, жоғарыда айтылған «Мунажат би дарғаһ

қази ал-Жалла-Жалала» деп аталатын хикметі атында «мінәжат» сөзі болғанымен, онда жалбарыну мен күйіп-жанған тілекten гөрі салқынқандылықпен айтылған үгіт-насихат басым. Сондыктan да ол мінәжаттан гөрі хикметтердің күндышының дәріптеген мадакқа және А.Байтұрсынов: «Насихат деген – ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуірдегі үгіт өлеңдерді шығарушылар насихат деп атаған. Діндар дәуірде насихат айтушылар насихатын шаригат жолына тіреп айткан» [85,437], – деп көрсеткен насихат сөздеріне жақын. Бұл хикметтің өзге жолдары мадаққа жақын болса, 25-43-жолдар аралығында насихаттық ерекшеліктер көбірек көзге түседі. Сондыктan да зерттеуші А.Ахметбек бұл хикмет туралы: «Мінәжат» – негізінен бір тақырып айналасына құрылған нақыл сөздердің жиынтығы. Әр кос тармақ бүтін «Мінәжаттың» құрамдас бөлігі ретінде және де жеке дара қолдану мүмкіншілігі бар нақыл сез ретінде өз мазмұнын тапқан» [73,85-86], – деген болса керек. А.Ахметбектің «Мінәжаттың» ішкі бөліктерінің дербестігі туралы пікірінен халық *термелеріне* тән сипатты көреміз. Терменің жанрлық ерекшелігі туралы айтқан Б.Ақмұқанованың тұжырымдарында да терменің өзіндік мазмұндық дербестігі бар бөліктерден тұратыны туралы айтылған. Ол термеде өмірдің әр түрлі мәселелері қамтылып, мұндай дербес бөліктердің өзінен басқа афоризмдермен біріктірілетіні, сөйтіп өзара байланыс орнайтыны туралы айта келіп, «Сондыктan *терме* аузызекі сөйлеуде бөлек қолдануға болатын бөлімдерге оңай жіктеледі. Бірақ ол басқа бөлімдердің мазмұнына нұқсан келтірмейді, олар өз алдына өмір сүре алады. *Терменің* мұндай жеке бөлімдерінің мағыналық тәуелсіздігі оларды жанадан толықтырып отыруға мүмкіндік береді» [130], – дейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, Ясауи «Мінажаты» мен халық термелерінің өте жақындығы жүзеге шығады. Бірақ термелер мен Ясауи «Мінажатының» өлең құрылтысы, үйкасы сай келмейді. А.Ахметбек «Мінәжаттың» үйкасы бәйіт үлгісінде жазылған дейді [73,84]. Терме жанрын

арнайы зерттеген С.Медеубекұлы өзіне дейінгі зерттеушілердің бұл жанр туралы айтқан пікірлеріне шолу жасай келіп, солардың айтқандарына ортақ бір көзқарасты: «Терме – сан алуан пікірді, ниетті білдіретін, сарындас мақамдармен орындалатын, тақырыбы ұқсас қысқа-қысқа жыр желілерінің жиынтығы», – деп көрсетеді [131]. Сондай-ақ ол терменің түп-тамырының Қожа Ахмет Ясауиге де қатыстылығын атап өтіп [131,5], оның кейбір хикметтерінде термеге тән сипаттар бар екеніне мысал келтіреді [131,22]. Бұдан Ясауи «Мінәжаты» мен халық термелерінің өте жақындығы жүзеге шығады. Бірақ термелер мен Ясауи «Мінәжатының» өлең құрылышы, үйқасы сай келмейді. А.Ахметбек «Мінәжаттың» үйқасы бәйіт ұлгісінде жазылған дейді [73,84].

Насихат өлеңдердің А.Байтұрсынов көрсеткен діни мазмұнымен бірге, өмірлік жайттарды қамтитын кездері аз емес. Ол туралы Х.Досмұхамедұлы айтып өткен. «Насихат (нравоучительная) поэзиясында казақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, не жақсы, не жаман, не дұрыс, не бұрыс дегендер көрінеді. Бұл өлеңдерде таулардың, өзендердің, аттардың т.б. жақсы не жаман екені аллегориялық түрғыдан жіңі жырланады. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қызы, келін, бай, батыр, кедей, т.б. бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насхат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер: мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б. марапатталып, ал жаман, зиянды жеркенішті құлық-әдептер: зинакорлық, ұрлық, өтірік, кекшілдік, тасжүректік, сарандық, қонақты қутпеушілік, т.б. сыналып, сақтандырылады» [78,23], – дейді ол. Жақсы мен жаманның аражігін ашып көрсететін дидактикалық халық шығармаларының бәрі Ясауи «Мінәжатының» ықпалымен туды десек, біржақтылық болар еді. Алайда мұндан мазмұндағы өлең-жырлардың «Диуани хикмет» мазмұнымен тығыз байланыстылығы – шындық. Өйткені халық жырларындағы жақсы мен жаманның негізінде имандылық пен имансыздықтың,

халыққа, адамға пайдасы немесе зияны тиүодің жататыны күмәнсіз. Бұл – хикметтер беретін ғибраттың ең бастысы. Зерттеуші Б.Әбжеттің: «XIX ғасырдан бастап ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті ерекше қарқынмен дамыды. Қиссашиб ақындар мен жырауларымыз ислам мәдениетін жырлау арқылы ауыз әдебиетін байытса, сал-серілер, ақын-жыраулар, жазба әдебиет ақындарының барлығы хикмет жанрынан бастау алыш, ел ішінде ғибраттық өлеңдер жазумен мәшін болды. Адал мен арамды, жақсы мен жаманды өлеңге қосып термелеп айту арқылы халықты жамандық жолдан сақтандырып отырды» [132], – дегені осыған байланысты айтылғаны ақиқат.

Халық эпосы қаһармандарының мінәжат сөздеріндегі өздерінің тартқан азабы мен қасіреті лирикаға тән сипатта бейнеленсе, осы бейненің эпикалық түрде де берілетін кездері бар. Яғни халық эпосында Құдайдан тілек тілеген кейіпкерлердің өз ниеттеріне жету жолындағы қындығы сез түрінде де, іс-әрекет түрінде де беріледі. Мұның алғашқысының қандай жағдайларда көрініс беретіні жоғарыда айтылды. Ал соңғысы бір ғана жағдайда, яғни баласыз ата-ананың Құдайдан перзент тілеп, әулие-әнбиeler қабірін зиярат етуге шыққан азапты сапарына байланысты бейнеленеді. Бұның да «Диуани хикметпен» байланысы бар. Ясауи Құдай жолына бел буып, сапарға шыққан дәруіштің жол азабын, көрген қындығын кейде бірінші жақтан, кейде үшінші жақтан да баяндайды. Бірак, жоғарыда айттып өткеніміздей, бұл да осы дүниеде болған жағдайдың көрінісі болғандыктан, автор оны өте сараң түрде баяндайды. «Андин сонра шуллар кезиб қияһ иедим» [29,132], «Баябанлар кезиб узимни уала қылдым» [29,144], «Тушек, иастуқ ташдин қылдым, чектим михнат» [29,149], «Сармаст болыб ел уа халиқдин таниб кечдим» [29,152], «Расуа болыб, иоллар кезиб иурдим мана» [29,157], – деген жолдарда дәруіш қындығы өз атынан айтылса,

Иол устида олтуриб иолни сурган даруишлар,  
Фұқбидин хабар иштиб иолға кирған даруишлар.

Фасалари илкинда, һиммат қори белинда,  
Изим иади тилинда, «Алла» диган даруишлар.  
Харкалари кир чафан, кунлида изү минғаян,  
Билинциз: ики жаһан кузга илмас даруишлар [29, 199], –  
деген шумактарда оны үшінші жақтан баяндайды. Қаһармандық  
жырлардағы перзентсіз ата-ана бейнесін сомдаудың кейбір  
сәттерінде хикметтердегі осы суреттеулердің үлгі етіп алынғаны  
айқын анғарылады.

Батырлық жырлардағы зарыққан ата-ана әулие-энбиелерге  
тілектерін орындату үшін өздері де сол әулиелерге іс-  
әрекеттерімен жакындаі түседі. Олар дүние істерін тастап,  
есепсіз көп мал-мұлкін қалдырып, кезбелік өмірге бел буады,  
яғни белгілі бір дәрежеде сопылық жолға түседі. Мысалы,  
«Шора батыр» жырының Ә. Сариев арқылы жеткен нұсқасында  
Құдайдан бала тілеп сапарға шыққан Нәрікбай мен Құлқаныстың  
қинаалысы былай беріледі:

Инеліктей ілініп,  
Инедей шөпке сүрініп,  
Аяғынан әл кетіп,  
Табаны тасқа тілініп,  
Жінішкерді шөптей бол,  
Еттері қашып, сылынып,  
Ауқат жерге әлі жоқ,  
Аш күзендей бүгіліп.  
Тәрк қылды дүниені  
Фаріп жаннан түніліп.  
Ортасында бір есек  
Шаршаганда мініліп,  
Кай жерде жаяу жүреді  
Етегін белгे түрініп.  
Әуре болды ғаріппер  
Әулие коймай қыдырып.

Киімдері тозып кірледі,  
Етегін шенгел сыйдырып [133].

Осы сарын «Алпамыс батыр», «Ақжонасұлы Ер Кеңес» жырларында кең көлемде берілген. Мұндай перзентсіздік азабын тартып, қындық көрген эпостағы ата-ана сол қындыққа өз еркімен баруымен және ол қындықтың өз тілегіне жетудің өтеуі болса деген үмітке иек артуымен, сондай-ақ тілегім қабыл болмай қалмас па еken деген қауіппен де арылмауымен Ясауи хикметтеріндегі *дәруіштер бейнесін* еске түсіреді. Хикметтер мен халық эпостарындағы осы екі бейненің ұқсастығы кездейсок емес. Перзентсіз ата-ананың тартқан зардабы жөніндегі эпикалық сарын хикметтердегі дәруіштер бейнесі мен өмірдегі дәруіштер іс-әрекетінің үлгісінде туған деп сеніммен айтуға болады.

Қазақ қаһармандық жырларындағы кең көлемде және «Диуани хикметте» барынша шағын түрде бейнеленген жол қындығы мен сапар азабы да ортақ көркемдік тәсілмен берілген. Ол – көркем кеңістікті тел оппозициялы ұғымдармен өрнектеп, сол арқылы тындаушыға жол қындығын сезіндіру. Қазақ эпостануында осы көркемдік тәсілді алғаш рет назарға алған Ш.Ыбыраев бұл туралы былай дейді: «Эпостағы тел ұғымға лайық бірынғай жинақтаушылық байқалып тұр. Бұл ұғымның тұракты формуласы:

Аскар-аскар белдерден,

Айдын шалқар көлдерден, –

яғни, биік пен ойпан, тау мен өзен, т.б.сияқты тел оппозициялы /бинарная оппозиция/ ұғымдарды өрелестіру арқылы толық мағлұмат, бүтін түсінік қалыптасады. Ұзак жолда бұлар кезектесіп отыруы керек, жол бірынғай көлмен аяқталса оның ұзактығына күмән туады. Ал өмірде тау мен көлдің, биік пен ойпаңының кездесуі түрлі ретпен /саны, кезегі бойынша/ келе беруі мүмкін гой. Гәп сонда, қырық құншілік жолды бір күнде жүріп келе жатқан батырдың жолы олай тәпітіштеліп

отырмайды» [134]. Батырлық жырларда жол қындығының тел оппозициялы ұғымдармен өрнектелуі тек батырдың жауға аттануына қатысты ғана емес, перзентсіздік зарын тартқан атана сапарына да байланысты қолданылады. Мысалы, «Алпамыс батырдағы»:

Кедергі болып кездескен,  
Тогайлар шебі болды жау.  
Байсынның қалды өзені  
Жайқалған гүлдеп бақша-бау.  
Қоштасып ескен жерімен  
Келтір деп құдай есен-сау.  
Не жазира шөлменен,  
Асусыз асқар Алатау.  
Жолшыбай қалып баратыр,  
Не жазық жер мен небір тау [84,194], –  
деген мысал – осының айғағы. «Диуани хикметтегі»:  
Илик бирда чуллар кезиб, қиаһ иедим,  
Тағлар чықыб, тағат қылыб, кузим ойдым [29,145], –  
деген жолдарда жоғарыда айтылған көркемдік тәсілдің елеулі көрінісі бар. Эрине, Қожа Ахмет Ясауи үшін эстетикалық әсері күшті көркем бейне жасаудың басты орында түрмасы белгілі, соңдықтан киялдан туғызуға, ойдан шығаруға барынша күш салудың қажеттігі де аз. Өйткені оның түпкі әрі басты мақсаты – оқырманға эстетикалық әсер беру емес, оны исламның асыл мәніне жеткізу. Сол себепті эстетикалық әсерді қүштейтетін көркемдік тәсілдер оның хикметтерінде барынша сараң түрде беріледі. Қалай дегенмен де, оның пайдаланған көркемдік әдіс-тәсілдері мен бейнелеу құралдарындағы фольклорлық туындылармен осы текстес ортақтықты кездейсоктық деуге келмейді.

«Диуани хикмет» пен қазак қаһармандық жырларына ортақ толыққанды бір бейне – әулие-пірлер, аруақ, Қызыр-Ілияс, Гайып ерен қырық шілтіндер бейнесі. «Диуани хикметте» әулиелер,

аруақ жайлыш алдыңғы тарауда айтылған: «Барча аруақ иғилиб келгай мубаракга»; «Аруахимдин мадат тиілаб үкің зинһар»; «Он алтымда барша аруақ улеш берди»; «Андін сонра барча аруақ берди салам»; «Бир иашымда аруаҳ менә улуш берди», – деген жолдар бар. Бұдан басқа «Андін сунра барча аруақ хазир болғай» [29,194], – деген жолдар мен «Иашың сачиб, маңа сиғныб, белиң бағла» [29,155], – деген мағынада өзінен медет тілеуге шақыратын тармақтар да кездеседі. Сондай-ақ «Диуани хикметте» Қызыр туралы: «Қайда барсам Қызырбабам менә һамраһ» [29,134]; «Қайда барсам Хызыр бабам хазир болды» [29,138]; «Отуз бирда Хызыр бабам мәй ичурди» [29,141]; «Шоук шарабын ичкан қылтур дуния талақ, Қизир бабам келиб аңа берур сабак» [29,224]; Әүиелер аруағы мен шілтендер туралы: «Ғаусыл-Ғияс мәй ичирди, тойдым мана» [29,138] «Уч иашымда чилтан келиб халим сурди» [29,134]; «Шилтан бирлан шараб ичтим, һамраһ болдым» [29,141], – деген сиякты сөздер ұшырасып отырады. Қазақ қаһармандық жырларында әулие-пірлер, аруақ батырларға үнемі қысылғанда, қиналғанда жәрдемге келеді. Бұл тұрғыда олардың қызметі хикметтегі сипатына ұқсайды. Қазақ қаһармандық эпосында ғайыптан келетін бұл жәрдемшілер, қолдаушылар көзге көрінбейтін бейнеде суреттеледі. Жырда олардың көрсеткен жәрдемін бас қаһарман сезінгені айтылғанымен, нақты көзбен көргені баяндалмайды.

Әулие-пірлер, Қызыр-Ілияс, Ғайып ерен қырық шілтен жәрдемі тылсым күде бейнеленеді. Олар бас қаһарманның жаумен жекпе-жегінде жаудың атқан оғын сауыттан өткізбей ұстап қалады, батырдың жаумен соғысында оның денесіне қару дарытпайды, т.с.с. Бірақ соның бәрін не жаудың, не батырдың көзімен көргені айтылмайды. Сондай-ақ мұндай қолдаушылық пен жәрдемді казақ жыршылары өте қысқа баяндайды. Сол арқылы олар аруақ жәрдемінің сопылық жолдағы сырмен байланыстырығын ұғындырады. «Сыр – рухтың рухы,

әулиелерден басқалар сезіне алмайтын сопылық сезім-тәнымдар. Сыр көңілдегі нәзік перде» [34,312]. «Диуани хикметте» де әулиелер аруағымен және Қызырмен, шілтендермен арадағы қатынас барынша шағын түрде, тұспал сөздермен берілетіні жоғарыдағы мысалдардан белгілі. Демек қазақ қаһармандық жырларында бұл бейнелер «Диуани хикметке» барынша ұксас үлгіде сомдалған. Мұндай тылсым жәрдемшілер бейнесі өзге халықтардың да қаһармандық жырларында бар. Бірақ олар, дәл қазақ эпосындағыдай, «Диуани хикметтегі» бейнеге жақын емес. Тіпті туystас халықтардың батырлық жырларындағы осы текстес бейнелердің де «Диуани хикметтен» елеулі алшақтығы бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтіре кетейік. Мысалы, «Шора батыр» жырының қарақалпактардағы Жанназар жырау жырлаған вариантында Шора өзінің пірлерімен тартысқа түседі. Ол Көзі қатты Көзбанбет деген жауының көзі тиіп, астындағы аты мертігіп, бір күмбезді ғимаратқа келіп, көзі үйқыға кетіп жатқанда, пірі қалендер кейпінде келіп қайыр сұрайды. Пірлері мұны батырды сынау үшін жасаған болып шығады. Шора оған ешқандай дүние-мүлкінің жоқ екенін айтып, керек болса басымды ал деген рәуіште жауап береді. Сөйтіп өзі қалендерден наң, су сұрайды. Қалендер оған өзінің пірі екенін айтып, жөн сілтейді, батасын береді [135]. Дәл осыған ұксас эпизодты «Алпамыс батырдың» өзбек және қарақалпақ нұсқаларының көпшілігінен де кездестіреміз. Оларда Алпамыстың намысын қорғап, Байшұбармен бәйгіге қатыспақ болып, сәтсіздікке ұшыраған Қаражанды Қызыр келіп құткарады. Бәйге басталар алдында Қаражанның қалың үйқыға кеткенін пайдаланып, қалмактар оның қол-аяғын байлап тастайды. Алпамыстың пірлеріне жалбарынып, көмек сұраған Қаражанға Қызыр келіп, оны сынап көреді. Сыннан өткен Қаражанға олар жәрдем береді. Бір қызығы, осы сарын тілі, діні бөлек өзге халықтар эпосында да кездеседі. Орыс былиналарында отыз жыл сал болып, төсек тартып жатқан батырға бір аксақал келіп, квас

немесе сыра сұраған кезде, батырдың оған сұрағанын бергісі келетінін, бірақ жүре алмайтынын айтқан кезде, аксақалдың кереметімен батырдың бір сәтте жүріп кеткені жөніндегі эпизодты С.Қасқабасов өз еңбегінде келтіріп өтеді [136]. Бұның жогарыдағы өзбек, карақалпак эпостарындағы бейнемен ұқастығын анғарамыз. Сондай-ақ өзбек, карақалпак эпосында батырдың пірлері адами әрекеттер көрсетеді: байлаулы жатқан батырдың қол-аяғын шешеді, атын баптайды т.с.с. Осы орайда, мұндай эпизод «Алпамыс батырдың» қазақ басылымында да бар гой деген ой туузы заңды. Солайы солай, бірақ қазақ басылымындағы осы эпизодтың да, түптеп келгенде, қарақалпак нұсқасынан енгенін ескерсек, жағдай өз-өзінен түсінікті болмак.

1922 жылы Ә.Диваев Ташкент қаласында 7 бөлімнен тұратын «Батырлар» атты қазақ қаһармандық жырларынын жинағын жариялады. Осы топтаманың 4 бөліміне қарақалпак бақшысы (жыршысы) Жиемұрат Бекмұхамедұлынан жазылып алған «Алпамыс батыр» жырының нұсқасы кіреді. Элі ұлттық республикалар құрылышы болмаған кезде, көп ұлттардың атауы бұрмаланып айтылатын тұста (мысалы, қазақтар осы кезде «қырғыз-қазактар» деп аталатын) қарақалпақ вариантының қазақ нұсқасы ретінде жарияланып кету себебін түсінуге болады. Кейіннен С.Мұқанов осы қарақалпақ вариантын Ж.Шайхысыламұлы жариялаған қазақ вариантымен біріктіріп, өзі жариялаған жинаққа [137] бір нұсқа сипатында енгізеді. Жоғарыдағы сөз болған эпизод қазақ басылымдарына осылайша «сіңіп» кетті. Енді осы эпизодты бере кетейік: «Қаражсан қысылғаннан осы сөздерді айтып тұрган екен. Сол кезде құлагына бір дауыс келді. Бұл не екен деп тыңдал калса, ғайыптан «алла» деген дауыс шыгады. Құлагын салыңқырап тұрса, басында сәлдесі бар қызыр зенде келді. Қаражсанның қасына келді, оған Қаражсан ізетпен сәлем берді. Сәлемін Ғалайық қабыл алды. Сол жерде жеті кәміл пірлері Қаражсанның байлаулы қолын шешті, әбден байлаулы көп

*тұрған Қаражан шұқырда жатқан шұбарға барып, үстап, оны шұқырдан сұрып алды. Сол жерде кәміл пірлері бата берді» [84,30].*

Пірдің қолдауы жөніндегі сарын қазақ эпостарында мұндай сипатта берілмейді. Қолдаушы пірлерді адами әрекет үстінде көрсету, тіпті драмалық тартысқа түсіру (қолдау қажет пе деген мақсатта батырды сынап көру т.с.с.), ең бастысы, пірлердің батырды қолдауын көрнекі, көзге көрінетін іс-әрекет түрінде баяндау қазақ эпосына жат. Қазақ қаһармандық эпосындағы бұл сарынның өзге халықтардағыдан, тіпті туыстас халықтардағыдан өзгеше сипатта берілуінің ең басты себебі оның Ясауи ілімімен байланыстылығында деп ойлаймыз. Тарихшы З.Жандарбек Алтын Орда мен Әмір Темір империясы туралы айта келіп, «Одан кейінгі кезенде түркі халықтарының тағдырын Темір дәүірінде дүниеге келген нақшбанийша тариқаты мен йасауийша тариқаты арасындағы құрес айқындалды. Абсолюттік билікке ұмтылған Шыңғысхан ұрпақтарының нақшбандийша тариқатына қолдау көрсетіп, йасауийша тариқатына карсы шығуы, сол арқылы билер институтын ыдырату жолындағы әрекеттері түркі халықтарының одан ары этникалық жіктелуіне әкелді. Нәтижесінде Өзбек ұлысы үшке бөлінді. Қазақ хандығы, Шайбанилер мемлекеті, Ноғай Ордасы сияқты мемлекеттер дүниеге келді. Йасауи жолына, ата-баба жолына адал, өзгенің рухани ықпалын қабылдамай, өзінің дәстүрлі мәдениетін сақтап қалған халық қана қазақ атанып, өз мемлекетін құрды» [57,240-241], – дейді. Ясауи ілімін зерттеушілердің бірі Б.Бабаджанов та Мәуреннахра XVI ғасырдан кейін нақшбандияның ықпалы күштегі бастағанын жазады [138]. 1596 жылдар шамасында Еділ бойынан Түркістанға қоныс аударып келген қарақалпақтардың Мәуреннахра дәл осы кезде (XVI ғ.) түп көтеріле көшкендігін айғақтайтын деректер бар [139]. Нақышпандияның әсері күшті ортаға қарай қоныс аударғанына қарағанда, қарақалпақтарға осы ағымның ықпалы тиген болуы керек.

Қарақалпақ қаһармандық жырларында метафизикалық ұғымдардың көбін нақтыландырып, көрнекі әрекет үстінде бейнелеу жиі көзге түседі. Мысал келтіріп өтейік: Өтенияз жырау айтқан «Ер Шора» жырында Шораның жауы Көзбембет жаралы күйінде пірлері алып кеткен Шораның қайда екенін өзінің Латиманат Нары нұр құдайынан от жағып сұрайды. Сол сәтте оттың ішінен әзәзіл шайтан шығып, «Шораны өз құдіретіммен жок еттім» дейді. Көзбембет «біздін құдай күшті» деп мәз болады [140]. Ал қазақ қаһармандық жырларында шайтанды адам ойына, құлқына әсер етуші күш сипатында ғана:

Батырлар қылды намысты.  
Әуелі тәуір сейлесіп,  
Артынан шайтан жабысты,  
Шайтан емес немене?  
Ыргай сапты сұнгімен,  
Ыргай, ыргай салысты [77,68], –

деген сипатта жедел әрі тұспалды түрде ғана баяндап өтеді. Бұл үзіндідегі «жабысты» деген бір ғана сөз шайтанның әрекетін бейнелеп тұрган сияқты көрінгенімен, онда нақтылықтан гөрі тұспал басым. «Диуани хикметте» де шайтанға, періштеге қатысты баяндаулар, суреттеулер тұспал арқылы беріледі. Қазақ қаһармандық жырлары бұның да кез келген адам ұғына бермейтін сыр екенін символикалық сөздер арқылы анғартады. Қалай дегендеге де, батырды қолдаушы пірлердің де, адамға тек қана зиян жасаушы зұлым күштердің де әрекетін ұзаққа созып баяндау, оларды эпос қаһармандарымен тікелей, материалдық қарым-қатынаска, драмалық тартысқа түсіріп бейнелеу қазақ эпосында жоққа тән. Әрине, көршілес халықтардан ауысып келген «Көрүғылы», «Мұнлых-Зарлық» сияқты жырларда, діни қисса-дастандардың көбінде бұл принцип сакталған бермейді. Оның себебі түсінікті де.

Өзбектерде де, қарақалпақтарда да Ясауи мәдениетінің орны елеулі болғанымен, нақышпандия тарихатының да күшті

әсері тигендіктен, олардың қазақтардан елеулі дүниетанымдық айырмашылығы пайда болған. Әрине, бұл жерде отырықшы өмір салтының да орны бар екенін ескеру керек. Бұл халықтардың қаһармандық жырларындағы батырды колдаушы әулие-пірлер бейнесіндегі өзгешеліктің те осындай себептерден туғаны күмәнсіз.

Қазақ қаһармандық жырларында Ясауи жолының өкілдері үнемі аруақ бейнесінде ғана берілмейді. Батырлық жырлардың сопылық жолдың тірі өкілдерін де кейіпкер ететін кездері аз емес. Бұл, әсіресе, Сыпыра жырау бейнесінен анық байқалады. Қазіргі кезде Сыпыра жырауды өмірде болған нақты тұлға ретінде әдебиет тарихында карастырып жүр. Бір кезде Ә.Марғұланның Ибн Battutta жазбасында айтылған Сарайшықтағы дана қартты Сыпыра деп болжағаны да [141] шындықтан алыс емес. Бірақ батырлық жырларда бұл бейненің жалпылық сипат алғаны рас. «Едіге» жырынан кандидаттық диссертация корғаған Е.Мағауиннің: «Жырда Сыпыра тарихи тұлға емес, тарихтың тірі күесі ретінде көрінеді» [142], – дегені осыған орай айтылған. Сыпыра – ноғайлы топтамасындағы бірнеше қаһармандық жырға ортақ эпикалық бейне. Ол туралы жырларда бірде «Бір жұз сексен жасаған» делінсе, бірде «Үш жұз сексен жасаған» деп айтылады. Бұл – ерекше рухани миссия жүктелгендіктен, ұзак жасайтын, соған байланысты ислам әлемінде «му’аммарун» деп аталатын адамдар туралы хикаялардың үлгісінде жасалған образ. Мұның жарқын сәулесін Ясауи жөніндегі хикаялардағы Арыстан бап бейнесінен көре аламыз. Арыстан бап туралы аңыздардың мазмұны Қожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерімен де көп сәйкес келеді. Халық аузындағы әңгімелерде және Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде оның ұстазы Арыстан бап (Арслан баба) – Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымыздың аманат ретінде тапсырған құрмасын ұзак ғұмыр кешіп, аманат иесі болған жас Ахметке тапсыруыш рухани тұлға. Көптеген зерттеушілер Арслан бабаның 340 жас жасағанын шындыққа жатқыза алмай,

мұны киялдан туған мәлімет деп есептейді. Алайда жергілікті халықтар бұны қалтқысыз шындық деп санаған. Отырар (қазіргі Шәуіллір) жерінде Арыстан баптың кесенесінің болуы және Қ.А.Ясаудің өзінің:

Иети иашда Арсланбабам излаб табти,  
Һар сыр көриб парда бирла букуб иабти.  
«Билхамдиллани» көрдим деди изим өбти,

Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга [29,135], –

деп жазуы осы сенімнің берік сакталуына негіз болды. Арыстан баптың айрықша ұзақ жасауының себебін халық аузындағы аныз былай түсіндіреді: «Бірде Меккеде Мұхаммед [с.а.у.] пайғамбар халықты жинап: «Менің өмірім жетер емес. Менен төрт жұз жылдан кейін түркі елінен ізбасарым дуниеге келеді. Соған кім мына аманатты тапсырады?», – дейді. Сонда ортаға Арыстан бап шығып: «Мен тапсырап едім, егер ғұмырым жетсе», – депті. Ол кезде Арыстан бап үш жұз жаста еді. Сонда Мұхаммед [с.а.у.] Алламен тілдесіп, «Ғұмырынды созуға рұқсат берді», – деп жауап беріпті» [143,45]. Қазақ эпосындағы Сыпыраға да айрықша міндет жүктелген. Ол – түркі бірлестіктеріне басшы болған қағандарға жөн көрсету.

Жырдағы Сыпыра жырау бейнесінің Ясауи іліміне қатыстылығы Арыстан бапқа ұқсастығы жөнінен ғана емес, оның есіміне де байланысты аңғарылады. Егер Сыпыра жырау өмірлік тұлға болса, бұл есім оның лақап атына лайық екені байқалады. Өйткені бұл ат өткен дәуірлерде рухани ілім иелеріне берілген. Бұл туралы деректер Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-намасында» кездеседі. Бұл еңбекті жариялаушы З.Жандарбек пен Ә.Муминовтар осы жөнінде былай дейді: «Насаб-намада» айтылатын «сұфра» және «сұфрадарлік» терминдерінің өзі екі жақты мағынаға ие болып отыр. Біріншісі, араб елдеріндегі аныз бойынша Мұхаммад ибн ал-Ханафиядан қалған «сары орамал» кімде болса, имамдық соған өтеді деген анызға

байланысты болса, екіншісі «сұфрадарлік» термині қазіргі түркі халықтарының әдет-ғұрпында қалыптасқан, кісі қайтыс болғаннан кейін берілетін жетісі, қырқы, жылы, әруақтарға арнал құдайы беру сияқты жол-жоралғылардың пайда болуына, көне түркі халықтарының діни сенімдері мен исламның әдет-ғұрыптарының синтезделуіне тікелей әсер еткен сияқты» [89,7]. Әрине, жыраудың лақап есіміне қатыстысы – атаудың зерттеушілер көрсеткен алғашқы мағынасы. Бұл атаудың Ясауи хикметтерімен де байланысы бар.

Іу халқасы қурилди, ай, даруишлар, келинлар,

Хақ суфрасы йайилди, андин улуш алиңлар [29,202], – деген хикмет жолдарындағы «суфра» сөзі қазақша «дастархан» мағынасында айтылған. Хикметтегі бұл тұспал сөздің Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың: «Жаннаттың бақшасының қасынан өтіп бара жатсандар, тамактанындар» деп алқа зікірге мегзеп айтқан хадисінен алынғаны даусыз. Сыпыра жыраудың есімі де хал ілімінің иесі екенін танытатын лақап атау екенін осыдан білуге болады. Оны жыр да куәландырады. Ол «Сұп аякты, сұп берікті, Сыпыра сынды сұп жырау» [142,14] деп суреттеледі. Мұндағы «сұп» сөзі – «сопы» сөзінің фонетикалық варианты. Бұл атау жырлардан тыс та айтылады. Ноғайлар Сыпыра есімін «Собаслы», ал қарақалпақтар «Шөпбаслы» деген қосалқы атпен қосарлап айтады. Кейбір қарақалпақ зерттеушілерінің «Шөпбаслы» атын, халықтық этимологияға сүйене отырып, жыраудың басының шағын болуына байланысты шыққан деп болжауы дұрыс емес. Бұл атаулар төркінінің «сұп беріктіден» шығатыны даусыз. Демек бұл жыраудың үнемі сопыларға тән киіммен жүретіндігінен, өзі де осы жолдың өкілі екендігінен хабар береді.

Батырлық жырдағы Сыпыра жырау – хал ілімінің қорғаушысы. Ясауи ілімі бойынша, рухани кемелдену жолына түскен тәуекел иесі біз жоғарыда тоқталып өткен төрт түрлі шартты берік ұстануы керек. Осылардың бірі сакталмаса,

өзгелерінің де бүтін болуы неғайбыл. Жырлардағы Сыпыра осы шарт бойынша, ханға бой ұсынуды бірінші орынға қояды. Ол сондықтан да өзі көрген атақты хандардың бәрінен де артық санаған батырларды (Едіге, Тарғын т.б.) амалсыздан өлтіруге кенес береді, жеке тұлғаны қаншама қадірлесе де, ел бақытын одан артық қояды. Бірақ жырларда оның көздегені жүзеге аспай қалады. «Едігенің» Шоқан нұсқасында Сыпыраның жағы түсіп өлуі – Токтамыс билігінде қоғамды бақытқа жеткізетін хал ілімінің тоқтағанын көрсетеді. Бұл өлімнің рәміздік мәні бар екенін Е.Мағаун де дұрыс анғарған. «Өткен тарих күесі Сыпыраның жағы түсіп өлуі – жүз сексен бес (үш жуз сексен) жыл бойы сән-салтанат құрып, берік ірге тепкен ұлыстың да жарық күні батуының символы» [142,90], – дейді ол.

Қазақ қаһармандық жырларындағы бас қаһарман образының сомдалуында да шәкірттерінің шығармалары арқылы халық ұғымында қалыптасқан Ясаудің өз бейнесінің әсері бар. Жоғарыда айтылған Сүлеймен Бақырғани шығарған делінетін хикметте Ясаудің лашын, сұңқар ұстағаны айтЫлады. Онда:

Қаршыға сұңқар қолында,  
Сансыз мұрит соңында,  
Бір Алла ғана ойында –  
Шайхы Ахмет Иассауи [107,144] –

деп жырланады. Кейбір зерттеушілер мұны Ясаудің шүғылданған кәсібі деп көрсеткісі келеді. Біздіңше, бұл хикметтегі қыран құс тұра мағынада емес, рәміздік мәнде жұмсалып тұр. Оны рухани күрес құралының рәмізі деуге негіз бар. Өйткені қыран құс туралы халықтық ұғымдардың, көбіне, жаугершілікпен байланысты екенін аңғару қын емес. Марко Поло жазбасында Құбылай ханның 500 ақ сұңқары және басқа да алғыр құстары болғаны, оған он мың құсбегі ұстағаны баяндалады. Жошының да үш мың бүркітшісі болған. Абылай хан да 500 бүркіт, 300 қаршыға мен сұңқарды иеленген. Хан-сұлтандардың сансыз көп құс ұстауын тек қана саятшылықпен

байланыстыру қисынсыз. Соңшама мол құсты бір мезгілде саятишылыққа алып шығу да мүмкін емес. Бұл жердегі мәселе құстың киелі саналғанында, ол жаманшылықты жолатпайды деген мистикада. Бұған халқымыздың «Бүркіт бір сілкінсе, мың пәле кетеді» (автордың жеке мұрагатынан) деген мақалы дәлел бола алады. Халықтық таным бойынша, қыран құс жаманшылықты қуушы ғана емес, жақсылық әкелуші деп те саналған. Бұл айғартар хандардың сансыз көп қыран ұстауының бейбіт заманда елге құт әкеледі, жаугершілік кездерде қарсы жақтың бақсы-шамандарының магиялық әрекетіне тоқтауыл болады деген түсініктен туған дәстүр екенін білдіреді. Сопылық жолдағы рухани күрес құралы – зікір. Ол туралы қазақ ақындарының шығармаларынан мысалдар келтірген болатынбыз. Осы дүниетанымдық байланысты ескере отырып, Сүлеймен Бақырғани өз ұстазын қыран құс ұстаушы етіп бейнелегенде, оның зікір иесі екенін тұспалдаған деп айта аламыз. Дәл осы түсінікке орай, бұрын қолына құс ұстаған тұлға жауынгер ретінде сипатталатын болған. Мұның жарқын мысалын «Шора батыр» жырынан көре аламыз. Бұл жырдың Мұхамбетнәжіп Әлиакбарұлы жариялаған вариантында Қазанды жаудан құтқаруға бара жатқан Шораның қолында сұнқар ұстауы кездейсоктық емес. Бұл тұс:

Шора аттанып келеді,  
Ақтанкери астында,  
Құлышақ батыр қасында.  
Шора арыстан сол уақыт,  
Тек он екі жасында,  
Оқалы беркі басында,

Ақ сұнқары қолында [133,34] –

деп жырланады. Оған жолда кездескен Мақтым сұлу да жөн сұрап, сауал койғанда:

Оң қолыңа, шырагым,  
Ақ сұнқардан құс алып,

Оқалы бөркің басында,  
Арыстаным жөнің айта кет.  
Мен бір біліп қалайын,  
Қай сапарға баrasын? [133,34] –

деп, батырдың құс ұстаганына көніл бөледі. Шораның сұңқар ұстаган бейнесі бұл жырдың нөфай, қырымтатар вариантында да бар. Жаумен соғысқа аттанған батырдың қару-жарақ емес, қыран құс ұстасуы бұл бейненің рәміздік сипатын білдіреді. Бұдан қаһармандық жырлардың бас қаһарманының сомдалуына тигізген Ясауи бейнесінің айқын ықпалын көреміз.

«Диуани хикметтің» қазақ фольклорындағы тың жанрлардың пайда болуына да ықпалы тиуі мүмкін. Соның қатарында *dini және хикаялық дастандарды атамақ* ләзім. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін такырыптық жүйе бойынша жіктеген А.И.Пылёв оның ішінде сопылық эпос бар деп көрсетеді [144]. Ал А.Әбдірәсілқызы Ясаудің «Ғұмырнамасы», Мансұр ал-Халлаж туралы, Миграж туралы, Баба Машын туралы хикметтері дастан жанрының қалыптасуының ерте кезеңдеріне тән ерекшеліктерді таныттындығына зер салады. Қазақ фольклорында осы тақырыптардағы динидастандардың болуы бұл пікірдің растиғын көрсетеді. Сондай-ақ ол осы хикметтердің фольклордағы діни, ғашықтық, дастандардың кеңінен өрістеуіне әсер еткендігін айтады [93,96-97]. Осы қатарда Ясаудің Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға, төрт шардиярга айтқан мадақ-хикметтерінің де діни дастандардың көптеп дуниеге келуіне себеп болғандығы күмәнсіз. Бірак бұл мәселені арнайы зерттемей тұрып, кесімді пікір айту кын.

«Диуани хикмет» пен қазақ фольклорының үлгілері ауызаша қатар өмір сүру нәтижесінде бір-біріне жанрлық, образдық, көркемдік тәсіл түрғысында ықпал етіп отырды. Өсіреле, бұл үдеріс, көбіне, бір бағытта – хикметтерден қазақ фольклорына қарай жүріп отырды. Өйткені халық авторлы туындыны өзгертуді қиянатпен бір деп қарайды. Оның үстінен,

әулиелер сұлтаны деп есептелеғін тұлғаның шығармасы көздің қарашығындағы сақталатыны анық. Ал өзгермеген туындының сыртқы ықпалға да түспесі белгілі. Бірақ қазақ фольклорының басты ерекшеліктерін танытатын жанrlар, образдар, көркемдік тәсілдердің көне түркілік формаларын пайдаланғандыктan да, хикметтерге өзге емес, қазақ фольклорының ықпалы көбірек болғандай әсер тұгызады. Бұл тұста Ясаудің айтыс ұлгісін, жоқтаудың кейбір көркемдік тәсілдерін және өміrbаяндық, ғұмырнамалық баяндауларды пайдаланғандығын айтса болады.

Ясауди хикметтерінің әсерімен қазақ фольклорында көркемдік дәстүрлер мен кейбір жанrlық түрлер қалыптасты. Бұл қатарда айтыс ұлгісіндегі өлең-жырларды, мысал айтыстарды, ғұмырнамалық суреттеулерді айтпақ ләзім. Қазақ фольклорындағы жанr деуге келмейтін, бірақ кейбір жанrlық сипаттарға да ие бола бастаған, такырыптық түрғыда топтасатын мақтау, даттау, өсиет, болжau, насихат сөздерінің мазмұны мен көркемдік тәсілдері «Диуани хикметпен» тікелей қабысып жатады. Олардың дәстүрге айналуында да «Диуани хикметтің» орны үлкен екені осыдан байқалады. Кисса-дастан, терме жанrlарының өркендеуіне хикметтердің өте күшті ықпал еткенін анғару да қын емес.

Кейбір хикметтердің мазмұны мен бейнелеген әрекет түрлері фольклорлық эпостардағы жекелеген образдардың қалыптасуына септігі тиген. Хикметтердегі және эпикалық кейіпкерлердің кейбір сөздеріндегі мінәжаттық мазмұн, хикметтегі дәруіштер бейнесінің эпостағы перзентсіз ата-ананың қындық көрүімен үқсастығы – осының дәлелі. «Диуани хикметтегі» әулиелер, Қызыр баба, шілтендер бейнесіне және басқа да метафизикалық образдарға олардың қазақ эпостарындағы сыңарлары өте жақын. Оған осы бейнелерді өзге халықтардағы осы текстес эпикалық образдармен салыстыру арқылы көз жеткізе аламыз. Осының барлығы Ясауди хикметтері мен қазақ фольклоры арасындағы етene тұыстықты танытады.

# **ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ АҢЫЗ-ӘПСАНАЛАРЫ. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ «ДИУАНИ ХИКМЕТТЕГІ» ЯСАУИ БЕЙНЕСІ**

Тарихта болған, белгілі тарихи тұлғалар жайындағы аңыз-әпсаналар, хикаялар көп. Эсіресе, «Түркі әлемінің темірқазығы», «Әулиелердің сұлтаны» сияқты аса жоғары мәртебелі аттарға ие болған Қожа Ахмет Ясауи жайындағы халық прозасының түрлері ол кісі өмірде болған заманнан бастап, бүтінгі күнге дейін желісі үзілмей айтылып келген. Қожа Ахмет Ясаудің өзі бүкіл түркі халықтарына ортақ киелі тұлға болғандықтан, бұл шығармалар исламды қабылдаған түркі халықтары арасында кең тараған. Дегенмен Қожа Ахмет Ясаудің өзі өмір сүрген орта болғандықтан, қазак даласында айтылған аңыздардың мазмұны бай және тарихи сипаты мол. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи тұлғасының осы ортада аса қастерленетіндігімен де байланысты. Қазақтар оны «Мәдинәда – Мұхамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет» деп дәріптеп, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың тікелей мұрагері етіп көрсеткен.

Ясауи жайындағы қазақ аңыздары, ең алдымен, тарихилығымен құнды демек ләзім. Бұл аңыздардың бірсынырасын жариялаған Ш.Керімтегі: «Қысқасы, Қожа Ахмет жайлы хикаяттар фольклорлық мұрағана емес, ұлы ақын ғұмырнамасын зерттеудегі бағалы дерек көзі. Өйткені, Йассауи, оның өскен ортасы туралы хабардар ететін жазба ескерткіштер тым мардымсыз. Сондықтан ел арасында аталған ауызша әңгімелерді жинап, қолда бар деректермен салыстыра отырып, тарихи мәлімет ретінде кәдеге жаратқан жөн» [145], – дейді.

Қожа Ахмет Ясауи есіміне қатысты халық прозасы үлгілерін зерттеу жайы да кейінгі кезге дейін кешеуілдеп келді. Ю.Новицкий, М.Ф.Көпірлі, З.Л.Горлевский, М.Е.Массон, С.Т.Толстов, М.Бродовский, А.Хорошхин, Ж.Аймауытов,

Ә.Марғұлан, Ә.Коңыратбаев, Ә.Кекілбаев сияқты әдебиетші-ғалымдар, зерттеушілер өз еңбектерінде бұл аныздар жөнінде жол-жөнекей айтып өткен. Кеңестік дәуірде бұл аныз-әнгімелерді арнайы түрде жинаудың, жариялаудың және зерттеудің мүмкіндігі аз болды. Атеистік бағытта жүргізілген іс-шаралар бұған жол бере қойған жок. Бұл аныздарға қарсы үтіг-насихат кеңестік кезеңнің ақырына дейін жалғасып келді. Философия ғылымдарының кандидаты, дінтанушы Ю.Петраштың 1984 жылы «Наука и религия» журналының тапсырмасымен арнайы Түркістанға келіп, атеистік бағытта жазылған мақаласы [146] – соның бір дәлелі. Алайда атеистік бағытта жазылған еңбектердің де кейбір пайдалы жақтары болды. Осы орайда, осы жолдардың авторы құрастырған «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аныз, әпсана, хикаялар» атты жинаққа [143] енген аныздардың көбі О.Дастановтың 1967 жылы жарық көрген атеистік көзқараспен жазылған кітабында [147] жарияланғанын айтып өткен жөн. Осы аныздарды сақтап қалу – автордың көздеңен басты мақсаттарының бірі болуы ықтимал. Аталмыш шығармаларды топтап жариялау, ол жөнінде пікір айту тәуелсіздік кезеңінде бой көрсете бастады. Ш.Керімтегінің, К.Сәрсеннің [148] жариялаған осы тақырыптағы аныз-әнгімелер топтамасын, А.К.Дүйсенбінің 2002 жылы қорғалған кандидаттық диссертациясында [149] Ясауи есіміне қатысты әнгімелердің де зерттеу нысанына айналуын осының мысалы ретінде айтуға тұрарлық.

Қожа Ахмет Ясауи жайындағы халық прозасының түрлері көпшілікке барынша танымал және тұрақты сюжет құраған. XVI ғасырдан кейін хатқа түсे бастаған бұл аныздауларда Қожа Ахмет Ясаудің рухани ілімді терең менгергендігі, халықты иманға үйіту үшін көптеген кереметтер көрсеткені айтылады. Аталмыш әнгімелер жанрлық-стадиялық жағынан әркелкі. Дегенмен бұл туындылардың аныздық сипаты басым. Өйткені

олардағы ғажайып оқиғалардың көбін кейіннен қосылған халық қиялышының жемісі деп қарауға болмайды. Халық бұл тан қаларлық оқиғаларды әулиенің өзі көзі тірісінде көрсеткен кереметтері деп санаған және соған қалтқысыз сенген. Шындығында да, бұл аңыздардағы кереметтік элементтерді сол замандардан келе жатыр деуге болады. Өйткені олар ертерек хатқа түскен аңыздарда да бар және түрлі түркі халықтарының арасында бір-біріне ұқсас мәнде айтылады. Алайда бұл әңгімелерде халық қиялышының улесі мұлде жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы, А.Хорошхиннің «Орта Азия халықтары» атты еңбегінде айтылатын Ақман мен Қараман жайлы аңызда итке айналған Қараманның күніне бір қызды жеп отырыу, қауымның оның талабын орындауға мәжбүр болуы [150] – бұрыннан бар ертегілік сарын. Біз бұл ертегілік сипат ала бастаған аңызды қазақшаға аударып, жоғарыда айтылған жинаққа енгіздік. Толық түсінікті болу үшін оның мазмұнын bere кетейік: «Күндердің бір күні Қожа Ахмет Ясаудің жылқысының үйірінен бір тұлпар жогалыпты. Мұриттер қанша сұрастыrsa да, аттың дерегі табылмапты. Қазіреті Ясауи әулие емес ne, тұлпарды Ақман мен Қараман деген жігіттердің ұрлаганы айнадан көргендей, аян болып тұрған еken. Олар бұрын да елдің малын ұрлап, бәрін безер қылған еken. Қожа Ахмет Ясауи өзінің күмәнін сол жігіттер тұратын ауылдың ақсақалдарына білдіргенде, Ақман мен Қараман: «Әулие бізді жаман атқа таңу үшін жала жасауып жатыр!», – деп, күнәларын мойындарына алудың орнына екіжүзділік қылышты. Содан кейін олар Ясауден өш аруды ойластыра бастайды. Бір күні түнде ел аяғы басылып, жұрт тәтті ұйқыга кеткенде өздерінің бір сиырын сойып, оның етін жасасырынып барып, әулиенің ауласына тастап кетеді. Ертелеп таң атқаннан кейін: «Ойбай, сиырымызды ұрлап кетті!», – деп айгай-шу көтеріп, ақсақалдарға арыз айта барады. Ақсақалдар қан ізімен барса, тұп-турға Ахмет Ясаудің үйіне тіреледі. Кереметтен барша сыр-құтиялардан

*хабардар болып отырган Қожа Ахмет Ясауи ел-жүрттышың алдына шығып, дұға үшін қолын көтеріп:*

– *Иланы амин, егер де кімде-кім күнәнәр болса, Құдай тагала оны итке айналдырысын!* – деп дұға қылышты.

*Сол сәтте әлгі екі жігіт бір домалап, бірі – ақ, екіншісі – қара итке айналып, өздері сойып тастап кеткен етті таласын-тартастырып жей бастапты. Адамдар бұл кереметті көріп қайран қалып тұрғанда, итке айналған Ақман мен Қараман өздерінің қауымын алдарына салып қуа бастапты. Адамдар иттерден құтылу үшін Хорезм жаққа қарай қаша бастапты. Сыр бойында бір аңшы жігіт ол иттердің бірін атып өлтіріпти. Оқ тиіп өлген Ақман екен, Қараман болса қауымының соңынан қуып кетіпти. Қожа Ахмет Ясауи мұриттерінен:*

– *Екі ит те өлді ме?* – деп сұраган екен.

– *Ия, біреуін қарамұртты аңшы өлтірді, екіншісі болса өз қауымын талап кетті,* – деп жауап беріпти.

*Сонда Қожа Ахмет Ясауи:*

– *Осы жерді соган бердім, аты да қарамұрт болсын,* – деген екен. Қарамұрт ауылы Ақман өлтірілген жерде пайдада болған екен дейді.

*Қараман болса, қашып бара жатқан қауымының жолдарын кесіп шығып, әр күні ертелеп бір қыздан беріп тұруларын талап етіпти.* Қалған адамдар амалсыз Қараманның талабын орындауга мәжбүр болады. Әр күні таңда ұлысының бір қызын қол-аяғын байлан, тау етегін мекен қылған жауыз иттің алдына алып келетін болышты. Бұл қауымның ішінде агалы-қарындасты ата-анасыз жетімектер бар екен. Бір күні сол жігіттің қарындасына кезек келіпти. Ол ақсақалдардың алдына барып, қарындасының итке жем болғанын қаламайтынын, Қараманды өлтіруге бел байлаганын айтып, ақ бата сұрапты. Ол қарындасын белгіленген жерде қалдырып, өзі иттің жолын аңдып тұрыпты. Бір кезде Қараманның ұлығаны естіліпти. Жігіт қараса, ит өз олжасына қарай жүгіріп бара жатыр

екен. Сонда жігіт екі оқпен Қараманды өлтіріп, өз қауымын жауыз иттің зұлымдығынан құтқарыпты. Хиуа жолындағы Қөпекті деген жерде осы оқиғалар болып өткен дейді» [143, 75-77]. Бұл әнгіменден ертегілік сарын қомакты орын алғанымен, оның айтушы мен тындаушы арасында шындық ретінде айтылып, шындық ретінде қабылдануы салдарынан біржола ертегіге айналып кетпейтіні анық. Аңызға осындай кереметтік элементтердің араласуы оны халық прозасының басқа бір жанрына бейімдейді. Сондай-ақ Әзірет Сұлтанның Қағбаға ақ маямен ұшып баруын көне халықтық танымнан туған деп айтуда болады. Бұл туралы Ә.Марғұлан: «*Қожса Ахмет Ясауи жаса күнін Сайрамда, әкесі Ибраимнің үйінде өткізді. Ол кезде Түркістан қаласы көтеріліп, Сырдария мен Арқа қазақтары саудамен сонда көп жиналагатын. Қожса Ахмет оларға үлгі айту үшін Сайрамнан Түркістанга келеді. Ол кісінің Түркістанга келгенін ескі қазақ тайпалары (қыпшақ, қоңырат) аса жақсы көріп, Арап теңізінің бойындағы ұлыстар оған арнап құстай ұшатын жүйрік Ақ мая әкеліп тартады. Аңыз бойынша, Ясауи таң намазын Түркістанда оқып, Ақ маясымен ұшып барып кешкі намазды Меккеде оқитын болған*» [151], – дейді. Рухани ілімнің күшімен Қағбаға ұшып барып, намаз оку жайлы түсінік сопылық ілімде болғанымен, бұл кереметті накты бір затқа (бұл жерде түйеге) тәуелді етіп көрсету жоқ. Ал осы ғажайып істі түйемен байланыстыру өте ерте замандардан келе жатқан көне түркілік наным-сенімнен бастау алған халық қиялышының қоспасы екені анық. Сондықтан мұндай әнгімелерді әпсанана жатқызыған жөн. Өйткені халық қиялышының әлгіндей үлесі бұл әнгімелердегі діни мазмұнды көмекілендіреді. Бұл – әпсананаға тән сипаттың ен бастысы. Халық прозасының білгірі С.Қасқабасов ғажайып оқиғалар баяндалатын әнгімелердің дінге қатыссызында әпсаналық, ал діни мазмұндағыларында хикаяттық сипат басым екенін айтады [152]. Ал ертеректе хатқа түскең аныздарда кітаби стильдің ерекшеліктері байқалады. Мұндай әнгімелерді, көне

дәстүр бойынша, «хикая» деп есептеген жөн деп білеміз. Бұл аныздарда тарихи анахронизмнің де іздері жок емес. Мәселен, жоғарыда айтылған жинаққа енген бір анызда Оқшы ата мен Ясауді бір заманда Әмір сүрген етіп көрсеткен [143,81]. Бұл – тарихи алмастырудың белгісі болуы ғажап емес.

Әйтсе де, жоғарыда айтып өткеніміздей, Әзірет Сұлтан туралы қазақ аныз-әпсаналарында тарихи шындық белгілері көбірек. Бұл, біріншіден, осы шығармалардың Ясауи жолын ұстанған ғұламалардың еңбектерінде кездесетін аныздармен сюжеттік туыстығы мен мазмұндық жақындығынан көрінсе, екіншіден, бұларда дәуір шындығын танытатын ерекшеліктердің мол болуынан және солармен байланысты заттық айғақтардың да біршама сакталып қалуынан байқалады. Бұл туралы жұмысымыздың екінші тарауында да айтқанбыз. Сондай-ақ олардың өзара мазмұндық сабактастығы да кездейсоқтық емес. Мысалы, бір-бірінен бөлек айтылған Зенгі бабаға қатысты екі анызда осындай байланыс бар. Оның бірінде Зенгі бабаның Қожа Ахмет Ясауге нағашы болып келетіні айтылса, екіншісінде Зенгі бабаның жасы кіші бола тұра, Әзірет Сұлтанға «перзентім» деп сөйлейтіні баяндалады. Осы аныздарды бере кетейік. Бірінші аныз: «*Зенгі баба Қожа Ахмет Ясаудің нағашысы еken. Зенгіні туган күні Қожа Ахметтің етегіне салады. Сонда болашақ әулие Зенгі баба кереметімен сөйлесіп, «Е, баба, менің жузімді көргеніңіз үшін көрімдігіне не бересіз?», – депті (...). «Қалаганыңды ал, нағашы», – дейді ол. «Олай болса, – депті (...)* Зенгі-баба, – бір кезде сіздің басыңызга улken гимарат салынбақ еken. Сол өзіңізге дайындалған кірпіштен әуелі менің басыма үй тұргызырысанды еken. Бұган Қожа Ахмет Ясауи келісіпті (...)» [143,84]. Екінші аныз: «*Құл Қожа Ахмет Ясаудің төрт атасын білмейтін адам қыбылаға күмәндар болады. Яғни ол кісі қыбыланы танымайды деп саналады. Қожа Ахметтің әкесі – Ибраһим шайық, атасы – Ілляс шайық, бабасы – Махмұт шайық, аргы бабасы – Әбтахар шайық.*

*Зеңгі баба Құл Қожа Ахмет Ясауиге «перзент» деп сөйлейтін көрінеді. (...) Бірде ол екеудің дидарласып отырғанда, өзі қап-қара Зеңгі бабаның аппақ тістерін көріп, Қожа Ахметтің ернін күлкі қытықтап, езу тартыпты. Сонда баба:*

— Перзент, неге құлдің? — деп, сұрапты.

— Тісіңізге құлдім, — дейді Әзірет Сұлтан. Зеңгі табан астынан:

— Тісімнің көрімдігіне не бересің? — дегенде, оған Қожа Ахмет:

— Әуелі жайды сізге, онан кейін бізге салсын, — депті.

(...) Әмір Темір Әзірет Сұлтанның күмбез-мазарын жаңадан көтеруге кіріскенде, күндіз адам бойы көтерсе, онысы түнде құлагап, азанда қирап жатыпты. Содан жеті-сегіз ғұламасын жишип:

— Осы неге құлайды? Сіздер түнде қирап, соны байқаңыздар, — деп, тапсырады. Олар таза тәзарат алып, Алла тағалага мінәжат етіп, қаруылдан отырады. Сонда түн ішінде бір көк өгіз келіп, дуалга сүйкеніп, бәрін құлатып кетеді. Бұл болған жайды Темірге баян етеді. Сол уақытта тарихта өткен адамдардың сырына қанық қісілер жиналып келіп:

— Ілгеріде Қожа Ахметтің өзі Зеңгі бабага: «Әуелі жайды сізге, онан кейін бізге салсын», — деген екен. Алғаш Зеңгінің басына күмбез-мазар салынбайынша, Әзірет Сұлтанның кесенесі тұрмайды, — дейді.

Әмір Темір адамдары Зеңгі бабага жай тұрғызып, онан кейін Әзірет Сұлтанға ауысады.

Бұл күнде Та什кент облысының Жаңажол ауданындағы Зеңгі бабаның күмбез-мазары тұр» [143,84-85]. Екінші анызда Зеңгі бабаның жасы кіші бола тұра, Қожа Ахмет Ясауиге «перзентім» деп сөйлеуі – қазақ арасында қазірге дейін сакталып калған нағашы мен жиеннің әзілдесіп-қалжындастын халықтың ескі әдетінен хабар беретін эпизод. Бұл анызда Зеңгінің Ясауиге нағашы екені тікелей айттылмаса да, осы әзіл арқылы ол

тындаушыға оңай түсінікті болып тұр. Осы ақиқаттың мүлдем басқа жерде, басқа уақытта, басқа айтушыдан жазылып алғанған бірінші аңызбен сәйкес келуі – тек олардың тарихи негізі бір болғанда ғана пайда болатын құбылыс.

Осы аңызда Зенгі бабаның Ясауиден бұл екеуі қайтыс болғаннан кейін, қабірлерінің басына орнататын кесенені бірінші өзіне салдыру керектігі туралы үәде алғаны айтылған. Осы мағынадағы бір аңыздарда Зенгі бабаның орнына Арыстанбап айтылады. Біздінше, бұл әңгіме әуел баста Зенгі бабаға қатысты айтылса керек. Салынып жатқан құрылышты құлатушы көк өгіз бейнесінен осы сырды анғаруға болады. Өйткені Зенгі баба халық аузында «сиырдың пірі» деп айтылады. Ә.Марғұлан өз еңбегінде мысал етіп көлтірген, кереметтік элементтері аз, реалды ерекшелігі басым бір аңызда да қарапайым халық өздерінің шаруашылығына көп пайдасы тигені үшін Қожа Ахметтен бұрын Зенгі бабаға ғимарат салуды Әмір Темірден талап еткені де [151] осы ойды қуаттай түседі. Сондай-ақ Мәшіүр-Жүсіп Көпейұлының мына сөзі де осыған саяды: «Шаңынша әулие (бұл жерде Әмір Темірді айтып отыр – Б.К.) хазірет сұлтан Әлғарифин қожа Ахмет Иасаудің үстіне күмбез салдырған. Ташкентте «Зенгіата» – деген әулиенің үстіне күмбез салдырған. Сонда ол екі күмбездің кірпішін Сауран деген жерден құйдырған» [153].

Қожа Ахмет Ясауи туралы қазақ аңыздарының көне жазбалардағы аңыздармен жақындығы да бірден көзге түседі. Әсіресе, Ясауи жолының айқын өкілі Хазинидің «Жауаһир-ул Абрар мин Амуаж-ил Ихар», Үсмайыл Қазықұртидың ұлы Үісқақ қожаның XIV ғасырда жазылған «Хадикат ал-арифин» атты еңбектеріндегі мәліметтермен қазақ аңыздарының байланысы күшті. М.Ф.Көпірілі Хазинидің жоғарыда аталған еңбегінде Ясауи жайындағы аңыздардың түркістандық вариантының қамтылғанына көніл бөледі [14,80]. Оның есесіне, қазақ аңыздарының өзге түркі халықтарындағы Ясауи

жайындағы әңгімелермен мұлдем байланыспайтын тұстары жеткілікті. Мәселен, татарлар арасында тараған бір азызда түркілердің шайды алғаш пайдалануын Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланыстырады. Онда шай ішіп, шаршауын басқан әулиенің: «Алла киямет қайымға дейін осыдан айырмасын», – деп дұға қылғаны айтылады [14,64]. Ал бұл XX ғасырдың басына дейін шайға жатырқаушылық танытқан қазақ дүниетанымымен мұлдем үйлеспейді. Бұл туралы Әбубекір Кердері:

Тар шалбар, бешпент шыкты қынамалы,  
Жігітке шапан киген ұнамады.  
Сары жез самауыры тағы шыкты,  
Машина шүмегі бар бұрамалы.  
Төсектен ерте тұрып бас ауырса  
Бөтен ем шайдан басқа сұрамады.  
Сол болды ауруының жакқан емі,  
Халықтың берекелді тапқан емі [154], –

деп жырлаған. Қазақ ақын-жыраулары шайдың өзіне тәуелді ететін, яғни «бас ауыртатын» қасиетінен шошынғаны байқалады. Бұл түсінікте адамның тек Жаратушыға ғана тәуелді болуы керектігі жөніндегі Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің басты идеясымен сабактастық бар. Сондай-ак адамға тәннің рахатын ғана сыйлайтын, яғни нәпсінің қалауы болып саналатын ішімдіктерді насиҳаттау сопылар өмірінің шындығына да жанаспайды. Бұндай мысалдар қазақ аныздарында жоққа тән. Бұдан Ясауи жайлы қазақ аныздарының ақиқатқа барынша жақындығын аңғара түсеміз.

Қожа Ахмет Ясауи өміріне қатысты тарихи деректер тым аз және ол деректердің дені аныздық сипат алған. Оларда қарама-қайшылықтар да аз емес. Мұндай қарама-қайшылықтың болуы кейінгі сопылық қауымдастықтар арасындағы тартыспен байланысты деп есептеген жөн. Ол қауымдастықтар әулиелер сұлтанының беделін пайдаланбақ ниетпен оны өз силсалаларына қатысты етіп көрсеткісі келген немесе өздерін

онымен генеологиялық жағынан байланыстыруға тырысқан. Тіпті Ясауи өміріне қатысты кейбір күмәнді айғақтар ғылыми айналымға әбден еніп, бүгінгі қоғамдық пікірден берік орын алған. Мәселен, Қ.А.Ясаудің Юсуф ал-Хамаданиге шәкірт болғандығы жөнінде ясауитану саласына қатысты бұрынғы әдебиеттердің бәрінде дерлік жазылды. Осындай қалыптасқан шікір бойынша, Қожа Ахмет Ясауи – Юсуф ал-Хамаданидің төрт шәкіртінің үшіншісі. Түркістанға қайта оралған соң, ол орталығы Бұхарада немесе Самарқандта болған әл-Хамадани бауырластығынан бастартты делінеді. Сөйтіп өзінің шәкірттерін әл-Хамаданидің келесі бір шәкірті, әуелі хожагания, кейіннен нақышпандия тариқаттары өз дәстүрлерінің негізін қалаушы етіп көрсеткен Абд ал-Халық әл-Ғыждуданіге тапсырған деп айтылады. Осыған қатысты аныздың Түркияда жарық көрген «Ислам ғалымдарының энциклопедиясынан» алыш, қазақшаға С.Сахабат аударған нұсқасын бере кетейік: «Қадым заманнан ұлылардың шәкірттікке не байлығына, не көркіне қызықтай білімқұмар, дарынды, көңілі таза балаларды таңдағаны тектен-тек емес.

Түркі магнауиятының атасы Жүсіп Хамаданидың атышулы даңқы алысқа жетті. Олар – Қожса Абдулла Барақи, Қожса Хасан Андақи, Қожса Ахмет Йасауи мен Әбділхадық Ғыждуданы еди. Бұлардың қайбірі де дінге құлай берілген, зор кереметімен, пірінің еңбегін жалғастырған жсанкешті қарекетімен жаңаңға мәшиүр жандар. Қожса Ахмет Йасыға келіп, аты дүрілден тұрған шағында бір топ мұридтерін ертіп, Мекке-Мәдине сапарына аттанады.

Қажыға ниет қойғандардың жолы Ғыждудан шаңары арқылы өтеді еken. Мұнда келген соң Қожса Ахмет байырғы досы Әбділхалықты көре кеппекті жөн санап, досының үйіне түседі. Ғұламалар арасындағы жаразасты сұхбат қыза келе меймандардың мақсатын білгісі келген Әбділхалық сөз арасында:

— *Ғазиз пірәдарлар, жол болсын! — деп сұрап қалады.*

— *Алла нәсіп етсе біздер Мекке мен Мәдинедегі мұбәрак жайларды зиярат қылсақ деген үміттеміз, — дейді түркістандықтар.* Сонда Әбділхалық досының бетіне қарап:

— *Сонша жерге әуре болмай-ақ осында шақырта салмайсыздар ма? — депті.* Меймандар болса:

— *Егер, пірәдар, сол құдіретке жеткен болсаңыз шақырып берсеңіз еken, — дейді.*

Жаббар иеме жалбарған Әбділхалық жүзін алақанмен сүртіп, меймандардың көзін жұма тұруын сұранды. Және һамду сана айтты және жалбарды...

Көздерін ашқанда әммесі Қағбаны көрді. Олар бұл кереметке мақтау айттысты. *Ғазиз жайлардың әрбірін қалауынша зиярат етісті.* Тагы бір көзді жұмып-ашқанынша Қағба бұл жерден гайып болды.

Дітіне жеткен зияратышыларды ертіп Қожа Ахмет Түркістанга қайтпақ болады. Тату достар қоштасарда қимастықпен көздеріне жас алысады.

Біраз жерге ұзаган Қожа Ахмет соңына қайырылып қараса, бірде-бір шәкірті ермей қалыпты. Олардың әлгінде Әбділхалыққа таңырқасып: «Міне, пір деп, уәли деп мұны айтса болады», — деп сыйырласқанын естіп те қалған еді.

Шаңардан жеке шығып, біраз ұзаган соң құлап қалған дуалға мініп алты демін басады, азырақ ойға да беріледі. Сол пәйітте жедел шешімге келді.

Өзі мініп отырган дуалын шыбықпен салып қалған Қожа Ахмет «шүу жануар» дегені сол еken, дуал жүріп кетеді. Жалғыз дуал емес, муридтері Әбділхалықпен бірге қалған мешіттің әулісіне де жсан біткендей қозгалақтай бастады. Жапа-тармагай Қожа Ахметтің соңынан жүгірген жүрт дереу жалынады:

— *Тоқтаңыз пірім, біз күнәндарды кешіріңіз, тоқтаңыз...*

Дуалдан қарғып түскен Қожа Ахмет пірәдарларымен қоштасып Түркістанга кетеді. Ұзаганнан соң өзінің пірәдарларына ілесіп келе жатқан Әбділхалықтың шәкірттері де бар екен. Оларды сол жерде тоқтатып, Әбділхалықтың дәргейінде қалу керектігін айтты.

Қожа Ахмет Йасыға жеке қайтты» [155]. Бұл анызда сопылық қауымдастықтары арасындағы саяси тартыстардың ізі барын байқау қын емес. Біріншіден, болмашы себептермен кереметкөрсетугекұмарлық, соларқылығында олардың дәлелдемек болу – Ясауи жолына жат. «Имам Раббани «Мектубат» атты кітабында ұлы әулиелердің керемет көрсетуден қашқандығын, кереметтің еріксіз жасалатындықтарын (курсив біздікі – Б.К.) және кереметке көніл аудармау керектігін (курсив тағы да біздікі) атап өтеді. (...) Сопылық жолы тауларды төңкеріп тастау, тырна болып ұша алатын құшке ие болу үшін емес адамды жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа бастайтын жол ретінде құнды» [13,71], – дейді Н.К.Зейбек. Осы орайда Рәбия Басриге қатысты мына әңгімені де келтіре кеткен жөн сияқты: «Бірде Хасан (Басри – Б.К.) өзінің атагын шыгаруга құмартып келе жатып, әулиелердің алқасында отырған Рәбияны көреді де, оған келіп былай дейді: «Рәбия, кел, бұл жиынды қалдырып, өзеннің ортасына барып отырайық және рухани сұхбатымызды сол жерде жалғастырайық». Ол бұны басқалардың алдында өзінің гажайып қабілетін (су бетімен жүретін Иса (г.с.) пайғамбар сияқты) көрсету үшін айтты. Рәбия оны ойынан қайтармақ болып былай деді: «Хасан, сен мақтандықтарлығыңды қой. Егер сениң, әулиелердің жалпы мәжілісін тастап кететіндей, өнерің соңшалықты құшті болатын болса, бізге неге ауада қалқып тұрып сұхбаттаспақça?». Рәбия бұл ұсынысты мұндаидай қабілет өзінде бар да, Хасанда жоқ болғаны үшін айтты. Ол (Хасан – Б.К.) осы кезде өзін кінәлі сезінді. Рәбия айтты: «Мынаны біл, сен істеймін деген нарсені балық та жасай алады, ал мен ұсынған істі шыбын да атқара алады. Ақиқат бұл бәсеке мен

қабілеттен әрдайым жоғары. Шын кереметті сабырлылық пен құлышылықтан ізде» [22,51-52]. Бұл хикая да сопылық жолдағы кереметтің мәнін ашатын мазмұнға ие. Бұдан хақиқат жолындағылардың керемет көрсетуден өзін барынша қашық ұстайтыны ұғынылады. Ал жоғарыда баяндалып өткен Абд ал-Халық әл-Ғыждуани есімімен байланысты аныздағы ол көрсетті делинген кереметтің айрықша қажеттіліктен тумағаны, яғни еріксіз жасалмағаны және оған Ясауи шәкірттерінің өзгеше көңіл аударғаны бұл айтылған принциптерге қайшы келіп тұр. Бұл – бір, екіншіден, мұнда Абд ал-Халық әл-Ғыждуанидің рухани дәрежесінің Ясауден жоғары деп көрсетуге тырысуышылық байқалады. Бұл да құтуб-ул ақтаб сияқты ең биік рухани дәрежеге жеткен Ясауи өмірінің шындығына сәйкес келмейді. Үшіншіден, қазак аныздары Қағбаны орнынан қозғаушылардың қатарында Абд ал-Халық әл-Ғыждуаниді атамайды. «Бұрынғы Ресей империясының территориясындағы ислам» атты энциклопедиялық сөздікте жоғарыдағы сияқты аныздардың шындыққа қайшы екенін жазады. Онда Ахмет Ясауді Юсуф әл-Хамаданиге шәкірт болды деген версияның күмәнділігі Ахмет Ясаудің өзіндік сопылық дәстүрлерді қалыптастыруышы екенін мойындау пигылышының сезілетіндігімен ғана емес, сонымен бірге, мәліметтердің хронологиялық қайшылығынан да көрінетіні айтылған. Әл-Хамаданидің 1140 жылы қайтыс болғаны анық. Олай болса, әл-Ғыждуани мен Қожа Ахмет Ясауи XIII ғасырдың басында көз жұмған болып шығады. Бұл версияның нақышпандиялық еңбектерден ғана орын алуды да күмәнді күштейте түсетініне көңіл аударады [156].

Қожа Ахмет Ясауи жайындағы қазак аныздарына сопылар қауымдастыры арасындағы саяси тартыстардың салқыны көп тие қоймаған. Анадолы жеріндегі бекташия сопылық қауымдастырының ясауия тариқатымен байланысы жөніндегі аныз-әнгімелері қазак арасында мүлдем айтылмаған. XV ғасырдағы бекташиялық деректерде Қажы Бекташтың Ахмет

Ясауиге шәкірт болғаны, ол екеуінің қарым-қатынасы жөнінде баяндайтын ақыздардың бар екені белгілі. Бұл ақыздар «Кунхул Ахбар», «Әулие Шелеби саяхатнамасы» және Қажы Бекташ уәлидің шәкірттері тарапынан жазылған «Уәляятнама» деп аталатын кітаптарда кездеседі. Бірақ бұл ақыздарда тарихи шындықтың саяси мақсатта бұрмаланғаны анық байқалады. Ясауи жолын зерттеуші Д.Деуис бұл туралы: «Шынында да, XV ғасырдың сонында жазылған деп саналатын бекташиялық мәнбелерде Қажы Бекташты Ахмет Ясаудің шәкірті деп дәлелдейтін ақыздар сақталған, оларда екі әулиенің өзара қарым-қатынасы және Ахмет Ясаудің өзі жайында бірқатар назар аудараптық әнгімелер бар. Бірақ бұл ақыздар Қажы Бекташтың Ясауиге тәуелсіз екенін және оның одан артықшылықтары бар екенін бекітуге айқын бағытталған», – дейді [156,37]. Д.Деуис пікірінің негізсіз емес екенін көрсету үшін, осы ақыздардың «Уәляятнамадан» алынған біреуін Ф.Көпірлі баяндауында бере кетейік: «(...) Ахмет Ясауи бүкіл Қорасанның үәлиі (әкімі) және 99000 шәкірттің шайқысы болады. Бірақ Бадахшан өлкесі бүтіндей қәпірлердің қолында болып, олар ислам елдеріне үнемі шабуыл жасап отырады. Ақырында бұган ызаланып, Хайдар қол астындағы 5000 батырымен согысқа аттанады. Бірақ ол Аллаһ есімін еске алмаганы үшін бұл әскер қыргынга ұшырайды. Хайдар тұмтқынга түседі. Қорасан халқы Бадахшан қәпірлерінен көп жаса шегеді. Ақырында келіп Ахмет Ясауиге жалбарынады. Сол-ақ екен теккенің есігінің алдында Қажы Бекташ Үәли көрінеді. Ішке кіріп, шайқыга салем береді, табалдырығына бетін тақайды. Қожа Ахмет «Міне өлкенің иесі келді» деп қуанды. Тамақтан соң Қожа Ахмет болған нәрселерді айтып береді. Бекташ Үәли сол-ақ екен шаңтың кейпіне кіріп, ұшып кетеді. Қожа Ахметтің шәкірттері оның бұл Шыплак Абдалга (Жалаңаш жындыға) көрсеткен ілтипатына ашуланып, теккені тастап кетеді. Қажы Бекташ болса бір мезетте Хайдарды тұмтқындықтан босатып, әкесіне

*табыс етеді. Бұдан кейін барлық дәрүйштер оның ұлылығын мойындайды»* [14,74]. Бұл аныздан Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттері атқара алмаған істі бір сәтте атқарған Қажы Бекташтың «артықшылығын» көрсету ниеті, шынында да, анық байқалады. Оның үстіне, алдыңғы әл-Ғыждуани туралы аныздағыдай, мұнда да Ясаудің шәкірттері ұстазын болмашы себеппен тастан кеткені баяндалған. Ал бұл – «шайқысынан басқа ешкімді жоғары санамай, тек соған ғана шексіз (абсолютті түрде) тәсілім (берілуі) болуы керек» [14,136], – деген Ясауи жолындағы қағидаға мүлде қайшы. Ф.Көпірлі: «Бекташилер халық арасынан негізінен бар аныздарды ала отырып, арасына Қажы Бекташ Уәлиді де қосып жіберген» [14,81-82], – дейді. Бұл – халықтық аныздарды саяси тұрғыда редакциялаудың көрінісі.

Қожа Ахмет Ясауи туралы өзге халықтардағы аныздарда да сол халықтардың Ясауи жолына катынасы туралы тарихи шындықтың кейбір елестері бар. Мәселен, жұмысымыздың алдыңғы тарауында қарақалпақтардың Мәуреннахрға нақышпандия ықпалымен қоныс аударуы мүмкін екені айттылды. Қарақалпақтардың Түркістаннан түп көтеріле көшуінің Қожа Ахмет Ясауиге қандай да бір катысы бар екенін көрсететін мынадай бір қарақалпақ аңызы бар: «*Қарақалпақтар жаугершілікте босып келе жатып, Қожса Ахмет Ясаудің мазарына кідірген және қалмақтардың шапқыншылығынан құтқару үшін медет сұраган. Қандай халықтың да әйтегір бір ақымағы болады гой. Ертеңіне таңертең бір ақымақ біреу Ясаудің шымылдығын ұрлапты. Жасы үлкендер сезіп қалып, ол адамды мазар алдында өлімге үкім еткен. Бірақ солай болса да «қарақалпақтар Қожса Ахмет Ясаудің шымылдығын ұрлаган» деген атагы тарап кетіпті деп айтады*». Қарақалпақстаның Кегейлі ауданының Энгельс атындағы совхозының тұрғыны Дәулетмұрат деген қариядан жазып алынған бұлаңыз қарақалпақ әдебиеттанушысы К.Мәмбетовтің зерттеуінде жарияланған

[157]. Осы аңыздың ізі Бердақ жырлаған қарақалпақ шежіресінде де бар. Онда:

Кәндур Түркістан әжеп жай,  
Он урыу аш, Қонырат бай.  
Шымылдық урлапты Қытай,  
Пирден қарғыш алған екен [139,70], –

делінеді.

Бұл аңыз тіпті қазақтар арасында да белгілі болған сияқты. Тағы да қарақалпақтар арасында айтылған Кеңес дәуірі кезіндегі болған бір оқиға туралы әңгімeden осы шындық көрінеді: «Қарақалпақтың халық ақыны Тілеуберген Жұмамұратов Туркістанда болған бір дүбірлі мерекеге келеді. Әзірет Сұлтан кесенесіне зиярат етіп жүріп, жергілікті қазақтармен сойлеседі. Олар Тілеубергенниң тіліндегі сәл өзгешелікті байқап, «кіші жұз емессің бе?» деп сұрайды. «Жоқ, мен – қарақалпақтың», – деп жауап берген Тілеубергенге олар: «Е, баяғы Әзірет Сұлтан бабамыздың масаханасын ұрлап қашқан қарақалпақсың ба?!» – деп тарпа бас салады. Сонда ол:

Бұл гәпің рас яки жалған шығар,  
Нәр халықта бір жаман болған шығар.  
Тикарында пешехананы қазақ ұрлап,  
Жаласы қарақалпаққа қалған шығар, –

деп табанда сұрып жауап береді. Сөзден тосылып қалған қазақтар сол мерекеге келген қазақтың бір ақынын (бір әңгімеде Сырбай Мәуленов делінеді) тауып алып, болған жайды баяндайды. Ол ақын есе қайтару үшін Тілеубергенди ізден тауып, оған қарсы кездескен кезде мына сөзді айтқан екен:

Осы ма ақынымыз – Тілеуберген,  
Әзі де адам екен жүдіеу келген,  
Бетіне қарап тұрсаң мұсәпір гой,  
Бір аяғы біріне тіреу берген.

Аяғын сұлтып басатын Тілеуберген қапелімде сөз таба алмай қалыпты (автордың жеке мұрағатынан, информатор –

филология ғылымдарының кандидаты К.Хамидулаев). Осы әңгімеге қарағанда, қарақалпактардың Қожа Ахмет Ясауиге жазықты болып көшкендігін қазақтар да айтқан сияқты. Бірақ бұл сюжет қазақтарда бертінде ұмытыла бастаса керек. Әзірет Сұлтанның шымылдығын (масаханасын) ұрлау туралы аныздан тарихи анохронизм байқалады. Қарақалпактардың Түркістаннан жаппай қоныс аударуы XVI ғасырдағы оқиға болса, оны XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауимен байланыстырудан осыны көреміз. Бұл жердегі әңгіме Ясаудің өзіне емес, оның іліміне нұқсан келтіруден туған болса керек. «Шымылдық» сөзі «перденің» синонимі ретінде айтылады. Ал Ясау ілімінде «перде», «дастархан» («суфра»), «тәж» сияқты т.б. сөздер символикалық мәнге ие. «Перде» сөзі хикметтерде де көп қолданылады. Сопылышқ ілімдегі перде – Құдаймен арадағы сырды жасыруши зат. Демек аныздағы перденің (шымылдықтың) ұрлануы – құпия сырды жария етіп қоюды, сол арқылы ладуни ілімге зиян келтіруді білдірсе керек.

Жоғарыда айтылғандай, саяси қоспалары жоққа тән қазақ аныздарының мазмұны Қожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерімен де көп сәйкес келеді. Халық аузындағы әңгімелерде және Қ.А.Ясауи хикметтерінде оның ұстазы Арслан баба (Арыстан бап) деп көрсетіледі. Қ.А.Ясауиге аманат ретінде берілген құрманы тура мағынасында емес, рухани ілімнің нышаны іспетті қабылдау керек. Түрік ғалымы, профессор, доктор Мұстафа Таһрали: «(...) «құрма» рәмізін Арслан баба арқылы Хз. Пайғамбардан тікелей аманат болып келіп, өзіне берілген «рухани құндылық» деп ұғыну керек. Өйткені бұл «құрма» «Еки аламнан кечиб маст қылғанына» қарай, кәдуілгі құрма емес. Құрани кәрімде айтылған «құрма» сөзінің сопылар қолданған «ишари» (символдық) мағынасын ой елегінен өткізсек, мұны «иләни мағрифат пен хақиқаттар», «жүрек түкпіріндегі, рухани халдер, илаһи сипаттардың көрінуі, олардың мадақталуы және руханият жемісі түріндегі сый, переделердің ашылуы, тазару

және ішкі әлемдегі халдер» деп ұғыну керек», – дейді [158]. М. Таһрали мысалға алған тармактар Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорынан алынып, 2002 жылы жарық көрген хикметтер жинағында кездеседі. Мұнда:

Ағзим ачдим салдылар, хурма мени қылды маст,  
Ики ғаламдин кечиб уаллаң болдым хақпараст [159], –  
деп жырланады.

Діни танымда рухани-ладуни ілімнің Жаратушыдан және бір мезетте берілетіні туралы жұмыстың алғашқы тарауында айтылған болатын. Қ.А. Ясауи хикметтерінің бірінде өзінің рухын Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың миғражда көргенін баян етеді. Енді бір хикметінде пайғамбардан уағыз естігенін жазса, енді бірде «Уч иашымда Чилтен бақып шараб берді», – дейді. Кейбір деректерде 657 жылы дүниеден өткен деп айтылатын Салман ал-Фарисиді Арслан баба деп есептейтін болсақ, Ясаудің онымен кездесуін материалистік пайымдау арқылы емес, жоғарыдағыдан рухани түсінік тұрғысында қабылдау керек болады.

Турт иашымда хақ Мұстафа берди хурма,  
Иол курсатдым иолға кирди неча камран.  
Кайда барсам Қызырбабам мена һамрах,

Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга [29, 134-135], – деп, өзінің Қызыр атадан сабак алғанын, рухының «тәнге кірмей тұрып кәмелетке толғанын» хақиқат деп білетін сопылар шайығының осыдан кейін ұстаз іздеуі, әл-Хамаданидан дәріс алуы, шындығында да, көкейге қона бермейді.

Әзірет Сұлтан хақындағы қазақ аңыздарының деректілігі де мол. Бұған катысты бірінші тарауда Мәшіүр-Жүсіп Қөпееев жазбасында сақталған «Көп қоркытады, терен батырады» деген мақалдың шығуы жайлы аңыздан мысалдар келтірген болатынбыз. Ал Қожа Ахмет Ясауді ұры етіп көрсеткісі келіп, жала жауып, сол себепті әулиенің киесі ұрып, итке айналып кеткен Ақман мен Қараман жайындағы кереметтік оқиғаларға

толы аңызда да тарихи деректілік бар. Аталмыш аңыз түркі халықтарының арасында кең тараған. Бұл әнгіме түркімендерге, қарақалпактарға және өзбектерге де барынша танымал болған. Алтын Орда ыдыраған тұстардағы сырдариялық оғыздардың Ақман мен Қарамандеген басшыларының тарыбашқұрттардың шежірелік аңыздарында айтылуы да қызық жайт [160]. Ақман мен Қараманның тарихи тұлға екендігін Ясауи хикметтеріне кейіннен қосылған шығармалар да айқынданай түседі. 2002 жылы жарық көрген жинақтағы 12-хикметте бұл шындық:

Маламатдин май ичкан дидаriga бати-а,  
Пир қолидан май ичкан хак нуриға бати-а.  
Ақман бирлан Қараман суруб ичкан көб дауран,  
Тұхмат қилиб атага Асат суратлик боли-а.  
Ибраһимға шак қылған, киуб-ианыбы қул болған,  
Инанмасаң келиб бақ, куриб, билиб айди-а.  
Шайтан иолиға кирған Қожа Ахмадға таш атқан,  
Тахта Ассиратында дамдар болыб иати-а [159,57], –

деп баяндалады. Осы хикметтен Ақман мен Қараманның итке айналу туралы аңыздық сарынның ертерек айтылған вариантын аңғарамыз. Мұнда олар ит емес, арыстан сияқты (асад) кейіпке енгені айтылып тұр.

Жоғарыда баяндалған Ақман мен Қараман туралы аңызда олардың итке айналып, өз қауымын қуып кеткені айтылғанымен, ол қауымның аты аталауды. Бірақ бұл аңыздың басқа варианттарында ол қауым Сури (Сүйірі) деп айтылады. Тарихи дерек бойынша, Сури – тайпа аты емес, елді мекеннің аты. Ол осы аңыздардан да аңғарылады. Сури тұрғындарының Қожа Ахмет Ясауиге қорлық көрсетпек болып қаншама рет карау әрекетке барғанын баяндайтын аңыз нұскалары көп. Олардың енді біреулерінде, керісінше, Ақман мен Қараманның аты аталауды, бірақ жалпы суріліктерге кінә артылады. «Ясы өңіріндегі Сури (...) қалашығының халқы ясылықтарға деген дүшпандықтарын, әсіреле, Қожсаның тікелей өзіне бағыттап, үдете түскен еді.

Қожа Ахмет Ясаудің атақ-даңқы шартарапқа жайылған сایын олар ашуга булығып, зығырдандары қайнайтын. Ақыры соңында оған «ұры» деген жала жасауып, кінәлау үшін жоспар құрады. Бір сиырды мүшелеп сойып, жасасырын түрде теккениң ішіне апарып тастайды. Жазғытұрым болғандықтан, шәкірттер үақыттарын тыста өткізетін. Ертесі күні таңертең сиырларын іздеуді сұлтауратып Сури халқы ертелеғін теккениң алдына жиналады да жоқтарын шайқы отырган ішкөріден іздестіргілері келетінін айтады. Қожа Ахмет Ясауи бұл екі жүзділерге үн қатып: «Кіріңдер, иттер, кіріңдер», – дейді. Кіреді, бірақ Алланың хикметімен сол сәтте бір-бір итке айналып, мүшелеп әкеп тастаган өз сиырларының етін жей бастайды. Сырттан бұл оқиганы тамашалап тұрған жолдастары мына қөріністен қатты шошынады. Шайқы әлгілерді қайтадан адамга айналдырады, бірақ бұл жамандықтарының естелігі ретінде құйрықтарын мәңгібақи қалдырады. Бұл құйрық қан арқылы барлық ұрпақтарына беріледі» [143,72]. Сури халқының Қожа Ахмет Ясауиге жасаған қиянаты шектен асып, оның баласын өлтіруге дейін барады. Және осы аныздарда да олардың карғыстан итке айналғаны немесе ит сияқты құйрықшығатыны баяндалады. Енді біраңызда Ясаудің оларға жақсылық жасағаны әңгімеленеді: «Сури халқы қаншама таяқ жегендеріне қарамастан, Қожамен жсауласуын қоймайды. Қожсаның Ибраһим деген бір ұлы және бір тамаша аты болады. Бір күні оның «Кім де кім ұлымның өлім хабарын естіртсе, соган атымды беремін», – деген сөзі Сури халқының құлагына жетеді. Күндердің бір күнінде Шаңзада Ибрахимді бір агаشتың түбінде ұйықтан жатқан жерінен басын кесіп алып, оны бір сұлгіге орап, Қожсаның алдына әкеліп тастайды. Қожа олардан «Бұл не?» – деп сұрайды. Жаңа піскен қауын әкелгендерін айтады. Қожа істің мән-жайын түсініп, іші өртene отырып бәрібір атын береді және соңынан қан дауы болып, араларында мәңгі-бақи дұштандық қалмасын деп

өлтірген адамга қызын да береді...» [143,36]. Бұл аңыздың да деректік негізінің барлығы ұлы шайықтың перзентінің қаза тапқан жерінің нақты көрсетілуінен белгілі болып тұр. Бұл жер бүгінгі күнге дейін қастерленіп, оған қазір ескерткіш-такта қойылған. Ол қазіргі Түркістан қаласындағы I.Жансүгіров көшесінің №15 үйінің жанында.

Ясауи хикметіндегі:

«Матқи қулли, матқи қулли» айтди Расул.

Ай, Қул Ахмад, бу хадисни қылғыл қабул.

Суйри халқы қабул қылмай болды малул,

Жаһил халқы пир кадирини қачан билур? [29,216], –

деген жолдардан айтылмыш аңыздардың ақиқатқа құрылғанын түсінеміз. Бұл хикметті казақшалағандар Сүйриді «Сирия халқы» деп дұрыс аудармаған [29,102]. Сури (Сүйірі) – XVI ғасырға дейінгі тарихи деректерде бар Түркістан маңындағы елді мекен. Бұл туралы тарихшы М. Қожа: «Хафиз Таныштың «Шараф-наме-и шахи» атты тарихи шығармасында Абдолла ханның Түркістан қамалын коршап, аса сақтықпен қолдан келген амалдарын жасап басып алу жөнінде пәрмен беріп, Қараспан қаласына жиналған бұқаралық әскердің осы бұйрықтарды орындау мақсатында 1582 жылы 29 мамыр күні Түркістан бағытында жорыққа шыққаны мәлім. Олар Түркістан маңындағы Сури /Сүйір болуы ықтимал/ деген жерге келіп тоқтайды» [161], – дейді.

Қазақ аңыздарындағы Қожа Ахмет Ясауи образы оның «Диуани хикметтегі» бейнесіне өте жақын. Бұл образдар бір-біріне әрекет түрімен де, сөзімен де, дүниетанымдық ерекшеліктерімен де барынша бір-бірімен өзгеше үйлесім табады. Әсіресе, алғашқы тарауымызда Мәшіһүр-Жүсіп Көпееев қолжазбасынан алынып баяндалған Ясауидің өз шәкіртерімен мақалдарды ойлап шығарғаны туралы аңыздан бұл жақындық өзгеше көрінеді. Бұланыздың деректік негізінің, тарихилығының айқындығын бірнеше рет айтып өткен болатынбыз. Аталған

образдар жақындығы осы ойды одан әрі бекіте түспек. Аңыздағы: «Ан қазіретіміз Мұхаммед ғалайхиссалам миграж ашып барғанда, Құдай тағаланың құдіретімен тоқсан тоғызы мың сөз сөйлескен екен. Оттыз уш мың шаригат, оттыз уш мың тариқат, оттыз уш мың хақиқат – соның бәрі бір кітапта болмайды, бәрі бір жерден табылмайды. Сіздер баршаңыз бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыз сөзден сөз айттыңыздар, кейінгі заманга жәдігер болып қаларлық болсын. Сол Құдай тағаланың құдіретімен Мұхаммед Пайғамбармен сөйлескен сөзін пендеде білуши жсоқ. Бірақ сіздердің сөздеріңіз сол сөздің көлеңкесі сықылданып, жұрт аузында қалсын», – деп Қожа Ахмет Ясауи айтты деген сөз дәл осы мазмұнда «Мират-ул Кулубте» де айттылады. «Хз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) миграж түні Алла тағаламен «тікелей» тоқсан мың тақырыпта сөйлесті. Оның оттыз мыңы шарифат бойынша, оттыз мыңы да тариқат және қалған оттыз мыны хакиқатпен байланысты болатын» [33,16], – дейді онда. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде Қожа Ахмет Ясауи айтты деген сөз аныз бен шайқының өз еңбегінде бір мазмұнда беріліп тұр.

Осы аңыздағы Қожа Ахмет Ясаудің өзі шығарды деп баяндалатын «Шаруа көшсе байиды, дәруіш кешсе байиды», «Ұақытсыз ерден, бақытсыз ұргашы артық» деген екі мақал да дүниетаным, тілдік қолданыс тұрғысында «Диуани хикметке» барынша жақын тұр. Алғашқы мақалда «кешсе», «байиды» деген сөздер арқылы эллипсис тәсілі шебер қолданылған. Мұнда «кешседен» бұрын «Бір Алладан басқаның бәрінен», «дүни-мұліктен» деген, «байидының» алдында «рухани» деген ұғымдар түсіріліп айттылып тұр. Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметте» де көп қолданған көркемдік тәсілінің бірі – осы эллипсис болатын. «ЭЛЛИПСИС (грекше *elleipsis* = өткізіп жіберу, түсіп қалу) [риторика] – айттылатын ақпаратын молдығынан, айтпаса да түсінікті болатын, ойша толықтырып алуға келетін сөйлем мүшелерін сөйлеу кезінде көркемдік-

мәнерлеушілік мақсатта түсіріп айту» [96,549]. «Мысалы, «Мен игирма төртка кирдим хақдин ирак» [29,139] дегенде «жырактан» («ирак») кейін «қалдым» сөзінің; «Кеча намаз, кундузлари сайым болдым» [29,148] дегенде «намаз» сөзінен кейін «окып» сөзінің; «Иашым алтыш учка иетти, бир кунча иок» [29,152] дегенде «бір күндей» («бир кунча») сөзінен кейін «болған» сөзінің; «Уч иуз мулла иғылыб битти куб риуаят» дегенде «жылыптан» («иғылыб») кейін «келген сон» сөзінің түсіріліп айтылуымен эллипсис тәсілінің шебер қолданылғаны аян. Мұндай мысалдарды «Диуани хикметтен» көптеп келтіруге болады. Талданып отырған мақалдың эллипсиске байлығы – Қожа Ахмет Ясауи стиліне тән ерекшелік. Қазіргі тілімізде «[дүниеден] баз кешу», «жаннан кешу» сияқты тұрақты тіркес құрамында ғана, тым сирек қолданылатын «кешу» («кешсе») сөзінің де «Диуани хикмет» ықпалымен тұрақтағанын ангару қыын емес. Себебі бұл сөз «Диуани хикметте» де осы тұрақты тіркестердің мәнінде қолданылады. «Жандин кечмай ғашық сырыны билса болмас» [29,214], «Жандин кечкан чин ғашықлар ғириан болур» [29,215], «Жандин кечиб иалғуз хақни жанға қоштым» [29,156], сондай-ақ жоғарыда мысал еткен «Илик еки иашта кечдим ханмандин, Ханманим не куриңгай балки жандин» [29,145], – деген сөздерден осы шындық танылады.

Аңызда айтылған екінші макалда да Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымын танытарлық сипат бар. Мұндағы «ер» сөзі қазіргі кездегі кең қолданыс тапқан жыныстық ерекшелікті білдіретін атав немесе «батыр», «ержүрек» мағынасында емес, «Кұдайдың дидарын талап етуші адам» мәнінде қолданылып тұр. Н.Нұртазина түркілердегі «Ер» ұғымының исламды қабылдағаннан кейін рухани мәнге ие болғанына көніл бөледі [16,36]. Бұл шындықтың сырын Рәбия Басри туралы аңыздардан да көре аламыз. Сондай аңыздардың бірінде Кұдайдың дидарын талап етушілер ғана «ер» деп аталатыны айтылады [22,48]. Ол хақындағы тағы бір аңызда ол өзіне тұрмысқа шығуды ұсынған

Хасан Басриден түпкі мақсатын сұрағанда, ол «мақсатым – жәннат» деп жауап береді. Рәбия сонда: «Дүниені талап етуші – қатын, ақырратті талап еткендер – қызтеке, Алланың дидарын талап еткендер – ер», – деп жауап береді [127,76-77]. Қожа Ахмет Ясауи де осы мағынада: «Құл Қожа Ахмад, ер болмасаң улган яхшы» [29,145], – деп жырлайды. Ал аңыздағы «Уақытсыз ерден бақытсыз ұргашы артық» деген мақалдың мәні, біздің ойымызша, Құдайдың дидарын талап етуші адам дін хақиқаты жайылған заманда ғана бағаланады, одан басқа кездегі қоғамда мұндай жан түсіну мен қолдауға ие болуы былай тұрын, жұртшылық тарапынан тек қарсылыққа душар болады дегенді білдірсе керек. Ясауи жолының көрнекті өкілінің бірі Ш.Құдайбердіұлының:

Мұндай елде тұрғанша,  
Бұл сағымды қуғанша,  
Еркін тілді буганша,  
Жеткізсе нетті қазамды [162], –

деуі сөз болып отырған мақалмен мазмұндас сияқты. Осы мақалда да Ясауи қаламына тән тағы бір өзгешелік көрінеді. Ол – тармақ ішінде көрінетін ішкі үйқас. Бұл мақалдағы ішкі үйқас *уақытсыз* және *бақытсыз* сөздерімен жасалып тұр. Хикметтерде ішкі үйқас өте көп қолданылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты мысалдар келтіріп, үйқас турлерін курсив ақылы көрсете кетейік: «Жафа *тартиб яратқанға* болды *кариб*» [29,129], «Мадинага Расул *барыб* болды *гариб*» [29,129], «Кузи *иашық, халиқки башық*, кади *калал*» [29,133], «Хакни *табқан узи пинһан, сузи пинһан*» [29,134], «Халим *хараб, бағрим кабаб*, көзим *праб*» [29,140], «Закир *болыб, шакир* болыб, *хақны табтым*» [29,151], «Яман *ишим, қылмышларим* хазир болса» [29,159], т.с.с. Өзбек әдебиеттанушысы, филология ғылымдарының докторы Эргаш Рустамов: «Кейбір хикметтерді ғажайып ішкі үйқастар әуенге бөлеп, әуезді етіп тұрады. Бұл да халықтың ауызша шығармашылығына тән» [163], – дейді.

Бұл аңызда айтылған екі мақалдың мазмұны мен стилі «Диуани хикмет» авторының дүниетанымы мен көркемдік құралдарды қолдану ерекшеліктеріне етене жақын. Осы жағынан да, бұл аңыздың тарихи шындыққа қатыстырылғы барынша айқындала түседі.

Аңыздарда бұдан басқа да Ясауи айтты дейтін сөздердің бәрі хикмет мазмұнымен үйлеседі. Мысалы, «Жақыным – Шам халқы, Жақынымның алысы – Сүйір халқы», «Мен мұриттерімді ниязынан танимын», «Пірдің кереметтілігі таудай болса, мұридтердің ықыласы тарыдай болса да, тарыдай ықыласқа таудай керемет қылмайды. Егер мұридтің ықыласы таудай болса, пірдің кереметі тарыдай болса, тарыдай керемет таудай ықыласқа гауһар қыладады», – деген тәрізді ұлағатты сөздер Қожа Ахмет Ясауиге телініп аңыздалған [143,98]. Осының ішіндегі «Мен мұридтерімді ниязынан танимын» деген бір ауыз сөз фольклордың терме жанрындағы «Кімді неден танисын?» деген сұраққа жауап беретін тақырыптың дәстүрге айналуына да турткі болғаны көп күмән туғыза қоймайды.

Тек ой мен сезім, психология тұрғысында ғана емес, кейіпкер әрекеті жөнінен де «Диуани хикметтегі» автор бейнесі мен Ясаудің аңыздық бейнесінің ортақ тұстары көп. Өз хикметтерінде жамандыққа жақсылықпен жауап беруді насиҳаттаған ұлы шайықтың өзінің бұл істі шегіне жеткізе атқаратыны күмәнсіз. Жоғарыдағы Сури халқының шайыққа жасаған қиянаты туралы аңыздағы оның ұлын өлтіргендерге қызын беруі туралы оқиға бүгінгі оқырманды сендерге қоймауы мүмкін. Тіпті қазіргі тындаушы мен оқушы бұл істің дұрыстығын іштей мансұқ етуі де ықтимал. Оның тарихилығы да осыдан айқындала түседі. Аңызда бейнелеген Әзірет Сұлтанның бұл әрекеті – қазіргі заман адамына түсініксіз болғанымен, Ясауи заманы үшін, оның өзі үшін әбден орынды іс. Өйткені жамандыққа жақсылық жасау – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сұндеті. Ол туралы Ясауи:

Иаманлыққа иақшылық караматтығ Мухаммад,  
Тауфик берган залымға жалаллаттығ Мухаммад  
[29,173], –

дейді. Оның үстіне, аңыздағы бұл әрекет ел бірлігі мен тыныштығы үшін атқарылды деп баяндалады. Бұл да Кожа Ахмет Ясауи дүниетанымына тән. Аңызда баяндалатын осы оқиғаның кейінгі заман тыңдаушысын иландыру мүмкіндігі аз болғанымен, оның тарихи шындық болуы мүмкін екендігін өзбек ғалымы И.Хаққул да жазады. «Халық сүйіп, құрметті етіп көрсеткен, өзі де басқаларды құрметтеген Ясауи қазіретке телінген бұндай оқиғаның ықтималдығы аз», – дейді А.Жабажиұғлы. Ондай болғанда Хазини және басқа жазушылар осы оқиғаны жазып қалдырmas еді. Бұл – бірінші. Екіншіден, ұлын өлтірген әлдекімге өзінің сүйікті атын сыйға тарту және онымен қоймай, қызын беру ақылға сыймас іс болса да, осы оқиға Ахмет Ясауи тұлғасының өте жоғары мақамға көтерілгендігін көрсету мақсатында әңгіме етілген. Хазинидің «қан дауы болып, араларында мәңгі-бақи кек пен дұшпандық қалмағай» деген сөздерді келтіруі де бекер емес. Шынында да, Ясауи сиякты анық ариф және мұршиидтер үшін өшпендейділік, кек пен дұшпандық өлімнен де қорқынышты және апатты жағдай. Міне, сол үшін Фаридуддин Аттар «Мантикут-тайр» дастанында Түркістан пірі өміріндегі бұл қанды оқиғаны баян етіп, төмендегі жолдарды тізген еді:

Дод аз худ **пирি Туркистан** хабар.  
Гуфт: «Ман ду чиз дорам дусттар.  
Он яке асбест аблак гомзан,  
В-он дегар худ нест жуз фарзанди,  
Гар хабар ёбамзи марги ин писар,  
Асб мебинам ки хаст ин хар ду чиз,  
Чун ду бут дар дидаи жонам азиз.  
То насузиву насози жонам азиз.

То насутиву насози хамчу шамъ,  
Дам мазан аз покбози пеши жамъ...

(Мазмұны: Түркістан пірі, өзінен хабар беріп деді: Менің дос тұтып, өте қадірлейтін екі нәрсем бар: бірі, жүйрік тұлпар атым, екіншісі, сүйікті перзентім. Егер ұлымның өлген хабарын естісем, бұның шүкіранасы үшін атымды тарту етемін. Өйткені бұл екі нәрсе әзиз жанымның көзіндегі екі пүт еді. Егер сен шамға ұқсан күймесен, нұр таратпасаң, көпшілік құзырындағы тазалыққа құмарлықтан әсте дәм татпағын).

Бұл тәмсілдердің астарында ең сүйікті нәрселер, тіпті перзент те адам мен Құдай арасындағы ышық пен жақындыққа мулде кедергі болмауы керек, сонда ғана нағыз тазалыққа жетуі мүмкін деген мазмұн жасырынған», – дейді И.Хаққұл [164]. Шындығында, Хазини мен Аттардың мәліметтерінде бір-бірін толықтыруышы айғактардың болуына қарағанда, бұл оқиғаның тарихи негізі барлығына күмән аз.

Кейінгі замандағылардың аталмыш оқиғаны дұрыс қабылдай алмауынан, осы аңыз көп өңдеуге түсіп, оның бірнеше версиясы пайда болған. Әзірет Сұлтанның суріліктерді қарғауы, сол қарғыстан олардың итке айналып кетуі туралы сюжетті ең кейінгі өңдеу деуге тұрарлық. Себебі бұл айтылып өткен жамандыққа жақсылық принципіне қарама-қайшы. Бұл версия алдыңғы аңызды жокқа шығарарлықтай мәнгеге ие болған. Бұның кейінгі өңдеу екенін білдіретін аралық версия да сакталған. Онда суріліктерді қарғайтын Ясауи емес, басқа біреу. Аңыздың осы тұсынан үзінді бере кетейік: «*Арық сұына таласып, баласы Ибраһимді арық басында бауыздайды. «Бұл әулие болса баласын тірілтіп алар*», – деп, бір үлкен табытқа салып, бетін жсауып, бүркеп қазірет отырган жайга алып келеді. «*Бұл не?*» деп сұраганда (әңгелек) «*шафша*» дейді. «*Шафша*» деп қауынның ерте пісептің кішкенесін айтады, сонда қазірет: «*Жетілмей, еркін піспей үрган екенсің*», – дейді. Басқа ешнәрсе

демейді. Сонда қасында тұрған бір сопы шыдай алмай айтқан екен: «Қауының алма болсын, тарың жұлма болсын, ұлың мақау болсын, қызың сақау болсын, құйрығыңа дүм шықсын, әшкере болсын бұл ісің, жасырсаң – жүрек бауырың езіліп өлсін, қолыңнан кетпен кетпесін, көтің жерге тимесін», деген екен, сол айтқаны айнымай болды. Сүйір деген арықтың орны бар, сұы жоқ. Қауын ексе – алмадай болды, тары ексе – оруға келмейді, құйрығына ешкі құйрығындаи дүм шығады, жерге отыра алмайды. Осы айыбын жасырмаса қатын-баласы өледі, жасырса – кешікпей өкпе бауыры езіліп өледі. Шайтан сөзіне ерген, Қожа Ахметке тас атқан Тахташары астында жатады» [143,34-35]. Келесі бір аңызда Қожа Ахмет Ясаудің ағасы Садыр ата Ибраһимнің басын алып келген суриліктерді (бұл аңызда Қарасүйір) шауып тастамақ болған кезде оны тоқтатып, қылыш жұмсауға тыйым салғаны үшін ол Әзіретке ренжіп, Койлақы жакқа кетіп қалған дейді [143,35]. Бұл да «Диуани хикметтегі» автор бейнесінің көзқарасымен үйлесімді әрекет. «[Қожа Ахмет Ясау] (...) тіпті «жалаң аяқ, жалаң бас, жыртық шапан киіп жүреді екен, көшеде жүрген көрінген бала-шага қожа Ахметті жынды деп қуалап сабайды екен, ол сонда да «қолдарың ауырып қалды-ау», – деп оларды қайта мұсіркейді екен» [143,50], – деген аңызда да жамандықты жақсылықпен жою жолы көрсетілген. Қожа Ахмет Ясаудің жамандықпен құресінің бұл үлгісі оның түпкі мақсатынан туындаитынын көрсететін тағы мынадай аңыз бар: «Бірде Қожа Ахметтің әкесі былай депті: «Е, балам, екі қошқардың басы бір қазанга сыймайды дегендей енді бұл жерден не сен, не мен кетуім керек» депті. Сонда Қожа Ахмет тұрып: «Сіз жасыңыз келген кісісіз, мен жасын, мен кетемін», деп Ясы қаласына орналасыты. Арада біраз уақыт өткен соң ата-анасына сәлем берейін деп Сайрам қаласына келгенде, әке-шешесі: «Е, қарагым, қайда болдың, қай жерден қоныс таптың» деп сұрапты. Сонда, ол Ясы қаласын, яғни кейіннен өзіне гимарат

салынган жерді атапты. «Балам, сен ол жердің халқымен сұхбаттастың ба? Не байқадың?» – деген Ибраһим шайыққа Ахмет: «Иә, ата, сұхбаттастым. Ол жердің халқы арқаңдан қағып тұрады, аягынан шалып тұрады. Соны біле тұра неге қоныс тептің дерсіз, жақсыны жолга салу оңай, жаманды да жолға салып көрейін» деген екен».

Казақ ақыздарының көне тарихи нұсқасы деуге тұрарлық Хазинидің «Жаяғашыр-ул Абрар мин Амуаж-ил Ихарындағы» әңгімелердің бас қаһарманы әрекетінің де «Диуани хикметте» суреттелетін іс-кимылдармен орайласатын кездері баршылық. Сондай ақыздардың бірінде ұлы шайықтың зікір ғибадаты суреттеледі. «Қожа Ахмет Ясауи сонау кішкентай күнінен бері Пайғамбардың сұннетін берік ұстанатын. Сондықтан алпыс үш жасына келер-келмес Әзіреті Пайғамбар 63 жасында мынау фәни дүниеден көшкені үшін Қожа Ахмет Ясауи де сұннетті берік ұстагандығынан жер астына түспекші болады. Теккениң (дәруіш, сопылардың жиналатын жері) бір жасынан құдық қаздырып, баспаңдақпен түсетіндей етіп жасайды. Жол ашып, шикі кірпіштен кішкене бөлме жасайды. Әзіреті Ілияс пен Әзіреті Қызырдың да қолдауымен жүздеген жылдар бойы бұл құрылышы бұзылмай сақталған. Ахмет Ясауи ол жерден бір шұқыр (қабір сияқты) қазып, сол жерді мекендейді. Қабірді еске түсіретін осы тар жерде Аллаға зікір еткен кезде, тізелері кеудесіне уйкеле-уйкеле тесіліп қалған екен» [14,53]. Ясауи жолындағы жария (жахр) және ара зікірлері дене қымылдарымен бірге атқарылады. Бұл қымылдар да жүрек тазалығына қызмет етеді. Оның әрбірі он қабактың ұшынан жүректің түп жағын нысананаға алып, ұрудың ишарасын жасаған қымылмен аяқталып отырады. Ясауи жолына тән бұл дәстүр Балмағамбет Балқыбайұлы шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Пенденің ұксар ділі қара тасқа,  
Тесетін зат жок деме, тасты басқа.

Зікір – қайла, тас – ділге ұрсаң катты,  
Муафіқ болса ділің ықыласқа.  
Өлімнің келетінің ойға сактап,  
Толар көзің мөлтілдеп ыстық жасқа.  
Оңдан тарт, ла иллаһа ил алланы,  
Астына ұр, сол емшектің, бұл дүғаны.  
Қалыптан тынышы кетіп шықса ханнас,  
Ойға алар тәғсір көрек, мәддүғаны [165], –

дейді ақын бұл туралы. Осынау санаулы жыр жолдарында Құдайды ұмыту салдарынан адам жүргегінің тасқа айналатыны; ол барлық қатыгездіктің, жауыздықтың себепкері болатыны; Құдайды еске алу, яғни зікір ету арқылы тас жүректің жібіп, жұмсарып, мейірімге, толатыны; зікір амалдарын барлық шарттарымен, дene қимылдарының ишарасымен (Ясауи жолында оның «чор зарба», «ду зарба» деп аталатын түрлері бар) дұрыс орындағанда, адамды үнемі азғырып, жүректе отыратын, Құранда «ханнас» деп аталатын шайтанның жүректі тастай қашатыны сияқты ясауия тариқатында үнемі ескерілетін ақиқаттар көрініс тапқан. Зікір гибадатын өте қүшті шабытпен орындаған кезде, дәруішгердің киімдерінің тесіліп қалуы әбден мүмкін ақиқат. Қожа Ахмет Ясауи де: «Сахар туриб чар дараб уриб кузин уиди» [29,166], «Зикрин айтиб чар дараб уриб сахар турса» [29,195], «Жар дараб уриб дарияларың ташиб кетди» [29,159], «Сахарларда джар дараб урмақ ани иши» [29,222], – деп, зікір кезіндегі басты төрт тараңка (*чор зарба* немесе «Диуани хикмет» басылымы бойынша *чар дараб, жар дараб, джар дараб*) бұлғап, ишарамен атқарылатын дene қимылын [45,227] зор шабытпен жырлайды.

Дегенмен Қожа Ахмет Ясаудің аңыздық тұлғасы хикметтердегі автор бейнесімен әрдайым үйлесім тауып отырады десек те біржақты кеткен болар едік. Мәселен, «Алла тағала Қожа Ахметтің тақуалығына риза болып, оған тағы қосымша өмір сыйлапты. Бірақ пайғамбар жасынан асқан

әулие: «Бұл дүниенің ендігі жарығы маған артық», – деп күн сәулесі түспейтін жер асты қылуетке кіріп біраз ғұмыр кешкен» [143,58], – деп баяндалатын әңгімелер хикметтердегі «Алтмыш учда нада келди, кул, иерга кир» [29,147], «Иер астиға кирдим, дослар, би ихтияр» [29,150], – деген авторлық түсіндірулердің мазмұнымен мұлде үйлеспеді. Сондай-ақ ғашықтық пен дүние тәркілікті есте шатастыруға болмайды. Қожа Ахмет Ясаудің қылуетке тусуінің ең басты себебі – дүние тәркілік емес, ғашықтық, яғни Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға және Аллаға деген ғашықтық. Түрік профессоры, доктор Исмаил Яқыт: «Ясауи өзі үлгі еткен Қз. Пайғамбарға ессіз ғашық және оған деген шексіз махаббатқа ие. Оның 63 жасқа келгенде жер астына түсуі және қалған өмірін сонда өткізуі Пайғамбарға деген ғашықтықтың тарихта басқа бір баламасы болмаған үлгісі» [166], – дейді. Қожа Ахмет Ясаудің өзі де «Дегдар болма, ғабид болма, ғашық болғын» [13,104], – деп жырлайды. Мұндағы «дегдар» деп аударылған «захид» деген сөздің мағынасы – дүниеге мән бермейтін, одан қашып жүретін адам» [33,54] дегенді білдірсе, абид (ғабид) дегеніміз – Құдайдан шын қорқатын адам. Ал ғашық – шектен шыққан махаббат, сүйіспеншілік дегенді білдіреді [33,55], яғни Құдайға ғашық адам. Ғашық захид пен абид сияқты дүниеден қашпайды, дүниеге де Құдайға деген махаббаттың тұғыры ретінде құрметпен қарайды, бірақ оған ешқашан журегімен берілмейді. И.Яқыт Қожа Ахмет Ясауи сияқты ұлы шайықтардың захидті – саудагерге, абидті – құлға балағанынан да хабар береді. «Дәл Мәулана Жалаладдин Руми сияқты Ясауи да одан көп бұрын ғашықтардың тағатын ең макұл ғибадат деп білген (ұш түрлі ғибадат бар: саудагердің, құлдың және ғашықтың. Саудагер жәннат үшін дүниеде қазына (бұл жерде сауап туралы айтып отырғаны белгілі) жинамақ болып ғибадат етеді. Құл жаһаннамнан қорыққанынан ғибадат етеді. Ғашық Алланы талап еткендіктен, оны жаннатқа кіргізеді

ме, жок әлде жаһаннамға тастайды ма, оған қарамай, Алла үшін ғибадат етеді)» [166,72]

Жоғарыда мысал етілген Қожа Ахмет Ясаудің 63 жастан кейін қылуетке тұсуін дүние тәркілікпен (захидтік) байланыстырып, қате интерпретацияға құрылған аңыздардың да өзіндік пайда болу себептері бар. Ол себеп фольклор жанрларының айтушыларымен байланысты. Фольклордың кейбір жанрларын (мәселен, эпикалық жырлар, ән өлеңдері, бақсы сарыны т.с.с.) тек маманданған орындаушылар ғана орындаса, көптеген жанрларды, соның қатарында халық прозасы түрлерін қарапайым халық, жалпы көвшілік те айта береді. Демек аңызды интеллектуалдық деңгейі оншалықты жоғары емес адамдар да тарата беруі мүмкін. Сол себепті терең ой жүгіртпеген адам мәніне жете алмайтын сопылық ілімнің шарттары мен қағидалары, принциптері, сопылардың іс-әрекеттері туралы қате пайымдаулар, субъективті интерпретациялар туындауы әбден ықтимал. Және бергі замандарға жақындаған сайын немесе, басқаша айтқанда, аңыз туған дәүірден алыстаған сайын халық этимологиясындағы қате көзқарастардың арта түсері даусыз.

Қазақ аңыз-әпсаналарындағы Қожа Ахмет Ясауи бейнесі мен «Диуани хикметтегі» автор образы сана-сезім, ой-пиғыл, сөз мазмұны мен мәнері, әрекет пен оның түпкі мақсаты жөнінен бір-бірімен етene жақын. Бұл – халықтың Ясауи ілімін және еңбектерінің мазмұнын терең түсінгендігін танытады. Бірақ ұлы шайықтың 63 жастан кейінгі өмірін қылуетте өткізгенін дүние тәркілікпен байланыстыру сияқты Ясауи көзқарасынан алшақ кеткен версиялар да бар. Мұндай алжасу халықтың Ясауи ілімінен алшақтай бастаған кейінгі ғасырлардағы өндөудің нәтижесінде туғаны күмәнсіз. Қожа Ахмет Ясауи туралы казак аңыздары тарихилығымен, деректілігімен және шайықтың өз шығармаларымен, ең бастысы, «Диуани хикметпен» тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді.

## ТІЛДІК ҚОЛДАНЫС ПЕН ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ТУЫСТЫҚ

Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметінің» дағы өмірімен бітеп қайнасқан ортаға бағышталып жазылғаны күмән туғызбайды. Негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болған түркілер үшін жыл он екі ай мектеп-медресе қабыргасында жаппай діни білім алу мүмкіндігі бола қоймайды. Алайда бұл ортада осы олқылықтың орнын толтырарлық құндылықтар да болды. Олар – халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ауыз әдебиеті. Әсіресе, ауызша поэзия кезкелген ақпарат, хабарлар таратуда таптырмас құрал болды. Осы жағынан алғанда, ол қазіргі баспасөздің қызыметін атқарған еді. Ясауди хикметтерінен автор ойша елестеткен адресат-оқырманның қарапайым көпшілік екенін аңғару қыын емес. Бұл – хикмет тілінің барынша қарапайым болуына және оның ауызша поэзия талаптарымен үйлесім табуына ықпал еткен басты фактор. Өйткені халықтық талғам мен таным аясында қалыптасып, әбден тұрақтанған ауызекі өлең үлгісі ғана жүртшылық арасына кең тарауға бейім болатыны ақиқат. Қ.А.Ясауди өз хикметтерін жазарда бұл шындықты ескермеуі мүмкін емес. Демек, хикметтерді далалық поэзия үлгісімен салыстырудың, сөйтіп олардың өзара дәстүрлі сабактастығын зерттеудің қажеттігі мол.

Осы тұста біз сөз еткелі отырған мәселенің күрделілігі қылаң береді. Ол қындық, ең алдымен «дәстүр» және «жаңашылдық» категорияларының бір-бірімен қатар жүретін тел ұғымдар екендігінен туындейды. Осы екеуін бір-бірінсіз қарастыру мүмкін емес. Былайша айтқанда, «әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық дегеніміз – әдеби процестегі біреуден алып пайдалануды және жаңаруды, ондағы мұра болып қалған мен қайта жасалғанның ара қатынасын білдіретін ұғым» [167]. Мұндай жағдайда сөз болып отырған әдеби дәстүр кандай жаңалықтың негізінде пайда болған еді деген сұрақ

туындаиды. Ал Ясауи хикметтерінен де, фольклор үлгілерінен де жаңалық нышандарын табу оңай шаруа емес. Өйткені ол екеуі де дәстүрлілігі басым шығармашылық жемісі. Тек сопылық поэзияға ғана емес, сонымен бірге, Ясауи өмір сүрген кездегі жалпы өнерге тепе-тендік эстетикасы тән болатын. Бұл эстетика кездейсоктық пен өзгешелік модусынан бас тартумен ерекшеленеді [10,155]. Ал сопылық өнерде бұл сипат барынша күшейді. Сопылық поэзиядағы көркем ойлау жүйесі стеоретипті: ондағы тақырыптар шектеулі, мотивтері шаблонды, поэтикалық айшықтаулар, символ мен метафора тұркты. Бұлай болудың өзіндік себептері де бар. Ю.М.Лотманның мына пікірі осының ең негізгісін білдіреді деуге лайық: «Егер қазіргі өнер ешкімге үқсамау, қайталанбас даралық, өзіндік ерекшелік көркем шығарманың жетістігі болып саналады деген көзқарастан бастау алса, ортағасырлық эстетика даралық атаулыны күнәшарлықтың, тәқаппарлық танытудың белгісі деп есептеді, сөйтіп ежелден келе жатқан «құдайлық шабыт үлгілеріне» адап болу талап етілді» [168]. Дәстүр аясынан шықпауга тырысушилық ауыз әдебиетіне де тән. Сонда біз салыстырып отырған екі шығармашылық үлгісінде де көркемдік дәстүр басым болғандықтан, бұл мәселені өзара ықпалдасу аясында қалыптастырудың өзі – киын іс. Дегенмен уақыттық түрғыдан қарағанда, дәстүрлілік жағынан белгілі бір ауыз-түйістердің жасалған тұстарын біршама ажыратуға болатын сиякты.

Сондай-ақ хикметтердегі тілдік қолданыстардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Ясауи қаламына тән болмауы мүмкін екендігі де – осы мәселені қарастырудың киындықтардың бірі. Көп зерттеушілер «Диуани хикметте» Ясауи шәкірттері мен оның жолын қуушылардың жасаған өзгерістері мен коскан үлесінің барлығын айтып жүр. Сондай-ақ кейінгі көшірушілердің де өз бетінше «түзетулер» жасауы мүмкін екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалы, Н.М.Маллаев хикметтердің ауыздан-ауызға етіп, кітаптан-кітапқа көшкендігін, сол себепті

оның тілі XII ғасырдағы калпын сактап кала алмағанын айтады [72, 154-б.] «Диуани хикметтің» бірнеше нұсқаларының пайда болуы, олардың арасындағы айырмашылықтың туындауы хикметтердің хатқа түскенге дейін ғана емес, одан кейін де ауызша айтылуына және қайта-қайта көшірілуіне қатысты деуге болады. Бұл туралы түрік профессоры М.А.Жушан: «Әлбетте, бұл хикметтер жиналды, «Диуани хикмет» деп аталатын кітап түріндегі, колжазбалар түріндегі сипатқа ие болды, бірнеше рет баспадан шықты. Бірақ жазбаша және баспа түріндегі «Диуани хикметтердің» көптеген айырмашылықтары бары байқалады. Неге бұлай?.. Өйткені қасиетті Ахмет Ясауи қазіретіміз мүмкіндігінше хикметтерді жеткізді, айтты, жазды. Олар кейіннен жиналды. Әр түрлі топтамалар бар. Ауыздан ауызға көшіп, жатқа айтылды. Мұриттер өз мәжілістерінде: «Қазіретіміз осы хикметті айт деп бұйырды» – деп, хикмет окуды дәстүрге айналдырыды, теккелерде оқыла-оқыла оған түр жағынан да, мағыналық жағынан да басқа кісілерге тән сөздер еніп кетті» [169], – дейді. Осы жағдайға қатысты Н.Келімбетов те: «Ақын Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті болатындау ауызекі сөйлеу тілінде жырланғаны дау тудырмайды. Бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген сиякты. Бұл өлең жинағының алғашқы түп нұсқасы сақталмаған» [7, 72-75], – дейді. Солай бола тұра, хикметтердегі тілдік құралдардың автор қаламына тән түрлерін анықтаудың реті бар. Біз «Диуани хикметтің» барлық нұсқаларына ортақ тілдік құралдарды ғана тандап алуға тырыстық. Және бұл құралдардың дені авторға тән екені көп күмән туғызбайтын хикметтерден алынды. Ал хикметтердің кейінгі өңдеушілер мен көшірушілер қаламынан туғандары да Ясауи дүниетанымынан алшаш кетпейді. Доктор Едhem Жебежиоглы: «Замандар алмасуында хикметтердің бір бөлігі жоғалып, қосымшалар қосылғанымен, олардағы

мағына мен рух тұтастыры сакталып қалған» [170], – дегені шындыққа жақын. Кейінгі өзгеріс ендірушілердің өздерінің ұлы ұстаздарының дүниетанымынан, тіпті тілдік қолданыстарынан алшақ кетпеуге барынша тырысқаны байқалады. Жас зерттеуші Т.Қызыр кейінгі замандардағы хикмет жазушылардың өз туындыларын шайыққа, ұстазға жасалатын рабита халінде шығаратынын айтады. «Сопылық дүниетанымындағы рабита амалы шәкірттің ұстазы секілді жүріп-тұруға, сол секілді амал етуге, ондағы бар жақсы қасиеттердің өзінде де болуын тілеуге итермелейді. Яғни ұстазға еліктеушілік, соған барынша ұқсау, шайқы секілді өмір салтын ұстану, сол секілді дем алу, ұстазы негізін қалаған өлшем мен стильде қalam тербеу шәкірт үшін басты арман. Сол үшін де мұршидтің етегінен тұтқан мұриттің ұстазының стилімен қalam тербеуі, керек жерде өзі шығарма жазып, пірдін тахаллусын беруін бүтінгі әдебиеттану өлшемімен қарағанда қисынға келмейді дегенімізде де, сопылық дүниетанымдағы басты ерекшелік деп ұқканымыз жөн» [171], – дейді ол. Бұдан анғаратаңымыз – Ясауди қаламына тән хикметтер мен кейіннен қосылған хикметтердің стильдік тұрғыда көп айырмашылығы болмайтыны, болған жағдайда да, ол өзгешеліктердің қalam тербеуші мұриттің өз қалауымен емес, еркінен тыс жүзеге асатындығы. Бұл жағдайлар қазіргі күнде хикметтердің қайсысы автор қаламына тән екенін айқындауға барынша қындық туғызып отыр.

Қожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерін ауызша поэзия дәстүріне бейімдеп шығарғанын танытатын поэтикалық форманың – бірі дыбыс үндестігі. Хикметтерде ассонанс пен аллитацияның көлбесінде және *тік* түрлері аз кездеспейді. Дыбыстық негізде жасалған көркем тәсілдердің жазба әдебиеттен гөрі ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жөні бар. «Халық өлеңінде және халық ақындары өлеңінде дыбыс әуезі әнмен мінездес, онымен біте қайнасқан. Сөз өнері әу баста есту мүшесіне байланысты дамып өркендеген. Соған сәйкес өлең

тармақтары тепе-тен, накпа-нак түсіп, тәртіпті түзіліс пайда болған (әуезділіктің өзі ырғактылықта). Мұның арқасында өлеңнің дыбысталу жүйесі әсем әуенмен көмкөрілген. Демек, әуелде өлең шығарудың негізгі әдіс-амалы ауызша айту болса, ауызша айтылған өлеңді белгілі бір өлшемге салып реттеуші – есту мүшесі» [172], – деген С.Негимов пікірі халықтық поэзияның негізгі ерекшелігінің пайда болу себебін көрсетіп тұр. Өлең әуезділігін арттырудағы ассонанс пен аллитерацияның орны өлшеусіз. Хикмет жолдарында «Токузимда толғанмадым тогри иолға» [29,136], – дегендей аллитерация мен «Отиз иашда отун қылыб күйдирдилар» [29,140], – деген сияқты ассонанс түрлері жиі көзге түседі.

«Диуани хикмет» пен казақ фольклорына ортақ тұрақты тіркестер, фразеологизмдер де көп. Олар сөйлеу тілімізде әбден орнықкан, қазіргі күнде де кен қолданыста деуге болады. Бұлардың дені бізге жазба әдебиетіміздің тарихында алғаш рет «Диуанихикметте» кездесетіндіктен, көшпелі ортағашқына сатының емес, жана, сопылық ілімді насиҳаттау қажеттілігінен туған, сол кез үшін тың тілдік қолданысы түрлері болуы ғажап емес. Осы фразеологизмдердің тың ойлар мен түсініктерді жеткізу, рухани әлемге катысты абстракт ұғымдарды нактыландырып беру үшін туғаны айқын анғарылып тұрады. Олай болса, бұлардың басым бөлігі бірінші рет Кожа Ахмет Ясауи қаламынан тууы мүмкін деген болжам өз-өзінен пайда болады. Бұл мәселеге академик Р.Сыздыкова көбірек назар аударған болатын. Ол: «Әсіресе, мұндағы бейнелі фразеологизмдердің жалғасы қазіргі казақ тілінен де молынан көрінуі, бір жағынан, жалпыхалықтық тілдің негізгі қоры тұрақты екендігін, екіншіден, қазақтың өте ертеден бастау алатын ақын-жыраулар поэзиясының, шешендік сөздерінің көркем элементтерінің бір бөлігі суфизм поэзиясымен де ұштасып жатқандығын байқатады. Әсіресе, гаунар сөз, қыл көпірден отту, бас ұру, қол қусыру, қол қусырып дүға қылу, көз жасын ағызу, белін бекем байлау, жақсы жолға

кіру, тау мен тасқа басын ұру, жсан беру, хақ үмбеті, сұхбат қылу, нұрга бату, екі дүние, бүкіл ғалам (қамуғ 'аләм), жсеннан кешу (безу), михнат тарту, дозақ отына кую, фәни дүние, зар еңіреу, жол көрсету, (сопылық дін жсолын), хақ бұйрығы, махшар куні, жалғыз хақ, бір құдай, дария болып тасу, отқа күймей пісу, жалбарынып көз жасын шашу, шайтан азғырды, өзін пірге тапсыру, пірге қол беру, қолын алу, хақтан қорқу, гашық болу (сопыларда тек хаққа гашық болу), гашық дерті, гашық оты, ал қазақ тілінде жалпы жақсы көру, ынтық болу, пәнде болу, (хаққа) арыз ету, жсанан кезу (йазы кез-, бийабан кез-), әзірейілге жарлық келді, дүр(рі) гаунар сияқты тіркестер, біздің байқауымызша, негізінен сопылық әдебиетпен келгендер сияқты және олардың дені сөйлеу тілінде қалыптасып үлгерген, себебі алғашқы кезендерде (ғасырларда) суфизм ағымы халық арасында негізінен ауызша айту арқылы насиҳатталған деген пікір шындыққа саяды» [48,102-103], – дейді. Сондай-ақ Р.Сыздыкова хикметтерде қара йүз, йүз мың, баш ұр, башга туши, башқа ал, башын қой, қол ач, қол ал, қол тұт, қол қушур, қолұм ач, көксүм теш, мойын сұн, йүрек йалға, йүрек дагла, көзгә сүрт, жандын кеч, йолдын аз, йолға кір, йолда қал, йолға сал, йол тұт, қан Ыыгла, қанлар үт, қанға бат, қара жер, сарығ йүз, қызыл йүз, қара йүз, тофраг қылу, қолым жайып жүргегімді дауаласам, басын жарып қанға бояу, сөз қату, жсан таласу, жсанын қинау, үміт ету, қанатын қайыру, ноқта салмай міну, қолұн ачу, елкін ачу, ыақа тұтұб йалбару, хақны біл, хақдын қорұқ, тогры йүр, йол йүр, йол көрсөт, ыахышыларны хак-и пайын сүрмә қылмай, айағ басқан ізін көзгә сүрүрмән, һәр бір басқан іzlәріні көзгә сүрсөм, йүз мың түрлік, тілләрімні йүз мың тілсөм, мың бір атың сөзләб түрсам, отун қылып күйдірділәр, жсан беру, дүниядың қой, құрғұқ қал, тізәм бүктім, йүз мың Ыаша, қанат қақыбы сияқты фразеологизмдер барын атап көрсеткен [48,99-102]. Осы тұракты тіркестердің басым бөлігі қазіргі тілімізде де белсенді қолданыста екені дәлелдеуді

кажет ете қоймайды. Сондықтан бұл тіркестердің негізінде «Диуани хикмет» пен қазақ фольклорының байланысын көрсете қою қыын. Өйткені бұл тіркестер қазақ фольклорына хикметтерден тікелей емес, ауызекі сөйлеу тілімізден келуі ықтимал. Сондықтан бізге сөйлеу тілімізде сирек, тіпті тым аз қолданылатын хикметтердегі фразеологизмдерді теріп алу керек. Ондай тіркестер аз емес. Соның бірнешеуін көрсете кетейік: *медет қылу* (Мадат қылыш, илким тутуб алды, достлар [29,141]), *түн қату* (Иол тапай деб башим бирла тунлар қаттым [29,142]), *нәпсісі өлу* (Нафис ултурмай таслим фана болмадилар [29,186]), *награ тарту* (Фалам һамма султаным деб нағра тартты [29,148]), *назар қылу* (Парту салыб Алла узи назар қылды [29,154]), *фікір қылу* (Ата-ана, қарыдаш қаян кетти, фикир қыл [29,153]), *тағат қылу* (Кеча иатмай тағат қылсан, хош даулатым [29,150]), *нұрга бату* (Уммат деди ич оташым нурға батты [29,149]), *бел байлау* (Белин бағлаб хак ғишкины махкам тути [29,153]), *қан жұту* (Қанлар иутиб Алла дедим, рахим айлади [29,151]), *тәрк ету* (Харам, шубха тарк етибан, иурак дағла [29,153]), *Бір уа Бар* (Бір уа Барым, дидарыңын курармин мү? [29,145]), *уміт тұту* (Рахматиндин умит тутуб келдим мана [29,158]), *берік тұту* (Алтмыш учда суннатларин махкам тутуб [29,170]), *бәле жсауу* (Турлик бала халық устига иағди, достлар [29,177]), *оң солына қарашу* (Алла дибан һеч бақмадин үң уа солға [29,167]), *бауыры күю* (Фишк утиға бағри куюб фарияд айттар [29,192]), *дидар көру* («Уашуқа» деб дидарини курдим мана [29,167]), *өзінен кету* (Уздан кетмай рақс уа самағ урмак хата [29,188]), *қадам қою* («Албидан» деб иер астиға қадам қойдым [29,148]), *мұрат табу* (Хизмат қылған ахир мурад табар, достлар [29,191]), *раушан қылу* (Алла нури қабир ичини раушан қылғай [29,194]), *лап ұру* (Дағуа қылыш ишанлиғини лафин урмас [29,196]), *дария болып тасу* (Андин сунра дария болыб ташдим, достлар [29,198]), *хақ жолына кіру* (Хақ иолига киргандар, хақ дидарин курмишлар [29,202]),

*ақты қара қылу* (Ақни қара қылғанлар: ол тамуғқа кимишлар [29,202]), *қайғы жеу* (Ахиретни ғазабидин қайғу иегил [29,191]), *ақылга еру* (Факил ирсаң иаранларға хизмат қылғыл «Факил ирсаң иаранларға хизмат қылғыл» [29,136]), *расуа болу* (Келмасам расуа болып болыб халиклар ара) [29,197]; *хадден асу* (Фасық уа фажур тули ташиб хаддин ашты, [29,160]). Бұларға жоғарыда бірнеше рет сез болған *топырақ* болу, *женнан кеши*, *жаны күю* сиякты тұракты тіркестерді қосуға болады. Міне, осы тіркестердің фольклорлық туындыларда көрініс табуынан дәлелдер келтірсек, екі шығармашылық арасындағы байланыстың тағы бір қыры ашылмақ. Осы фразеологизмдердің дені қазақ фольклорында кен түрде пайдаланылады.

Фольклорлық шығармаларда осы тіркестер орын алған жолдардан мысалдар, келтірейік: «Һәрқашан медет қылсын Тәнірім сізге» [173]; «Құдай-а шаһзадага медет қыл» деп» [173,156]; «Медет қыл – деді – Жалғыз Бір уа Барым» [173,189]; «Әулие пірлер медет қып» [18,114]; «Бір уа Бар құдіретімен патша қылды» [173,272]; «Рахым етпес Бір уа Бар» [173,274]; «Кешіргей фазылы бірлән Бір уа Бар» [173,287]; «Құдауанда падышаһым, Бір уа Барым» [174], «Бір уа Бар раҳматымен жәрдем беріп» [174,115], «Алла ғаләм Бір уа Бар» [175]; «Сакта, – деп, – өзің, Бір уа Бар» [175,223]; «Ғибадат, тағат қылушы ең» [80,148]; «Толықсып жырақ тұрды нұрга батып» [173,59]; «Нұрга батты сүйегім» [173,70]; «Толықсып сары майдай нұрга батқан» [176]; «Бөленіп нұрга малынып» [86,208]; «Уа және Жағыпар ғазыны құшактап назар қылды» [177]; «Құдайым саған назар қылған, – деді» [178]; «Көзін Бахтиярға назар қылды» [177,149]; «Дұға деп назар қылған сізге көзі [178,220]; Жасында тағат қылмай жолдан азды [173,288]; «Тағат қылып жалынар ол Мәулаға» [178,19]; «Әділ женнан баз кешпей» [100,182]; «Тұрады казды ұстап женнан кешіп» [52,64]; «Алланың ризасына женнан кешкен» [179]; «Жылады екенмін деп жсан кешеді» [180]; Қазірде шыбын женнан кешпек болды»

[181]; «Ант бұзар қандай адам жаңнан кешкен» [182]; «Пара алып неткен адам жаңнан кешкен» [182,207]; «Соған таман түн қатты» [52,255]; «Түн қатып жортуылда көрген қой ма?» [67,151]; «Ұйқы көрмей түн қатты» [83,172]; «Дария судай тасады» [52,246]; «Көнілі дариядай тасыды енді» [173,65]; «Дариядай болып тасады» [84,31]; «Дариядай Құлтай тасады» [84,167]; «Мысалы дариядай көнілі тасыт» [83,46]; «Ақ істі пара берсе қарайтасың» [67,404]; «Ақты қара қылмас-ты» [183]; «Тәуекелге бел байлап» [83,15], [184]; «Белді бекем байлай көр» [184,119]; «Қайғысын жастың жемес пе?» [80,145]; «Уайым-қайғы жеменіз» [185], [186]; «Қайғыланып қан жұттым» [184,51]; «Қайғыменен қан жұтып» [77,17;48]; «Біздей келіні қан жұтты» [80,54]; «Қайғымен қан боп жұтылды» [80,133]; «Қара қошқыл қан жұтып» [185,166]; «Қасіретінен шұршіт, калмак қан жұтты» [36,176]; «Өтірікшінің жсаны күйер» [187]; «Көзі жасты келді досын жсаны күйген» [182,196]; «Ақылың болса ақылга ер» [66,46]; «Лап ұрганнан жок еді» [175,207]; «Аузынан жалын шығады, Бір перзент деп лап ұрса» [133,85]; «Лап ұрып мактанудан біздер аулак» [180,168]; «Мұны айтып ләп ұрганда ұғылы келді» [181,263]; «Танып жүргін, е, балам, Оңың менен солыңды» [85,142]; «Қарадым оңды солыма» [188]; «Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле» [88,285]; «Бұ сөзден қасірет шегіп қапаланбас» [173,230]; «Көп қасірет шегерім» [173,282]; «Картайып жалғыз жүрміз қасірет шегіп» [180,43]; «Ғашығым үшін қасірет шегіп қайғылы» [180,118]; «Ол патша қасірет шексе уәзір ұғылы» [181,120]; «Құні-түні шегеді қасіретін» [181,316]; «Неше күн, неше түндер қасірет шекті» [189]; «Қанша қасірет шеккенмен» [189,25]; «Қасірет шегіп, қан жұтып» [189,95]; «Бітірген қасірет шегіп нұрлы ажарын» [189,149]; «Тапты батыр мұратты» [190]; «Ол етікші, әнеки, мұрат тапты» [181,197]; «Белбайлап, бір талапқа қадам басты» [191]; «Барабан, нағра тартып әскер жүрді» [177,56]; «Нағра тартса жер-көкті тітірентті» [177,69]; «Нағыра тартып маған

карап тігілді» [191,28]; «*Награ тартып* сала Рұстем» [191,27]; «*Раушан* болып нұр шашып» [189,71]; Кәмелет *раушан* болды бізге халық» [189,144]; «*Раушан* болды көніліміз» [175,268]. «Күн шығып қалған екен *раушан* болып» [192]; «*Раушан* істің қалай болғандарын» [193]; Көрінген *раушан* болып ол тұспатұс» [193,156]; «Сүйегім *топырақ* болып жатты жұз жыл» [194]; «Басылып *топырақ* болып болым жайда» [194,212]; «Жұз отыз жыл *топырақ* бол көрдім қорлық» [194,213]; «*Rасуа* болды халіміз» [189,94]; «*Rасуа* болдың неше жыл» [189,138]; «*Фаламға рәсуа* болдың менің үшін» [189,152]. «Көнілі жүйткіп хәдден асып» [128,65]. Мұндай мысалдарды тағы да келтіре беруге болады. Осы фразологизмдердің фольклорлық туындыларда кен қолданыс тапқанын көрсету үшін осы мысалдар да жеткілікті сияқты. *Lap ұру* тіркесіне назар аударап болсақ, оның тілімізге ертерек енгендігін ауызекі сөйлеу тіліне лайықты *лепіру* деген фонетикалық вариантының пайда болғанынан көре аламыз. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаев хикметтегі осы тіркесті «*лепіру*» деп аударған [49,7]. Бірақ фольклорлық шығармаларда халықтың сөйлеу тіліндегі вариант емес, дәл хикметтегі нұсқасының пайдаланылуы – бұл шығармаларға тигізген «*Диуани хикметтің*» тікелей әсері болғандығына дәлел. Және де бұл тіркестердің діни және хикаялық дастандарда кебірек кездесуі осы жанрлардың қалыптасуында Ясауи хикметтерінің ықпалы күшті болғандығы жөніндегі алдыңғы тарауда айтқан пікірімізді қуаттап отыр.

«*Диуани хикмет*» пен қазақ фольклорына ортақ тұракты теңеу, эпитет, метафоралар да аз емес. Бірақ бұл мәселе біршама жақсы қарастырылғандықтан, біз бұл тұста аялдауды жөн көрмедік. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаев [49,16], Р.Сыздыкова [48,99-103], М.Жармұхамедұлы [4,103-107], Н.Келімбетов [92,260], А.Ахметбек [73,104-105], А.Әбдірәсілқызы [93,227-230] зерттеулерінде хикметтердің тілдік көріктеу құралдарының халықтық сипат алғанын нақты дәлелдерменен көрсетеді.

Осы орайда, хикметтердегі адресатты есепке алып отырудың да көркемдік мәселелерін шешуге көп жеңілдік беретін жол екенін айта кеткен жөн. Ұлы сопының жаратқан Иесіне жалбарынған хикметтері бұрынғы сопылық поэзия үрдісімен үндесіп жатвы занды. Ал күнәшар пенделерге, дәруіштерге т.б. нақты тұлғаларға арналған шумақтарда сопылық термин-атаулардың азырақ қолданылуы да түсінікті. Оның есесіне, мұндай туындылар халықтық дүниетаным мен тұрмыс-тіршілік көріністерін молырақ бейнелеуге мүмкіндік алады. Осы текстес хикметтердің халықтық поэзияға жақын болмағы да занды. Осындай хикметтерде халық фольклорына тән формулалық түрлері де байқалады. Мысалы,

Күл Кожа Ахмад, ҳақ хизматида жан бермаса,

Дехнан ирмас кетман шапиб нан бермаса.

Ачилмагай гул ғунчаси нам болмаса,

Нечук ғилаж итаримни билмам, достлар [29,179], –

деген шумақтың екінші және үшінші тармағы фольклорлық тілдік формулалардың еске түсіреді. Жыр жолдарындағы негізгі айтылып отырған ойдан мағыналық, мазмұндық жағынан оқшауланып тұру. – тілдік формулалардың басты ерекшелігі [195]. Сондай-ақ мағыналық дербестігі бар жолдарды қолданып отыру – қара өлеңдердің де басты белгілерінің бірі. Қазақтың қара өлеңін фольклорлық жанр ретінде қарастырған Б.Уахатов оның 8 ерекшелігінің қатарында осы белгісін де: «Әр шумақтың алдыңғыбірнеекіжолынегізгіайтыларойментікелейбайланысты болмайды, сырт тұрады» [196], – деп атап өтеді. А.Сейдімбеков болса, осы пікірдің «байланысты болмайды» деген тұсына келіспеушілік білдіріп, «Қара өлеңдердегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық, символдық, емеуріндік айғағы немесе шенdestірілген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші

жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады» [87,67], – дейді. Жоғарыда айтылған хикмет жолдарының да негізгі оймен осылайша байланысын тұрғаны күмәнсіз. Бірақ мұндағы образдық салыстыру қарама-қарсы, яғни шенdestірлген мәнде емес, катар қойып, салыстырған түрде болып отыр, демек мұнны параллелизм сипатында қарастырмақ ләзім. А.Н.Веселовский параллелизмнің екінші сыңары түсіріліп берілсе, оның символдық мәнге ие болатынын айтқан [197]. Сөз болып отырған хикметтегі фольклор формуласын еске түсіретін жолдардың, әсіресе, «Ачилмағай гул ғунчаси нам болмаса» деген жолдың, жеке-дара алып қарағанда, символға жақындығы көп. Ал осы хикметтегі кайтсем Алла ризалығын табамын деген мазмұнмен байланыста қарар болсақ, оның параллелизмдік жүк арқалағанын ұғынамыз. Бұның қай-қайсы да фольклор поэтикасын еске түсіретіні анық.

Осы хикметтегі «Баябанда иалғуз қаздик нале қылсам» деген жолдағы образдың да фольклорлық сипаты мол. Мұндағы *шөл дата* (*баябан*), қаз, көніл-күйдегі *нала* бейнесі халық эпостарында бір-бірімен тығыз байланыста беріледі. Көптеген халық жырларында қыындықка түскен бас қаһарман тұған-туыстарына қаз арқылы сәлем жолдайды. Оның ертегілік негізі айқын. Сөз болған хикметтегі образдар, әсіресе, «Қызы Жібек» жырында бір-бірімен сабактасқан тұтастықта беріледі. Бекежанның жасырынып атқан оғынан *далада* қалған Төлеген көнілдегі *наласын қаздарға* айтып, еліне сәлем жолдайды [198]. Жоғарыдағы хикмет жолындағы тілдік образдар осы мазмұнға тікелей қатысты болмағанымен, олардың ассоциация құрап, бір-бірімен тығыз байланыста берілуі жөнінен өзара жақындықтары бар. «Қызы Жібек» жырындағы

Шыққанда елден Төлеген,  
Алты қаз ұшқан төбеден.  
Қособа екен қонары,  
Су ішерге *шөлдеген*.

Есін жиып караса,  
Даусынан үркіп мылтықтың,  
Кона алмай жерге жүр екен.

*Мұңын шағып қаздарға,*  
*Сондағы айткан сөзі екен* [198,166-167] –

деген жолдарда біз курсивпен көрсеткен сөздер аталмыш сөздік образдармен туыс. *Жалғыз қазды* аяныш туғызуши бейнес сипатында колдану – көне түркілердің эстетикалық талғамына сай туған шығармашылық әрекет екенін М.Қашқарі жинағындағы «*Жалғыз қаздың үні шықпас*» [38,272], – деген мақалға қарап болжауға болады.

«*Диуани хикмет*» пен қазақ фольклоры туындыларындағы мұндай ұқсас мәндегі тілдік құралдар дүниетанымдық тұрғыда байланысады. Бұған байланысты казіргі тіл білімінде «концепт» ұғымы колдануда. *«Концепт – сөз мағынасы, ұғым, сөздің ішкі формасы, семасы*, т.б. терминдермен бара-бар емес. Себебі концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі **бір танымды айқындайтын «сөздер қоры» (тірек сөздер) арқылы**, кейде үлкен-кішілі **мәтіндер қолемінде танылады**» [199] – дейді осы мәселені зерттеген Б.Нұрдәuletова. Жоғарыда келтірілген тілдік бейнелер концептуалдық мәнге ие. Мұндай концептілер тілдік құралдардың барлық үлгісінде көріне береді.

Хикметтер қазактың қара өлеңдерімен тұракты эпитеттер тұрғысында да туыстасады. Қара өлеңдерде *дүние* ұғымы, көбінесе, *баяны жоқ* деген эпитетпен айқындалып отырады. Мысалы, «*Өтіп дәурен барады баяны жоқ*» [87,166], «*Өтіп дүние барады баяны жоқ*», «*Қарап тұрсам бұл дүние баяны жоқ*» [88,286], – деген жолдар қара өлеңдердің тұракты формулярының қатарынан орын алады. Дәл осы қолданыс Ясауде де жиі ұшырайды. Атап көрсетер болсак, «*Ай, иаранлар, бу дунияда иок фарағат*» [29,149], «*Ей, му'минлар, бу дунияни паяни иок*» [29,171]; «*Ушбу дуния бибаян, кузга илмас даруишлар*» [29,1198].

Қазақ фольклорындағы символикалық мәндегі дүниетанымдық концептлердің де хикметтермен ортақтығы аз емес. Мәселен, халық шығармалары мен этнографиясында жүрген ізге шыққан гүл, шөп адамның сонында қалдыратын жақсылықтарының символы ретінде өрнектеледі. Бұл, әсіресе, алғыс-карғыстардан айқынырақ көрінеді. «Қадамына гүл бітсін» [200], «Жолыңа гүл бітсін» [200,206] деген алғыстар мен «Жүрген жеріне шөп шықпасын» [200,214], «Басқан ізіне шөп шықпайды» [200,97] деген қарғыстардан осыны білеміз. Ясауи де осы айтылған алғысты хикметінде тілек түрінде берген. «Гуллар унсун һар басқан излариңнан» [29,215], – дейді ол. Бұл тұста шайықтың көне түркі фольклорындағы дәстүрлі тілдік қолданысты пайдаланғаны анық. Сөз болып отырған дүниетанымдық түсініктің өте ерте замандардан келе жатқанын осыған қатысы бар ырым-жоралғылар да дәлелдейді. «Қазақ баласы көк шөпті жұлмайды. Ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты сындырмайды. Өйткені жас өндірдін бәрі бакыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі. Көк жұлсан қектей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады» [201]. Халық танымында көк шөп пен гүл жақсылықтың ишарасы болса, қурай мен жуа – жамандықтың символы. Бұны «Орныңа күйс [жалғыз] қурай» [200,420], «Жолыңа жуа шықсын [бітсін]» [200,206] деген қарғыстардан білуге болады. Мұндай көне танымдармен байланысты ұғым-түсініктердің көбі көркем әдебиеттегі дәстүрлі тілдік құралдардың қалыптасуына ықпал еткен. Ол дәстүр тіпті қазіргі әдебиетімізде де жалғастық табуда. Бұл туралы Ж.Әскербеккызы: «Ағашты, өсімдіктерді, шөпті киелі санаған мифтік таным кейінгі дәуірлерде поэтикалық мән иеленген метафоралардың қайнар көзі болды» [202], – дейді.

«Диуани хикметте» «Турт аяғлиғ шобин ат бир күн сена иетар-а» [29,153], – деп табытты «ағаш ат» деген сөзben баламалауы көне түркілік дүниетаныммен байланысты екеніне дәлелдер жеткілікті. Өйткені дәл осы қолданыс Жүсіп

Баласағұнидің «Құтадғу білігінде» де бар. Бұл шығарманы зерттеген өзбек ғалымы Б.Тухлиев дәл осы мәселеге назар аударған: «ХI ғасырда өмір сүрген туркі халықтарын жылқысыз елестету киын. «Ат» метафорасының жиі қолданылуы – осы шындықтың көркем әдебиеттегі көрінісі. Соңдықтан ақын (Жұсіп Баласағұни – Б.К.) тағдырды да «ат» метафорасымен бейнелейді:

1373. Анасинда туғса атанса ати,  
Мусафир булуб мұнда удлак ати.  
Анасынан туып, қойылса аты,  
Жолаушы болып, тағдырдың атына мінді.  
Сонымен бірге, ат табытқа ұқсастырылады:  
1413. Яйилмаз йурига кевалдин тушуб,  
Эгарсиз йиғач мунгуга мунглуг булуб.  
Қолдағы жүйрік жорғадан түсіп,  
Мұнданып мінер ерсіз ағашқа.

Бұл бәйіттегі эгарсиз йиғач (ат)-ерсіз ағаш (ат) деген метафора, яғни табыттың метафоралық бейнесін діни әдебиеттен алынған деуге болады, өйткені осы образ діни әдебиетте өте жиі кездеседі. Соның ішінде ол сәл кейінірек басқаша варианта Ахмет Ясауде кездеседі:

- Ота-она, қариндош қаён, кети, фикр қыл,  
Турт оёкли чубин от бир кун санга етаро (...)  
Ата-ана, туған-туыс қайда кетті, пікір қыл,  
Төрт аяқты ат бір күн саған да жетер.

Шығарманың көптеген метафоралары негізгі күнкөрісі мал шаруашылығы болған халықтың өмірінен алынғандығынан күәлік береді» [203]. «Ағаш ат» баламасының түркілерде өте ерте замандардан қолданылып келе жатқандығы ұлттық энциклопедияда да айтылады: «**АҒАШ АТ** – Қазақстанның онт.-батыс өнірлерінде, карақалпақтарда қайтыс болған кісіні көгеретін табыт. Фалымдар мұны ежелгі көшпендейлердің – сақ, ғұн, түркі, қыпшақ, т.б. тайпалардың қайтыс болған адам

о дүниеге ат мініп барады деген нанымға байланысты атымен жерлеу ғұрпының өзгерген түрі деп пайымдайды. Қазақтың: «сөйлеп қал тіршіліктे, қызыл тілім, жаны жоқ ағаш атқа мінбей тұрып», – деген мәтелі осы салттан шыққан» [204] Ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халықтың ауыз әдебистінде тілдік құралдардың мал атауларымен байланысты болатыны түсінікті. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың осыған қатысты пікірін біз жоғарыда келтіріп откен болатынбыз. Махмұт Қашқаридың «Диуан-и лұғат-ат түрк» жинағында да мал атаулары, әсіресе, жылқыға қатысты сөздер мен сөз тіркестері көп [205]. К.Іслемжанұлы азалау жырларындағы жылқы рәмізінің көбіне өлімге байланысты қолданылатына көңіл беледі. «Мәселен, жылқы бейнесінің аза жырларындағы символикалық ренкі сәл басқашалау. Әрине мұнда да жылқы – жол жүрудің, сапардың символы. Бірақ онда о дүниеге аттанатын адамның сапары турға айттылмайды. Дәстүрлі дүниетанымда әбден қалыптасқан жылқы бейнесі адамның қайтпас сапарға аттанғанын астармен бедерлейді:

Онан соң намаз бесінді,  
Белбеуден тұлпар шешілді, –

деген жолдар – өлімнің хабары» [104,288] – дейді ол. Бұдан Ясаудің «ағаш ат» рәміздік қолданысын көне түркілердің фольклорында қалыптасқан дәстүрлі бейнеден алғанын байқаймыз. Бірақ қазактар кейін бұл образдың Ж.Баласағұни қолданғандай «ерсіз ат» деген сиякты басқа варианттарын емес, Қожа Ахмет Ясауи қолданған «ағаш ат» нұсқасын орнықтырғанын хикметтердің тікелей әсерінен деп білген жөн.

«Мойынға бұршак (пота) салу» деген тұракты тіркес те көне түркілік наным-сеніммен байланысты туғаны күмәнсіз. Бұл тіркес «Шора батыр» жырының Ә.Сариеv арқылы жеткен бір вариантында «Ерлі байлы екеуі, Мойнына бота салады» [133,115], – деген үлгіде кездеседі. Ясауи хикметінде де осы тіркес қолданылған. «Бойниға салған пота Абабакир Сидық

дур» [29,210], – дейді. Осы тіркеске байланысты халықтық ырым да бар. Ұзак жылдар бойы қазақтың ұлттық этнографиялық материалдын жинаумен, жариялаумен жүйелі түрде айналысып жүрген жазушы С.Кенжеахметұлы бұл туралы былай дейді: «Баласыз адамдардың мойнына көгеннің бұршағын салып құдайдан ұрпақ тілеуі ертеден келе жатқан әдет. Бұл тағдырға мойынұсның, тәнірге шын беріліп, оның барлық әміріне қонудің және ак тілек тілеудің белгісі. Мұндай тілек әсіресе ертедегі жырларда жиі кездеседі» [206], – дейді. Сопылардың өз еркін тәнірінің еркіне толық ұсынудың белгісі болып саналатын мойынға пота (бұршақ) салу белгілі бір тілекке жетудің жолында өз-өзін пида етудің белгісі ретінде дәстүрге айналған сиякты. Академик Р.Сыздықова «потаның» фонетикалық бір варианты «бута» деген мағынасын «ыдыс» (сосуд) деп аударған [48,494]

Ясауди хикметтері мен қазақ фольклорының тығыз байланысын көрсететін көркемдік пішіннің бір түрі – өлең ырғағы. Сол себепті хикметтердің халық поэзиясымен туыстығын талдауға тырысқан зерттеушілердің дені оның өлең құрылышына баса назар аударған. Ал ырғақ – өлеңді өлең ететін басты элемент. Өлең ырғағының уақыттық кідрістермен айқындалатын түпкі қасиеті ауызша айтуда нактырақ көрінеді. «Өлең ырғағы сөздің мәнерлілігін арттыру үшін және тыңдарман мен оқырманга эстетикалық асер беру үшін шығарылатындықтан, өлеңдік ырғактың бірліктерінің қайталануы тыңдау үшін онай кабылдануы тиіс» [207], – деген С.В.Калаеваның сөзінің осы мәселеге тікелей катысы бар. Мұндай зандалықтарды ескерген кезде, ауызша айтуда да бейімдеп шығарылған хикметтердің фольклорлық поэзиямен туыстық катынасының күшті болатыны оп-онай түсінікті болмак. Оның, әсіресе, қазақ поэзиясымен үндестігі мен үйлестігінің мол болу себептері аз емес. Орта Азияда кең тараған екі ірі сопылых тарикаттың бірі – нақышпандия жөнінде карапайым қазақтың көп біле бермеуі, Әзірет Сұлтан кесенесінің Қазақ хандығының пантеонына

айналуы сиякты жайттар хикметтердің қазактардың арасына кедергісіз тарауына көп септігін тигізгені анық. Ауызша мәдениеттің басымдығы Ясауи хикметтерінің бұл ортада көбірек жатқа айтылуына ықпал еткен. «Өлең өлшемі ретінде көрінетін ұлттық, яғни халық әдебиетінен алынған элемент болса, дәл солай әлеуметтік ортада тұракты болып қалды. Яғни заманның ағымынан (тенденциясынан) бір сәт те ажырамады. Өйткені халық әдебиеті XII ғасырдан осы уақытқа дейін тұракты болып қалғандықтан «Диуани хикмет» бір тұрғыдан алғанда да халықтың талғамына жат болмады. Оның талғамына сәйкес келіп отырды. Әсіресе, классикалық иран әдебиетіне жат дала халқы, қырғыз-қазактар және қыпшақтар арасында киеллігі тұрғысынан да дәл сондай күшті өміршеңдік көрсетті» [14,228], – дейді Ф.Көпірлі. Зерттеуші бұл жерде «қырғыз-қазактар» деп қазактарды айтып отырганы анық. Ф.Көпірлінің осы еңбегі жарық көрген 1918 жылы ұлттымыздың осылай аталғаны белгілі. Тіпті ұлттымыздың аяулы перзенттерінің бірі М.Тынышпаевтың 1925 жылы жарық көрген еңбегінде [208] де халқымыз осылай деп аталған болатын.

Хикметтердің казақ өлеңімен ырғақтық етенелігін зерттеушілердің көбірек тілге тиек ететіндей жәні бар екенін анғардық. «Хикметтер құрылышы жайындағы йасауитанудағы алғашқы байсалды талдау, тиянақты тұжырым иесі – түрік ғалымы М.Ф.Көпрулұ. Йасауи хикметтерінің денін 7 және 12 буынды өлеңдер құрайтынын, аталмыш түрлердің көне түркілік ауыз әдебиетінен тамыр тартатынын, сопы ақын хикметтерінен бірынғай араб-парсы поэзиясынң әсерін іздей беру жаңсактық екенін ғалым өз зерттеуінде түйіндеп айтқан болатын. М.Ф.Көпрулұ талдауларымен ғасырға жуық уақыттан бері таныс түрік ғылымында да, аталмыш зерттеу еңбегі соңғы онжылдықта толық аударылып, ғылыми айналымға түсken отандық ғылымда да ғалым пікірлерін дамытып, талдауларын жалғастыруға, осы бағытта түбегейлі ізденістер

жасауға деген талпыныстар байқалмады» [93,150], – деген А.Әбдірәсілқызының пікірі ұшқарылау айтылған деп ойлаймыз. Әрине, бұл мәселеде атқарылар шаруа көп, бірақ хикметтердің ырғактық жайы оның өзге мәселелерінен көбірек зерттелгені шындық. Ф.Көпіріліден басқа хикметтердің өлеңдік өлшемі туралы Ж.Құдайбергенов пен Ж.Жолаев [49,27], Р.Сыздықова [48,178-184], М.Жармұхамедұлы [4,92-93], А.Ахметбектер [73,88-98] құнды пікірлер айтты. Осы жолдардың авторы да еңбегіміздің осы тарауына негіз болған мақалаларында [209] бұл мәселенің зәру тұстары жайында бірқатар ұсыныстар айтқан еди. Тіпті Ф.Көпірілінің өзі Ясауи хикметтері ырғағының қазақ поэзиясына жақындығын қазақ ғалымдары арқылы, нақтырақ айтқанда, Қ.Жұбановтан естіп-білген болуы мүмкін. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаевтың Қожа Ахмет Ясауи жайындағы мақаласын журналға дайындал ұсынған Есет Жұбанов Қ.Жұбановтың Ленинградта жүріп, Ф.Көпірілімен хат жазысқанын айтады [49,4].

Ясауи хикметтерінің ырғактық өлшемі туралы сөз қозғаушылардың бәрі дерлік оның халықтық поэзиямен ұқсастығына токталған. Енді осы ұқсастықтың сырына теренірек үнілу қажет. Халық поэзиясының пішінін сөз еткенде, біз тек фольклорлық туындыны ғана есепке алғып қоймай, ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын да есепке алмағымыз ләзім. Осы тұста қазақ әдебиеттануында соңғы он жылдықтарда жаңаша мән беріле бастаған «ауыз әдебиеті» атауына назар аудара кетуді жөн көрдік. Бұл термин осы кезде фольклорлық шығармаларды емес, авторы белгілі, бірақ ауызша дәстүр ізімен пайда болып, ауызша тараған туындыларды белгілейді. Бұл мәселеге Б.Абылқасымов [210], С.Қасқабасов [211] сияқты белгілі фольклортанушылар назар аударған. Дүниеге келген мезгілі мен мекені анық болғандықтан, фольклорлық шығармалардай емес, авторлы ауыз әдебиеті үлгілерін уақыттық аяда қарастыру мүмкін. Ал бұл мүмкіндік Ясауи

өзіне дейінгі ауызша поэзиядан не алды және кейінгі ақындар шығармашылығына не берді деген сұраққа жауап беруге жол ашады. Өйткені авторлы ауыз әдебиеті туындылары халық шығармаларынан мазмұндық түрғыдан оқшауланғанымен, пішіндік түрғыдан одан алшақ кете қоймайды.

Бірақ бір өкініштісі – Қ.А.Ясауиге дейінгі дәуірдегі авторлы ауыз әдебиетінің үлгісі мынау дейтін туынды жоқтың қасы. Дегенмен сол кезеңдерден бізге жеткен некен-саяқ шығармалардың ішінде авторлы поэзияның нышандарын танытатындары да бар. Л.Ю.Тугушева VIII-XIII ғасырлар арасында пайда болған туынды деп жариялаған «Біліг білін, я бегім» деп басталатын жыр үлгісінің кейінгі жыраулар толғауларымен барынша ұқсастығы бірден байқалады.

Білік білін я бегім,  
Білік сене еш болур.  
Білік білген ол ерке  
Бір күн дәулет түш болур.  
Білігліг ер, біліне,  
Таш құрсанса қаш болур.  
Біліксіздің ианынға,

Алтын қойса таш болур [212], –

деп жырланатын бұл жырда жыраулар поэзиясымен үндестік анық байқалады.

Л.Ю.Тугушева бұл шығарманы ислам дінін қабылдаған ортада шығарылған деп көрсетеді. Ал ол осы жырмен бірге жариялаған исламды қабылдамаған түркілер поэзиясының ырғактық бірізділікке түспегенін көрсетеді. Осы дерек және баска да осыған ұқсас мәліметтер түркілердің өлең өлшемінің симметриялы қалыпқа келуі өзімен бірге метрикалық өлшемді ала келген Құранның ықпалынан болуы мүмкін деген ой туғызады. Осы орайда әдебиеттанудағы Білге қаған, Құлтегін ескерткіштерін поэзияга жатқызу керек пе, жок әлде прозаға жатқызамыз ба деген талас-тартысы [213] еске алуға тұра

келеді. Ислам дініндегі түркілер мен исламды қабылдамаған түркілер поэзиясын жіті салыстыра болсақ, көне түркі жазба ескерткіштерінің поэзия туындысы екеніне көзіміз жетер еді. Егер осылай тереңірек үңілер болсақ, алтай тілдік тобына жататын түркілердің поэзиясында силлабикалық өлшемнің қатаң тәртібі жоққа тән екенін көреміз. Олардың поэзиясындағы кідірістерді өлең ыргағы мен тармақтары емес, айтушы демінің қанышалықты жерге дейін жететіндігі айқындаиды. Саха поэзиясын зерттеуші Г.М.Васильев саха өлеңін қара сөзден айырып алудың қыын екенін айтады [214]. Саха өлеңі аллитерациялық-интонациялық поэзияға жатса, көне түркі жазба ескерткіштерінен де осы сипат көрінеді. Бір қызығы, саха поэзиясында Орхон Енесей ескерткіштеріндегі көптеген көркемдік құралдар мен формулалық тіркестер, түйдектер көп бұзылмай сақталған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осыған Г.М.Васильев келтірген мысалдан бірнешеуін бере кетейік:

#### **Көне түркі жазбаларында:**

Башлығын йүкінтүрміс  
Тіzlігін сөкүрміс.

Тұн ұдымадым,  
Күнтүз олурмадым.

Үзе тенрі басмасар,  
Аспа йер тілінмесер.

Қаның субча йүгірті,  
Соңғын тағча йатды,  
Бегіліг уры оғлың күл болты,  
Сілік қыз оғлың күн болты.

#### **Саха фольклорында:**

Бастағы үңтердибит,  
Сүһүөхтәэги сұтруғтүбүт.

Түн утуйбатым,  
Күнус олорботум.

Үөһәә таңара баттаабатағына,  
Аллара сир тәләллибетәгине

Хааның уулуу сүүрүгүртэ,  
Унуогұң хайалыы сыта,  
Бөгө уол оғолорұң кулут  
буолта,  
Кәрә қыыс оғолорун кулут  
буолта.[215]

Бұл мысалдардан исламды қабылдамаған және оның әсері тимеген сахалардың көне түркілік өлең жүйесінің көп ерекшеліктерін сактап қалғанын көреміз.

Бұдан исламға дейінгі ескі нағым өкілдері болып саналатын бақсылардың әуел бастағы сарындарының саха поэзиясындағы аллитерациялық, интонациялық өлшеммен айтылғанын анғарамыз. Демек ислам діні оны қабылдаған халықтардағы бақсыларға да, олардың сарынына да әсер етіп, кейінгі он ғасыр ішінде сарындар силлабикалық үлгіде айтылатын болған. Бірақ қазактардағы бақсы сарынының көне мазмұны көп өзгере қоймаған сияқты. Бақсылар сарынындағы:

Арық атқа қамшы ойнар,  
Жыртық үйде тамшы ойнар,  
Көбік қарда тұлқі ойнар [216], –

деген сияқты шығармаға айрықшамағына үстемейтінформулалық кайталаулардан осы шындық байқалады. Соңғы ғасырларда ислам дінінің әсерімен өнер атаулының философиялық мазмұны күшейді. Бұрынғы бақсылар сарынындағы жындарды шектен тыс әсірелей дәріптеу үлгілерінің қажеттігі кеміді. Яғни, образ-бейнелердің көркем шарттылыққа құрылған түрлерінен гөрі өмірге ұқсас формаларының қолданысы артты. Біздің ойымызша, Ясауи өз хикметтерін жазарда өзіне дейін ислами негізде қалыптасып үлгерген осындай поэзиялық үлгілер дәстүрін пайдаланған. Әрине мұндай әбден қалыптасқан көркемдік пішінді пайдалану үшін оны жастайынан бойына сіңірудің қажет екені белгілі. Эргаш Рустамов: «Бұл пішіндегі поэзия (хикмет пішінін айтып отыр – Б.Қ.) тек халықтың ауызша шығармашылығына тән. Тек Ахмет Ясауи сияқты өз халқын сүйген, қарапайым халық ішінде ұзак уақыттар кезіп, оның ауызша шығармашылығын өзіне сіндіріп жіберген тұлға ғана мұндай көркемдігі жоғары хикметтерді жаза алады» [163,33] – дейді. Кожа Ахмет Ясауи хикметтері осылайша қалыптасқан

көркемдік дәстүрді бұрынғыдан берік орнықтырып, оны кейінгі әдеби дамуда өрнек етіп қалдырды.

Қожа Ахмет Ясаудің кейінгі ауыз әдебиетіне тигізген ықпалы қазақ ғалымдары тарапынан біршама айтылғанын, бірақ соңғы жылдарға дейін бұл сабактастық шығармалардың мазмұндық жағынан ғана қаралып келгенін кіріспемізде атап өткен болатынбыз. Филология ғылымдарының докторы Теміргали Есембековтің: «Қазақ әдебиетінің тарихында А. Ясауи кезеңдік әдебиет өкілі деп танылады, оның хикметтерінің тек идеялық-тақырыптық сапасы ғана басты зерттеу арнасына айналған» [217], – деуінің негізсіз емес екені анық. Ал мазмұндық ұқсастықтың кездейсоқ пайда болуы да ықтимал. Сондықтан көркемдік дәстүр мәселесін шығарма мазмұнынан емес, пішінінен іздегеніміз дұрыс. Хикметтердің ауыз әдебиетімен байланысының пішіндік дәлелдемелерін көрсеткен еңбектерге біршама тоқталып өттік. Бірақ бұл мәселеде әлі де терендете зерттейтін тұстар жеткілікті. Тағы бір ескерерлік жайт, Ясауи хикметтерінің мазмұны өзінен бұрынғы халық поэзиясынан мұлдем өзге сипат алғандығы. Ол ұлы сопының өз ілімін насиҳаттауымен, уағызыдауымен байланысты болатын. Сонда біз сөз етіп отырған екі шығармашылық түрінің дәстүр арнасында тоғысатын тұстарын көрсету шығарманың пішіндік қалыбына байланысты болуы керек.

Ясауи хикметтері мен халық поэзиясы үндестігінің пішіндік жағы, ең алдымен, өлең өлшемдерінен анғарылады. Ұлы сопы шығармашылығын зерттеген ғалым Д.Кенжетай да бұл ерекшелікке дұрыс зерсалған. «Исламнан бұрын да түркілердің сөз өнері, өлең-жырын кобыздың сүйемелдеуінде айтатын озандар өнері мен әдебиеті болғаны анық. Бірақ исламнан және Ясаудің бұрын түркілердегі әдебиет хикмет үлгісіндегі мазмұнға жеткен жоқ. Өйткені, хикмет сөздік өрнегі және өзіндік шарттары жағынан ислам мәдениетіне қатысты еді. (...) Осылайша, дәстүрлі түркі өлеңіне діни сопылық түсініктер

алғаш рет Қожа Ахмет Ясауи тарапынан келді» [218], – дейді ол.

Қожа Ахмет Ясаудің өзінен бұрынғы түркі әдебиетінен алған көркемдік тәжірибесі жөнінде пікір айтқысы келген ғалымдардың көбінің өлең өлшемі жөніндегі әңгіменден көп ұзай қоймауы занды. Бұл мәселеге М.Ф.Көпірілінің кеңірек тоқталғаны рас. «Ахмет Ясауи ислам ілімдерін және иран әдебиетін жақсы білетін еді. Оқып білім алғанда және діни бір тариқатқа кіргенде исламдық және ирандық пікір, көзқарастардың ықпалында болғандықтан бұрынғы ұлы парсы ақындарының сопылық шығармаларын өте жақсы білетін. Бірақ исламды шын жүректен, әйтсе де ұшқары, ұстірт қабылдаған (зерттеушінің бұл жерде түркілердің шаригат зандарына аса мән бермегенін айтып отырғаны анық – Б.К.), өз ұлтының мәдениетін сактаудан айнымаган түркілерге үн қату керек болғандықтан ырықсыз олардың талғамына, сенімдеріне қарайлау, мағынасын түсінетіндей қарапайым тіл мен ұйқасқа жақын өлең өлшемімен үн қату қажет еді» [14,204], – дейді ол (цитатадағы сөздерді курсивпен берген біз – Б.К.). М.Ф.Көпірілі ұлы сопының халықтық өлең өлшемін ырықсыз, еріксіз түрде қолданғанын дәл тауып айтқан. Шынында да, өлең өлшемінің негізі болып табылатын ырғақ түрлерін таңдау ақынның шабытты шақтарында, көбінесе, логикалық процедурадан тыс жүзеге асатын шығармашылық әрекеттердің бірі деуге болады. Әрине, мұндайда автор өзіне бұрыннан үйреншікті үлгіні қалып етіп алары сөзсіз. Өлең өлшемін ақынның саналы түрде өрнектейтін сәттері де аз болмайды. Бірақ ол дәстүрлілік жетекші орында болатын шығармашылықта емес, оқырманның эстетикалық қабылдауын алдыңғы кезекке шығаратын кейінгі заманының өнер түрлеріне көбірек тән. Осы жағдайларды есепке алсақ, Ясауи хикметтерінің ислам философиясы аясында және өзіне дейін қалыптасып үлгерген өлең өлшеміне сай жазылғанына көзіміз жете түседі.

Өлең ырғағының көп жағдайда ырықсыз түрде жүзеге асуының да өзіндік себептері бар. Үргактың басты көркемдік қызметі бейнелеушілік емес, мәнерлеушілік болып табылады. Сондыктан өлең өлшемін таңдау дегениң өзі үнемі ойлануды талап ете бермейді, көбіне автор еркінен тыс та іске асып жатады. Шығармашылық қызметтегі авторлық санаулық пен стихиялылықты көркемдік дәстүрге қатыстылығы тұрғысынан таразылар болсақ, соңғысының басым түсері күмәнсіз. Өйткені кезкелген жаңашылдық автордың теориялық сана-сезімге деген ұмтылысынан туындал жатады. Ал шығармашылықтағы ырықсыз құбылыстар үйреншікті дағдылар негізінде, рефлексивті түрде жүріп отырады. Осы жерде Ясауи хикметтері мен қазақ қара өлеңдеріндегі айрықша ұқсас белгінің табиғильтік көзге түседі. Ол – 11-12 буынды өлең ырғағындағы соңғы бунақтың 4 буыннан тұратын түрі.

Өлең өлшемінде соңғы бунақтың орны ерекше болады: ол өлеңнің негізгі үйқастарын қамтиды және ырғактағы үйлесімділік пен әуезділікті сақтауда шешуші орында болады. Сондыктан да оны әдебиеттеориясының білгірі А.Байтұрсынулы «бунақтың таңдамалы орны» деп атаған. Сөйтіп: «Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады» [85,387], – дейді. Өлең ырғағының ерекшелігінде халықтық талғам мен танымды танытатын сипаттар мол болса, ондағы таңдамалы (соңғы) бунақтың маңыздылығынан кейінгі зерттеушілер де көніл бөлген. Мысалы, бұл туралы өлең теорияшысы З.Ахметов: «Аяққы үйқастың өлеңнің ырғактық күрылымында мәнді ролі бар» [219], – дейді.

11-12 буынды өлеңдерінде бунақтың таңдамалы орнының 4 буыннан тұруы Ясауи хикметтерінен өзге сопылар. шығармаларында жоққа тән болуы және қазақ қара өлеңнен өзге түркі халықтары фольклорында мүлдем аз кездесуі көп сырды аңғартып тұр. Қазақ қара өлеңнің көшпелі ортада, табиғи жолмен пайда болуы ақиқат екенін білсек жеке адам

еркінен тыс мұндай процестің уақытты араға салып қайталанып отыратынын ескерсек, Ясауи хикметтерінің де таза далалық поэзияның дәстүрлі өлшемін үлгі еткеніне көз жеткізу қыын болмайды. Ал Орта Азиядағы түркі халықтары фольклорындағы 11-12 буынды өлеңдердің «тандамалы бунағының» З буынды болып келуі жазба әдебиеттің, оның арғы жағында түрған араб, парсы поэзиясының әсері деуге болады. Осы орайда халықтың өзі қандай әдеби түрді поэзия деп санағандығын да қарпеге алу қажет. Бұл мәселеге жіті назар аударар болсақ, қазақтардың тек екі пішіндегі: 7-8 буынды жыр түріндегі және 11-12 буынды қара өлең түріндегі шығарманы ғана поэзиялық үлгі ретінде бағалағадығын анғарамыз. Ал тақпактар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жанылтпаш т.б. бұлардан өзге буын санымен келетін ырғакты, үйқасты фольклорлық туындыларды халық поэзия ретінде бағаламаған. Сондықтан да оларға «сөз» деген баламаны қосақтап отырған (шешендік сөз, нақыл сөз, мақал сөз т.б.). Қазіргі өлентану ғылымына тән қағида тұрғысынан қарағанда, бұларды да поэзияға жатқызуға болғанымен, халық оларды қара сөз үлгісі деп түсінген. 1945 жылы баспаға дайындалып, бірақ түрлі саяси жағдайларға байланысты жарық көрмей қалған «Қазақ әдебиеті тарихының» батырлар жыры жөніндегі тарауын жазған Қ.Жұмалиев тап осы жағдайға қатысты: «Қазақта он буынды өлең жоқ. Он буынды өлең қазақтың құлағына өлең болып естілмейді» [220], – депті. Туыстас түркі халықтарының ауыз әдебиетінде де көп кездесетін 11-12 буынды өлең түрлеріндегі «тандамалы бунақ» З буындық ерекшелігімен көзге түседі. Қазақ халық поэзиясының құрамына кейінгі ғасырларда енген мұндай өлең түрін Ә.Қоңыратбаевтың «турікпен күйі» деп атауы [221] бұл үлгінің түркімен, өзбек халықтары сөз өнерінен кең орын алғандығымен байланысты екені даусыз. Қазақ қара өлеңінің жазба әдебиет ықпалымен емес, таза ауыз әдебиетінің өз дамуы барысында түзілгендігі ақиқат. Олай болса, соңғы бунағы 4 буынды қара өлең – нағыз

көшпелі өмір салты туғызған көркемдік түр. Ал Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде кең қолданылған бұл өлең өлшемі ұлы шайықтың далалық поэзияның көркемдік дәстурінен терең нәр алғандығын танытады.

Қазақ халқына тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы барынша жақын қарақалпақтар мен ноғайлар поэзиясында да қара өлең өлшеміндегі ырғак түрі сақтала қоймаған. Бірақ оларда соңғы бунағы 3 буын болып келетін 7-8 буынды жыр улгісі жақсы сақталған. Алайда оларда 7-8 буынды өлең улгісінің қазактарда жоқ басқа түрі де бар. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырының қарақалпақ Өгіз жырау айтқан вариантындағы:

Еткен иси // хаққа жақты,  
Үсти-үстине // дабыл қақты,  
Қалмаклардың // қызыл қаны,  
Көшелерде // сарлап акты [222], –

деген жолдар да 7-8 буынды. Бірақ оның қазақжырларынан басты айырмашылығы ырғактық сипатында. Біз бұл үзіндіні ырғак бойынша бөліп көрсеттік. Көріп отырғанымыздай, мұндағы соңғы бунақ 4 буынды. Қарақалпақтар бұл өлең улгісін «қосық» деп атайды. Ал қазақтың 7-8 буынды жыры үнемі 3 буынмен аяқталады. Қазақтың жыр улгісі өзінің шығу дәуірі жөнінен қарақалпақ қосығынан көне. Мұны әріге бармай-ақ қарақалпақ поэзиясының өзінен де анғаруға болады. XVII ғасырға дейінгі қарақалпақ жырауларының ешбірінде бұл форма жоқ, одан бергі дәуірлердегі шайырлар шығармашылығынан біртіндеп орын ала бастаған. Осыдан бұның жазба әдебиет, нақтырақ айтқанда, Шығыс поэзиясының әсерінен пайда болған өлшем екені байқалады. Қарақалпақ фольклортанушысы Қ.Максетовтің: «Қарақалпақ халық қосықтарының құрылышында ритмикасында, рифмасында қоңылас түрік семьялас халықтарға ортак көп белгілерді ұшыратуға болады» [223], – деген пікіріне осы шындық негіз болса керек. Қарақалпақ қосығының бұдан басқа, 11-12 буынды түрі де бар. Оның табиғаты қазақтың қара өлеңінен

басқаша. Қосыктың бұл түрінің ырғактық кескіні, көбінесе, 4 – 4 – 3 түрінде келсе, қара өлеңдікі 4 – 3 – 4 немесе 3 – 4 – 4, я болмаса 4 – 4 – 4 түрінде болады. Байқағанымыздай, қосыктағы «тандаулы бунак» – 3, қара өлеңдікі – 4. Осы түрғыдан келгенде, қазақтың қара өлеңі де, 7-8 буынды жыр үлгісі де ырғактық суреті жағынан «Диуани хикметке» барынша жақын түр.

Бұл тұста біз хикметтерді қазақ мәдениетіне біржакты жақыннатып, өзге түркі халықтарынан алыстаттудан аулақпыш. Мұндағы мақсатымыз – хикметтердің далалық поэзиямен, фольклорлық лирикамен туыстырын бізге дейін айтқан ғалымдар пікірін мақұлдай отырып, оны нақты дәлелдермен бекіту. Бұл жерде қазақ қара өлеңі бізге айғақ ретінде қызмет етіп отыр. Өйткені ауыз әдебиетінің бесігі – көшпелі тіршілік десек, қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалар Ясауи заманынан күні кешеге дейін сол өмір салтынан қол үзген жок. Демек, сол замандағы ауызша әдеби құндылықтардың желісін үзбей жалғастырып келуге мүмкіндігі бар орта да осы. Осындай себептерге орай, «Диуани хикмет» пен қазақ фольклорындағы өлең түрлерінің ырғактық ерекшеліктері жеке адам (сондай-ақ автордың да) еркінен тыс, табиғи турде егіздің сынарындағы ұқсас болып шыққан. Ал автордың саналы, мақсатты әрекетінің жемісі болып табылатын образдылық түрлерінен мұндағы сабактастық іздеу өнімсіз іс болар еді. Себебі басты нысаны, мақсаты өзгеше сопылық поэзия бұл түрғыда тұрмыс-тіршілікпен байланысты ҳалық лирикасынан бөлек болары сезсіз. Ясауи хикметтеріндегі 7-8 буынды жыр жолдарына жақын ырғактар да дәл осындай құбылыс нәтижесі деуге болады. Оның жыраулар поэзиясымен байланысатын жақтары көп. Т.Есембековтің: «Жеке хикметтерді толғау жанрына жақындана қарастырудың да реті бар, сөйтіп олардың авторын қазақтың сөз өнеріндегі жоталы да жетекші үрдіс – жыраулар поэзиясымен типологиялық түрғыда байланыстырып зерттеу өзі сұранып түрғандай» [227,49], – деген пікірі де елеулі бақылаудың нәтижесінде туғандығы байқалады.

Осы тұста қазақ халқы өлең деп қабылдаған жоғарыдағы екі поэзиялық пішіннің ауыз әдебиетінен алған орны мен үлесінің барлық дәуірде бірдей сипат алып отырмағандығына да назар аударып откен жөн.

Қара өлең үлгісіндегі поэзиядан 7-8 буынды жыр үлгісіндегі поэзияның көне екенін өлең табиғатын зерттеген ғалымдардың көбі айтып жүр. Бірақ, біздінше, көшпелі түркілердің шығармашылық табиғатына тән бұл екі поэзиялық пішіннің екеуі әр түрлі жағдайда дамиды. Мәселен, 7-8 буынды жыр түрін дамытушы ең басты фактор – аласапыран соғыстар және соған лайықты қалыптасқан халықтың жауынгерлік рухы. Ал, 11-12 буынды өлең түрі бейбіт заманда дүниеге көбірек келеді. Сондықтан да батырлықты, ерлікті жырлайтын батырлар жыры, елді Отан қорғауға үндейтін жыраулар поэзиясы әрдайым 7-8 буынды жыр түрінде, ал, қарапайым тіршілікті өзек ететін фольклордағы романдық эпос үлгілері, жеке бастың көңіл-күйін бейнелейтін лирикалық туындылар 11-12 буынды өлең түрінде болып келеді. Осы екі пішіннің табиғатын жақсы сезінген С.Сейфуллин «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы 11-12 буынды өлең үлгісі жөнінде айта келіп, былай деген екен: «Әңгіме өлеңдердің сөз қалауы, сөз тізімдері, өлеңнің жалпы сарыны, күйі – жаугершілік замандікіндей емес, кебенек ішінде бүйігіп жатқан марқау, мақау, бейбіт, жалқау, меніреу жатқан замандікі сияқты. Жаугершілік замандағы өлең-жырлардың сарын-күйі жауға қарсы шыққан жалтылдаған жауынгер батырдың суретін сездірсе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» өлеңінің сарын-күйі ырғалып көшіп, манаурап қонған қоңыр тымақты көшпелінің суретін сездіргендей болады» [224]. С.Мұқанов та дәл осындай пікір айтқан [225]. Қазақ хандығы құрылғаннан бергі тарихи кезең аясында алып қарағанда, бұл поэзиялық пішіндердің даму ерекшелігінің осы сипаты айқын көрінді. 11-12 буынды қара өлең XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап ауыз әдебиетінде кең етек ала бастады. Ш.Уәлиханов қазақ

арасында бұл өлең өлшемінің пайда болуын татар поэзиясының ықпалынан болды деп түсіндіреді [226]. Бірақ, біздің ойымызша, бұл түрдің өркендеуі сыртқы әсерден гөрі халықтың тарихи-элеуметтік жағдай өзгерісі нәтижесінде, табиғи жолмен жүзеге асқан. Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңде қара өлең түріне тән ырғактық өлшем қазақ поэзиясында XVIII ғасырдан кейін дамыса, одан арғы кезеңде Қожа Ахмет Ясауи тұсындағы халықтық поэзияда белсенді қолданыста болғаны күмәнсіз. Ясауи дәүірі де халықтың жаугершіліктен толық қол үзбекен кезі болатын. Бұл кездегі түркі поэзиясында 7-8 буынды жыр түрінің басым болғандығын Е.Тұрсынов атап өтеді [227].

Хикметтердің жаугершілік етек алған заманда туғандығымен ғана емес, оның түпкі мазмұнының да күреспен сабактас болуына байланысты онда 7-8 буынды жыр түрі кең орын алған. «Таңдаулы бунағы» З буындық бұл поэзиялық үлгі өзінің жедел айтылуымен күрес, соғыс қимылымен үндеседі. Музыкатанушы А.Е.Байғаскина жыр үлгісінің жедел айтылуға бейім екенін көрсеткен [228]. Сондықтан да болар, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жауынгерлік рухпен байланысын айтқан зерттеушілер бар. Мысалы, Т.Есембеков Ясауи хикметтерінде қаһармандық сарынның болуы әбден занды екеніне мегзей отырып, одан әрі: «Өйткені әрбір пендеден өз бойындағы азамат атаулыға тән жауларын жену, яғни ынсан пен ындынның айқасын қанағатшылдық тақуалық, аскеттік пайдасына шешу батырға тән күш-жігерді талап ететіні сөзсіз» [217,49], – дейді. Ясауитанушы Д.Кенжетай да осымен орайлас ой айтады: «Йасауи көшпелінің рухындағы жауынгерлік, күрескерлік қуатты қыын әрі негізгі күреске бағыттауға тырысады» [34,105]. Ясауи хикметтерінде шайтан және нәпсімен күрес те соғыс, ұрыс сипатында бейнеленеді. Бұған мысал ретінде «Лашкар тузаб шайтан бирла мен уриштим», «Ңиммат берсан шум нафсимга урсам табар», – деген сияқты жоғарыда мысал етілген жолдармен бірге, «Құл Қожа Ахмад, нафси尼 тифтим,

нафсини тифтим» [29,147], «Дуния ғақыбы харам қылыб, ианчыб тебтим» [29,151], «Ит нафсини улдирур, қизил изузин сулдирур» [29,200], «Рузи қылды ғазазилни тутиб миндим, Ланкар туриб белин басыб ианыштым мана» [29,132] деген тармақтарды айтса болады. Бұл жолдардың Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың «үлкен соғыс» деп атаған куресін сопылардың рухани даму жолындағы курес деп ұғынатындығына [45,40-41] байланысты туғаны анық.

Қарақалпақ қосығы түріндегі, соңғы буыны 4 болып келетін үлгі ауызша айтылуда жеделдіктен айырылады, соңғы бунақ айту екпінін едәуір баяулатады. Бұл – бір. Екіншіден, 7-8 буынды жырдың ырғағы «Лә илаһа Илла Аллаһ» (Мұндағы «лә» деген сөз созылыңғы айтылғандықтан, екі буынның орнына жүреді) деген калиманың буын санымен де үйлеседі. Өйткені екеуінде де соңғы бунақ 3 буынды. Осы ырғактық сәйкестік зікір алқасында Ясауи хикметтерінің үнемі калимамен қындықсыз, кедергісіз бірге айтылуына қолайлы жағдай тұтызған. Бұл – қазақ қүйлері мен жырларының калиманың буындық өлшеміне орай қалыптасқанын көрсетеді. Е.А.Байғасқина қазақ музыкасының ырғактық түзілімі «бармақ» өлшемінен туындаитынын айткан [228,19-20]. Ал бармақ – Ясауи хикметтерінің негізі. Қазақ жыры мен күйінің бір өлшемде шығарылғанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі қазақ музыка өнерінде жыраулар поэзиясының үлгілері де, Ясауи хикметтері де халық қүйлерінің әуенімен сахналарда орындалып жүргені көпшілікке мәлім. Ал қосық түріндегі өлең күй өлшеміне сәйкес келмес еді. К.Жұбанов пен Ж.Жолаевтің хикметтерді «әндегіп айтуға көнеді» [49,25], – деуінің сырьы да осында деп ойлаймыз. Сондай-ақ 7-8 буынды жыр зікір кезіндегі дене қимылымен де үйлеседі. Өйткені он қабактың ұшынан жүректің түбін нысанага алып ұрудың ишарасын жасаған қимыл екі бунақтан тұратын жырды талап етеді. Оның бір бунағы он қабакқа, ал екінші бунағы жүректен төменгі (сол емшектің асты) нұктеге жасалған ишара-қимылмен

сәйкестендіріледі. Бірақ жырдың екі бунақтан тұруы ғана жеткіліксіз. Зікір қымылдарымен үйлесуі үшін, бұған қоса, оның жедел айтылуы да шарт. 7-8 буынды қазақ жыры осы талаптардың бәріне жауап береді.

Кейбір хикметтер өзінің тармағының буын саны 7 және тандаулы бунағының 3 буынды болуымен ғана емес, композициялық және мәнерлеушілік сипаттағы кейбір көркемдік құралдары жағынан да толғауларға жақын тұрады. Мәселен, кейбір жарияланымдарда 7-8 буынды егіз жолдары бір қатарда беріліп жүрген хикметтердің әрбір жолын екіге бөліп жазар болсақ, сыртқы пішіні қадаулік толғауға үқсас дүние болып шығады. Стамбул нұсқасындағы 23-хикметті осылай берсек, тәмендеңгідей көріністе болады.

Он саккиз миң ғаламға  
Саруар болған Мухаммад.  
Отыз уч миң асхабға  
Раһбар болған Мухаммад.  
Иаланғач, ачлиққа  
Қанағатлығ Мухаммад.  
Ғаси жафа умматға  
Шағағатлиғ Мухаммад [29,172-173],

немесе 44-хикметтегі:

Он саккиз миң ғаламға  
Хайран болған ғашықлар.  
Табмай мағшүр сурагин  
Сарсан болған ғашықлар [29,200], –

деген сияқты хикмет жолдарының жыраулар толғауымен үндестігі тек өлең өлшемімен ғана емес, құрылымдық сипатынан және айшықтау мен ажарлаудан (бұлар да мәнерлеушілік қызметі басым көркемдік тәсілдер) да көрініп тұр. Сондықтан да болар, Қ.Жұмалиев пен Ж.Жолаев жоғарыда біз сөз еткен мақаласында хикметтерді «толғау» деп атаған. Хикметтердегі

және жыраулар толғауларындағы риторикалық қайталаулардың сипаты Шығыс поэзиясындағы редифтерден сәл басқашарап. Бұлардағы риторикалық қайталау шығармадағы негізгі мазмұнның түп қазығы тәрізді. Осы хикметтердегі айтылған өзгешеліктер кейінгі ақын-жыраулар шығармаларында озық үлгі ретінде қабылданды. Келтірілген хикметтерді Қашаған Құржіманұлының «Есқали сұптыға айтқаны» деген туындысымен салыстырып-ақ бұған көз жеткізуге болады. Домбырасын «шайтанның қу ағашы» деп даттаған Есқалиға ақын былай дейді:

Қорыққанда жалғызға  
Қорған болған қу ағаш.  
Бұтактары бүгіліп,  
Қарның ашып келгенде  
Жүргегінді жалғауға  
Нәсіп болған бұл ағаш.  
Пайғамбарлар туғанда,  
Бесік болған бұл ағаш.  
Ибрагим Қағба салғанда,  
Есік болған бұл ағаш.  
Мұнаралы әр жерде  
Мешіт болған бұл ағаш [154,92].

Мұнда тіпті пішіндік ұқсастық қана емес, мазмұндық жақындық та айқын аңғарылады. Қ.Құржіманұлының ағашты бұлай мактауының дәл осы мазмұнда «Қорқыт ата кітабында» да кездесетіні көп ойға жетелейді. «Қорқыт ата кітабының» «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баяны» атты бөлімінде кәпірлер кесім шығарып, дарға асқалы жатқан кезде Ораздың айтқан сөзі ретінде берілген бұл өлеңді Б.Ысқақов пен Ш.Ыбыраев былай аударған:

Ағаш, ағаш десем, ренжіме, сен, ағаш,  
Мекке менен Мединенің қақпасы – ағаш.

Мұса қаламының асасы – ағаш,  
Ағынды сулардың көпірі – ағаш.  
Тұңғиық теніздердің кемесі – ағаш.  
Ерлердің шаһары Әли дүлдүлінің ері – ағаш,  
Зұлпұхардың қыны мен сабы – ағаш,  
Қасен мен Құсайынның бесігі – ағаш.  
Қыңыр ерек пен шайпау қатын қорқар ағаш [229].

Фольклортанушы Е.Тұрсынов Қорқыт есімімен байланысты бұл жырлардың өлең құрылышының бергі замандарға тән екенін дұрыс көрсеткен [227]. Сонда Қашағанның ағашқа арналған мадақ жырының мазмұны «Қорқыт ата кітабындағы» өлеңнің шыққан кезеңімен замандас та, ал пішін жағынан одан әлдеқайда көне болып шығады. Осы ақиқатқа үнілсек, Қашаған көне жырды жаңа жағдайға орай түрлендіріп жырлауы әбден ықтимал екендігін көреміз. Жоғарыдағы хикметтерде пайғамбарға және сопылық жолда жүргендеге, ал Қашағанда Құдайдың адамдарға берген көп нығметінің бірі – ағашқа мадақ айту шығарма өзегі болып тұр. Осы келтірлген айғақтар қазақ халық поэзиясындағы негізгі өлшем болып саналатын қара өлең мен жыр ырғағының Ясауи заманындағы ауызша поэзияда жетекші орында болғанын аңғаруға болады. Түрік ғалымы, профессор, доктор Ариф Ерсойдың: «Диуани хикмет» Орта Азияда халық сүйген және кең қолданылған ( $4+3=7$ ) және ( $4+4+4=12$ ) ырғақ үлгісінде жазылған және онда үйқастың халықтық дәстүріне сай «жартылай үйқас» пен «редиф» қолданылған» [230], – дегені де осы шындықпен байланысты екені анық.

Жалпы алғанда, 12 және 7-8 буынды Ясауи хикметтері бармак уәзінінің талаптарына сай жазылғаны айқын аңғарылады. Бірақ кейбір хикметтерде буын санының ала-құлалылығы да көзге түседі. Мысалы, жоғарыда келтірлген 23-хикметпен әуездес 20-хикмет осыған дәлел бола алады:

Башимға тушиб нағра саудаи, Мухаммад.  
Мен аны учун куида шидаи, Мухаммад.

Ким уммати дүр «Хамду уа сана» тинмаин айтур,  
Пака Самада қыл мени расуаи, Мухаммад [29,167-168].

Осы хикмет өлеңдік өлшемімен ғана емес, парсы сөздерінің көп болуымен де ерекшеленіп тұр. Бұл – хикметтердің қайсысы авторға тиесілі, қайсысы кейінгі қоспа деген сауалды анықтауға септігін тигізе алатын белгі-қасиеттің бірі. Ясауи хикметтерінің біраз бөлігі кейінгі авторлар тарапынан жазылған деген пікір ясауитанушылар тарапынан жиі айтылып келе жатыр. Олардың кейбірін жоғарыда келтіріп өттік. Жоғарыдағы мысалдағыдан хикметтерге араб-парсы сөздерінің көптеп енуінің екі түрлі себебі болуы мүмкін. Оның бірі – араб-парсы поэзиясына еліктеген кейінгі көшірушілер қосқан қоспа, екіншісі – Қожа Ахмет Ясаудің өзі өз заманындағы дәстүрге де бір мезгіл үн қосып, оны аruz өлшемімен жазған. Түркі поэзиясында аruz өлшемін пайдаланушылар бұл өлшемдегі ырғақ негізін құрайтын буындар созылыңқы және қысқа болып бөлінетіндіктен, оған түркі тілінің табиғаты сай келмейтіндіктен, араб-парсы сөздерін барынша мол пайдаланған. Осы мәселені жас зерттеуші А.Әбдірәсілқызы біршама қарастырып, Ясаудің аruz өлшемімен жазылған хикметтері бар екенін айтқан [93,208-218]. Алайда ол өзі арузбен жазылған деп айтқысы келген хикметтердің араб жазуындағы мәтінін беріп, оның ырғактық кескінін шартты белгілер арқылы көрсетпегендіктен, бұл жөніндегі күдік біржола сейілмейтіні белгілі. Біздіңше, болжамымыздың алғашкысы шындықка жақын сиякты. Сөз болған 20-хикметтегі үйқастың әлсіздігі, ырғактың не бармак өлшеміне, не аruzға толық сәйкес келмейтіндігі бұл хикметтің Ясаудің жазу стилімен көп үйлеспейтіндігін көрсетеді. Осы жайға қатысты Н.М.Маллаев: «Ахмад» яки «Ахмади» есімімен айтылған бірқатар өлеңдер, проф. А.К.Боровков дәлелдегендей, Ахмет Ясауи өлеңдері болмай, бәлки осы есімдегі басқа ақынның өлеңдері болуы мүмкін. «Ахмад» яки «Ахмади» есімімен айтылған көпшілік өлеңдердің аruz өлшемінде болуы

(Ясауи хикметтері негізінен бармақ өлшемі), олардың тіл және тәсіл тұрғысында XV ғасыр әдебиетіне жақын тұруы соны көрсетеді» [72, 155 б.], – деген болатын.

Хикметтердің аruzға қатыстылығын зерттеуді арнайы қолға алмайынша, ол туралы кесімді пікір айту қын. Қалай болғанда да аруздың түркі тілінде жазылған поэзиядан тек жазу түрінде ғана орын алатыны белгілі. Оның ауызша айтылуда жойылатыны түркі тілінің табиғатынан шығатынын жоғарыда айттық. XI ғасырдағы түркі тілді поэзиядағы аruz мәселесін зерттеген И.В.Стеблеваның еңбегінде [231] негізгі мысалдарын Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігінен» алынуы кездейсоқтық емес. Өзбек зерттеушілері де түркі арузының мысалын «Құтадғу біліктен» алған. Б.Тухлиев зерттеуінде осы шығарманың көркемдік жүйесіндегі басты орында аruz өлшемі тұратыны көрсетілген [203]. Ж.Баласағұни бұл шығармасын түркі тілінде жазғанымен, онда диуан әдебиетінің дәстүрі басым екендігін, сарай қызметкерлеріне арналғандығын, шығарма басындағы патшага мадақтан-ақ [232] білуге болады. Мұндай мысал Ахмет Югнекидің «Ақиқат сыйынан» да [233] табылады. «Құтадғу білік» пен «Ақиқат сыйының» өлең құрылышындағы ұқсастықта осыны аңғартады. Сондықтан да олар диуан әдебиетінің ең басты ерекшелігі болып табылатын аруздан да бас тарта алмаған, бірақ мұндағы аruz, айтып өткеніміздей, жазу түрінде ғана көрініс тапқан. Диуан әдебиетінің жарқын мысалын біз Низамидің қазақшаға аударылған «Жеті ару» дастанынан [234] көре аламыз. Ал «Диуани хикметте» диуан әдебиеті дәстүрлерінің нышаны байқалмайды және мұнда аруздың жазу түріндегі үлгісі де айқын көрінбекендіктен, бұл тұрғыдағы ізденистер өнімді нәтиже береді деп айта алмаймыз.

Хикметтердің өлең құрылышы бойынша, үйқас түрлері ғана қазақ халық поэзиясымен көп сәйкес келе бермейді. Мұндағы басым орын алған *aaab* түріндегі үйқастың түп негізі араб-парсы поэзиясынан келгендей білінеді. Ортағасырлық түркілердің

классикалық поэзиясына тән бұл үйкас түрі аруздың «ромали-и-мусаддас-и максур» Айтін өлшемінен туындаған [235]. Бұл үйкас өрнегінің Ясауигс дейінгі түркі халық ауыз әдебиетіне жақсы ықпал еткенін Махмұт Қашқаридің «Диуан-и лұғат-ат түрігіндегі» мысалдардан-ақ көре аламыз. Ал қазақ халық поэзиясындағы үйкастың тұрақты түрі – қара өлең үйкасы Ясауи дәуірі поэзиясында жетекші орынға шықпағанымен, хикметтерде оның сирек те болса кездесетін кездері бар. Әдетте мұндай үйкастық құрылым хикметтердің алғашкы шумақтарында кездеседі. Мысалы,

Иа, достлар, кулақ салың айдығумға.

Ол сабабдин алтмыш учта кирдим иерга.

Миграж узра хақ Мустафа рухым курди,

Ол сабабдин алтмыш учта кирдим иерга [29,133].

\* \* \*

Хош ғайыбдин нада келди кулағымға,

Ол сабабдин хаққа сиғныб келдим мана.

Жамла базрак иғлиб менға инғам берди,

Ол сабабдин хаққа сиғныб келдим мана [29,138-139].

\* \* \*

Худауанда, мени салғыл уз иолыңа,

Афси илкида һарыб ада болдым мана.

Фасық уа фажур тули ташиб хаддин ашты,

Ғарқаб болыб ғысян ичра қалдым мана [29,160].

Қазақтың қара өлеңдерінде сирек те болса кездесетін, төрт тармақтың соны түгел үйкасып келетін түріне ұқсас хикмет шумақтары да бар. Мысалы,

Ғишқ иолида фана болай, хақ бир уа бар,

Һар не қылсаң ғашық қылғыл, паруардигар.

Илким ачиб дуа қылай изим жаббар,

Һар не қылсаң ғашық қылғыл, паруардигар [29,175].

\* \* \*

Дидарини талаб қылсан, ай, закирлар,  
Жандин кчиб халқа ичра кургун дидар,  
Шауқин била Алла айтыб болғил дидар,  
Тун уйкисин харам айлаб болғил бидар [29,203].

Осыдан қара өлең үйқасының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи болуы да мүмкін екені туралы ой туары сөзсіз.

Өлең ырғағы тұрғысында Ясауи хикметтері қазақ халық поэзиясына өте жақын. Сондай-ақ осы екі поэзия үлгісінде тілдік бейнелеу құралдарының да ортақтығы көбірек көзге түседі. Хикметтерде көшпелі тіршілік бейнесін берерлік, қазақ поэзиясының ерекшелігін танытарлық тілдік образдар да жеткілікті. Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаев: «Ботадай аңырап қалған боздайды олар» деген бейнелі сөзбен ұл, қыздарына «қозым», «ботам», «құлым» деп тіл қатуларына, ат берулеріне қарағанда, ол кездегі Хожа Ахмет елінің күн көрісінің негізі ауыл шаруашылығы, мал өсіру болғаны байқалады» [49,16], – дейді. Өзбек әдебиеттанушысы Эргаш Рустамов та осыған үқсас ой айтады. «Орхон жазуларындағы тіл, көркем өрнек, сөз қолданысы Шымкент, Сайрам, түркістандықтарға тән ауызша сөйлесу ерекшеліктері, көшпелілер өмірі, этнографиясына тән бояулармен түрленіп тұрады...» [163, 34 б.], – дейді ол. Р.Сыздықова хикметтер тілінің морфологиялық тұлғаларының ішінде есімше мен көсемшеде, үстөулерде, сондай-ақ фразеологизмдерде қыпшақтық элементтің басым екенін жазады [48,189-192]. К.Тәжікова мен Ш.Шағатаевалардың пікірі бұл айтылғандарды толықтыра түседі. «Кітаптан («Диуани хикметтен» – Б.Қ.) Орта Азиялық қалалардың мәуелі бақтарындағы алуан жемістер менрайхан гүлдерінен гөрі даладағы қызғалдақ пен қымыздық іісі аңқиды. Отырықшы тайпалардың кәсіби тілінен гөрі, көшпенді жұрттың тұрмысына тән сөздер молықар ұшырасады. Мәселен, «Құлым», «Гүл», «Қызыл», «Қаршыға», «Сұңқар», «Лашын», «аға, іні», «малмұлік», «шейід», «бөрік», «сақал-шаш», «ата-баба», тағы да

басқа көптеген сөздер тек мағыналық жағынан да емес, сонымен қатар олардың айтылуы мен жазылуы жағынан да қазіргі қазақ тілінде де осы күйде айтылып, жазылатынын ескерсек, шындыққа бір табан жакындай түсеміз» [236], – дейді олар. Содан болса керек, туыстас халықтардан шықкан ғалымдардың өзі Қожа Ахмет Ясауді қазақ ақыны деп айтқан кездері бар. Осыған қатысты Х.Сүйіншәлиев былай дейді: «Татар зияллылары да Йасауді жақсы білген. Әсіресе, мұсылманиша оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі – Ахмет Йасаудей даныштан адамды туғызған қазақ халқына ракмет айтуға тиіспіз деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз «Шора» журналынан кездестірдік» [8,116].

